

84(5803)6
Ц-83

Сарманбай ИСАҚОВ

ТҰЛДЫР ТАҒДЫР 2



84(5402)6

11-83

Сарманбай Исақов



088462

ТҰЛДЫР ТАҒДЫР-2

(Ғылыми-фантастикалық роман)

“ӘЛ-ФАРАБИ
АТЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП
КІТАПХАНАСЫ”

**КІТАП САҚТАУ
БӨЛІМІ**

УДК 821.512.122-3

ББК 84 (5Қаз)-4

И83

ISBN 978-601-06-8444-7

Сарманбай ИСАҚОВ. Тұлдыр тағдыр-2 (Ғылыми-фантастикалық роман).

Шымкент қ., 2022 ж., - 256 бет.

Жоғарыда аталған ғылыми-фантастикалық роман-дилогияның 1-ші кітабында қазақтың өте талантты, жас, дарынды, біртуар ғалымы Орынбасар Байжанның адамзат баласына табиғи апаттар әкелетін жер сілкінісін тоқтату туралы ғылыми жаңалығы өз басына тажал болып тиеді... Алмағайыптау заманда көзіне тек ақша ғана көрінген доссымағы Ескермес небір құйтырқы арамдықтарға барып, сатқындықтар жасайды...

Екінші кітапта да Ескермес Орынбасардың бүгінге дейін анау-мынау ашпаған, таппаған құнды ғылыми жаңалығын шетел асырып, қыруар ақшаға сатып, пайда табу үшін барлық әрекеттерін істейді. Бірақ оның арам ойы іске аспайды.

Тау үңгірінде тірі пендеге керек болмай, сорлы күйге түскен Орынбасардың көз жасын, зарын, қайғысын көптен бері көрінбей сырттай бақылап жүрген, адал ойлы жат ғаламшарлықтар оған барлық қажет көмектерін береді... Сөйтіп Орынбасардың бұрынғыдай бет-әлпетін қалпына келтіріп, сүйікті Айсуретімен үйлендіреді... Төлқұжатын да әпереді.

Орынбасардың жер планетасында жер сілкіністі тоқтату туралы керемет, батыл, дәйекті ғылыми идеясын өте жоғары бағалайды. Сол үшін Орынбасарға өте ерекше құрмет көрсетіп, жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалығын іске асырып, жер планетасында жер сілкіністі болдырмай біржола тоқтатуға барлық ғылыми-техникалық көмектерін жасап, жер планетасында жер сілкіністі тоқтатады... Қысқасы, жер планетасында енді бұдан былай жер сілкінісі болмайды...

Оқиғалары қызықты, шынайы, тілі тартымды, жеңіл оқылады.

ББК 84 (5Қаз)-4

ISBN 978-601-06-8444-7

© Сарманбай ИСАҚОВ - 2022

ж.

Күні кешеге дейін біздің шығармаларымызда жан-жануарлар қандай көркемдік жүк көтеріп келсе, болашақтағы туындыларымызда техниканың алуан-алуан сиқырлы сипаты сондай көркемдік жүк көтеретініне, солай болатынына кәміл сенемін.

Ғабит МҮСІРЕПОВ.

I-ТАРАУ



I-ТАРАУ

– Уа, Жаратқан ием-ай-й-й...

– ?!

– Өксікпен өткен күндерім-м-м...

– ?!

– Мен бүгінде кімге керекпін?..

– ?!

– Қолымнан ештеңе келмейтін бейшараға айналғаным рас па?!

– ?!

– Аш қасқырға таланған сорлы пендемін-н-н, – деген шырт ұйқыдағы Орынбасардың жалынышты қарлығыңқы даусы еді бұл...

Сықырлауық ағаш кереует үстіндегі жұпыны төсекте сұлқ түсіп шалқасынан жатқан Орынбасар әрмен қарай әлі де сандырақтап, түсініксіз бірдеңелерді біразға дейін айтып жатты... Айтып жатты...

Бірақ, бұл жолы оның аузы жәй қимылдағанымен, аянышты үні естілмеді...

Сүт пісірім уақыттан бері қасында отырған Есіркеп шопанның қушиған иығы селк-селк етіп, денесі дірілдеп, жүрегі инемен сұққылағандай болып шаншып, артынша бірден шымырлады...

Көз алды қарауытып, мөлтілдеп аққан жасты салалы күс басқан саусақтарымен бір-екі мәрте сүртіп тастады.

Соңғы күндері ұйқылы күйінде жатқан Орынбасардың зарлы сөздерін естіген сайын көз жасына амалсыз ерік беретінді шығарды.

Мұндайда Есіркеп шопан сандырақтап ұйықтап жатқан Орынбасарды түртіп оятуға да дәті жетпейді.

– Опасыз дүние-ай-й-й... Бейшара бала өңінде айта алмай жүргенін түсінде жайып салып, шерін бір тарқатқаны да жақсы ғой... Айта түс, айта түс... Жасырып жүрген шерменде болған шерінді сыртқа шығарғаның да жақсы тегі... Әй, бейшара күйге түскен балам-ай...

Есіркеп шопан алдында сұлқ түсіп жатқан Орынбасармен ойда жоқта қалай танысқанын тағы да есіне түсірді. Иә, осыдан екі жарым ай бұрын қара суық қазан айы болатынды...

Сол кезде зоотехник Қожан деген жігітке расында да қатты қапа болған. О заманда бұ заман азын-аулақ қойларының қырқылған жүндерін Тараз қаласына өзіңіз апарыңыз дегені не сандырақ деген бұл.

– Мен сізге үлкен құрмет көрсетіп отырмын, көке. Әрі қалаға барып бойыңызды бір сергітіп, қажетті азық-түлік, үйдегі апама, өзіңізге қысқа керек киім-кешектер алып қайтыңыз. Өткенде өзіңіз ғой, қалаға барып қайтайын деген. Солай, солай, көп кешікпей жолға аттаныңыз.

Жүндеріңізді мәшинесі жақсы, өзі жолды бес саусағындай білетін Тайхан атты тәжірибелі шопырға тапсырдық... Жүнді қайда өткізетінін адаспай тауып баратын бесасап шопыр жігіт. Ешқандай уайымға батпаңыз... Сіздің көп жылғы тәжірибенізді әрі қойларыңыздың жүнінің өте жоғары сапалы екендігін ескеріп, жоғарғы жақтың тапсырмасына сәйкес өзіңізді жіберу жөнінде қатаң ұсыныс бар, – деген еді зоотехник Қожан шынын жасырмай.

Есіркеп шопан бастапқыда «расымен менен өзге тірі жан табылмады ма» деп ашуланғаны бар болатын. Біраз уақыт қырсыққаны бар еді. Бәрінен де бұрын кемпірі Қатыш та қатты қапа болды.

– Қожан деген шіңкілдек зоотехник те басымызға пәле болып алды. Жетпіске таянып қалған менің шалым Есіркеп қойшыдан өзге адам құрып қалып па? О несі екен-ай, десенізші... Қай-қайдағы Тараз қаласына барып жаз бойы жинаған жүндерді пойызға артқаны несі а-а. Өзінің соңғы күндері белі де сыр беріп, ауырып еңкіштеніп жүр еді шал байғұстың... Қой қорада жұмыс дегенің бастан асып жатыр ғой. Қыс болса қыр астында тұр, – деген болатын Қатыш кемпірі де.

Есіркеп шопан енді бүгінде ойлап караса, зоотехник Қожанның Таразға жібергеніне іштей қуанып «тәубе, тәубе» дейді. Бірақ та сол кезде Тараздан жүндерін ең жоғары сортпен өткізіп үйіне келгенде жүк тиеген Тайхан шопырдың мәшинесі үстінен аяқ-қолы сынған, бет-әлпеті адам танымастай, ес-түссіз, аяқ-қолы маталып байланған, қазір үйінде жүрген Орынбасарды көргенде бір жағынан өте қатты қорыққан болатын...

Қазіргі күнде Есіркеп шопан мен кемпірі Қатыш екеуі Аллаға шүкіршілік жасап, төбелері көкке жеткендей қуануда.

– Әй, соры қайнаған сормандай балам-ай... Тағдырдың пешенеңе жазғаны осы ма екен?! Расында да кімсің, қайдан келдің?.. Шынымен де ұзынтұра Еділбай көрші айтқандай қылмыскер, алаяқ, тіпті, қанішер біреу емессің бе?.. Әйтеуір, балам, сені алғаш көргеннен-ақ саған қатты рақымым түсті...

Алла-тағала кемпірім Қатышқа перзент бермеді. Отандасқанымызға бүгінде табаны күректей қырық жыл болды ғой... Жылап-сықтап байғұс Қатыш кемпірім екеуміздің бармаған жеріміз, көріпкел, тәуіптеріміз, әулие-әмбиелеріміз, тіптен, бақсы, дәрігерлеріміз қалмады. Бірақ, тілегіміз қабыл болмады...

Содан, балам-ау, сені жүк тиеген мәшине үстінен алғаш көргенде бар жан-тәніммен жаным ашып, Құдай бізге бала берген екен деп жақсылыққа жорыдым ғой...

Ата сақалы аузына түскен көрші шопан ұзынтұра Еділбайғакүнібүгіндедейіннежоқдесеңізші... Адамақылына сыймайтын қай-қайдағыны сандырақтап айтатынды қайдан тапқан, сірә дә... Бұл да көп жылдардан бері қой бағамын деп ақыл-есінен адасқаннан сау ма өзі, а?! Түкке түсінсем бұйырмасын... Мына заманның адамдарына не болған өзі а-а-а... Не болған?

– Ақшасы шаш-етектен көп бай біреу емес пе?! Адамның қанын шашқан қанішер, іздеуде жүрген қылыскер шығар а-а-а?.. Иә-иә, бет әлпетіне қарасаң, адам шошырлық. Мүмкін, сенің мұның қышқын «шпион» шығар... Сенің үйіңе түсіріп, емдеймін, тіптен, өзіме бала етіп аламын дегеніңді қалай түсінуге болады а-а-а? – деп көрші шопан ұзынтұра Еділбай шопанның тістеніп, ашуланып айтқандары Есіркептің есінен кетер емес...

Қатыш кемпірі емшілігін жасап, Орынбасарды әйтеуір аяғынан тұрғызды-ау... Бірақ оның бет-әлпеті ұсқынсыз қалпында қалды. Оң көзі соқыр, мұрны бір жағына қарай қисайып, оң жағының еті шодыр-шодыр болып бітті. Орынбасарды бұл күйінде әке-шешесі көрсе де танымайтын күйде болатын... Бірақ, бәрінен де қорқыныштысы, Орынбасар есі кіресілі-шығасылы болып қалды.

Кейде Орынбасар өзінің кім екенін, қайдан келгенін де есіне түсіре алмай әбігерге түседі... Мұндайда тәуіптігі бар Қатыш кемпір де дәрменсіз... Қолынан ештеңе келмей басы қатып, тек бір Аллаға ғана сыйынып, екі қолын көкке қарай созып жалбарынады...

–Уа, құдіреті күшті Алла! Мына сорлы балаға шипа бере көр... Ақыл-есін жинатып, адам ете гөр, – дейді.

Өңменінді тесіп өтетін кара суық тиылды. Лезде ала қаншық ақ боран басылды. Билеп-ойнаған әппақ қар ұлпалар ақ көбелектердей бірінің артынан бірі жерге конуда. Дүлей қарлы боран желмен жарысып, сай-саланы толтырды.

Әппақ жамылғыға оранған айнала төңірек еркін-ақ көсіліп, үнсіз мүлгіп тұр. Төңірек тып-тыныш, тып-тымьық. Далада шыңылтыр аяз бар.

Қалың қарға нала айбат айтып, шыбын жаны мұрнының ұшына келгендей болған Есіркеп шопанның ақтөс төбет иті де бар даусымен ышқына әуілдеп, меңіреу тыныштықты бұзып, үріп-үріп алды.

Есіркеп шопан орнынан тұрып, аяғына түйе жүн шұлығын, үстіне қысқа қой терісінен тігілген тонын, ұзын қонышты етігін киіп, сыртқа беттеді. Артынан кемпірі Қатыш та ілесті.

– Кемпір, сен әзірге сыртқа шықпай-ақ қой... Орынбасардың жағдайын біл. Сосын бәрі ойдағыдай болса сыртқа маған көмекке кел... Кеше кешке Орынбасар тағы да сандырақтап шықты, – деді Есіркеп шопан.

– Мейлі, қалауың білсін. Иә, оның әлі де есі кіресілі-шығасылы... Әйтеуір, атын есіне түсіргені қуантады, – деді Қатыш.

– Иә, дұрыс, дұрыс айтасың...

– Әзірге атын есіне түсіргеніне де шүкіршілік етейік.

– Бірте-бірте есін жинайтын шығар, – деді сыртқа беттеген Есіркеп.

– Әрине, әрине жинайды, – деді Қатыш Орынбасар жатқан бөлмеге беттеп.

Есіркептің сыртқа шыққанын көрген ақтөс төбет құйрығын бұлғандатып, еркелей бастады. Есіркеп жылы қорадағы қойларын аралап көріп, көңілі орнына түсті.

Көмекші шопандар Сағындық пен Есенжол қойларға жем-шөптерін салып жүр екен...

– Есеке, бәрі ойдағыдай... Қойларға жем-шөп толық берілді, – деді Сағындық қолындағы айырмен жерге түскен шөптерді жинап.

– Қыс түсті. Енді қыс бойы қойларға жақсылап қарайық, – деді Есіркеп риза кейіппен.

– Есеке, уайымдамаңыз... Жем-шөп жеткілікті.

– Әрине, әрине.

– Қыстан қысылмай, қойлар қонды шығады...

– Бұған да шүкіршілік. Бір уайымнан құтылып келеміз. Ендігі үлкен уайым үйдегі Орынбасар баламның жағдайы, – деді Есіркеп шопан көңілі жайланып.

– Есіркеп көке, расымен де Орынбасар балаңыздың денсаулығы қалай өзі? – деді манадан бері сөзге араласпай тұрған Есенжол.

– Былайша айтқанда, денсаулығы жаман емес сияқты. Бірақ, ең қорқыныштысы, есін жинай алмауда...

– Есіркеп көке, мен сізге өте ризамын. Бейтаныс жігітті үйіңізде күтіп, балаңыздай қарап, қамқорлық жасап жүргеніңізге тәнтімін. Оны өзіңізге бала еткеніңіз неге тұрады десеңізші... Сіз сияқты адамдар бүгінде саусақпен санарлықтай ғой... Өз баласын көшеге тастап кетіп жатқан «безбүйрек» жас аналар көбейіп барады емес пе?! Құдайдан безгендер-ай... Біз осы не болып барамыз а-а-а?.. Ақылым жетер емес, – деді терең күрсінген Сағындық.

– Рас, олар нағыз Құдайдан безгендер... Көрсөкырлар... Құдайдың қарғысына ұшырайды, – деді Есіркеп маңдайын оң қолымен қайта-қайта сипап.

– Күнәһарлар-р-р... Иә, иә, – деді Сағындық бұл жолы дауысы гүрілдеп.

– Есіркеп көке, неге ондайлар көбейіп кетті өзі? – деді манадан бері сөзге араласпай оқырайып, әріректе айырымен қойларға шөп салып жүрген Есенжол.

– Әй, балам-ай! Мені бір ғұлама данышпан дейсіндер ме? Бұл түптеп келгенде өте күрделі мәселе болып тұр ғой... Бірден сұрағына жауап беру қиын. Қазіргі жастар шеттерінен оқыған-тоқыған, білімді. Көкірек көздері ашық қой... Жақсы заманда өмір сүріп жатырсындар. Не ішем, не кием демейсіндер. Бірақ, өмірде өз жолдарыңды таба алмайсындар. Әйтеуір адасасындар да жүресіндер... Екі адам арасындағы қасиетті сүйіспеншілікті, қыз бен жігіттің арасын айтып отырмын, жоғалтыңқырап алдыңдар... Бұл ұлы, үлкен сезім – махаббатты да ойыншыққа айналдырып жібердіңдер емес пе?! Мен өздерің білетіндей қарапайым ғана қойшымын...

Есенжол балам, сенің мына ауыр сұрағыңа өз өмірім арқылы жауап берейін. Сендерге әйтеуір сәл де болса сабақ болып ой салса, мына мен үшін сауап...

Иә, иә, өмір ойыншық емес... Дегенмен, Құдайдың әр пенденің маңдайына жазып қоятыны түп-түгел шындық... Сенің қашан мына дүниеге шыр етіп келетінің, қашан бұл дүниеден өтетінің, қалай өтетінің бір Құдайға ғана аян, яғни белгілі...

Қысқасы, өмірге келгеннен соң шама-шарқыңа қарай тек жақсылыққа ұмтыл. Біреудің ала жібін аттама. Адал өмір сүр. Адамға берілген адами қасиеттер өте көп... Оның бәрін бастан-аяқ баяндап шығу мүмкін емес... Бәрінен адамгершілікті жоғары қою керек...

Е-е, шырағым-ай... Біз құралыптас ауылдың ұл-қыздары үдере қалаға оқуға аттанып жатқанда мен ауылда қалып, әкемнің бір отар қойын бағуға келісіп, осында қалдым. Әкем байғұс та бұл шешімімді өте жақсы қабылдады. Оқудың түбіне ешкім жеткен жоқ қой. Бұл дұрыс шешім... Одан да

жұрт қатарлы еңбекке араласып, жұрт қатарлы үйленіп, мені немерелі етсең, менің саған берер батамда шек болмайды деген болатын марқұм әкем Жақсылық.

Сонымен, қысқасы, әкем Жақсылықтың айтуымен өзінің қойшы досы Ісмет ақсақалдың жалғыз қызы Қатышка құда түсіп, маған үйлендірді. Апырай десеңші, сонда бәрі мені сөз қылып, Есіркеп иттің жолы болғыш екен деп ауыл шулап-ақ кетті ғой түге... Біздің үйлену шағын тойымыз біршама қызықты өтті. Түні бойы өлең айтып, би билеп, ойнап-күліп, таңды бірге қарсы алдық... Жастар, жалпы, тойға келген меймандар таң атып қалса да бірін-бірі қимай ажырасады емес пе?! Ол кезде бүгінгідей үлкен тойхана жоқ еді. Үй жанындағы бау ішіне ауылдастардан кілем жинап, оны айналаға іліп, тақтайлардан орындықтар жасап тойды өткізе беретін едік...

Ешқайда қозғалмай, ауылда қалып қой бағамын деп сол тойда дүйім жұртқа жар салған болатынмын. Менің осындай тосын, шұғыл шешімді естіген кейбір достарым шоршып түсті...

– Мұның қалай? Сонда өмір бойы салпаңдап қара қойдың соңында жүрмекшісің бе? – деп мені келеке қылған сыныптасым Асхат болатын.

Өздерің де білесіңдер ғой, Асхат Алматыдағы жоғары оқу орнына түсіп, экономист деген диплом алды. Кейін экономика министрінің орынбасары, одан соң жеке коммерциялық компания ашты. Алматыдан төрт қабатты үй салды. Бұрын ешкім көрмеген жаңа маркалы «Джип» алды. Бағасы 250 мың доллар тұрады екен. Үйінде екі жалшы, тіпті, екі жеке күзетшісі бар екенін ауыл, тіптен, бүкіл аудан аңыз қылатын. Асхат ауылға келе қалса аудан әкімі оның алдында құрдай жорғалап, көкелеп асты-үстіне түсіп жүретін.

Әйтеуір, Асхат туралы ауылда гүж-гүж әртүрлі әңгімелер көбейді. Абыройы аспандап, түкірігі жерге түспейтін Асхат бір күні ұсталыпты деп естідік. Он жылға сотталып, мал-мүлкі тәркіленіпті дегенді теледидардан көргенде ауыл адамдары естерінен тана жаздады. Естігендеріне ойдан қосып көптіртіп, біреуі Асхатты түрмеде өлтіріпті десе, енді біреулері қашып кетіпті деп шықты ғой... Бұл оқиғадан бері міне, табаны күректей жиырма жыл өтті.

– Есіркеп көке, сыныптасыңыз Асхат туралы ауылда әліге дейін әртүрлі әңгімелер айтылып жүр ғой, – деді аузы аңқиған Есенжол Есіркеп шопанның қасына келіп.

– Иә, болар іс болып, бояуы сіңіп кетті ғой бұл оқиғаның. Жиырма жыл өтті. Жиырма жыл... Енді бұл жағдай туралы ашық айта беруге болады... Өкінішті, өте өкінішті, – деді қатты күйзелген Есіркеп әрірек тұрған ұзын тақтай орындыққа жайғасып. Басындағы құлақшынды шешіп, ақ қырау шалған басын қайта-қайта сипай түсті.

– Есіркеп көке, Асхат сыныптасыңыздың бала-шағасы жоқ деген сөз рас па? – деді Есенжол оның қасына келіп отырып.

– Келіндер, отырындар қасыма. Аз-кем дем алындар. Мен сыныптас Асхаттың өмірі туралы біраз шындықты айтып берейін...

– Ауылдағы ұзынқұлақтар Асхат тірі дейді ғой... – деді тағы да Есенжол үлкен танданыспен.

– Қалай десем екен... Сол сөздің жаны бар секілді... Сендер ауыл шетіндегі бұлақ жанындағы тастанды үйде тұратын араққұмар Тайжан атты ұсқынсыз жалғыз басты шалды білетін шығарсындар...

– Әрине, әрине, білеміз. Білмегенде ше?! Тайжан шалды бұл ауылда кім танымайды, тіптен, ауылдың иттеріне дейін біледі... Кей кездерде Тайжан шал көше кезіп, бір шөлмекке акша сұрайды ғой. Оны ауылдың ең қабаған иттері де

жақсы таниды. Иттер керісінше, одан қорқады. Жасқанып, қыңсылап, жер бауырлап жатқан иттерді көргенде жағанды ұстайсың, – деді Есенжол тағы маңызды бірдеңе айтқысы келіп...

– Не айтқың келіп отыр? Жасырмай айта бер, – деді Есіркеп.

– Өткен жексенбі күні түнде үйге қайтып келе жатқан болатынмын. Қарасам, көшенің жанында Қатираның дүкеніне қарама-қарсы жерде сол біз сөз қылған Тайжан шал ыңырсып жатыр екен... Қасынан өтіп бара жатыр едім, Тайжан шал қолын маған қарай созып жалынышты дауыспен:

– Балам, балам, Құдай үшін мені үйіме жеткізіп салшы, – деді. Қатты жаным ашып кетті де Тайжан шалды әзер жетектеп, өзі тұратын алқа-салқасы шыққан ауыл шетіндегі үйіне жеткізіп, ішіне кіргіздім. Үй ішінде көзге іліп алар ештеңе жоқ екен... Ескі көрпе-жастыққа жатқыздым. Есікке беттей бергенімде есін сәл жиғандай болған Тайжан шал ескі шкаф үстінде тұрған жартылай ішілген арақты бөтелкесімен көтеріп суша сіміріп алды да:

– Балам, қасыма келіп отыршы. Саған айтатын құпия бір сырым бар... Отыр, отыр-р-р, қорықпа-а-а, – деді маған жалынышты дауыспен. Сөздері сау адамдікіндей шықты. Денем дір ете қалды да іштей жаным ашып кетті. Осынша жасқа келсе де арақты бөтелкесімен суша сіміріп ішу менің көңіліме күдік туғызды. Өзі былайша бет-әлпетіне қарасаң қаусаған шал болса да арақты суша ішуі мені қатты ойлантты... Шал адам арақты бұлайша ішпейді ғой... Бұл түбі тегін емес... Тегін емес... Түбінде мұнда құпия сыр бар секілді... Тегі қатты уайым-қайғысы бар ма екен?!

Осы сөздерден кейін Есенжол сәл кідіріп қалды.

– Ә-ә, солай дегін... Бұл сөзді Тайжан бостан-босқа айтпаған секілді... Жұрттың бәрі оны жұмбақтау шал

дейді. Жұмбақ шал... Тегі оның жүріс-тұрысы да біртүрлі оғаштау... Бет-әлпеті шалға ұқсағанымен, қимыл-қозғалысы жас адамға келетінін мен де өткенде байқадым... Осының өзі көңілге біртүрлі күдік туғызады. Қаусаған шал болса арақты бөтелкесімен көтеріп іше ме?! Сұмдық-ай... О заман да бұ заман шалдың бұл өрескел, жағымсыз қылығы менің де жаныма қатты-ақ батып жүр тегі.

Қазіргі жастар бүгінде бәленің бәрін білетін болып алды ғой... Әнеукүні күзде ауылға барғанымда жап-жас бес-алты жастағы балалар суды Тайжан ата сияқты бөтелкесімен ішеміз деп шуылдап жатқанын көріп таң қалып едім. Қазіргі жастар жақсылықты да, жамандықты да тез қағып алғыш қой. Осыны көріп көңіліме әртүрлі кірбің келді. Осыны қалай-қалай бағамдауға болады? Дұрыстап бағамдай алмайсың да, – деді Есіркеп басын шайқап.

– Әнекейіңіз... Сізді осыдан кейін қалайша шопан деп атаймыз. Сізді шопан емес, нағыз ғұлама десек те болады ғой, – деді Есенжол сәл-пәл асыра сілтеңкіреп жіберіп.

– Жақсы, солай болса. Иә, иә.. Айтпақшы, сонау балаң жігіт кезімде мен де мектепте жақсы оқыған болатынмын. Арман кудық... Оқимыз дедік... Бірақ, осы ата-бабамыздан қалған қой бағу кәсібіне біржола тоқтадым. Бүгінде далада қой баққан қазақтың қара шалымын. Соған да шүкіршілік... Дегенмен, жаңағы сөз қылып отырған Тайжан шалдың кей-кейде түр-тұлғасы, сөз саптауы, қозғалыстары бар ғой, маған біреуге ұқсайтындай көрінеді, – деді сәл сабасына түскендей болған Есіркеп бір жұмбақты бастағандай болып.

– Есіркеп көке, мен сізге бір құпия айтайын. Бірақ сіз маған бұл құпия туралы тірі жанға айтпаймын деп уәде беруіңіз керек...

– Мынауың расында да қызық екен, – деді Есіркеп таң қалып. Мына Есенжолдан мұндайды күтпеген ол аң-таң болып жүрегі шымырлап кетті де артынша:

– Тірі жанға айтпаймын... Уәде – уәде... Бұл расында да қызық болайын деп тұр. Әй, Есенжол-ай! Хош-ш-ш делік... Сонымен, мен тыңдауға әзірмін.

– Баяндауға рұқсат етіңіз...

– Қысылмай баяндай бер.

– Сонымен, бәрі былай болды... Мен бұл құпия оқиғаны кімнен естігенімді айтайын ба? – деп Есенжол сәл кідіріп, Есіркеп шалға сүзіле қарады.

– Жә, жә-ә-ә... қысылмай баяндай бер.

– Есіркеп көке, бұл өте сұмдық қорқынышты оқиға...

– Мен дайынмын, несіне созбалақтай бересің.

– Сіз қорқып қалмасын деп дайындап алып отырғаным ғой. Бұл – ауылдың келемежіне айналған жұмбақ шал Тайжанның әңгімесі. Тайжан шалды мен бірнеше рет мас болып көшеде жатқан жерінен жетектеп, үйіне апарып салып жүрдім. Әр жолы үйіне апарғанда маған алғысын жаудырып, ақ батасын беріп қалатын... Жақында үйіне жеткізіп салғанда Тайжан шал мені қасына отырғызып:

– Балам, сен маған қатты ұнадың. Жиырма жылдан бері ішіме бүгіп жүрген құпия сырымды саған айтуды жөн санап отырмын. Бұл туралы тірі жанға айтушы болма... Уәде бер, – деп менің келісімімді алды да әңгімесін бастап кетті. – Иә, мен де өз арманыма жетіп, Алматыдағы ең жақсы жоғары оқу орнына түсіп, ойдағыдай бітірдім. Экономика министрінің орынбасары да болдым... Коммерциялық компания президенттігіне көтерілдім. Ақша деген судай ақты... Доллар, еуро дейсің бе... Алматыдан өзгелер секілді екі-үш қабат емес, төрт қабатты вилла үйлерді салдым. Құны 250 мың доллар тұратын ең қымбат, соңғы үлгідегі «Джип» міндім. Үйімде үш-төрт жалшы, үш күзетші, екі аспаз ұстадым... Жеке екі оққағар қасымнан бір қадам қалмай күзететін... Көңіл көтеруге қалаған қызды алғызып, оларға қалауынша ақша беріп керемет өмір сүрдім...

Менің негізгі ақшам наркотик сатудан түсетін... Қандай тұзаққа түскенімді білмеймін, бір күні мені ұстау туралы тапсырма берілгенін арнайы каналым арқылы естідім... Табан астында бетіме арнайы пластикалық ота жасатып, шалға айналдым... Менің бет-бейнемді өзімнің ең сенімді оққағарыма арнайы пластикалық ота арқылы жасаттым. Сөйтіп ол мен болып шыға келді. Оған сен қанша жыл берсе де түрмеде отырып шығасың. Түрмеден шыққан соң 500 мың доллар беремін дедім. Екеуара келісім туралы тірі пенде білмесін деп ант-су ішкізіп, уәдесін алдым. Сөйтіп, менің орныма оққағарым ұсталды. Он жылға сотталып, мал-мүлкім түгел тәркіленді. Мен шетелге қашу туралы да көп ойландым. Бірақ, «өзекті жанға бір өлім» деп бұл дүниеде жасаған күнәмді өзімнің кіндік қаным тамған ауылымда өтейін, ауылда жүріп о дүниеге аттанайын деп шешкен болатынмын... Шет елге әдейі кетпедім, – деді терең дем алып.

– Сіз болып он жылға сотталған оққағарыңыз түрмеден әлдеқашан шыққан шығар, – деп едім ол:

– Е-е-е, ж-жоға... Мені ақымақ біреу дейсің бе? Ол түрмеге түскеннен кейін үш айдан кейін-ақ өлтіртіп жібердім ғой. Қысқасы, мен бұ дүниеден жасаған күнәларымнан толықтай тазарып қалдым... Мен ауылдағы бүгінде атақты шопанға айналған Есіркептің сыныптасы Асхатпын. Менің Асхат екенімді мен өлгенше тірі жанға айтушы болма... Иә, қысқасы, бұл құпияны мен өлгеннен кейін ғана сыныптасым Есіркепке айтатын бол... Есіркептен өзге тірі пенде білмесін. Мен бүгінде қалтасында көк тиыны жоқ кезбе, тірі пендеге керек емес сорлымын... Мына жарық дүниеде менің санаулы ғана күндерім қалды. Ендігі бар арманым, кіндік қаным тамған ауылымда жамбасым жерге тисе болғаны... – деді Тайжан шал иегі кемсең-кемсең етіп отырып.

– Сіздің бұл аянышты жағдайыңызды айтатын балаларыңыз, қыздарыңыз бар шығар. Маған айттыңыз... Ұл-қыздарыңызға айтайын, – дедім не сенерімді, не сенбесімді білмей.

–Е-е-е, балам-ай, мен үйленген де жоқпын ғой, қайдағы ұл-қыздар... Құдайдың пешенеме жазғаны осы екен, – деді Тайжан шал жылап-еңіреп отырып.

Мұны мұқият тыңдаған Есіркеп шопанның жүрегінде оған деген аяныш сезімі оянып, көзі жасаурап кетті.

– Адам сенгісіз екен... Төбе шашым тік тұрып кетті... Мен бұл сандыраққа сене алмай отырмын, – деді көз жасын сұрткілеп алып.

– Есіркеп көке, шынымды айтсам, менің өзім де сенбеймін...

0 Мүмкін емес...

488 Дұрыс айтасыз...

– Ауылдағы менің сыныптасым Асхатпын дегені не сандырақ... Ақыл-есінен адасқан болар, сірә.

2 Осы әңгімеге өзім де сеніңкіремеймін.

– Ұзын сөздің қысқасы, сенің айтқандарың түгел өтірік... Адам сенбейтін сандырақ. Қисынсыз...

– Есіркеп көке, мен де сіз сияқты пікірдемін... Бірақ, Тайжан шал ағыл-тегіл жылап отырып айтты ғой.

– Қарағым-ай, араққа тойып алғаннан кейін өтірікті шындай етіп айтатындар жетерлік қой...

– Есіркеп көке, сонымен не дейсіз? Токетерін айтыңызшы...

– Токетері, жабулы қазан жабулы күйінде қалсын... Түсіндің бе? Өсемін, өнемін десең бұл әңгімені менен басқа тірі пендеге айтушы болма. Қарғысқа ұшырамайын десең, мүлдем есіңнен шығар. Бәрі әншейін бос сөз...

– Кімнің қарғысынан? Түсінбедім... Тайжан шал мені қарғап-сілеген жоқ қой, көке-е-е...

–Е-е-е, балам-ай, ымды білмеген дымды білмейді деген... Адам сенгісіз осындай өтірік сөздерді айта берсең бар ғой, түбі қарғысқа ұшырап, шаруаң біржола бітеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген сөз ата-бабамыздан қалған... Жақсы сөз айт. Қысқасы, түсіндің бе, өзі а-а-а...

– Есіркеп көке, түсіндім-м-м...

– Мені бір кісідей жақсы білесің ғой, балам... Үйдегі апаң Қатыш екеуміздің отандасқанымызға қырық жылдан асты... Құдай бізге перзент бермеді. Бірақ мен Қатыш апаңмен ажырасқан жоқпын. Үйден қумадым... Бәзбіреулер жастау кезімде Қатышты таста, басқа бір жас қызға үйлен деп ақыл айтқандар көп болды. Сенен жасыратын түгі жоқ, мен Қатышты өте жақсы көрдім. Қатыш та мені шын ниетімен сүйді. Қайтейік, пешенемізге жазылғаны осы екен... Өмір ойыншық емес қой, шырағым. Біз бүгінде бір перзентке зар болсақ та өзімізді-өзіміз жұбатып, қой бағып, мына жапан далада бақытты өмір сүріп келеміз...

Қысқасы, бұл әңгіменді менен өзге тірі пендеге айтушы болма. Мен де тірі пендеге айтпаймын. Екеуміз де ақылға сыймайтын әңгімені айтып, Құдайдың қарғысына қалмайық. Түсіндің бе, балам? Менен басқа тірі жанға өмір бойы айтпаймын деп уәде бер-р-р...

– Тірі пендеге айтпаймын деп уәде беремін, – деді Есенжол екі иығынан ауыр жүк түскендей болып Есіркеп көкесіне сүйсіне қарады.

– Мен де тірі пендеге айтпаймын деп уәде беремін, – деді Есіркеп те жас балаша қуанып.

– Рахмет көке! Рахмет! – деді орнынан тұрған Есенжол Есіркеп көкесінің салалы күс басқан қолын алып.

– Жақсы балам! Ақылға келгеніңе көп-көп рахмет! Өркенің өссін! Мен енді үйдегі Орынбасар баламның жағдайынан хабар алайын. Алғысым шексіз.

– Есіркеп көке, Сағындық көмекшіні бағана сырттан шөп тасы деп жібергенім қандай жақсы болған... Біздің сөздерімізді естімегені дұрыс болды ғой, – деді Есенжол.

– Дұрыс айтасың, – деді сыртқа беттеген Есіркеп шопан.



II-ТАРАУ

Есіркеп шопан көңілі ала-құла болып үйге кірді. Келген бойда Орынбасар жатқан бөлмеге беттеді. Қарсы алдынан алып-ұшып кемпірі Қатыш шықты.

– Шал-ау, бүгін қой қораны көп араладың ғой түге... Әйтеуір мал басы түгел ме? Қасқыр қойларды тартып кетпепті ме? Түрін адам шошырлықтай ғой... Сонша не болып қалды, отағасы?..

– Бәрі ойдағыдай... Уайымдайтын ештеңе жоқ...

– Е-е-е, бәсе, солай десейші... Бірақ, біртүрлі болып тұрсың ғой...

– Үйден шыға бергенде Орынбасардың ұйқылы-ояу жатқанында адам шошырлық сөздерін естіп едім. Өзі ұйқылы-ояу жатып сонша сөздерді айтқанда жаным түршігіп кетті...

– Мен де соңғы күндері жиі естіп жүрмін, – деді Қатыш.

– Не деген сөздер десейші...

– Әлі толық есін жинап, өзіне-өзі келе алмай жүр ғой, – деді ерекше таңданыс танытқан Қатыш.

– Кей кездері ұйқылы-ояу жатқанда айтқан сөздерінен біртүрлі қорқып кетемін, – деді Есіркеп. – Есті адамның сөздерін айтады.

– Былайша ақыл-есі әлі толық кірген жоқ қой.

– Өзінің кім екенін, қайдан келгенін әлі күнге дейін есіне түсіре алмай келеді ғой... Иә, иә... Қатты соққы алған. Аяқ-қолына тиген соққы жазылып келеді. Бірақ, басына өте қатты ұрған ғой. Көзі болса анау. Бір көзі көрмейтін соқыр ғой... Мұрнының шеміршегі де бір жағына қарай қисайып сынған... Кемпір, саған көп рахмет. Өйтіп-бүйтіп

емшілігінді қолданып, байғұс жігітті аяғына тұрғыздың, – деді риза болған Есіркеп.

– Бәріне уақыт төреші ғой. Емін-еркін жүрсін. Бірте-бірте есін жинап қалар...

– Иә, бізге тек шыдау керек... Қалаға дәрігерлерге апаруға болмайды. Қыс түсті. Қыстан бұрын Орынбасардың ешқандай құжаты жоқ... Көрші ауылдағы дәрігерге де жеткізе алмаймыз ғой әзірше. Астанадан келген жас келіншек өзі жас болса да білгіш дейді ғой.. Ауылдағылар да, барлық отардағы қойшылар да ауыздарынан тастамайды,– деді Есіркеп.

– Сонау Алматыдан осында келіп жүрген нағыз жүрек жұтқан дәрігер екен... Елдің бәрі ауыздарының суы құрып жер-көкке тигізбей мақтап жүр ғой... Атын заты сай сұлу дейді, – деп Қатыш та Есіркепті қоштай жөнелді.

– Қар еріп, көктем шықсын... Орынбасарды сол атақты дәрігерге апарамын... Әйтеуір шипасын берсін деп тілеймін. Күндіз Орынбасар өзімен-өзі тірі жанға сөйлемей, моп-момақан болып жүреді де қояды... Негізі жаны таза, қолынан қиянат жасау келмейтін жігіт екеніне өз басым сенемін. Түнде ұйқылы-оюу жатқан кезінде айтқан сөздері көп нәрсені аңғартады... Ойы жаман, қанішер біреу болса, түндегі сөздерінен кейін оның қандай жігіт екенін айтпай-ақ байқауға болады. Тегін жігіт емес...

– Шал-ау, мен де сенің айтқандарыңа түгелдей қосыламын. Сабыр сақтап, әліптің артын бағайық... Өкіл бала қылып алдық қой... Беті бірте-бірте бері қарап келеді. Орнынан тұра алмай ес-түссіз жатқан жігітті әйтеуір әупірімдеп жүріп аяғына тұрғыздық қой.

– Рас айтасың, кемпір.

– Менің бір байқағаным, өзі өте мейірімді, кішіпейіл. Адамға қараған көзқарасының өзі қандай... Күлімдеп

жүргені мені қуантады. Қабак түйіп жүргенін байқаған емеспін, – деді Қатыш.

– Мені көрсе де жәй ғана езу тартады. Қолымдағы ауыр заттарды көтеріспекші болып жәрдем беруге жарап қалды... Мұндайда қолына бос жем таситын шелекті ұстата саламын. Соған риза болып мәз болып қасымнан кетпей жүріп алады...

– Бұл – жақсылықтың белгісі... Бірте-бірте екеумізге үйреніп, бауыр басып келеді ғой, – деді Қатыш қуанып.

– Мен де осыған қатты қуанып жүрмін. Әйтеуір күннен-күнге екеумізге бауыр басып, жылышырай танытуда. Екеуміз де оған мейіріммен қарайық. Адамның адамға шын мейірімі түссе, сол жерде барлық жақсылық болады. Құдайдан бала сұрап, бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмады. Қатышым-ай, осы үйімізге ойда-жоқта келген Орынбасарды баламыз дедік қой. Есін жинап, өзіне-өзі келіп, ең болмаса бізді сыйлап, құрмет көрсетіп, жүрегімізді шуаққа бөлесе екен деймін...

Иә, Қатыш, Орынбасардың өз атын есіне түсіргеніне де шүкіршілік... Өз атын есіне түсірсе келе-келе өмірін, кім екенін де есіне түсірер. Дегенмен, пешенесіне жазылғаны осы екен ғой... Жап-жақсы-ақ жігіт екенін мен алғаш көргенде-ақ байқадым. Иә, иә, дәл солай, – деді Есіркеп.

– Отағасы, Орынбасар баламыз біздің сенімімізді ақтайтынына сенемін... Тағдыр бізге әйтеуір қуаныш сыйласын. Екеуміз қуанышқа лайықпыз... Өзің де менен гөрі жақсы білесің. Біздің де пешенемізге жазылғаны осы екен-ау! Қалай десек те мен осы өміріме ризамын. Қайтеміз енді, шал-ау...

– Иә, кемпір, дұрыс айтасың, жасаған дұға-тілектеріміз қабыл болсын! Әйтеуір ел-жұртқа қарабет қыла көрме. Ар-ұяты бар өзінің... Тым қатыгез, дөрекі мінезін байқаған жоқпын. Бәрінен бұрын көршіміз ұзынтұра Еділбай

қойшының алдында бізді масқара қыла көрмесін. Шерменде етпесін... Байқайсың ба, үйге осы Орынбасар келгелі бері береке кірді... Қойларымыз қонды. Өлім-жітім деген пәле атымен жоқ. Әйтеуір мен Орынбасарға сенемін. Кей кезде араққұмар ма деп те ойлап қоямын... Бірақ, арақ іздеп, жаман әдетке жақын екенін байқатпады, – деді Есіркеп еркін көсіліп.

– Шал-ау, мен де сенің айтқандарыңа қосыламын. Қылышын сүйретіп қыс та келді емес пе? Орынбасар күш-қуат жинасын... Әлі әлсіздеу. Анау өзіміздің қойдың біреуін сояйық та... Қысқы соғымның басы болсын.

– Дұрыс айтасың. Қысқы соғымға арнап бағып семірткен өзіміздің қойды соямын. Олай болса, мен қой союға кірісейін.

– Азанғы шәйімізді ішіп алайық. Қойды содан кейін соярсың, – деді Қатыш ас бөлмеге беттеп.

– Саламатсыздар ма, – деді бөлмеге кірген Орынбасар екеуіне кезек-кезек мейірлене қарап.

– Қалай балам, жақсы демалдың ба? – деді Есіркеп оған бастан-аяқ сүзе қарап.

– Қалай десем екен... Жалпы, жаман емес... Дегенмен, кей кездері түсіме қай-қайдағы адам ақылына сыймайтын бірдеңелер кіретінді шығарып жүр, – деді Орынбасар сапсау адамдай сөйлеп.

– Есің кіре бастағанына қатты қуанып отырмын.

– Есіркеп көке, расында да бүгін ақыл-есім сәл кіріп, өзімді жақсы сезініп тұрмын. Өте қуаныштымын. Сіздерге деген алғысымда шек жоқ...

– Айналайын, балам-ау! Сені біз өзімізге өкіл бала еттік, – деді Қатыш мөлтілдеген жасын ақ жаулығымен сүртіп жатып.

– Мен де сіздерге қатты бауыр басып кеттім. Сіздердің ниеттеріңізге алғыстан басқа айтарым жоқ... Расында да есім енді-енді кіріп келеді... Бірақ әлі де ...

– Есіңнің кіргеніне шүкіршілік, балам. Уақыт өте келе бәрін есіңе түсіресің.

– Бірақ өзімнің әлі де кім екенімді, бұрын не істегенімді, тіптен, немен айналысқанымды толық есіме түсіре алар емеспін. Бәрі де бұлыңғыр...

– Балам-м-м, шыда... Бәрі де ойдағыдай болады, – деді елпілдеп кеткен Қатыш. – Тек шыдашы...

– Орынбасар балам, бұл жарық дүниеде мына апан Қатыш екеуміз Құдайдан перзент тіледік... Қырық жыл бойы сағына, сарыла перзент күттік... Бірақ ол тілегіміз орындалмады... Сені кездестіріп тапқан күн біз үшін ең бақытты күн. Сені біз өзімізге бала еттік. Сен енді біздің баламызсың... Екеумізді дұрыс түсініп, бізге құрметпен қара, балам.

Орынбасар езу тартты. Екеуіне алма кезек қарап, үнсіз тұрып қалды.

– Иә, балам, сабыр түбі сары алтын. Қазір шал екеумізбен, айтпақшы, әкеңмен дұрыстап сөйлескеніңе де шүкіршілік, – деді Қатыш ерні кемсең-кемсең етіп...

– Бар болғаны атымның Орынбасар екені есіме бірден түсті... Бірақ, қайдан келгенім, өзімнің кім болғаным есіме мүлдем түсер емес...

Есіркеп шопан Орынбасарға қатты жаны ашып кетті. Бір жағынан оның есінен адасқаны да жақсы болып тұр ғой. Иә, иә... Қиын... Расында да бұл оқиға жақсылықпен аяқталса екен. Кемпірге үйдегі жаман айнаны Орынбасар көрмейтін жерге тығып қой дегенім де бір жағынан жақсы болды ғой. Айнадан өзінің ұсқынсыз кескін-келбетін көрсе қорқып, өзін-өзі танымай жүрер... Дегенмен, ертелі-кеш өзінің бет-әлпетінің адам айтқысыз күйге түскенін білуі керек емес

пе? Мұны қалайда айтуым керек-ау... Қазір азанғы шәйдан кейін айтпасам болмас. Байғұс балам-ай... Байғұсым-ай-й... Иә, жағдайы оңып тұрған жоқ. Бұл сорлы бізден кетсе танымайтын біреулер зәбір көрсетіп адам қатарына қоспай, көрмегенді көрсетеді ғой. Қолында ешқандай құжаты да жоқ, түр әлпеті болса адам шошырлық. Анау-мынау адам көрсе үрейі ұшып кетеді. О, сорлы бала-ай, қандай күйге тап болдың. Иә, бар болғаны түсің жылы, балам. Дегенмен, осының өзі көп нәрсені айтса керек. Түсі игіден түңілме деген...

Әй-й-й, әй-й, бүгінде сап-сау адамдардың өзіне де жаманшылық ойлап, көре алмай қиянат жасаушылар жетіп артылады... Әйтсе де мына отыз жыл көрші болған ұзынтұра Еділбай қойшыға не жорық десейші... Ғайыптан пайда болған мына соры қайнаған жас жігітке көмек бергенімді де сөз қылып, көре алмай жүр. Ойламаған жерден жауласып шыға келді... Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты деген осы екен ғой... Түкке түсінбейтін, адамгершіліктен жұрдай екен ғой найсап. Төрінен көрі жақын қалғанда ақылынан адасқанына жөн болсын...

Қойлары отыз жылдан бері біразға көбейген шығар?! Өктем-өктем сөйлейтінді қайдан шығарған, кәззап неме. Айдалада күндіз-түні қой соңында жүрсе де әліге дейін іштарлығын, көреалмаушылықты қоймапты-ау. Бір кезде ауылда арызқой атанып, елден кашып қой бағып жаны жай тапқан еді... Енді сол ескі әдетіне қайта басқаны ма? Бірақ, бұл жаман әдеті ұмтылғандай болып еді. Әйтседе кім біледі... Бүгінде міне, ұзынтұра Еділбай қойшы менімен отыз жыл қойшы болғанын да пұшпақ құрлы көрмей, осындай иттікке барып отыр. Мынаның қорлығы өтіп барады. Оның зәрлі сөздері әліге дейін құлақ түбімде жаңғырып тұр... Эттең-ай, эттең... Сондағы ашудан, ызадан булыққаным есімнен кетер емес...

– Шал-ау, терең ойға батып кеттің ғой... Үйге кіріңдер. Азанғы шәйімізді ішіп алайық, – деді Қатыш қолын бұлғап.

– Жүр, балам, шәй ішейік, – деді Есіркеп.

– Иә, иә, рахмет, – деп Орынбасар да үйге беттеді. Үшеуі шәйға отырды. Дастарқанға тоқаш, сары май, құрт қойылышты.

Қатыш қою қой сүтін қатып шәй берді. Сүт қатқан шәйді жұмсақ бауырсақпен ішкен олардың көңілдері жай тапты.

– Орынбасар балам, сен сабыр сақтап, менің сөзіме құлақ түр... Әркім пешенесіне жазғанын көреді. Сенің пешенене жазылғаны осы екен... Мына Қатыш апаның шипасының арқасында емделіп, аяғыңа тұрдың. Сол үшін қуан.

– Балам, мен барлық қолымнан келген емшілігімді жасап, аяғыңнан тұрғыздым ғой. Бірақ...

– Орынбасар балам, сені аудан орталығындағы ауруханаға жеткізе алмадық... Қалтаңда ешқандай өзінді куәландыратын құжат жоқ болды. Оның үстіне біз аудан орталығынан 120 шақырымдай жердеміз. Қыс болса тақап қалды. Сенің өзің жақында ғана аяғыңа тұрдың. Біз жүріп аяғыңа тұрғаныңа, есінді жинағаныңа, оның үстіне қол-аяғыңдағы, денендегі, бетіндегі сойыл тиген жерлердің біткеніне шүкіршілік етіп, қатты қуандық. Қатыш апаның қолы шипалы ғой. Бет-әлпетіңнің сау-самтығы жоқ еді... Қанішерлер-ай, адамды сонша аяусыз таяққа жыққандары несі-ай... Өңшең Құдайдан безген немелер... Жазаларыңды Құдай берсін. Қатыш апан оң көзінді емдей алмады. Бірақ, бар әрекетін жасауда... Мұрның да бірте-бірте қалыпқа келеді, – деп Есіркеп Орынбасарға аяушылықпен қарады.

– Әке, апа, сіздерге деген алғысым шексіз. Оң көзім қазір тіптен ауырмайды ғой. Бірақ, бір көзім көрмей қалды...

– Рахмет-т-т, осы сөзіңе де ризамыз-з-з, – деді көзінен мөлтілдеп аққан жасты орамал шетімен сұрткілеп отырған Қатыш.

– Балам, күн жылынып, қар еріп көктем келсін... Саған жеке басты растайтын төлқұжат алайық. Сосын көзіңді, мұрныңды қаладағы ауруханаға апарып емдетеміз... Жұмыс істемей-ақ қой. Осында жүре бер. Жүйкенді тоздырма. Уайымдай берме. Көрдің ғой, бұл жақта газет жоқ. Теледидар да былтыр бұзылып қалды.

Көктем шығып, күн жылынса жаңа теледидар алмасак болмайды. Мына дүниеден бейхабармыз... Бәрінен де Орынбасар, сенен ұят болды. Біз кемпірім екеуміз теледидарды көруге қызықпаймыз. Теледидар деген де қолбайлау. Тек кешке ғана болмаса. Оның үстіне бізде жарық жоқ. Алдағы көктемде жарық беретін мотор орнатып беретін болып келісілді.

– Шал-ау, қысқы соғымға атаған қойды сояйық. Қыс түсті ғой. Оның үстіне Орынбасар баламыз жас сорпа ішіп, ет жеп, әл жинасын.

– Кемпір, өте дұрыс айтасың.

– Шал-ау, бұл қысқы соғымның басы. Ұзынтұра Еділбайды кемпірі Орынкүл екеуін кешке қойдың басына шақырайық. Таспен атқанды аспен ат деген. Солай еткеніміз дұрыс болатын секілді...

– Келістім... Бұл ақылың өте орынды әрі көңілге қонымды екен. Әйтеуір сабасына түскен шығар. Ашуланып, қорс-қорс етіп жүрмесе болғаны, – деді Есіркеп.

– Ашуы тарқап, өзіне келген шығар түге...

– Кешке үйге қойдың басын жеуге келген кезде көрерміз.

– Иә, иә, кеңпейілдік танытайық.

– Дұрыс айтасың.

– Негізі біздікі дұрыс. Тамақ ішіп отырып ашық-жарқын сөйлесейік.

– Орынбасардың тәуір болғанын өз көздерімен көрсін. Сөйлессін...

– Солай еткеніміз адамгершілік болар.

— Орынбасар, өзің де бәрін бастан-аяк естіп біліп отырсың ғой. Кешке үйге тамаққа шақырғалы отырған көршіміз Еділбай шопан. Біз оны ұзынтұра Еділбай дейміз... Өзі ұзын бойлы. Сылып алар еті жоқ. Негізі жаман адам емес...

— Әке, апа, мен дейін... Қосып-алар ештеңем жоқ. Өздеріңіз білесіздер ғой, көршілеріңіз екен, — деді Орынбасар.

Есіркеп Орынбасарға болған жағдайды баяндағанды жөн санамады. Өзіне-өзі келмеген оның әзірге мұны білгені дұрыс болмас деп шешті іштей.

— Ал, кемпір, мен қойды сояйын.

— Солай жаса. Етін тілшелеп маған бере бер...

Қой сойылып, бір қазан ет те асылды. Есіркеп қарды омбылап, көршісі Еділбайдың үйіне жетіп барды. Ол Есіркепті көріп үйге кір де демеді. Мұрнын шүйіріп, зорға сөйледі. Мына Еділбай көршіге не болған? Мұрнын шүйіруі жаман ғой. Менің өмірімде кездескен тауқыметтерді мұның басына салып кіріштар қылмасын... Бірақ, мынаны мұншалықты адамгершіліктен жұрдай екен деп ойламапшын... Қабағынан қар жауып тұр ғой тегі. Не істесем екен... Кешкі тамаққа шақырмай-ақ, үйге кері қайтып кетсем бе екен... Сонда, жылдар бойы қалыптасқан көршілік қақымыз не болмақ? Оның да түп-тамырына балта шауып тастаймыз ба?! Бұл ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жалғасқан әдет-ғұрпын жермен-жексен етіп, біржола жоқ қылу ғой...

Айдың он бесі қараңғы болса, он бесі жарық дегендей, Еділбай несіне жетісіп тұр?.. Мына мен бейшараның жаным күйзеліп, жүйкем тозып, өкіл балам Орынбасарды емдеп аяғына тұрғызып, басыма бақ құсы қонғандай болғанымды да түсінбей, тіпті, көре алмай жүргеннен сау ма өзі, а-а-а...

Өзінше төрт құбыласы тең болып, бағы жанып, шаттанып тұр ғой... Менің пешенеме жазылғаны осы екен... Болған іске болағтай бол дегендей, тар жол, тайғақ кешулерге кезіккен қазақтың қарапайым ғана қойшысымын... Өз өміріме дән ризамын. Өйтпеске менің ешқандай амалым жоқ. Мен бұл дүниеге адам болып келдім. Сол адамдық қасиеттен ауытқымауым керек. Қанша жаным қиналып қиыншылыққа, тығырыққа тірелген кезде де бәріне сабыр сақтап жол тауып шығуым қажет...

Мына Еділбайдың екі баласы бар. Бірақ балалары әке жолын қумай, сен секілді айдалада қой бақпаймыз деп Алматыға кетті... Алматыда не істеп жүргендерін әкесі Еділбайдың өзі де білмейді... Сұрасаң жүр ғой, өздерімен-өздері деп жәй ғана жылы жауып қоя салады. Ұлдары Тасқын мен Асқынның әкесі Еділбай мен шешесі Орынкүлге сәлем бермегендеріне табаны күректей екі жыл болып қалыпты.

Еділбай сорлы ұлдары Тасқын мен Асқынды дәріптеп, мадақтап, жақсылыққа баулып, қолынан келгенін істеп-ақ бақты ғой... Бірақ, ұлдары сенімін ақтамады... Дегенмен де Еділбай уайым-қайғыға мойын бұрмайтын бірбеткей, анау-мынауды жіпке тізе бермейтін адам. Бұл анау-мынау адамның қолынан келе бермейтін батылдық екен ғой деп іштей ойлаған Есіркеп:

– Көрші, бүгін кешкілік қойларыңды жайғастырып, кемпірің Орынкүл екеуің біздің үйге келіп мейман болындар... Үлкен марка саулығымды сойдым. Кемпір бір қазан ет асып жатыр. Қашанға дейін тырысып жүресің.

– Сен не деп тұрсың а-а-а? Мені аш деп жүрсің бе? Құдайға шүкір, ет деген жетеді.

– Ой, Құдай-ай! Саған не болған өзі? Қысқы соғымның басына шақырып тұрмын.

– Айныған неме. Енді менің аузымды ет асып беріп жабайын дедің бе?! А-а-а-а...

— Не деп оттап тұрсың... Айныған мен емес, мына сенсің. С-с-с-сен ақылдан адасып, алжаса бастаған екенсің.

— Әй, мына көрі қақпас не дейді-ай-й-й...

— Мен турасын айттым... Өтің жарылып кетті ме?

— Сен оңбаған қай-қайдағы қаңғыбас біреуді үйіңе жасырып отырсың. Соншама ол кім өзі а-а-а? Қанішер, жоқ әлде ұры шығар...

— Жаны таза адамның жүзінен көрінеді. Ол сен ойлағандай қанішер де, ұры да емес...

— Немене оның маңдайына жазып қойыпты ма? Қалтасында кім екенін растайтын әлгі не еді, пәспірті бар ма? А-а-а-а...

— Еділбай, аузыңа келгенді айтып көкі берме. Тым қатты кеттің.

— Не дейсің? Қатты кеткенді мен саған әлі көрсетемін...

— Нені көрсетесің? Дәлелің бар ма?

— Есіркеп, сен бөйтіп көлгірсіме. Бұл сенің пешенеңе жазылғаны... Қатыным ұл туып бермеді деп көкірегің қарс айрылып өтетін болдың ғой...

— Еділбай, менің басыма бергенді сенің басыңа бермесін... Құдайдан қорықсаңшы, ең болмаса.

— Қатының шын білгір тәуіп болса неге бала туып бермеді. Сенің көз жасың көлкілдеп «бала, бала» деп зар илегенінді Қатышың көрмей жүр ме?! Үйіңе қашқынды жасырып, менің айтқанымды құлағыңа ілмегенің үшін саған «ашық соғыс» жарияладым... Қашқынды өкіл бала етіп аламын дегенің не сандырағың? Ой, ақылынан алжасқан ақымақ неме.

Әттең, қыс түсіп, жолды қар басып қалғанын қарашы... Егер де қар жауып, жол жабылып қалмағанда ауданға барып, ауданның барлық полициясын ертіп келетін едім. Бәрібір сені бұлай тайрандатпаймын... Осыдан кейін сен шпионды

үйіне жасырып отырған қылмыскерсің. Сендерді баяғы заман болса не істейтінін білесің бе?

– Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді дегендей доғар енді бұл сандырағыңды... Доғар-р-р... Шыдамның да шегі бар. Мына найсап бара-бара үдетіп барады ғой өзі а-а-а. Сен өзі не деп оттап тұрғаныңды білесің бе?! – деді Есіркептің көз алды тұманданып, жүрегі өрекіпіді.

– Айтқаным, айтқан. Аудандық полицияға «бір құлаш» арыз жазып қойдым...

– Қолыңнан келгенін істе. Маған десең көтеріп тұрған аспаныңды тастап жібер. О несі-ей, сандырақтап. Көкнарға тойып алып аузыңа келгенді көкіп оттай берме.

– Есіркеп, көкнар ішсем сенен сұрап ішіп жүрген жоқпын.

– Еділбай, жетер, жетер енді. Көп оттай берме. Көкнар ішіп адам кейпінен жұрдай болып жүргенінді Қатыш екеуміз жақсы білеміз...

– Есіркеп, сен өйтіп сандырақтама. Қатышың өтірік емші, көзбояушы дейді ғой ауылдағылар.

– Не дейсің ей-й-й, алжыған неме... Қатышқа жала жапқаныңды тоқтат.

– Айтқаным айтқан... Ал, не істейсің маған?

– Еділбай-й-й, сен ақыл-есіңнен адасқан мәнгүртсің. Сен ешкімге керек емес, қу көкнардың құлысың. Миың су болып әлдеқашан ағып кеткен. Қатыш туралы қай бетіңмен мұндай өсекті аузың барып айтып тұрсың. Ол жаны таза, нағыз иманды әйел. Сен осы жалаң үшін бұ дүниеде де, о дүниеде Құдайдың алдында жауап бересің. Қанша көкнарға сылқия тойып алып, ақыл-есінен адассаң да сен Еділбай ешқашан кешірілмес қателік жасадың... Мен сенің бұл айыптауыңды ешқашан кешірмеймін.

Сен адамгершіліктен жұрдай, ұятсыз, көкнар үшін арын сатқан арсызсың. Өй, алжыған қақпас неме. Мен сені

бүгінге дейін көз көрген ғой сыйлап келдім. Сен сияқтылар жер басып жүрмеуі керек. Қуыс кеуде неме. Кешірілмес күнә жасадың, Еділбай. Сен адам емес, екі аяқты адамның азғынысың, – деді де әбден ашуға булыққан, көзіне кан толған Есіркеп көршісі Еділбайға тап беріп, бір-екі жұдырықтап үлгерді. Оң жақ иегі астынан оң қолымен періп жібергенде әккі болған Еділбай бұғып қалды. Есіркеп өз екпінімен екі метрдей жерге барып омақаса құлады. Ашуға булыққан Еділбай шарбақтың бір тақтайын жұлып алып жерде жатқан Есіркепті басынан бір-ақ ұрды... Есіркептің басы дың ете қалды... Сылқ етіп құлаған Есіркепті көрген Еділбай қолындағы тақтайды лақтырып жіберді де көкнар ішуге үйіне қарай тарбандап жөнеле берді. Артына бұрылып:

– Етінді өзің жей бер. Қойды мен де сойдым, – деді жерге бір түкіріп...



III-ТАРАУ

Соңғы кездері Ескерместен маза кетті. Құрған жоспары желге ұшты... Басы қатып кетті. Оңай олжа табамын деген жоспарының бұлай аяқталғанына сенер емес...

Орынбасардың әлемді таң қалдыратын ғылыми жаңалығын уысына түсіріп, шетел асырып сатамын деп келіскен агенттер күнде келіп шартты бұздың деп зіркілдейтінді шығарды.

...Ескермес сыныптасы Орынбасардың ашқан жаңалығын қолына түсіру үшін не істемеді...

...Орынбасар аяқтары семіп, Алматы қаласындағы ең атақты ауруханаға түскеннен бастап Ескермес арам ойын іске асыруға біржола бел шешіп кірісті. Орынбасарды өз уысына түсіру үшін Алматыдағы өзінің көңілдесі Лара атты келіншекке уақытша үйлендірді... Ештеңеден хабары жоқ Орынбасар оның қолбаласына айналды... Сөйтіп, Орынбасардың ғылыми жаңалығы өз басына таяқ болып тиді. Оның ашатын жаңалығы есепсіз ақша болатынын сезген Лара да арам ойын өзі іске асырады.

Орынбасар жер планетасында ғасырлар бойы апаттар әкеліп, адам өмірі мен қалаларды жұтқан табиғи апат жер сілкіністі тоқтату туралы бұрын-соңды болмаған ғылыми жаңалығын ашады. Мұны уақытша әйелі, тыңшы Лара естіп, Орынбасарды қоларбаға отырғызып, қаланы аралап серуендетуге алып шығып, оны көшеде ағылып жатқан машиналарға қарай итеріп жібереді. Бірақ Орынбасар Лараның бұл қастандығынан да аман қалады. Ауруханаға түсіп, жұмбақ жағдайда аяғына тұрып ізін суытады...

Алматы қаласындағы II-темір жол вокзалында қоларба жүкшісі болып жүріп жолға, тамағына азын-аулақ ақша жинайды. Кейін Тараз қаласында қарақшылар қолына түсіп тоналып, әбден өлесі болып таяқ жейді. Аяқ-қолы сынып, басы жарылып, есінен танады. Тірі өлікке айналған Орынбасарды Тараз қаласына жүк өткізуге келген Ескермес шопанның жүк тиейтін машинасының үстіне аяқ-қолын матап байлап, лақтырып жібереді. Орынбасардың не тірі, не өлі екенінен мүлде бейхабар Ескермес қарамағындағы жалданған ізшіл тыңшыларын жан-жаққа жібереді...

Ақыл да, сабыр да қалмаған Ескермес соңғы кездері не істерін білмей дал болып, есінен адаса жаздап делқұлы күйге түскен. Опасыз дүниеге деген тойымсыздық-ай десенізші... Бүгінде Ескерместің көзіне ақшадан өзге ештеңе көрінбейді. Оның мақсаты – Орынбасар ашқан ғылыми жаңалықты одан тартып алса да, тіптен, оны өлтіріп, тартып алса да АҚШ-тағы екеуара келіскен «Рикс Рой» атты жасырын компания президенті мистер Рикс Ройға 100 миллиард долларға сату...

Ескермес аса пысықтық танытып, алдын-ала келісім жасап, Рикс Ройдан 500 мың доллар үстеме алған. Ескермес осынша ақшаны өз құлқынына тыға бермей, қарамағына алты тіміскі тыңшыны жасырын түрде жұмысқа алды. Өйтпеске оның амалы қалмады.

Орынбасар із-түзсіз құмға сіңген судай жоқ болып кетті. Тыңшыларға жұмыс істеуге қажетті бар мүмкіндіктерді жасады. Астарына қымбат автокөлік, қолдарына ең соңғы үлгідегі байланыс телефоны, тіптен, пистолет де берілді. Қазір де уайым-қайғыдан азып-тозған Ескермес терең ой шырмауында отыр. Ештеңеге зауқы жоқ. Бұрынғыдай көңіл көтеру, ішіп-жеу, қыз-қырқындарға қырындау жайына қалды. «Уайым түбі тұңғыық, батасың да кетесің» дегендей, уайым-қайғыдан әбден қажып шаршаған, бұрынғы

кеудесіндегі жалындаған оты бар, батыл жігіттің жүрегінде өшпес жалыны қалмаса да үміті бір сәтке де сөнер емес...

...Не істеу керек? Орынбасар, қайда кеттің? Әлде менен өзге қулар қолға түсіріп әкетті ме екен?! Қайда, қайда, қайда-а-а кеттің, а-а-а?.. Адамды әбден уайымға батырып, аза бойымды қаза етіп. Сен менің ашуымды келтіре берме. Қызықсың-әй, әбден қанымды ішіп біттің ғой... Түптеп келгенде бар ғой, сенің осы жаңалығыңды бұл жерде ешкім дұрыстап бағаламайды да. Саған үйіп-төгіп ақша да бермейді ғой, егер түсінсең... Бірақ сен мұны түсінбейсің де. Түсінбейсің-ң-ң... О, сорлы-ай, сорыңды қайнатамын әлі. Көресің... К-к-көресің-ң-ң... Осыдан қолыма түсші... Сен мені баяғы мектептегі қорқақ Ескермес деп жүрген боларсың... Сенің осылай топшылап, өзіңше тон пішіп жүргенінді ішім сезеді. Бүгінде мен айлакер, қалтам долларға толған, бірнеше қанішерлерім бар, ешкімнен қорықпайтын Ескермеспін...

Құдайға шүкір, сен секілді данышпанның менімен бірге бір сыныпта оқығанына ризамын-н-н... Шүкір-р-р... Орынбасар, сен бір кезде ғашық болған Айсуретінді де алып қашып, өзіме зорлап қатын еттім... Сенен сөйтіп алғашқы ақымды да алдым. Сен оны білетін шығарсың. Білесің-ң-ң... Бірақ маған айта алмай жүрсің. Әдейі уайымыңды маған айтқың келмейді ғой а-а-а. Білем-м-м. Бұл саған әлі аз. Сені жерге кіріп кетсең де табамын. Жерге кірсең шашыңнан, аспанға ұшсаң аяғыңнан тартып аламын. Қазір менің қолым ұзын-н-н-н... Иә, иә, ұзын-н-н-н. Менің осы мақсатым туралы саған жетсе, маған өз аяғыңмен келгенің дұрыс болар еді...

Кенеттен Ескерместің жұдырықтай жүрегі дүрсілдеп, артынша суылдап, белгісіз үрейден өн бой дір-дір етті. Әп-сәтте реңі қуарып, екі беті солып, құп-қу болып кетті.

Сол мезетте Ескермес отырған кең бөлмеге «Рикс Рой» компаниясының осындағы ең сенімді агенті, ұзын бойлы, мұрны қоңқиған, жағында сылып алар еті жоқ Патрик ентелеп кіріп келді.

– Хэллоу, Эскер-р-р мырза! – деді Патрик күлімдеп. Патрик бірінші танысқан сәттен бастап үнемі күлімдеп жүргені. Патриктің қызметіне сәйкес өзін осылай ұстау тапсырылған. Ескермес деген атты толық атау Патрикке қиынға соқты. Осыдан оның қазақша атын Эскер деп атағанға келісім алған... Эскер-р-р...

– Хэллоу-у, Патрик мырза! – деді Ескермес отырған орнынан ұшып тұрып, оң қолын созып. Екеуі бір-біріне қол беріп амандасты. Ескермес Патриктің жылышырайлы жүзіне ұзақ сүзіле қарап алып көңілі сәл-пәл орнына түсті.

Оның осы сәттен соң көңілін тұмшалаған күдігі мен еңсесін төмен қарай баса езген уайымы сәл де болса сейілгендей болды. Әзірге Орынбасар да, оның ашқан керемет жаңалығы да қолда жоқ... Ой-й-й, жер жұтқыр, Орынбасар, қайда кеттің? Шынымен де жер жұтып кеткеннен сау ма? Оны жер жұтса менің күнім не болмақ... Қой, сені жер жұтпасын әзірше дейді Ескермес тағы да.

Патриктің көңіл-күйі жап-жақсы ғой... Шүкір, шүкір-р-р-р. Десе де оның ішкі ойын қазір байқап көрерміз деді Ескермес. Құдай-ай, бүгін тағы да зіркілдетпей, көкірегін басыңқырап шығарып салуға көмектес, көмектес-с-с... Осылайша ойлаған Ескермес сөзді өзі бастағанды жөн санады. Даусын мүләйімсітіп, басын төмен қарай иіп сөйлеп кетті:

– О-о-о, құрметті Патрик мырза! Қош келдіңіз! Дастархан әзір. Жаныңыз не қалайды? Не ішесіз? Француз конягі, ағылшын вискиі... Қазы-қарта...

– Рахмет сізге. Рахмет-т-т... Келісім орындалып жатса дастарханға барамын. Иә, иә-ә-ә, – деді Патрик те сызылып.

– Дастархан жайылсын. Дастарғанға бәрін, бәрін қойыңыздар, – деді Ескермес зілді, өктемдеу дауыспен.

Арғы жақтан «қазір, қазір» деді дауысы жаныңды жадырататын Мөлдір атты бесаспап, ай ару келіншек.

– Эскер мырза! Сізге Рикс Рой сәлем айтуда... Қазақстанда осындай данышпан жас ғалымның шыққанына таң қалуда. Тегі сіздер де ғылымға ерекше көңіл бөледі екенсіздер ғой... Рикс Ройды таң қалдырдыңыздар... Аты кім еді ерекше ғалымның? Менің үнемі тілім келмей, аты есімде қала бермейді, – деді Патрик.

– Оның аты Орынбасар. Қазақта ең көп тараған қарапайым ғана адамның аты.

– Қалай, қалай еді... О-О-Ор... ба... – деп тілі келмеген Патрик ыңғайсызданып қызараңдап кетті.

– Сізге қиын болғанмен қазақтарға атау оңай. Орынбасар-р-р... Ор-ынба-сар...

– Ор-са-р-р... – деп тілі келмеген Патрик күліп жіберді.

– Жарайды-ы-ы... Ештеңе етпейді... Онда тұрған әбестік, ыңғайсыздық жоқ.

– Өте қиын ат екен, – деді Патрик күліп.

– Дұрыс. Дұрыс-с-с айтасыз.

– Қазақ тілі жер бетіндегі көптеген тілдерге қарағанда анау айтқан қиын емес екен, – деді Патрик. – Үйренуге болады.

– Ойпырмай, солай десеніңші, Патрик мырза! Оңайлау тіл болса да бізде тұратын кейбір ұлыстар әлі күнге дейін үйрене алмай жүр, – деді Ескермес.

– Е-е-е, олар қазақ халқын, тілін үйренгісі келмейтіндер, менсінбейтіндер ғой...

– Дөп айттыңыз...

– Осындай қазақ деген халықтан шыққан дарынды ғалымның жаңалығын сатып алуға келіп отырмыз ғой.

– Ой, Патрик мырза. Рахмет, рахмет сізге.

– Енді қанша уақыттан бері өзара келісілген негізгі мәселеге ауысайық. Жалпы, бұл мәселе өзіңіз білетіндей құпия түрде орындалады. Мұны бізден өзге тірі жан білмеуі тиіс...

– Түсінікті ғой... Бәрі өте құпия жағдайда іске асырылатын болады. Жұмыстар құпия түрде атқарылуда...

– Сонымен, мәселе шешілді ме? Жер сілкіністі тоқтату жөніндегі жаңалық әзір ме?

– Кешірсіз-з-з, Патрик мырза. Жақын күндерде сізге ғылыми жаңалықтарды тапсырамын...

– Нақты қанша күнде тапсырасыз?

– Шамасы он бес күнде...

– Жарайды, жарайды... Тұп-тура бір ай уақыт береміз. Бір ай ішінде әзір болмаса, шарт бұзылады. Бірақ, бұл ең соңғы рет берілетін мүмкіндік... Соңғы мүмкіндік... Егер осы мерзімде ғылыми жаңалық қолымызға тимесе, әңгіме басқаша болады, – деді қабағын түйген Патрик. Оның бұл зілді сөзіне денесі дір еткен Ескермес не айтарын білмей абдырап қалды. Сәлден соң өзіне келген Ескермес:

– Патрик мырза. Сіздің сөзіңіз біз үшін заң... Барлық мүмкіндікті пайдаланамын. Қалайда бір айға жеткізбей келісім шарт орындалады. Қам жемеңіз...

– Сенемін... Уақытпен дәлелденіз. Осы мерзімде орындасаңыз сізге бізден арнайы жүлде бар... Ол тағы 500 мың доллар-р-р, – деді Патрик даусын көтеріп.

– Керемет, керемет екен... Орындаймыз-з-з...

– Солай болсын, Эскер. Егер де қосымша қаржы қажет болса береміз... Қанша керек, айтыңыз.

Патриктің мына тосын сөзіне Ескерместің іші қылп етті. Құдай беремін десе осылай бере салады екен-ау. Онай олжа деген осы ғой... Патрик өтірік айтып тұрған жоқ па екен, а-а-а... «Бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық» демекші, не істесем екен? Судың да сұрауы бар

демекші, ертеңгі күнді де ойлағаным дұрыс болар, сірә... Албасты басып қалмасын әйтеуір. Менің ең сенімді тыңшы жігіттерім Орынбасардың соңына мықтап-ақ түсті ғой... Мен оларға сенемін.

Е-е-е, әйтеуір ісімізді алға бастыра көр... Алға бастыра көр. Қалай дегенде де ақыры жақсы болғай. Шынтуайтқа келгенде мен басымды үлкен қатерге тігіп отырмын. Қатерге... Бұл оңай шаруа емес... Бар айла-тәсілдерді қолданып, Орынбасардың тапқан жер сілкіністі тоқтату туралы жаңалығын қалайда тартып алып, Патрикке қолма-қол беруім керек. Олай болмаған жағдайда шаруамның біткені...

Бәрін жіпке тізіп ойлай-ойлай Ескерместің жүрегі ауыратынды шығарды. Опық жеп қалмайын деді іштей.

– Патрик мырза, сіздің кең пейіліңізге көп рахмет. Ниетіңізге алғысымда шек жоқ. Әзірше, ақша жетеді. Жақын күндерде бәрі ойдағыдай болады... Сол кезде толық есептесеміз...

– Эскер мырза, сізге сенемін, солай болсын... Біз барлық мүмкіндікті жасадық. Ендігі мәселе сізге байланысты. Қуанышты хабар күтемін...

Әншейінде жәй қозғалатын Ескермес бұл жолы аяғы-аяғына тимей, Патрикті есік алдында тұрған қымбат көлікке қолтығынан демеп мінгізді.



IV-ТАРАУ

Қазақ Ғылым академиясының жас ғалымы Серік Ақанбаевтың соңғы күндері ұнжырғасы түсіп, сіркесі су көтермей жүр. Осыдан табаны күректей төрт жыл бұрын Ғылым академиясына мүлдем белгісіз жас талапкер ғалымнан өте қызық, барлық ғалымдарды таң қалдырарлық хат түсті. Ол кезде Серік академияның хат бөлімінде істейтін. Хат Ғылым академиясына жолданған. Ешқандай лауазымы, ғылыми дәрежесі, аты-жөні көрсетілмеген. Хатта автор табиғи апат жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалық ашқанын, жаңалықты іске асыруға көмектесуді сұрап өтініш жасаған.

Серік хатты бірнеше мәрте оқып шықты. Сол кезде біріншіден, хаттағы ойға сеніңкіремей, біраз уақыт ойланып жүрді. Бұл өзі жай арандатушылық емес пе деп те ойлады. Екіншіден, дүние жүзінің ең дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттеріндегі атақты ғалымдар таба алмай жүрген әлемдік маңызы бар ғылыми жаңалықты қазақтың қарапайым жас ғалымының таптым деуі шындыққа жанаспайтындай болып көрінді.

Үшіншіден, егер де мен осы хат туралы Ғылым академиясы ғалымдарына жеткізсем, олар қалай қабылдайды деген күмәнді ой басына келді. Төртіншіден, жас ғалым ретінде осы хат пен оны жазған ғалым туралы көп ойланды. Не керек, Серік хатты академияның хат бөліміне тіркемей, өзіне алып қалды. Қысқасы, сол хат Серіктің қолында қалды...

Серік жас болса да жүрек ауруына ұшырап, ауруханадан бір-ақ шықты. Сонда жатып жақсылап емделді. Әбден

өзіне келген Серік хаттағы көрсетілген мекенжай бойынша Орынбасарды әдейі іздеп барды. Серіктің жолы болмады. Хат жазған жас ғалым ауруханадан тәуір болып шығыпты. Ауруханадан оның тұратын үйінің мекенжайын алып сол үйге барып еді ол үйде мүлде басқа адамдар тұратын болып шықты.

Серік хат иесінен біржола айрылды. Бірақ, үмітін үзбеді. Алматыдағы орталық ғылыми-зерттеу институты ауруханасына қайтадан барды. Сөйтіп жүріп әне-міне дегенше бір жыл да өте шықты.

Аурухана ішіне кіріп аяқтары семіп, арбаға таңылып қалған науқас жігіт туралы асықпай сұрастырып көрді. Серіктің адал ойлы мақсатпен іздеп жүргенін естіген мейірбике Шәмсия оған өзі келіп жолықты.

– Ағай, көп қиналдығыз ғой... Осымен ауруханаға бірнеше рет келдіңіз. Ол жігіт сізге кім болады? Туысқаныңыз ба? Туысыңыз болса қалайша айрылысып жүрсіз? – деді Шәмсия жанашырлықпен.

– Менің жағдайымды естіп, көмек беремін деген ниетіңе алдын-ала рахмет, – көңілі сәл орнына түскен Серік риза кейіппен.

– Ағай, ол жігітпен көп сөйлестім. Оның аты – Орынбасар. Иә, Орынбасар ауруханаға ес-түссіз күйде түсті... Өзі өте зерек, білгір, талантты жігіт еді...

– Шәмсия қарындасым, Орынбасар жөнінде не білесіз, бәрін айтып беріңізші. Орынбасар ғылыммен айналысты ма? Алдын-ала анықтап алайын...

– Е-е-е, енді түсіндім... Сіз Орынбасардың кейін қоларбада отырып, академияның кітапханасынан шықпай көп ізденетіні, көп оқитыны туралы сұрап отырсыз ғой. Иә, Орынбасар бір күні маған жер сілкіністі тоқтату туралы керемет жаңалық аштым деді. Мен бастапқыда аң-таң қалып, не дерімді білмей қалдым. Әрине, сенімсіздік таныттым...

– Ой, айналайын. Менің көптен бері іздеп жүрген адамым дәл осы Орынбасар. Ол жігіт менің туысқаным емес. Шынымды айтайын, Орынбасар Алматыдағы Қазақ Ғылым академиясына жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалық аштым деп хат жазған болатын. Хатын мен алып, көзімді жеткізейін, жазғаны рас болса тиісті орындарға жеткізіп, көмек берейін деген шешім қабылдадым. Ол із-түзсіз жоғалып кетті... Орынбасар ауруханадан қашан, қалай шықты? Оны кімдер шығарып алғаны есіңізде ме, қарындасым? – деді таңдана түскен Серік.

– Өкінішке орай, Орынбасарды ауруханадан нақты кім шығарып әкеткенін есіме түсіре алмай отырмын...

– Сол күнді есіңе түсірші, қарындасым...

– Аға, негізі менің байқауымша, Орынбасар өзгешелеу, былайша айтқанда, жұмбақтау жігіт... Иә, иә, жұмбақтау... Оған көзім бірнеше мәрте жетті. Сізге осы сөзімді растайтын адам сенгісіз бір оқиғаны баяндап беруге рұқсат етіңіз...

– Қарағым, айта бер, – деді Серік оған сүйсіне қарап.

– Орынбасар республикалық ғылыми-зерттеу институтының озық үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған ауруханасында жатқанына тоғыз ай болған. Оны осы уақытта емдеп, аяғына тұрғызып өмірге қайта әкелу үшін есін жинатуға гипноздық, телепатиялық арнаулы сеанстар бірнеше мәрте жасалды. Бірақ, ешқандай нәтиже болмады.

Ауруды емдеп, нақты шешім қабылдау үшін бірнеше мәрте ғылыми кеңестер-консилиумдар өткізілді ғой. Оған емдеуші-профессор Нұрғожа Нархожин, медицина ғылымының кандидаты Аян Әлімұлы, профессор Айдар Төленұлы және қатардағы бірінші санатты дәрігерлер қатысты. Сонда консилиумда емдеуші-профессор Нұрғожа Нархожиннің:

– Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз дегендей, әлемдік және біздің тәжірибемізде мұндай күйдегі ауруды емдеу жөнінде тәжірибеміз, тіпті, тәсілдер әзірше жоқ. Орынбасарды тоғыз ай бойы ерекше қамқорлыққа алдық. Науқас қатты үрейленген, орталық нерв жүйесі қатты тітіркенген. Нәтижесінде бүкіл бүкіл нерв жүйесіне өте қатты зақым келген.

Жас шағында қалыптасып, енді-енді жетіліп келе жатқан сана-сезімі тұтас он екі мүшесіне өте қатты тежеу жасаған. Бұл тежеу әйтеуір бір кезеңде біздің көмегімізбен немесе өзінің, тіпті, сыртқы күштердің әсерінен өзін-өзі жеңген сәтте ғана есін жиып, бірте-бірте өзіне келіп, кейін аяқтарына жан бітіп, орнынан тұрып кетуі әбден мүмкін, – дегені әлі есімде.

– Шәмсия қарағым, Орынбасар тоғыз ай ес-түссіз әрі аяқтары семіп жатқан екен ғой...

– Ағай, солай болды. Ес-түссіз, қозғалмай, өлі мен тірінің күйін кешіп жатты ғой... Бәрі оны адам болмайды деп күдерін үзген болатын...

— Үмітсіз – шайтан. Мен Орынбасардың ыстығы мен суығына күюге де, қанша уақыт өтсе де күтуге дайынмын. Сендер қалай десендер де, қалай ойласандар да мен Орынбасарды өлімге қимаймын. Ол – мен үшін өте қымбат. Оған ерекше жаным ашиды. Бұл жігіт түбінде тегін жігіт емес... Оның неге қымбат екенін іштей бір күш сездіріп тұр... Қалай десендер де ол адам болады. Уақыты жеткенде бәрін куә боласындар. Орынбасар өмір сүруге толық хақылы... Ол өмір сүреді», – деген болатын профессор Нұрғожа Нархожин өзіне деген нық сеніммен.

Иә, әлі есімде, Орынбасардың алғаш тіл қатқаны. «Апа! Апатай... Кетпеңіз, кетпеңізші» деген Орынбасардың даусын естіген мен есеңгіреп қала жаздадым. Сәлден кейін өз-өзіме келе бастадым ғой. Мен сол сәтте кереует

жанындағы қоңырау тетігін басу есімнен шығып кетіп, есікке қарай сүріне-қабына жүгіріп ұзын дәлізге шықтым да бар даусыммен айқай салдым:

– Профессор, профессор Нұрғожа Нархожин ағай! Қайдасыз-з-з. Келініздер, Орынбасар сөйледі. Естисіздер ме? – дедім ышқына.

– Бұл дүниеде пендеге анадан қымбат кім бар десеңізші, шіркін?! Орынбасардың бірінші айтқан сөзі «апа, апатай» болды ғой. Ананың ақ сүтін ақтау қиын. Сондықтан «Ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да ақ сүтін ақтай алмайсың» деген сөз рас екен ғой деп ойладым, – деді Шәмсия жыламсырап. – Алғашқы болып профессор Нархожин жетіп келді.

– Рас па, не дейсің?! Орынбасар сөйледі дейсің бе? Мүмкін еме-с-с-с... – деді профессор қуанышын жасыра алмай.

– Рас айтамын. Имандай шыным ағай, – дедім елпілдеп жас балаша қуанып.

Профессор Нұрғожа Нархожин ентіге басып Орынбасар жатқан бөлмеге кірді. Бұл кезде Орынбасар көзінен жас парлап, жылап жатыр екен.

– Орынбасар, ой, айналайын! Естисің бе бізді? А-а-а... Сөйлеші, сөйлеші, – деді профессор Нархожин қуанышын жасыра алмай бастырмалатып.

– С-с-сендер өзі кім-сің-дер-р-р? – деген Орынбасардың қарлығыңқы баяу үні әсіресе профессорды абдыратып қойды.

– Қалқам, біз сені емдеп жүрген дәрігерлерміз. Өзіңе келіп сөйлегеніңе өте қатты қуанып отырмыз.

– М-мен қай жерде жа-тыр-мын-н-н? – деді Орынбасар ұйқыдан оянған адамдай жан-жағына таңдана қарап.

– Иә, иә, Орынбасар, сен ұзақ ұйқыдан ояндың. Ұйқыдан тұрдың ғой, – деді профессор Нархожин танданыспен Орынбасарға қарап тұрып.

Жанында тұрған мен Орынбасарға аң-таң болып қайта-қайта қарай бердім.

– Ұйқыдан оянған адамды бірінші рет көріп тұрсыздар ма? Неменеге сонша үңіліп тұрсыздар, – деді ол.

Профессор Нұрғожа Нархожин Орынбасардың жанындағы орындыққа келіп жайғасты. Жайлап оның бетіне байыппен, ерекше мейіріммен қарады. Жай ғана езу тартып жымыды да:

– Орынбасар, мені дұрыстап тыңда. Көңіліңді демдеп, бойыңды тік ұстап, еңсеңді көтер. Сен мықты жігітсің. Сол себептен ер жігіт секілді ашық сөйлесейікші. Менің қазір айтайын деген сөздерімнен үрейленіп қорықпа. Келістік пе?! Осы өтінішімді бір рет орындашы. Тек қана сабыр сақта. Менің сөздеріме сен... Ешқандай күмән келтірме, естисің бе? Күмәнданба. Сабырсыздық та адамның дұшпаны.

– Рахмет сізге. Қазір есімді жинағаныммен, әзірге есте сақтауым жақсы емес... Екі аяғым қозғалмайды, – деді Орынбасар аяқтарын уқалап жатып.

– Есіңді жинағаныңның өзі үлкен жетістік. Әлі-ақ аяғың да қалпына келеді. Қолымыздан келген көмекті жасаймыз, – деді Нұрғожа Нархожин.

Сөйтіп, арада тағы екі ай уақыт өтті. Бірақ Орынбасар аяғына тұрып жүре алмады ғой...

– Иә, сонымен әрі қарай не болды? – деді өте қатты танданған Серік.

– Бір күні таңертең мен Орынбасар жатқан бөлмеге дәрі-дәрмек алып кірдім. Бөлмеде Мейірбике Меңдікүл оның жамбасына ине салуға әзірленіп жатыр екен. Сол сәтте Орынбасардың аяғының үстінде жатқан көкшіл көзді қасқырға көзім түсті. Мен өз көзіме өзім сенбей,

қорыққаннан тілім байланып қалды. Мендікүлдің де денесі дірілдеп, аң-таң болып тұрып қалды. Алматы қаласының қақ ортасындағы қазақ ғылыми-зерттеу орталығының ауруханасына қасқыр қайдан келіп қалды деген ой санамды тілгілеп өтті. Өз көзіме өзім сенбей әлі таң қалып тұрмын. Бұл қалай болғаны, мүмкін емес дедім іштегі үрейден арыла алмай. Анау-мынау емес, жыртқыш қасқыр... Жер бетіндегі ең жыртқыш аң...

Бір кезде Мендікүл мейірбике екі көзі шарасынан шыға жаздап сәл тұрды да, жерге сылқ етіп құлап түсті. Кенет менің де басым айналып құлап бара жатыр едім, белгісіз біреу мені қолтығымнан демеп, жайлап орындыққа отырғызды. Сәлден соң өз-өзіме келіп, айнала төңірекке байыпшен зер салып қарай бастадым. Тез есімді жиып Орынбасар жаққа көз салсам, оның аяқ жағында еркелеп жатқан көкшіл көзді өзгешелеу қасқыр жерге секіріп түсті. Сөйтіп еденге түсіп шоқиып отырды. Бізге біраз уақыт мейіріммен сүйсіне қарап алды да сөйлеп кетті:

– Орынбасар, Шәмсия! Мені сабыр сақтап, үрейленбей тыңдаңыздар. Мен Сүмбіле жұлдызындағы ғажап планетасынан келген жатжұрттықпын. Эльфорт атты өзің секілді жас ғарышкер, әлемді зерттеуші ғалыммын. Күн жүйесіндегі жер планетасымен танысуға, зерттеуге, қажет болса көмек беруге келген адал ниетті сана иесіміз. Сіздермен осылай кездескенімізге аса қуаныштымыз.

Орынбасар, біз сіздің жер планетасындағы басыңызға түскен қиыншылықтарыңызды үш жыл бойы әбден бақыладық... Шыныайтсақ, сізге өте қатты жанымыз ашыды ғой. Бірақ біздегі бүкіләлемдік ғарыштық заң бойынша ғаламдағы бөгде, өзге тіршілік иелері тағдырына үстемдік жасауға, басқаша жолдармен әсер етуге, ішкі жағдайларына араласуға рұқсат етілмеген. Бірақ Орынбасар, әзірше сіздің орныңыздан тұра алмай мешел болып жатқаныңызды,

жер планетасының білгір дәрігерлері аяғыңызға тұрғыза алмай жатқанын көріп, мен өз басшыларымнан бірнеше рет арнайы өтініш жасап, сізді аяғыңызға тұрғызып, сөйлесуге, пікірлесуге рұқсат алдым.

Сонымен әрмен қарай тындай беріңіз, құрметті Орынбасар! Бұл кездесудегі менің сөздерім шынайы. Сіз жай түс, елес екен деп қалмаңыз. Бұл түс те, елес те емес, шындық. Мен сізге қысқаша ғана басыңыздан өткен қорқынышты оқиғаны есіңізге түсірейін бе? – деді кәдімгі тап-таза қазақ тілінде сөйлеп тұрған жат пленаталық Эльфорт сол қасқыр күйіндегі кейіпте.

Бір жағынан аң-таң, бір жағынан шынымен бәрін айтар ма екен деп іштей ойлаған Орынбасар жат планеталық Эльфортқа кәдімгідей үйреніп әрі бауыр басып сүйсіне бір қарап алды да:

– Эльфорт, сіз ғарыштағы жұмбақ әлемге саяхат жасап жүрген кемеңгер, данышпан саналы тіршілік иесісіз... Сіздің бізбен байланысқаныңызға рахмет айтамын, – деді толқып.

– Орынбасар, сонымен ауылыңызда жер сілкінісі болар алдында анасы өлген бөлтіріктерге қатты жаныңыз ашып, оларды тірі алып қаламын деп екінші, басқа жердегі қасқыр апанына тасып, әбігерге түскеніңізді көріп біз өте таңқалыстық. Әрмен қарай не болар екен дедік. Сол мезетте сіз бес минуттан кейін өте күшті жер сілкінісі болатынын білмедіңіз. Біз сіздің өз әкеңізді жер сілкінісінен құтқармай, дала бөлтіріктерін құтқаруға кіріскеніңізге таң қалып, ойланып едік. Ал, Орынбасар, сіз әліге дейін осы оқиға жөнінде ештеңе білмейсіз ғой.

Біз қасқыр кейпіне енген бөгде планеталық ғалымдармыз. Біздер сол сәтте-ақ әлемнің басқа бөлігіне ұшып кеттік... Содан жер планетасына қайта оралып, сізді эзер дегенде таныдық. Сізге қастандық жасап, әдейі өлтірмекші болыпты.

Автомашина астына қасақана тастапты. Жер дәрігерлері сізді емдей алмай жүргенін көрдік...

Жер планетасында қасқырлар жыртқыш аң ғой... Мен осы мақсатпен Орынбасар, сізге көмек беру үшін қасқыр кейпіне еніп, көмек беруге келдім... Сіздің үстіңізге жатып, аяғыңыздағы ауруыңызды біржола емдедім... Сіз енді сапсаусыз. Екі аяғыңыз бұрынғы қалпына келді. Тұрыңыз орныңыздан, аяғыңызды басыңыз. Жүріңіз, жүр-ің-із-з-з... Алдыңызға қойған мақсатыңызға жетіңіз... – деп қасқыр кейпіндегі жат планеталық ғалым ғарышкер Эльфорт осы сөзден кейін біржола ғайып болды...

– Иә, Серік ағай, міне, бұл бір адам сенгісіз құпия оқиғаны өз көзімізбен көрген бізге тірі пенде сенбеді, – деді Шәмсия әңгімесін аяқтап.

– Расында адам сенгісіз оқиға екен... Тіптен ақылға қонымсыз...

– Орынбасар содан бірден аяғына тұрып жүріп кетті. Тоғыз ай жатқан кереуеттен түсті де бөлмеден шығып, қалаға шығып кетті... Сөйтіп көзден таса болды.

– Қызық екен... Адам сенгісіз оқиға екен...

– Болған жұмбақ оқиға жөнінде тірі пенде білмесін деп аурухана басшылығы жылы жауып тастапты... Серік ағай, сіз де бұл оқиғаға сене бермеңіз, – деді Шәмсия терең ойға батып.

– Ақылға сыймайтын сандырақ дейміз бе? – деді Серік.

– Осы оқиғадан кейін Орынбасардың ауруханада жатып емделгені жөнінде ешкім тіс жарып әңгіме айтпайтын болды... Серік ағай, сіз бұл оқиғаны мен айтты деменіз. Қысқасы, мен Орынбасарға қатты жаным ашығандықтан айттым... Қалай дегенде де оның қасында тоғыз ай мейірбике болдым ғой. Сіз Орынбасарды іздеп келдім дегеннен кейін батылдығым ұстап айтып отырмын. Жалпы, түсіндіңіз бе?!

– Рахмет, қарындасым! Бұл үлкен батылдық. Сенің айтқан оқиғаң жөнінде тірі пенде білмейтін болады. Біраз нәрсеге көзім жетті... Орынбасардың қиын әрі қайғылы өмірі туралы біраз мәліметтер алдым. Мен енді Орынбасарды қалайда іздеп табамын... Сөйтіп, оның жер сілкіністі тоқтату туралы керемет қызық ғылыми идеясын іске асыруға көмек беремін... Ал, қарағым, саған көп-көп рахмет, енді мен жолға шықтым. Орынбасарды іздеуге аттанып барамын, – деп Серік жылы қоштасып жолға шықты.



V-ТАРАУ

– Құдай бар болса, менің көз жасымды көріп, көкірегімді қарс айырған мұңыма көмек бере көр-р-р... Мен Құдайға не жаздым? Не жаздым ау-у-у... Өмірім өксікке толады деп үш ұйықтасам да түсіме кірмепті ғой-й-й... Уа-а-а, шіркін өмір-ай десеңізші... Мен жап-жас басыммен не жаздым-м-м. Жылай-жылай көз жасым да қалмады ғой. Мына дүние не болып барады? Қайтейін енді, қайтейін-н-н, – деді жалғыз ауылдық фельдшерлік бөлімнің меңгерушісі, жас маман дәрігер Айсурет көз жасын эппақ матамен сүртіп отырып.

Айсурет соңғы күндері осылай жиі-жиі жылайтынды шығарды. Осылай өзіне-өзі мұңын шағып бірауық жылап алса, сәл жеңілдеп қалатыны бар. Өйтпегенде қайтсін. Сонау Алматы қаласындағы медицина институтының емдеу факультетін қызыл дипломға бітірген Айсуреттің тағдыры өте ауыр болды. Бүгінде өз өтінішімен алыстағы ауылға баруға арыз беріп, Тараз қаласының қойшылар ауылынан бірақ шықты. Қазір Айсурет Тараз қаласынан 150 шақырым жердегі мал шаруашылығымен айналысатын ауылдың фельдшер-дәрігері. Екі бөлмелі шағын үйде баласы Орынбасар екеуі бірге тұрады.

Күндегі қанға сіңген әдетіне орай науқастарды қабылдайтын бөлмесіне таңертеңгі сағат 8-де келген. Орынбасар баласы да бесінші сыныпта оқиды. Әйтеуір ауыл ортасында шағын сегіз жылдық мектеп бар. Айсурет оған қатты қуанды.

Науқастарды қабылдайтын бөлмесі шағын болғанымен ине қабылдайтын құрал-саймандар, жарақаттарды емдейтін дәрі-дәрмектері бар. Әйтеуір Айсуретке жұмыс бөлмесі ұнайды. Қазір бар ермегі осы жұмысы. Ол жұмысын жақсы

көреді. Үйіне барса жұмысқа, жұмысқа келсе әйтеуір үйіне асығады. Үйінде баласы Орынбасардың сабағына дайындығын бақылайды. Білмегенін үйретеді. Сөйтіп жаралы жүрегін емдегенсиді...

...Ол кезде Айсурет, Орынбасар, Ескерместер ежелгі қарт Қаратауда орын тепкен Ақсуат ауданының Береке деген ауылында тұратын.

Береке ауылы тау бөктерін жағалай емірене орын тепкен біртұтас қазақы ауыл. Жан-жағын зәулім алып бәйтеректер, тау жаңғақтары, жабайы алма, өрік, долана қоршап тұр. «Береке» орта мектебі ауылдың сәнін кіргізіп мен мұңдалап-ақ тұр. Мектеп таудың қай жағынан қарасаң да көзге жылы ұшырап даралана түседі.

Орынбасар, Айсурет, Ескермес, Мәлік, Мәлдібектер оныншы сынып оқушылары. Бәрі мектеп бітіргелі жатыр...

Орынбасар мен Айсурет – оныншы сыныптың ең озат оқушылары. Әсіресе, екеуін мектеп ұстаздарының ауыздарының суы құрып үнемі барлық жиналыстарда мақтап жүргені. Орынбасардың жас кезінен-ақ өзгелерден ерекше қабілетті, дарынды, кішіпейілділігі сыныптастарын да, ұстаздарын да сүйсіндіретін.

Орынбасар қатыгездікті, өркөкіректікті жаны сүймейтін. Айсуреттің де жаны таза, бойына барлық қызға тән биязылықты, нәзіктікті, сүйіспеншілікті Құдай берген, сабақты жақсы оқитын озаттың бірі болды. Ескермес сыныптағы ең қу, сабаққа анау айтқан ынтасы жоқ, жеңіл өмірге құмарлықты жаны сүйетін, көлденең пайда табуға жанын салатын оқушы.

Орынбасардың әкесі Байжан ауылдағы мектепте тарих пәнінен, шешесі Аққу бастауыш сыныптарға сабақ берді. Орынбасар – нағыз ұстаздар отбасының ең сүйікті, қадірлі жалғыз ұлы. Әкесі Байжан ауылдың құрметті азаматы. Ауылдың адамдары кейде келіп ақыл сұрап тұрағыны да

бар. Байжан тарих пәнінен сабақ берсе де қазақтың салт-дәстүрлерін, ауыз әдебиетін өзгеше дәріптеп, қастерлеп айтып отырады. Орынбасар есін жиып, тілі шыққаннан бастап әкесінің «Алпамыс», «Қобыланды» жырларынан оқығанын құлағына құйды.

Ескермес – кеңшар қоймашысы Бектастың жалғыз баласы. Жастайынан үйіндегі ағыл-тегіл молшылықты көріп, дүниеге құмар болып ержетті. Ескермес сыныптастарына әр нәрсе сатып пайда табуды ғана көздейтін саудагерге айнала бастады... Ол жастайынан өркөкірек, өзінен өзгені жаны сүймейтін қатыгез болып өсті.

Ескерместің ең жек көретін сыныптасы дәл осы Орынбасар еді. Жүрген жерінде Орынбасарды келемеждеп, төмендетумен болды. Оны отырса опақ, тұрса сопақ етті... Ескерместің өн бойын іштарлық, көреалмаушылық жайлап алды. Достарын біріне-бірін айдап салып қарсы қоятын пәлені де шығарды.

Орынбасардың Айсуретке деген алғашқы балалық махаббат сезімін байқап, іштей иттің етінен жек көре бастады. Орынбасардың Айсуретке сүйсіне карағанын да байқап қалса, атарға оқ таппай, зығырданы қайнайтын. Оның Орынбасарға деген өшпенділігі күннен-күнге өрши түсті. Қалайда Орынбасарды аяқтан шалуды көздеді...

Ауылда тауықтар шетінен жоғалып, оларды түлкілер жеп тауысатын болды деп ауыл тұрғындары шулап кетті. Сөйтсе, оны Ескермес, Мәлік, Мәлдібектер ұрлап, тау үңгірінде істікке тығып үйітіп жейтінін Орынбасар біліп қойып, оларды әзер дегенде тоқтатты-ау.

– Ескермес, сендер бұл ұрлықтарыңды қоймасандар бүкіл ауылға әшкере қыламын. Мына ұрлықтарың соңғысы болсын. Енді қайталамаймыз десең, ешкімге тіс жармаймын. Уәде бересің бе? – деді Орынбасар өзіне жауыға қарап тұрған Ескермеске.

Ескерместің басқа амалы қалмады. Оның үстіне мына қас жауы Орынбасардың біліп қойғанына іші удай ашыды. Қап, әттеген-ай... Келіспеске амал жоқ... Бірақ, сенің бұл иттігінді ертелі-кеш алдыға бір келтірермін... Осыдан көр де тұр-р-р деді ішінен тісін қайраған Ескермес...

– Ең соңғы рет... Қайталанбайды-ы-ы... Уәде, уәде, – деді өтірік ант-су ішкен Ескермес.

– Ескермес, мен саған сенбеймін...

– Неге сенбейсің?

– Сенімсізсің... Уәдеде тұрасың ба, жоқ па?..

Өйткені Ескерместің соңғы кезде сыныптасы Мәлікті уәдені орындамадың деп ұрғаны Орынбасардың жанына қатты батқан болатын. Жап-жас болып қара басының қамы үшін өзімен-өзі жүрген моп-момақан Мәлікке зорлық жасағаны нағыз иттік болатын. Мұндай ит мінез қайдан пайда болды оған? Тіпті, жөнімен айтылған сөзді де тыңдамай, иығын қиқаң еткізетінді шығарды. Әп-сәтте қабағынан қар жауып, ашуға булығып шыға келеді. Бірақ бұл жолы ашуға бой алдырмай сабыр сақтап, сәл жымыды да:

– Ер жігітпін ғой. Келістім, уәденің аты – уәде! – деді Ескермес. – Дұрыс, бұл әңгіме тек өз арамызда ғана қалсын. Тірі жанға айтушы болма. Келістік пе?

– Келістік, Ескермес. Сен мені дұрыс түсін. Мен сендердің жаман әдеттен аулақ болғандарыңды қалаймын. Жақсы азамат болып өссе деген ниетпен айтып отырмын.

– Бұдан былай бірде-бір тауық ұрламаймын. Имандай шыным. Кел, екеуміз мәңгі бақи дос болайық, – деді қолын созып Ескермес.

– Мен саған сенбеймін, – деді Орынбасар да қайтпай.

– Уәдемді бұзсам мені Құдай ұрсын! – деді Ескерместің түсі бұзылып.

– Олай болса сендім. Құдайды ауызға алдың ғой...

– Бітті, енді екеуіміз өмірлік дос болдық... Арада болған жайларды ұмытайық.

– Ұмытайық-қ-қ...

...Арада эне-міне дегенше төрт ай да өте шықты. Олар екі емтихан тапсырды. Мектеп бітіруге де санулы күндер қалды... Орынбасар мен Айсурет шығарма мен алгебрадан өткен емтиханды «беске» тапсырды.

Ескермес те өзінше Орынбасар секілді ордалы жыландарды, қасқыр апанындағы бөлтіріктерді көруге шықты. Қасына ауылдағы Әскербек деген араққа біртабан жақын, әр жұмыстың басын бір шалып жүретін жұқсыздау жігітті ертіп алды. Ескермес үйінен екі жартылық, піскен ет, нан алып шыққан болатын. Ол қазір жас болса да аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін данышпансымақ болған. Өз сыныптастарын менсінбей, өктем-өктем сөйлейтінді шығарған.

Ауылдан біраз ұзағаннан кейін Ескермес пен Әскербек дастархан жайып, жолға алғандарын ішіп-жеп, жүрек жалғап алды. Аз-кем демалған соң қалған жартылық пен тамақты алып әрі қарай жүріп кетті.

– Ай-хой, шіркін-ай-й-й... Не деген рахат десейші, – деді көңілденген Ескермес екі қолын жоғары көтеріп.

– Хи-хи-хи... Пәлі! – деді масаттанған Әскербек.

– Түлкі аулаймыз, – деді қарқылдап күлген Ескермес.

– Шыныңды айтсайшы, қайда барамыз? – деді қызыңқырап қалған Әскербек бұл жүрістің жәй емес екенін іші сезіп...

– Ақымақ Орынбасардың жасырып жүрген бөлтіріктерін ұстап алып ауылға апарамыз, – деді ашуға булыққан Ескермес. – Сөйтіп, шетінен бауыздаймыз...

– Ескермес, сен өте мықты жігітсің. Мен сен үшін өлімге де дайынмын. Бөлтіріктерді мына қолыммен бауыздап өлтіремін... Апар мені, апаршы тезірек, – деді еліріп алған Әскербек.

– Оның бөлтіріктерінің қайда екенін мен жақсы білемін, – деді Ескермес. Екеуі өзен бойлап алға қарай жүре берді.

– Иә, айтпақшы, Ескермес, мен жөнді түсінбедім... Соңғы үш-төрт жылда ауылда қасқыр деген жыртқыштар ізім-қайым жоқ болып кетіп еді ғой. Сен де айтасың, қайдағы бөлтіріктер... Олар қайдан пайда болған? Мынауың жәй әзілің болар, – деп Әскербек қарқылдап тұрып бір күліп алды.

– Көп сөйлей берме! Жүр дегеннен соң жүре берсейші, – деді Ескермес қабағын шытып.

– Байқаймын, сен Орынбасар сыныптасыңды өте жек көретін сияқтысың ғой. Н-неге-е?

– Орынбасар нағыз жексұрының дәл өзі... Жек-сұ-рын-н-н...

– Оны өлімші етіп таяққа жығып берейін бе, жоқ, әлде тау шатқалында өлтірейін бе? – деді Әскербек тісін шықырлатып өтірік-шынын араластыра.

– Мәссаған, сен мен іздеген нағыз қанішер екенсің ғой! Осындай ой басыма бұрынырақ неге келмеген? Орынбасар жексұрын да мен сүйетін Айсуретке ғашықсымақ. Айсурет ерекше жаратылған сұлу қыз ғой. Нағыз хор қызы дерсің... Ол тек менікі болуы тиіс... Естимісің, тек менікі-і-і...

– Түсіндім-м-м... Ой, осыны да сөз деп жүрсің бе? Бір күні Орынбасар апанға кірген кезде желкесін үзіп, қасқырларға жемтік етемін ол атаңа нәлеттің баласын. Әскербек екі сөйлемейді... Ұқтың ба? Шаруа осымен бітті деп есептей бер. Орынбасар қасқырлардың жемтігі болады...

– Мынауың табылған ақыл екен. Бөлтірік аламын деп жүргенде үстінен қасқырлар түсіп, оны жеп кетіпті

дегіземіз... Бәріне кінәлі бөлтіріктер мен өзі, – деп Ескермес қуанғаннан Әскербекті құшақтай алып сілкіп-сілкіп жіберді. Оған дән риза болды. «Баяғыдан бері Әскербек есерсоқты пайдалануды неге ойламадым екен. Қап, қап, әттеген-ай... Жарайды, ештен кеш жақсы» деді іштей Ескермес оған ойлана қарап.

– Ескермес, бұл әңгіме жайлы тірі жанға айтпаймын деп уәде бер.

– Сен не, мені ақымақ деп отырсың ба? Тірі жан білмейтін болады. Бұл тек екеуміздің арамыздағы құпия болсын...

– Келістік. Орынбасарды қалай, қашан қақпанға түсіріп, сазайын беретінім туралы саған өзім айтамын. Сен оған дайын бол... Түсіндің бе?

– Түсіндім, түсіндім... Түсінбейтін несі бар? Маған өзің айтасың. Сосын арғы жағы белгілі ғой... Орынбасар сұмырай әзірге жер басып жүре тұрсын... Айсуретке қырындағанын қоймаса бар ғой, екеуміз оның жақсылап тұрып сазайын тартқызамыз... – деді жаны жай тапқан Ескермес рахаттана күліп.

Күндер өтіп жатты... Бұл кезде мектеп бітірушілердің барлық емтихандары түгел аяқталды. Ауылдың да, мектептің де мақтанышына айналған Орынбасар мен Айсурет барлық емтихандарды түгел «беске» тапсырды. Екеуі де мектепті «алтын медальға» бітіріп шықты. Ескермес, Мәлдібектер мектепті орташа бағамен аяқтады.

Сыныптастары «Орынбасар + Айсурет = махаббат» деп тақтаға ашықтан-ашық жазып жүрген болатын. Бастапқыда Орынбасар екі беті қызарып ұялатын, кейін іштей қуанатын болды. Айсурет те жерге қарап қатты ұялатын. Кейін ол да жәй ғана езу тартып, жымиятын болды. Екеуі мектептен бірге қайтатын. Ауыл адамдары екеуіне сүйсіне қарайтын.

– Айналайын, түбі Байжанның баласы Орынбасардан бірдеңе шығады. Жақсы азамат болады.

– Жүрген жүрістеріне қарашы. Әй, шіркіндер-ай!

– Жұптары жазылмасын! Айналарындай-ай...

– Қос аққудай ғой, тегі... Жарасып-ақ тұр ғой...

– Иә, иә, иә-ә-ә, – дейді отырғандар аузының суы құрып.

Мұндай әңгімені естіген Ескермес долданып, ашуға булығып кетеді. Өзін-өзі ұстай алмай, Орынбасарды өлімші қылып сабағысы келіп кететін. Бірақ бұл ойы кенеттен табан астында басылып қалады. Әзірше, сәл сабыр сақтайын... Өліптің артын күтейін дейді іштей тісін қайрап...

Айсурет оныншы сыныпта оқып жүргенде Ескермес те қызды өзінше құлай жақсы көрді. Анау «данышпан» Орынбасардан менің қай жерім кем? Бой десе бой, дене десе дене, сымбатты мүсінім бар. Байлық десе, байлық та жетерлік. Әкемнің мен үшін жинаған ақпасы анау-мынау адамда жоқ... Орынбасар менің қасымда кім, тиын санап отырған мұғалімнің жалғыз баласы. Жалғыз-з-з!..

Екі-үш ағайынды болса қорқуға болады. Орынбасар, сен жалғызсың... Түбі мен сені жеңемін... Әзірге өтірік сыныптас дос болып ештеңе білдірмей, сыр бермей жүре берейін... Келер кезек, терме тезек дегендей, менің де әлі кезегім келер, сол кезде бәлем әуселенді байқап көрерміз. Әлі-ақ Алматыға оқуға бірге барамыз... Сонда сенің сазайынды тартқызамын. Айттым бітті, Айсурет менікі болады... Ол қызға сен емес, мен үйленемін. Көнбесе, басып алып қашамын...

– Иә, алтын медальді Орынбасар, оқуға қайда барасың? – деді Ескермес қуланып, ернін жымқыра.

– Құдай сәтін салса, Алматыға. Политехникалық институттың инженерлік факультетіне, – деді Орынбасар қуанып.

– Мен де Алматыға оқуға барамын, – деді Ескермес те өзін онай емеспін дегендей сыңай таныттып.

– Иә, Айсурет те Алматы медициналық институтына оқуға баратын болды, – деді Орынбасар күлімдеп.

– Білемін, білемін... – деді Ескермес әп-сәтте қабағы жиырылып.

– Иә, жоғары оқу орнында оқығанға не жетсін, – деді Орынбасар оның бетіне ойлана қарап.

– Әрине, әрине...

Уақыт деген зымырап өтіп жатты. Әне-міне дегенше Айсурет те Алматы медициналық институтын ойдағыдай бітіріп шықты... Оның қуанышында шек болмады.

Ескермес қоярда-қоймай Айсуретті арнайы кездесуге шақырды. Ойында ештеңе жоқ Айсурет оны бір ауылдан әрі бір сыныпта оқыдық қой деп келісім берді. Алматы қаласының орталық саябағындағы бір орындыққа келіп отырған Ескермес Айсуретті көп күтпеді. Айсуреттің ойында еш күдік жоқ, алаңсыз. Ал, Ескермес болса «Айсурет негізі жуас, бір сыдырғы сұлу қыз ғой. Енді қолға түсіретін уақыт жетті... Дипломын алды. Қимылдау керек» деген арам оймен қызды қолға түсірудің амалына көшті...

Екеуі жұптары жазылмай, саябақта ұзақ серуендеді. Көзден тасалау бұрылыстағы биік бәйтеректің түбіне келгенде Ескермес сәл кідіріп, қыздың бетіне сүйсіне сұқтанып ұзақ қарады. Кенет Айсуретті әй-шайға қарамастан кеудесіне қаттырақ қысып, ернінен қадала сүйді.

Айсурет ғұмырында бірінші рет жігіт құшағында тұншығып қысылды. Тынысы тарылып, кеудесі қысылып, жігітке әлдене айтпақшы болып еді бірақ дәрменсіз күйге түсіп, басы айналып, көз алды тұманданып үні шықпады. Айсурет расында да бұған дейін сүйісіп көрген жоқты. Бірақ, бар жан-тәнімен балқып, еріп бара жатқандай сиқырлы әсерге ене түсті. Жүрегі біртүрлі дүрс-дүрс етіп

қатты соғып кетті... Енді бір сәтте айнала-төңірек, бүкіл әлем ерекше күйге еніп, қайталанбас бір сиқырлы жұмбақ нұрға шомылып кеткендей болып көрінді...

Қобыздың, әлдебір сыбызғының созылыңқы баяу үні айнала төңіректе қалқып тұрғандай... Ерекше сиқырлы, ерекше сазды... Әлдебір таусылмайтын, бітпейтін бір әуен. Неткен керемет!.. Аспанға, айнала төңірекке ғажайып бір рахат күй таралып бара жатқандай әсер етті...

Ескермес Айсуретті риза кейіппен оң қолының шынтағынан сәл ғана демеп, су жаңа «Мерседеске» мінгізе берді. Неге екені белгісіз, Айсуретті біреу дуалап, сиқырлап тастағандай тұла бойы рахаттанып, дел-сал күйде машина ішіне ене берді... Ақ «Мерседес» алға қырай ырши қозғалып, зулай жөнелді.

Ескермес пысықтық танытып, машина ішінде әлі есін жия алмай мең-зең болып отырған Айсуреттің үлбіреген алқызыл жұмсақ ерніне тас кенедей жабыса кетті. Айсуретке айнала төңірек дөңгеленіп сарғылт сәулелі нұрға бөленіп, бүкіл дүние бозамықтанып, сиқырланып жүре берді... Жүре берді...

– Е-Ескермес-с-с! Ескермесжан-н-н, – деді Айсурет. Не болды саған-н? Қойшы енді. Ұят болады. Маған осы не болған-н-н...

– ?!

– Ұ-ұят қой мұның... Ұят болады ғой! Ұят... Жаным-ау, қойшы енді, қ-қ-қой-шы-ы-ы...

Айсурет жігітке «жаным-ау, қойшы» деген мәжнүн сөзді қалай айтқанын өзі де сезбей қалды. Бірақ, нендей күш, қандай сиқыр айтқызып тұрғанына қыздың ақылы, түйсігі жетпеді...

...Қанша жүргендері, қалай жүргендері, қайда бара жатқандары Айсуреттің есінде жоқ. Қыз мінген су жаңа ақ

«Мерседес» бір заматта тойға дайындалып жатқан үлкен екі қабатты зәулім үйдің алдына келіп бір-ақ тоқтады.

Қыз жан-жағына зер салып, енді ғана жөндеп қарай бастады. Сол сәтте машина есігі ашылып, Айсуреттің қасына бес-алты келіншек таянды. Бәрі елпілдей құрақ ұшып, қыздың асты-үстіне түсіп-ақ жүр. Олар Айсуретті қолтығынан ұстап, үйге қарай тарта жөнелді. Қыз алға қарай әзер басқан аяғын кейін-ақ тартып келеді. Бірақ оған шама келтіретін келіншектер жоқ. Қарулы келіншектер Айсуретке мұрша берер емес. Мұның жайшылық емес екенін қыз енді ғана ұғынғандай. Сол сәтте алдынан сексенді алқымдап қалған кимешек киген кейуана шығып, Айсуреттің басына үлкен ақ орамал жапты. Айсурет не болғанын жөндеп түсіне де алмады...

Айдай сұлу Айсурет, ару Айсурет, асыл Айсурет осылайша қақпанға түсті... Кенет қыз тез есін жинап, басындағы ақ орамалды жұлып алып басы ауған жаққа қаша жөнелмекші болып қолын көтере бергені сол еді, оған оны қоршап тұрған келіншектер мұрша бергізбеді. Тағдыр ару қызды өз сүйгені Орынбасарына бұйыртпаған секілді. Шын сүйгеніне қолы жетпей бара жатқанына қыздың көзі енді анық жеткендей

– Не болды?! Не болды?! Бұл не пәле! – деді Айсурет бар даусымен ышқына айқайлап. Сол сәтте Айсуретті қоршаған келіншектер оның шамасын келтірмей шымылдық ішіне әкеліп отырғызды.

– Менің тағдырым не болмақ? Мен тек Орынбасарды ғана сүйемін. Орынбасар да мені сүйеді! – деп Айсурет орамалды басынан жұлып тастап, ебіл-дебіл жылады.

– Сабыр сақта, қызым! Сүйемін-күйемін дегенінді доғар. Ескермес екеуің он жыл мектепте бірге оқыдыңдар. Орынбасар мешел болып ауруханада жатыр... Ол адам болмайды... Одан күдерінді біржола үз. Ескермес екеуің

әлі-ақ бақытты болып кетесіңдер. Бәріміз де сен сияқты келгенбіз, – деді қасында отырған қараторының әдемісі Әлима деген келіншек.

– Ескермес анау-мынау қыздың қолы жете бермейтін, кез келген қыздың жүрегін жаулап шоқ тастайтын жігіт қой. Әй, қойыңдаршы осы, бүгінгінің шүйкебастары сөйтеді келіп. Енді кері қарай саған жол жоқ. Қиқанды тоқтат! – деді екінші Сандуғаш атты келіншек өктем зілді дауыспен.

– Әй, қызым, оның не сандырақ? Қазір не көп, махабатты ойыншыққа, мазаққа айналдыратындар көп... Кино, интернет дегенің жастарды әбден аздырып бітті ғой, – деді тағы біреуі.

Сәлден кейін оның айнала-төңірегіне жас қыз-бозбалалар толып кетті. Жұрт көбейіп, беташар, той қамы қызу басталды да кетті. Мал сойылып, тамақ әзірленді.

Бөлме шағын, көп адам, айналарға жер жоқ. Айсуреттің өкпесі қысылып, қасындағыларға бірдеңе айтқысы келіп еді үні шықпады. Кіршіксіз әппақ орамалдың ішінде отырғандықтан көз алды әппақ болып көрінді. Не істерін білмей басы айналып кетті. Осылайша қанша отырғанын өзі де сезбеді. Әлден уақытта оның екі қолтығынан екі келіншек демеп, орнынан тұрғызды да есік алдына жетектеп әкелді. Әп сәтте гүрілдеп бір әсем әуенді шетелдік музыканы бастап кеп жіберді. Айсурет оның анық-қанығына мән беремін дегенше болмай бір жігіт қолындағы домбырасын шертіп жіберді де беташар рәсімін бастай жөнелді.

Айсуретке ерекше сиқырлы бір күш әсер еткендей үн-түңсіз дүйім жұрттың ортасында тұра берді. Беташарға халық ығы-жығы жиналды. Басы мәңгіп біртүрлі күй кешкен Айсурет екі жанындағы келіншектердің бұйрығымен иіліп сәлем беріп, өз міндетін мінсіз-ақ атқарып жатты.

Айналада әжік-күжік әңгіме, сыбыр-сыбыр сөз... Төбесі бастырмалы кең жайда музыканттар. Ду-ду күлген жас

жігіттер Айсуретке тесіле қарады. Бір кезде беташар рәсімі де аяқталып, оның бетіндегі ақ орамал жәй ғана сырылып ашылды. Әппақ жүзі жарқ етіп, ұзындау әдемі біткен ақ тамағындағы ақ орамалы Айсуреттің сұлу жаратылысын паш етті. Қыз именіп, бір қырындап тұрды. Жүрек шымырлатардай үлбіреп, мөлдірей қараған әсем ару. Қаны бетіне теуіп, ұялып төмен қарады. Көңілі босап, әлденеге елеңдеп тұрған қызды екі келіншек қайтадан үйге алып кіріп, шымылдық ішіне отырғызды.

Сүйген жігіті Орынбасардан айрылып бара жатқанына көзі анық жетті. Жан-дүниесі алай-дүлей болып қатты қорланып, ызадан булыққан қыз сыңсып жылап жіберді. Сүйгені Орынбасардың есі кіресілі-шығасылы болып төсек тартып жатқанына жаны күйзелді. Одан сайын өксік қысып сыңси түсті...

Осы оқиғаның бәрі қызға ауыр тиді. Уайым-қайғы еңсесін төмен баса берді. Осының бәріне кінәлі өзімін деп өзін-өзі қинап, жаны жай таппады. Ендігі тағдырым не болмақ? Өзім қалаған Орынбасарыма қосылуды маңдайыма жазбаған ба? Қызға тіптен осы отырысы, жаңа ғана өткен беташар түс көргендей әсер етті. Кенет санасын «жоқ, мен мына жерден қашуым керек. Мен Ескермеспен өлсем де бірге тұрмаймын» деген ой осып өтті. Бірақ, ауыл қызынын қазақы тәрбиесі мен аңғалдығы бұл ойын іске асыртпады. Ескерместің туғандары қыздың әрбір қадамын аңдып, сыртқа бір қадам да аттап бастыртпады.

Бәрі Айсурет үшін оң мен түстей... Ару қыздың ақ жүзін уайым бұлты торлады. Мүмкін емес... Ескермес мұндай жігіт емес еді ғой. Ойлаған сайын қыздың жүрегі сыздады. «Орынбасар, сүйіктім қайдасын-н-н? Мені сүйемін дегенің қайда-а-а?» деді іштей зар илеген байғұс қыз.

...Ескермес келесі бөлмеде қызылкүрең коньяктің үш-төрт рюмкесін көмейден асыра сілтеп жіберді. Бұл оның

көптен бергі дағдысына айналған әдеті болатын. Қасындағы жігіттер де бұдан қалысар емес. Анадай жердегі ышқына соққан шетелдік музыканың үні де төңіректі басына көтеріп ойнауда. Бітпейтін бір түсініксіз әуен.

Ару қыз бөлмеге Ескерместің кіргенін сезбей де қалды. Қатты ойға батып кеткен бе, кім білсін, Айсурет әлден соң барып селк етіп басын көтерді де орнынан қарғыш тұрды.

– Айсурет, сабыр ет. Саған ешкім тимейді. Қорықпа! – деді жігіт оны сабырға шақырған боп. Бірақ, бұл оның жәй ғана қулығы болатын.

– Ескермес, бұл сенің қай қылығың? Сен, сен-н-н, мені алдап соғыпсың. Мен сені сүймей-мін-н-н!

– Оның бәрі жәй бос сөз... Сүйемін, сүйемін деген не... Мен сені алтыншы сыныптан бері сүйемін. Өмірде қаншама қыз-жігіттер осы сенің айтқан махаббатыңсыз-ақ отау құрып, жап-жақсы өмір сүріп жүр ғой... Не, өтірік пе? Өтірік емес... Рас-с-с... Мені сені сүйемін! Осының өзі жеткілікті ғой, – деді Ескермес ашуын тежей алмай. «Жо-жок, сен әлі ана мешел Орынбасарды күтіп жүрсің бе? Одан күдерінді үз! Ол енді өмір баки мүгедек болып қалады» деп айтуға сәл-ақ қалып өзін-өзі әрең тежеді.

– Айсурет, кел билейікші, өтінемін! Қарсылық жасамашы, – деп Ескермес өтірік мүләйімсіп, қулыққа басты. Айсурет алғаш рет осылайша қарулы жігіттің құшағына қысылды. Ескермес Айсуретті сиқыршыдай бауырына басып үйіріп, белгісіз әлемге жетелегендей күй кешті. Қыз әлдене айтпақшы болып еді, тамағы құрғап үні шықпады. Басы айналып, дүние шыр көбелек айналып бара жатты... Қыздың атқақтап соққан жүрек дүрсілін сезгендей жігіт Айсуретті кеудесіне басқан күйі кереуетке қарай жайлап қисайта берді. Қыз меңіреу күй кешкендей денесі дел-сал болып жігіттің ыңғайына көне берді...

Айсурет балауса жастық шақтың балдай қызығын бұрын-соңды татып көрмеген, ешнәрсе білмейтін пәк қыз еді... Жігіт оның ып-ыстық, жұп-жұмсақ үлбіреген томпақ ернін, бүкіл денесін аймалап, ерекше ләззатқа бөледі. Енді бір сәтте жігіт батылдана түсіп ұятсыз қолдарымен біресе қыздың құмырсқадай аш белін, енді бірде тыптығыз жалаңаш санын сипалай жөнелді. Еліктің лағындай нәзік қыз қанша қарсыласып тыпырлағанымен, еңгезердей жігіттің алдында қауқарсыз еді. Кенет, кенет... Айсуреттің тәнін біреу тілгілегендей көз алды тұманданып кетті...

– Апыр-ай, апыр-ай-й-й... Р-р-рас екен. Айсурет таза, пәк екен, – деп риза кейіппен күбірлеп орнынан тұрған Ескермес қыздың жалаңаш денесіне умаждалған ақ жайманы жаба берді...

– Ескермес, мен сені мұндай деп ойламап едім, – деді қорланған Айсурет.

– Не туралы айтып отырсың?

– Сенің көрсеқызар, шүйкебас көрсең есіңнен адасып артынан қалмайтын арсыз екенінді.

– Мен кімнің артынан қалмай еріппін а-а? Айсурет, мұныға жол болсын, – деді Ескермес сүттен ақ, судан таза адамдай.

– Сен мені алдап әкелдің. Пешенеме, тағдырыма жазылғаны осы екен деп амалсыздан көндім. Міне, отау құрғанымызға да екі жыл болды. Қыздардың сен туралы не айтатынын білесің бе?

– Солардың сөзіне еріп жүрген сен де ақымақ екенсің. Қыздар не демейді. Екеуміздің молшылықта өтіп жатқан жақсы өмірімізді көре алмайды. Екі қабатты үйіміз, машинамыз бар, ақша жетерлік. Ел не десе о десін, құлақ аспа.

– Мен бәрін де білемін. Сендер баяғыдай өтірік туған күн ұйымдастырып, жас студент қыздарды шақырып, ойларыңа келгенді істейді екенсіңдер...

– Айсурет, доғар деймін мен саған!

– Мені шын сүйемін деп ант-су ішкенің қайда? Қаншама жас қыздардың обалына қалғаныңды білмейді дейсің бе? Не істеп жүргеніңді бес саусақтай білемін... Мені құрығыңа алдап түсірдің. Орынбасарға тұрмысқа шығып кетеді деп қызғандың. Байғұстың мүгедектігін пайдаланып алып қаштың... Сорлы басым бәріне де көніп едім, жетер енді, шыдамның да шегі бар. Сенен біржола кетемін. Сені көрмейтін, атыңды да естімейтін жаққа кетемін. Бітті, ажырасамын! Бұл шын сөзім.

– Саған жалынып күн көретін сорлың мына мен емес. Рас, пайдаланғым келді. Сол қыздар секілді туған күн кешіне алдап шақырып «қызығынды» көруге болар еді, бірақ артымнан шам алып түсер едің. Енді қайда барсаң онда бар, ерік өзінде... Өзің білесің, екеуміз заңды некеге де тұрған жоқпыз, жәй ғана уақытша көңілдесім секілдісің-ң-ң... Маған ештеңе де істей алмайсың.

– Сен сияқты айлакер зәлімді бірінші рет көруім. Рас, заң алдында әзірше сен жеңіп тұрсың. Бірақ ерте ме, кеш пе, ар таразысы алдында әлі-ақ жауап бересің. Бұлай сайрандауың ұзаққа бармайды. Балам бар екен деп ойлама. Сенің көмегіңсіз-ақ өзім тәрбиелеп өсіремін.

– Маған баланың керегі жоқ. Бала белде...

– Неткен қатыгез, тас жүрексің-ң-ң... Сені мұндай оңбаған деп үш ұйықтасам да түсіме кірмепті. О, сұмдық-ай, қалайша мұншама қатыгез болып кеткенсің? Пешенеме жазылғаны осы болса, қайтейін-н-н...

Айсурет алған бетінен қайтпады. Баласын өз атына жаздырып, атын Орынбасар деп өзгертті. Содан не керек, Айсурет Тараз қаласынан жүз елу шақырым жердегі мал

шаруашылығымен айналысатын ауылдың фельдшер-дәрігері болып шыға келді. Оны ауыл адамдары қуана қабылдап, шын ниеттерімен жақсы қарсы алды. Баласы Орынбасар екеуі қарапайым екі бөлмелі үйде тұрып-ақ өмірдің қуанышты сәттерін басынан кешіріп, өмір сүре бастады. Сегіз жылдық ауыл мектебінің мейірімді ұстаздарымен де ара қатынасы жақсы болды. Әсіресе, Орынбасардың ұстазы Алуамен тез тіл табысып, бір-біріне бауыр басып кетті. Аружан, Толғанай атты мұғалималармен де танысып, білісті. Бәрі де жаны жайсаң жандар екен. Осылайша Айсуреттің өмірі бірқалыпты арнаға түсті...

– Айсурет, неге үнемі терең ойдың құшағында жүресің? – деді жолда кездескен Алуа оны сөзге тартып.

– Сабақтан қайттың ба? – деді Айсурет не дерін білмей ыңғайсызданып.

– Иә, сабақтан қайттым.

– Сабақ өту қиын емес шығар.

– Қиын емес. Үйреншікті жұмысым ғой...

– Ауылда мұғалімнен қадірлі мамандық жоқ қой.

– Айсурет, оның рас. Дәрігерлік де ең құрметті мамандық емес пе?

– Әрине, әрине... Ауылдағы наукастарды қалай дұрыстап емдесем екен деп ойланып келемін...

– Бәрі сені өте білгір дәрігер дейді ғой.

– Қолымнан келгеннің бәрін жасап жүрмін...

– Қайғыны, уайымды бөліссе жеңілдейді деген бар емес пе? – деді Алуа оның қолтығынан жәй ұстап. Айсурет те көптен бері сіркесі су көтермей жүрген еді.

– Жүр, біздің үйге. Отырып шәй ішейік, – деді Айсурет.
– Жүр, жүр...

– Жарайды, барсақ барайық... Бір сағат уақытым бар.

Айсурет темір пеш үстіндегі шәйнекке су құйып, от жақты. Дастархан жасады. Сәлден соң екеуі сүт қатқан қою

шәй ішті. Көңілдері жай тапқан Алуа мен Айсурет әңгімеге кірісті.

Айсурет оған өзінің басынан өткен қиын өмірін қысқаша жайып салды. Алуа жағасын ұстап, басын шайқады. Көпке дейін басын шайқап отырды да сәлден кейін кеседегі шәйін бір ұрттап алып:

– Айсурет, сен өте мықты келіншексің. Әлі-ақ бәрі ойдағыдай болады. Сүйіктің Орынбасарды іздеп тауып бақытты бол. Ескермес жексұрынның сазайын Құдай берсін. Енді Орынбасар баланды жақсылап тәрбиеле, – деді де көңілі босап жылап жіберді. Алуаның жылағаны жүрегіндегі шерді қозғап жібергендіктен Айсурет те қосыла жылады. Екеуі қосылып тар бөлмеде еңіреп біраз шер тарқатты. Тіпті дауыстары сыртқа естілді. Осы кезде Айсуреттің үйінің тұсынан өтіп бара жатқан сексенге келіп қалған көршісі Ырыс қос құрбының жылаған дауыстарын естіп, шошып кетті. Сөйтіп көршілері Танатар, Асыл, Бектастарды ертіп келді.

– Айсурет дәрігердің үйінде бір сұмдық болған сияқты...

– Ойбай, не дейді? Жақын біреуі қайтыс болды ма екен?

– Сыңсып жылаған түрлері жаман ғой.

– Екі әйел жылап жатыр ғой...

– Үйіне ешкім келген жоқ еді... – деді жақын тұратын көршісі Ырыс ақсақал сақалын сипап.

– Айсурет дәрігер біраздан бері кішкентай баласымен тұратын...

– Сонда қалай, неге баласы екеуі ғана тұрады?

– Күйеуі жоқ па?

– Жоқ...

– Неге?

– Кім біледі...

– Қазіргі жастарды түсіну қиын болып кетті ғой.

Біреулер айтты ма екен, жоқ, әлде өзі осы көшеден өтіп бара жатты ма, о жағын кім білсін, бір кезде үй маңайына жиналып қалған бір топ ауыл адамдарының жанына учаскелік инспектор, аға лейтенант Бейсенбай Жаңбырбаевтың ақ түсті «Нивасы» кілт тоқтады. Ол мәшинесінен секіріп түсті де жылдам басып жиналған топқа жетіп келді.

– Мұнда не болып жатыр? Тыныштық па әйтеуір? – деп тағатсыздана сұрады. Жиналғандар учаскелік инспектор Бейсенбайды көріп үрпиісіп қалды. Сол сәтте үйдегі сыңсыған дауыс үдей түсті... Түкке түсінбеген Бейсенбай аң-таң болып біресе үйге, біресе жиналғандарға қарап:

– Дәрігердің үйінде біреу қайтыс болған ба? Айтсаңыздаршы, ауыздарыңызға су толтырып алдыңыздар ма? – деп зілдене сұрады. Топ ішінен біреу:

– Қайғылы жағдайды бірден қалай айтамыз, – деді жәй ғана.

Аға лейтенант Бейсенбайдың ауылға учаскелік инспектор болып келгеніне екі ай ғана болған.

– Тілдеріңіз байланып қалды ма, айтсаңыздаршы?

Анық-қанығын білмеген жиналғандар үн-түнсіз.

– Әй, жаман айтпай, жақсы жоқ деген. Пешенесіне жазған жалғыз баласы өліп қалған жоқ па екен өзі, – деді аузы жеңілдеу Асыл елпендеп. Жиналғандар өздерінше жорамал жасады.

– Бәсе, баласы көрінбейді ғой...

– Ой, сормандай-ай десейші...

– Тіліміз тасқа...

– Тфә, тфә...

– Е, Алла, бәле-жаладан сақтай көр!

Көршілердің дегбірі қашып тұрғанын көрген аға лейтенант денесін тіктеп, үйге беттеді. Кенет көше жақтан арқасына сумка асынған Айсуреттің баласы Орынбасардың «ой-бай-й-й, ап-а-а» деп шыңғырып жылаған даусы естілді.

Көзді ашып-жұмғанша бақырған күйі үйге жүгіріп кірмекші болғанда оны қарулы Бейсенбай тырп еткізбей ұстап қалды. Баланың үрейлі даусын естіген ең жақын көршісі Ырыс ақсақал көзі аларып есінен танып қалды. Маңайындағылар оның жейдесінің түймесін ағытып, бетін орамалмен желпіп жатты. Бірақ Ырыс ақсақал есін жимады.

Осы кезде үйден баласы Орынбасардың бакырып жылаған даусын естіген Айсурет сыртқа атып шықты. Ойбайлап жылап тұрған баласы Орынбасарды, оны қапсыра ұстап тұрған аға лейтенантты, есінен танып құлап жатқан көршісі Ырыс ақсақалды және жиналғандарды көріп шошып кетті де тізесі бүгіліп құлап бара жатты. Көршілер қайсысына барарын білмей аңтарылып қалды. Есік алдында дәрігер Айсурет, ортада көршілері Ырыс ақсақал естерінен танып сұлайып жатыр...

Кенет Бейсенбайдың қолынан жүлқынып босаған Орынбасар бала бар даусымен шынғыра жылап анасы Айсуретті құшақтай құлады. Не болды екен деп сыртқа шыққан Алуа мұғалима мына көріністі көріп ол да «ойбайлап» Айсуреттің жанына есінен тана сылқ ете түсті. Жиналғандардың зәресі зәр түбіне кетіп шулап кетті.

– Ой-бо-о-й-й-й, енді не істейміз?

– Үй-бай... Үй-ба-й-ай, – деді жиналғандарға енді қосылған кемпірлер Шәрипа, Ақлима, Күнім.

– Аңқиып неғып тұрсындар?

– Доғдырды шақырындар...

– Мыналар тірі ме өзі...

– Өліп қалған жоқ па?

– Тәйт әрі, о не дегенің...

– Олар өлген жоқ, тірі ғой.

– Оттай бермендер, түге.

– Доғдырың да жатыр ғой әне есінен танып...

– Неғып тұрсындар қаумалап, тез су әкеліндер.

– Иә, иә, ұшықтап су бүркіп жіберейік...

– Су әкелейік, – деп арасындағы жастауы Күнім жүгіріп барып бір шелек су, бір кесе және бет сүртетін орамал әкелді.

«Біссімиллә, біссімиллә» деп Шәрипа кемпір аузына су толтырып бірінші дәрігер Айсуреттің бетіне бүркіп жіберді. Сол-ақ екен Айсурет көзін ашып, жан-жағына таңдана қарады. Баласы анасы Айсуретті құшақтай алып «апа, сізге не болды? Неге құлап қалдыңыз, а-а-а» деді солқылын баса алмай. Айсурет есін жиып, баласын құшақтаған күйі орнынан теңселе тұрды да «айналайын, қорықпа, ештеңе болған жоқ» деп басынан сипады. Сосын сәл кідіріс жасап барып:

– Сіздерге не болған, неге жиналып тұрсыздар? – деп түкке түсінбей айналасындағыларға таңдана қарады.

Шәрипа кемпір енді аузы толы суды Ырыс шалдың бетіне бүркіді. Ақсақал көзін сығырайта ашып, жан-жағына үрейлене қарап:

– Ойбай, Шәрипа-ау, не болып жатыр? Неғып маған төніп тұрсыңдар? Түрлеріңнен адам шошиды ғой... – деді.

Айсурет жерде құлап жатқан Алуаның екі жағынан жәй ғана тартып-тартып жіберіп еді ол көзін ашты.

– Айсурет, маған не болды? – деді Алуа да аң-таң болып.

– Сонша қорқак, қоянжүрек екенсіңдер ғой түге. Не болғанын өзім де білмей қалдым, – деді Алуа үсті-басындағы шанды қағып, шашын жөндеп, жиналғандарға қарап ұялғансып жымыып қойды.

– И-и-и, сені де мұғалім дейді-ау, – деді екеуінің қасына қолындағы бос шелегі мен кесені ұстаған Шәрипа кемпір жетіп келіп. Сөйтті де бір жағына қисайып түскелі тұрған жаулығын жөндеп:

– Ойпырмай, десейші! Шетінен топ-топ етіп жерге құлағандарын қарашы. Ой, өңкей қоянжүрек немелер.

Масқара-а-й... Ұят болды ғой тіптен естіген жұрттан. Күлетін болды ғой.

– Әй, қатындар! Үймелеп неғып тұрсындар? – деді өзіне келген Ырыс шал жерде жатқан тақиясын басына киіп жатып.

– Иә, расында да не болды сонша үрейленіп, – деді сөзге енді араласқан Бектас даусын қаттырақ шығарып.

Ауылдың учаскелік инспекторы Бейсенбай Жаңбырбаев бұрын-сонды көрмеген тосын оқиғаның куәсі болғандықтан оның да қорқыныштан денесі дірілдеп кетті. Сәлден соң өзіне келді. Мұны жай қалдыруға болмайды. Бұл оқиға ертең аудан, облысқа тарайтын болса маған жақсы болмайды. Қалайда мына жиналғандардан «допрос» жасап, протокол толтыруым керек деп шешті.

– Шеттеріңнен допрос аламын... Ешкім ешқайда кетпесін. Бәрің түп-түгел машинаға мініңдер, – деді өктем сөйлеген Бейсенбай қолымен машинасын нұсқап. – Болындар, неғып тұрсындар...

Аңтарылып қалған көпшілік сәл тұрды да шағын «Нива» көлігіне жақындады. Бірақ шағын машинаға сыймай, Бейсенбайға жалбарына қарады.

– Айналайын балам-ау, сол «допросынды» осы жерде-ақ ала берсейші. Ұядай мәшинеге біз қалай сиямыз? – деді жаулығын қайта-қайта жөндеп тұрған Шәрипа әжей.

– Қой, балам, бізді сандалтпа, – деді Ырыс ақсақал сақалын аипап.

– Қарағым, райыңнан қайт. Сенің де біз секілді ата-анан бар шығар... Сұрағынды осы жерде қоя бер.

– Ойбай, міліса бала, сабырға кел-л-л...

– Бүлінген ештеңе жоқ.

– Солай ет, шырағым.

– Айналайын, өмірің ұзақ болсын.

– Басқа түскен баспақшыл деген ғой...

- Айда онда бізді алдыңа салып. Ай-да-а-а...
- Апар, апар...
- Қамауға аларсың, апар.
- Көнбеске амал жоқ.

– Құдайға шүкір, басымызға салғанға көндік. Мен сексеннің сенгіріне шыққан Ырыс атаң боламын. Алдыңа салып сексен сегізге келген атаңды апар, апаратын жеріңе. Мәртебең, шенің өсетін шығар, балам...

Ырыс ақсақалдың осы сөзінен кейін бәрі үнсіз тұрып қалды. Бейсенбай да не істерін білмей, жиналғандарға барлай қарады... Бәрі үн-түнсіз...

– Мейірімді де, рақымды Алланың атымен бастаймын. Сабырға келіп, райыңнан қайт, балам. Адамгершілік жаса, айналайын, – деді Ырыс ақсақал.

Жиналғандар бұл жолы өзара бір-бірімен жәй ғана күбірлесті. Ортаға Айсурет шығып болған оқиғаны түп-түгел бастан-аяқ айтып шықты.

Бейсенбай бәрін асықпай мұқият тыңдады да мырс етіп езу тартты. Өз жұмысына аса жауапты қатал мінезді Бейсенбай бір сәтке үнсіз қалды. Сол қалпы әрі-бері біраз жүрді. Жиналғандар тізіліп жолға қарай бет түзеді. Кенет Бейсенбай:

– Тоқтаңыздар! Тоқтаңыздар! – деді.

Жиналған ауылдың кемпір-шалдары кілт тоқтады.

– Жарайды, жарайды. Үйлеріңізге қайта беруге рұқсат. Рұқ-са-а-аг...

Бәрі аң-таң болып не дерін білмей тосылып қалды.

– Иә, иә, үйлеріңізге қайта беріңіздер. Артықтау кетсем мені кешіріңіздер.

– Е-е-е, мұның жөн екен.

– Өсіп-өн, өс-с-с...

– Алла алдыңнан жарылқасын!

– Мақсатыңа жет, қарағым.

- Ой, өркенің өссін.
- Ақылға келгеніңе рахмет.
- Ештен кеш жақсы деген, балам.

Жиналғандар үйді-үйлеріне жапа-тармағай тарай бастағанда Айсурет дәрігер:

– Ата-апалар! Сіздерді бұлайша жинау мүмкін емес. Негізі бәріне кінәлі мына менмін. Сол себепті бәріңізді үйге шәйге шақырамын. Келіңіздер, – деді күлімсіреген Айсурет.

– Ата-әже, үйге жүріңіздер, – деді баласы Орынбасар қуанып.

– Жүріңдер, бәріміз де барайық, – деді Ырыс ақсақал.

Бәрі Ырыс ақсақалдың айтқанын тыңдап Айсуреттің үйіне беттеді. Күтпеген меймандарды есік алдында қолына шәугім ұстап Орынбасар балақай қолдарына су құйып, құрмет көрсетті.

Айсурет меймандарына кең дастархан жайып, шәй берді. Мектеп мұғалімдері Алуаның ұйымдастыруымен қой әкеліп сойдырды. Меймандарға қуырдақ, артынан ет берілді. У-ду болып меймандар көңілді отырды.

Ауылдың ең үлкені Ырыс ақсақал шын ниетпен Айсуретке, барша меймандарға алғысын айтып, бата берді. Жиналғандар ризашылықпен үйді-үйлеріне тарқасты. Аға лейтенант Бейсенбай Айсуретке кетерінде алғысын айтып:

– Айсурет апай, бұл расында да адам сенгісіз қызық та күлкілі оқиға болды ғой, – деп күле-күле жұмысына аттанды. Айсуреттің үйінде Алуа бастаған мектеп мұғалімдері ғана қалды.

– Түсінбеген адамға расында да оқыстау, үрейлі оқиға болды емес пе?! – деді кеседегі сүт қатқан қою күрең шәйді ұрттап отырған Алуа күлімдеп.

– Дегенмен, аға лейтенант Бейсенбай жаман жігіт емес екен. Бәрін дұрыс түсініп, оң шешім қабылдады, – деді Айсурет.

– Бәрі жақсы аяқталды ғой... Айсурет, сонша қайғырып жүрген Орынбасар сүйіктіңді енді іздеп, қалай да табуға тиіссің...

– Өте дұрыс айтасың. Ендігі бар арманым осы... Орынбасарды қалайда табуға тиіспін...

– Облысқа, тіптен, Алматыға хат хаз.

– Алуа, Орынбасар сүйіктімнің жағдайын саған түгел айттым... Ол өте атақты ғалым болғалы тұр еді...

– Бізден көмек керек болса, қолдан келгенше жәрдемдесеміз. Орынбасар тегі біртуар жігіт сияқты. Бірақ жолы ауыр екен.

– Иә, оның ғылыми жаңалығын ұрлап, шетелге қыруар ақшаға сататындар шықты ғой...

– Әлгі кім еді, мектепте бірге оқыған Ескермес деген сужұқпас, сұмырай емес пе?

– Ескерместің мұндай арам ойлы екенін кім біліпті?.. Көзіне тек ақшадан өзге көрінбейді.

– Ескермес сыныптасың өте қауіпті екен...

– Айсурет, сен одан жақсы құтылғансың.

– Дұрыс, дұрыс айтасың...

– Аһ ұрып, уайымға батпа. Айсурет өзіңе-өзің бекем бол. Біз сені қатты құрметтейміз. Сені үлгі тұтамыз.

– Міне, міне, бұларың өте орынды сөз. Қысқасы, кезекті еңбек демалысымды Орынбасар сүйіктімді іздеуге арнаймын, – деді Айсурет нық сенімді дауыспен.



VI-ТАРАУ

Ұзынтұра Еділбай көршісі Есіркеп шопанға өзінше қатты қапа болды. Оның істеп жүрген қылықтарын дұрыс емес деп шешті. Қай-қайдағы жүн артқан жүк машина үстінде таяқ жеп, есінен танған белгісіз біреуді үйіне паналатып отыр. Оны үйіне кіргізіп, кемпірі екеуінің асты-үстіне түсіп жүргендеріне түсінбей-ақ қойды...

Ұзынтұра Еділбай қанына сіңген дағдысына орай үй жанындағы қой қораға кіріп жасырып қойған көкнарды алып, табакшасына салып әбден езгілеп-езгілеп алды да азырақ су қосып жұтып алды. Сол-ақ екен көз алды буалдырланып, дүние дөңгеленіп рахат сезімге бөленді... Екі беті қызарып, маңдайынан шып-шып тер шықты. Тер моншақтары бырт-бырт етіп көзмоншақтай жалтылдап жерге тама берді, тама берді. Бұл қылығын кемпірі Орынкүл мүлде сезбейді деп ойлайды. Күніне екі-үш мәрте езілген көкнардан жұтпаса, көңілі көншімейді. Әбден қанына сіңген жат әдеттен арыла алмай-ақ қойды...

Енді біразға дейін осылай рахаттанып, өзімен-өзі кәйіп болып отырғаны... Әлден соң барып жәйлап көзін ашты. Айнала төңірек нұрланып, құлпырып кеткендей... Жасырын қоймасынан шығып, қойлар жатқан жайға шықты. Қойлар жамырап жемге бас қойыпты.

Оның қой қораға кіргенін көрген көмекші шопандары Тілеген мен Жәнібек жүгіріп келді.

– Ереке, келіңіз... Келіңіз, – деді Тілеген қолындағы шөп таситын айырды қасына қойып.

– Қойларға жем-шөбін дұрыстап беріп жүрсіңдер ме?

– Иә, иә... Бәрі ойдағыдай. Қойлар жем-шөптерін уақытылы жеп жатыр.

– Жем-шөпті нормамен беріңдер.
– Әрине, әрине.
– Көп берсеңдер жемей аяқасты етеді.
– Бәрі нормамен берілуде.
– Тұз мәселесі қалай болуда?
– Тұзды да қажетіне орай берудеміз.
– Иә, айтпақшы түнде қора айналасын торып жүрген қасқырлардың ұлығанын естідім.

– Біз де естідік...
– Қыс түсті ғой... Енді қасқырлар ашығады... Олар ештеңеден де қорықпайды. Қой қораның есік-терезелерін бір тексеріңдер. Терезелерге қосымша тақтай қағындар.

– Әрине, әрине.
– Бүгіннен бастап түнде кезекшілікке тұрасыңдар. Кезекшінің міндеті түні бойы ұйықтамай, қой қораның іші-сыртын бақылау.

– Едеке, сізге не болған?
– Не болушы еді, ештеңе де болған жоқ...
– Оң жақ көзіңіздің асты қызарып қанталап кетіпті ғой...
Есіркеп екеуіміздің арамызда болған айқай-шуды айтсам ба екен, а-а-а? Жоқ, жасырғаным дұрыс па? Әйткенмен жасырғанмен не ұтпақпын? Тілеген мен Жәнібектің көмекші шопан болғандарына да он жылдай болып қалды. Екеуі де еңбекқор, адал жігіттер. Жасырсам түбі өтірігім шығып қалса не істеймін? Тегі шындықты айтқаным дұрыс-ау...

Еділбай оларға сүзіле қарады... Екі жігіт үрейлері ұшқандай бір-біріне жалтақтап, тыпыршып кетті. Тілеген бұл сөзді айтарын айтып алып сасып қалды. Өте ыңғайсыз болды-ау... Енді не істейміз? Байқаусызда қой қора ішіндегі сойдиған ағаштар тиіп кеткен шығар... Бірақ та қанталап қызаруы бір жанынан емес, сәл жоғарырақтан тиген секілді ме қалай өзі деп топшылады Тілеген сығырайған көзімен

Еділбайды сүзгілеп. Едекеңнің мұндай кейпін көрген олар расында да не дерін білмеді.

Есіркептің өзіне қол жұмсап ұрып-соққанын жасырғаным дұрыс болмас деп шешті ұзынтұра Еділбай шопан. Оның озбырлығына қашанғы шыдай бермін. Жүдә басын кекірейтіп алып басынып барады ғой өзі. Көкірегін басу керек екен. Шыдамның да шегі бар... Есіркептің соңғы кезде істеп жүрген жымысқы тірліктері күдікті... Ол сұмырайдың сазайын бергіземін әлі. Қол жұмсағаныңды, ұры, қашқынды үйіңе жасырып отырғаныңды көрсетемін саған әлі деп тісін қышыратты ұзынтұра Еділбай...

Өз кінәсін білмей ойламаған жерден таяқ жедім деп ашуланған Еділбай болған жәйді екеуіне айтқанды жөн көрді. Өзін емес, Есіркеп шопанды кінәлап, бәрін баяндап шықты. Ашудан Еділбайдың көзі аларып:

– Кім екені белгісіз, ешқандай құжаты жоқ, қайдағы бір қашқынды үйінде жасырып отыр, – деді.

Өңі қуарып, аң-таң болған Жәнібек көмекшісі ұзынтұра Еділбай шопанға алақ-жұлақ етіп қарады.

– Едеке, сіздікі дұрыс. Расында бұл жәйтті аяқсыз қалдырмау керек, – деп амалсыздан міңгір-міңгір етті Тілеген анығына көзі жетпегендіктен. Әйтпесе Есіркеп шопанмен жайлауда қой бағып жүріп талай әңгімелескен. Оның адалдығына, кең пейілділігіне, адамгершілігіне бірнеше рет көзі жеткен.

–Тілеген, адам баласы тегі көнбіс болып келеді... Мұны мен өзімнен білемін. Мына үйдегі Қатыш апаң екеуміздің отандасқанымызға отыз жылдан асты. Құдай бізге перзент бермеді... Мен бәріне де көндім, шыдап, сабыр сақтап өмір сүріп келеміз. Өмір біз үшін үлкен сынақ...

– Иә, көке, дұрыс айтасыз. Сіздің адами қасиетіңізге өте тәнтімін.

– Солай, солай-й-й... Мен жәй ғана қарапайым қойшы болғаныммен, адам секілді өмір сүргенді жаным сүйеді. Қысқасы, қой баққанды жас кезімнен қаладым. Оны өзің де көріп жүрсің ғой. Қойшының жыл он екі ай еткен еңбегінің нәтижесі үш-төрт жылда белгілі болады. Бұған шыдамдылық, сабыр керек...

– Есеке, сіздің сөзіңізге қосыламын, – деп басын изеді Тілеген. Осындай өмір көрген, адамгершілігі мол адам туралы қайдағы жоқты айтқан Еділбайға ол таң қалып қарады.

Тілегеннің ойын ұзынтұра Еділбайдың көршісі Есіркепке деген ызаға толы зәрлі сөздері бөліп жіберді:

– Есіркепті мұншама топас деп ойламаппын. Жаңа сендерге айттым ғой. Қашқын жігітті үйіне неге жасырдың дедім. Сол сөзім оның жанына батып кетті да мені соққының астына ала жаздады.

– Едеке, біз де сізге көмекке барайық та. Айтыңыз, не істейік, – деді Жәнібек түрі өзгеріп.

– Сендер әзірге араласпай қоя тұрындар. Оның сазайын өзім беремін. Қар еріп, көктем шығысымен ауданның барлық полициясын ертіп келіп түрмеге қаматамын. Есіркеп менің кім екенімді білмей жүр екен. Әлі-ақ бармағын тістейтін болады ол нақұрыс. Ұялмай-қызармай жұдырығымен көзіме періп қалғанын қарашы. Мен де қарап қалмадым. Таякпен қайқайта кеп ұрдым...

– Дұрыс істепсіз, ақыңызды жібермепсіз. Сіз де мықтысыз ғой, – деді Тілеген оны қоштағансып.

Қыстың күні бір тұтам ғой. Әне-міне дегенше күн батып, айнала төңірек қараңғылық құшағына енді. Кенет қой арасындағы ешкілер бар даусымен маңырап қораны бастарына көтерді. Қой қора іші азан-қазан болды да кетті. Еділбай аң-таң болып аңтарылып қалды. Бұл не пәле тағы...

Кенет қойлардың қасында үлкен арлан қасқыр пайда болды. Қасқыр эппак. Көздері көкпеңбек болып ұшқын шашуда. Мұндай жұмбақ қасқырды алғаш көріп тұрған үшеу аң-таң. Ұзынтұра Еділбай жанындағы ағашта ілулі тұрған қос ауыз мылтыққа қолын соза бергені сол еді қасқыр «ыр-ыр-р-р» етіп айбат шекті. Көк көздері аңтарылып тұрған үшеудің өнменінен өтіп барады.

– Едеке, неғып состиып тұрсыз? Атсаңызша-ы-ы...

Еділбай мылтықтың шүріппесін таппай саскалақтап қалды. Әйтеуір әлден уақытта мылтықтың гүрс-гүрс еткен даусы шықты. Қос ауыз мылтықты неге екені белгісіз бірден атты... Негізі кезек-кезек атуы керек еді ғой деп ойлады Тілеген сабырсызданып. Үрейлері ұшқан олар түкке түсінбеді. Ақ қасқыр қаққан қазықтай сол орнында қозғалмай қақшиып тұр. Кірерге тесік таппай қашатын шығар деген шопандардың үміттері ақталмады...

Ұзынтұра Еділбай мылтықты екінші рет оқтады. Әсте бір кешірілмес қылмыс жасағандай мүләйімсіп тұр. Оның бұл қылығына таң қалған Тілеген сілейіп қалыпты. Ал, ақ қасқыр болса қаққан қазықтай сол қақшиған күйі әлі тұр. Бұлардан сескеніп те тұрған жоқ. Түкке түсінбеген олар бір-біріне үрейлене қарауда.

Еділбай көкемді жұрт құралайды көзіне атқан мерген деп мақтаушы еді, мұнысы қалай? Дәл алдында тұрған тайыншадай қасқырды ата алмады. Мерген дегендері өтірік екен ғой. Мен болғанда ғой басына дәл тигізіп, сеспей қатырар едім. Әттең, енді не болар екен деді іштей қалтырап.

Қой қора іші у-шу, азан-қазан... Қасқырдан зәре-құты қашқан қойлардың маңыраған дауысы үдеп барады. Кенет ұзынтұра Еділбай қатты ызаланып бар даусымен:

– Сенің ажалың менен. Қарай көр мазақ етуін, – деп қос ауыз мылтықтың шүріппесін басып қалды. Мылтығы құрғыр атылмай қалды. Аң-таң болған Еділбай одан сайын

ызаланып екінші рет шүріппені басып қалды. Тағы да атылмады... Үшінші рет атты... Мылтық тағы да атылмады. Оқтары сол күйі ішінде тұр...

Бір уақытта ақ қасқыр орнынан сәл көтеріліп, атқы екі аяғымен тұрды. Сөйтті де сол қалпында әрі-бері жүрді. Артынша екі-үш рет дөңгеленіп қозғалды да көзден ғайып болды... Мұны көрген Еділбай өз-көзіне өзі сенбей есінен танып жалп ете қалды. Одан әрірек тұрған Жәнібек те басы айналып жерге топ ете қалды.

Жалғыз қалған Тілегеннің де аяқ-колы дірілдеп, көзі қарауытып, дүние астан-кестең болып кеткендей тәлтіректеп барып қасындағы шарбакқа сүйеніп тұрып қалды. Ана екеуіндей құлап түспеді. Аздап өзіне-өзі келген ол даусын шығаруға да шамасы келмеді. Не болғанына ақылы жетер емес. Әбден есін толық жиған соң алдымен Еділбай шопанды жұлқылай жөнелді. Бірақ ол есін жия алмай сол қалпында жата берді.

– Ойбай, мына екеуіне не болған?

– Тұрындар, тұрындар-р-р...

– Қасқыр көрмей жүргендей.

– Қарашы жатқандарын...

– Ақ қасқыр болса қайтейік.

– Сендерге не болған а-а-а...

– Соншама қоянжүрек болармысыңдар.

– Мына мен құламай-ақ тұрмын ғой.

– Бәрінен де Еділбай көкеме не жоқ?

– Жәнібек, мен сені жақсы білемін, сен, с-е-н нағыз қоян жүрексің. Байқаусызда біреу қатты түшкірсе, дір-дір етіп зәре-құтың қашады... Нағыз қоянжүректің өзісің... Тұр деймін саған, тұр-р-р...

Тілеген есінен адасқан адам секілді өз-өзімен сөйлеп жүр. Амалы таусылған ол не істерін білмеді. О заманда бұ заман өзі әппақ, көзі көкшіл нұр шашып тұрған қасқырды

алғаш көруі. Оқ дарымайтын жаны сірі қандай қасқыр өзі... Біртүрлі түсініксіз... Еділбай көкем мен Жәнібектің жатысы мынау. Енді не істеймін? Не істеймін-н-н... Жүгіріп барып шақырып келетін бұл маңайда доғдыр да жоқ. Кімге, қайда барамын?

Еділбай мен Жәнібекті сен соқтың деп мені кінәлап түрмеге жауып тастауы да мүмкін. Егер естерін жинамаса менің біткен жерім осы. Жүректері нашар екен. Не істеймін енді, әлде қашып кетсем бе екен... Бірақ, қайда қашамын? Қар жауып жолды, сай-саланы басып қалды ғой. Әлдеқашан ымырт түсіп, қас қарайды. Біздің кешкі асқа баратын уақытымыз әлдеқашан өтіп кетті. Олай болса, біз келмеген соң Орынкүл апа іздеп келеді. Келген бойда ес-түссіз жатқан мына екеуін көреді. Ал, мен болсам сап-сау жүрмін. Сонда Орынкүл апа не ойлайды? Әрине, екеуін ұрып жықты деп мені кінәлайды. Ол кісіге болған жағдайды айтсам, сен өтірік айтып тұрсың деп маған сенбейді. Арам екенсің, қанішер екенсің деп қораны басына көтеріп зарлайды. Жағдай қиын, өте қиын-н-н...

Тілеген шынымен қашайын десе не төлқұжаты, не ақшасы жоқ. Жаздың күні болса бірсәрі. Жиырмашақты қойды айдап алдыма салсам, кейін сатып күн көруге болар еді. Өттеген-ай, өттеген-ай... Жазықсыз кінәлі болып түрмеге түспеймін... Таптым, таптым... Ең дауасы өле салғаным дұрыс екен... Ө-өлу керек... Онсыз да онып тұрған өмірім жоқ...

Ол енді әрі-бері жүгіріп дарға асылуға жіп іздеді. Қырсыққанда қымыран іриді дегендей екі метрдей мықты жіп таба алмады. Бақырауық серкенің мойнына байланған жіпті әзер дегенде шешті. Бірақ жіп тым қысқалық етті. Қой-ешкілердің мойнына байланған жіп табылмады. Құдай-ай, құтқара көр мені азаптан деді Тілеген дір-дір етіп. Ақыры жіп жоқ болса, сыммен асылып өлейін деп қойлардың

арасын бөлген жіңішкелеу сымның бір жағын шешті. Екінші жағын шешуге беттеген кезде аяғы жерде жатқан ағашқа сүрініп кетіп, жерге етпетінен құлап түсті. Сол сәтте үшеуі бірдей сұлап жатқан қой қораға қолында фонары бар Орынкүл апасы кіріп келді. Мына көріністі көрген ол кісі шошып кетті, жүгіріп келген бойда бар даусымен:

– Ойбай, Құдай-ай, мыналарға не болған? Шалым-ау, мына жатысыңа жол болсын, – деп Еділбайды барынша жұлқылай бастады. Шалы сол күйі ұйқылы-оюу жатқандай оянар емес.

– Әйтеуір, тірі екен ғой.

– Тұр, тұр-р-р-р...

– Бұл не жатысың а-а-а?

– Не болды саған, шал-ау....

– Еділбай-ау-у-у-у, – деп зар илеген кемпірдің даусы өтірікжан сақтап жатқан Тілегеннің сай-сүйегін сырқыратты. Жаны ашып сәл болмағанда орнынан қарғып тұруға сәл-ақ қалды да қайтадан тып-тыныш жата берді. Көз қиығымен Орынкүл апаға қарап жатыр. Орнымнан қалай тұрсам екен деп ойлады Тілеген. Сәл сабыр сақтайын. Жата тұрайын...

– Құдайға шүкір, тірі екенсің.

– Не болғанын кім айтады?

– Үшеуі де сұлайып жатыр ғой...

– Қарақтарым-ау, бәріңе бірдей не болды?

Сөйтті де Орынбасар апа орнынан тұрып Жәнібекті де жұлқылап көрді. Ол да есін жинамай, былқ-сылқ етіп жатыр. Сәлден соң Тілегенге келіп оны да жұлқылады. Сәл жатқан Тілеген өтірік көзін сығырайтып, есін жиғандай:

– О-О-Орынкүл апа! Маған не болды? Не болды? – деді есеңгіреген адамдай.

– Тілеген балам, сен тірі екенсің ғой, – деді Орынкүл апа қуанып кетіп.

– О-о-о, не дегеніңіз... Еділбай көкем де, Жәнібек те тірі ғой. Сәл сабыр сақтаңыз... – деді Тілеген орнынан тұрып.

– Тірі болса неғып жатыр?

– Апа, олар естерінен танып жатыр.

– Естерінен танған адам осылай жата ма?

– Мен де түсінбей отырмын.

– Үйбүй, үйбүй-ай, – деп Орынкүл апа сыңсып жылап жіберді. Тілеген қанша жерден кемпірге жаны ашып тұрса да болған жәйтті әзірге айтпай қоя тұруды құп көрді.

...Еділбай ақ қасқырды атып тигізе алмады. Қасқыр қасқиып отырып алды. Еділбай екінші рет атқанда мылтық атылмай қалып, қасқыр бізді мазақ қылғандай көзден бұлбұл ұшып жоқ болды. Артынша Еділбай көке мен Жәнібек құлап түсті. Сол сәттен бері екеуі ес-түссіз деп айтуға сәл-ақ қалды.

Тілеген көз алдында болған оқыс оқиға жөнінде терең саралап, ойлана бастады. Сонда ақ қасқыр тегін болмады-ау... Бар мәселе сол көкшіл көзді ақ қасқырда. Иә, иә... Менің көзім енді жетті. Ақ қасқыр туралы бұрын неге ойламадым? Қанша уақыттан бері екеуінің ес-түссіз жатқаны маған терең ой салуда. Атам заманнан бері төрт түлікпен бірге өмір сүріп жатқан халықпыз ғой... Қой бағу да біздің қанға сіңген дәстүріміз... Қой бақпасақ көңіліміз жай таппайтын халықпыз. Мен де соның бірімін.

Енді бірде Орынкүл апа сынсығанын қойып бар даусымен айқайлап, екі қолымен жерді ұрғылап қора ішін күңіретіп жіберді. Ебіл-дебілі шығып әппақ шашын жұлып зарлап отыр. Орынкүл апасының зарын естіген Тілеген де қосылып жылап алды.

– Пешенеме жазылғаны осы ма еді? О, Құдай-ай, мен не жаздым. Өмірімді өксікке айналдыра көрме. Сормандай қыла көрме, – деп зар қақсаған даусы басылар емес, керісінше үдей түсті.

Тілеген қатты састы. Бұрын-соңды мұндай жағдайға кездеспегендіктен не істерін білмеді. Еділбай мен Жәнібек сол қалпы ес-түссіз жатыр... Бірақ, тірі. Естерін жинап өздеріне келер емес.

Орынкүл апа жасы ұлғайса да шалы Еділбайды қатты сыйлайтын. Екеуі бірін-бірі ұнатып қосылды. Содан өз алдарына бір отар қой алып, қу мекиен далада бақытты өмір сүрді. Орынкүл үнемі шалының асты-үстіне түсіп, уақытылы ас-суын, тамағын әзірлеп, жас баладай әлпештейтін.

Еділбай көктем, жаз, күз мезгілдерінде қойларын бағып кетсе, артынан ыстық тамағын алып жетіп баратын. Қасында отырып жағдайын сұрап, әкелген ыстық тамағын өз қолымен ішкізетін. Осыдан үш жыл бұрын Орынкүл қой бағып ұзап кеткен Еділбайға ыстық тамақ апаруға шығады. Қолына кеспелтек ағаш алып шыққаны қандай жақсы болған десеңізші. Отардан біраз ұзап шыққан кезінде артынан бір ілмиген қаншық қасқыр ілеседі. Орынкүл қорықпай айқайлап «кет-кет» дегенге қаймықпай бас салмақшы болған сәтте қолындағы кеспелтек ағашпен екі құлағының ортасынан қос қолдап бір-ақ ұрады. Әйтеуір, байғұстың ажалы жеткен бе, сол бойда тілі салақтап, сеспей катады. Орынкүл ілмиген қаншықты сүйреп Еділбайдың алдына әкеп тастайды. Мұны көрген Еділбайдың екі көзі шарасынан шыға жаздайды.

– Еділбай, мынау саған... Қабыл ал, – дегенде ол біразға дейін өз көзіне өзі сенбей абдырап қалады.

Орынкүл болған жағдайды, қаншықты қалай ұрып алғанын айтқаннан кейін ғана сенеді. Ол қолындағы қанқан болған кеспелтек ағашты көрсетіп, сөзін растайды.

Әлі естерін жия алмай жатыр. Бұл не сұмдық? Бұған ақылы, пайым-түйсігі жетпеген Орынкүл осылай топшылады.

– Әйтеуір тірі екен, сонысына шүкір, – деді Орынкүл өзінше күбірлеп, жерде сұлқ түсіп жатқан Еділбайды сүйрелеп. Сәл сүйреткеннен кейін шамасы келмей тоқтап қалды.

– Состиып неғып тұрсың? Ана ағаштарды сындырып ал да адам көтеретіндей етіп зембіл істе. Еркексің ғой. Бол тездет. Мыналарды үйге кіргізейік.

– Қазір, қазір-р-р, – деп қалбалақтаған Тілеген қой қораның ішіндегі жарамды деген ағаштарды алып зембіл жасағансыды. Шеге орнына жіңішке сымдарды пайдаланды. Ағаштарды мықтап сыммен шандып тастады. Өне-міне дегенше адам көтеретіндей зембіл де дайын болды. Тілеген оның үстіне таза шөп төседі. Орынкүл екеуі зембілге бірінші Еділбайды жатқызды. Орынкүл аяғынан, Тілеген екі қолынан ұстап әрең жатқызды-ау әйтеуір. Сәл демдерін алып біреуі зембілдің алдынан, екіншісі артынан екі жақтап көтеріп алып шықты. Амалдап жүріп жол бойы үш-төрт жерде демалып үйге де жетті. Әуірімдеп үйге кіргізіп, өзінің кереуетіне әкеліп жатқызды. Орынкүл уһ деп демін алып, сәл өзіне келгендей болды. Сөйтті де Еділбайдың сырт киімдерін шешті. Үстіне көрпе жапты.

– Апа, Еділбай көкем секілді Жәнібекті де үйге жеткізейік, – деді Тілеген.

– Әрине, әрине... Солай етейік, – деп Орынкүл апа орнынан тұрып есікке беттеді.

Олар келген жолмен қой қораға барып ес-түссіз жатқан Жәнібекті ағаш зембілге салып көтеріп келді. Оны үй жанындағы өз бөлмесіндегі кереуетке жатқызды. Бір тәуірі Жәнібек Еділбайдай ауыр емес екен. Салмағы аз, қагілездеу оны үйге әкелу қиынға соқпады.

Жәнібекті тастай салып Орынкүл апа Тілегенді қасына ертіп Еділбайға тездетіп жетіп келді. Ол сол қалпы ес-түссіз, қалың ұйқыға кеткендей көзі жұмулы күйінде жатыр екен.

Анда-санда ерні жыбыр-жыбыр етеді. Жанында тесіліп қарап отырған Орынкүл апасы тағы да жылап, аһілеп-уһілеп алды. Сөйтті де Еділбайдың аяқ-қолын уқалай бастады. Көзі ісіп кеткен. Әлден уақытта:

– Тілеген балам! Асуларды, сай-саланы түгел қалың қар басты. Оның үстіне түннің бір уағы болды. Балам, сен есті жігітсің ғой. Жағдайдың бәрін көріп-біліп отырсың... Сен қазір киін. Қолыңа қос ауыз мылтықты оқтап ал. Көрші отардағы Қатыш тәуіпті ертіп кел. Есіркеп атаңа болған жағдайды тәптіштеп түсіндір. Ол атаң қатыгез адам емес. Бәрін түсінеді, – деді Орынкүл апасы бұйыра сөйлеп.

– Табылған ақыл... Иә, иә... Сыртта ақтүтек боран болып тұрса да мен барып Қатыш тәуіпті ертіп келемін. Уайымдамаңыз. Еш күмәнданбаңыз, – деп Тілеген үстіне жылы қысқа тон, қолына қос ауыз мылтықты ұстап жолға шықты.

Тілеген бір қолына ұзын ағаш, бір қолына фонар алған. Мылтық иығында. Қарды омбылап жүріп көп кешікпей Есіркеп шопанның үйіне де жетті. Арагідік келіп жүргендіктен иті бір-екі рет арс-арс етті де үнін біржолата өшірді. Сөйтті де шағын үйшігіне лып етіп кіріп кетті.

Есіркептің үйінің терезесінде жылтылдап шам жанып тұр екен. Тілеген келген бойда терезені тықылдатып қақты. Әлден уақытта үй ішінен:

– Түн жарымында тыныштық бермей жүрген кімсің? – деген Есіркептің ұйқылы-ояу дауысы шықты.

– Есіркеп көке, кешіріңіз, бұл мен ғой, Тілеген.

– Тыныштық па? Үйге кір, – деп есікті ашты. Тілегеннің түн ортасында қолына мылтық ұстап келгенін көрген Есіркептің зәресі ұшты. – Не болды, Еділбай үйден қуып жіберді ме? Не болып қалды?

– Есіркеп көке, ашуланбаңыз. Бір түсініксіз жаман оқиға болды...

– Қандай жаман оқиға?

– Еділбай көкем өлі мен тірінің арасында жатыр... Есін жияр емес. Есін жимаған күйі өліп кетуі де мүмкін.

– Тілеген балам, сен әдейі бізді татуластырға келдің бе?

– Кімді татуластыруға? Сіздер ұрысып қалдыңыздар ма?

– Тілегеннің басын қатыра бермеші, – деді сөзге араласқан Қатыш апа.

– Жарайды...

– Тілеген балам, не болғанын дұрыстап айтшы.

– Сіздерге мені Орынкүл апа жіберді. Азанға дейін шыдай алмады.

Есіркеп менің ұрғанымнан есінен танып құлап қалған екен ғой деп іші қылып ете қалды Есіркептің. Өлмесе өмірем қапсын. Түн ортасында менің кемпірімді шақыртқаны қай сасқаны. Өй, көксоққан неме. Есінен танып жатса сауап болған екен деді Есіркеп ішінен қатты ашуланып.

Тілеген жерге жайғасып отырып алып Еділбайдың басынан өткен адам сенгісіз оқиғаны айна-қатесіз тәптіштеп айтып берді.

Есіркеп пен Қатыш сенер-сенбесін білмей үнсіз отырып қалды. Тілдері байланған адамдай бір-біріне таң қала қарады. Қатыш үнсіз отырған Есіркепке сен не дейсің дегендей тұнжырай қарады. Есіркеп кемпірі Қатышка Еділбай екеуінің арасында болған жанжалды тіс жарып айтқан жоқ болатын. Оның ашуын келтіріп, жүйкесін жұқартқан, жүрегінде шерменде болып қатқан ызасы әлі басыла қоймаған.

Еділбай нағыз ақымақ, есуас екен ғой... Өзінің түсініксіз пасық ойымен менің жүрегіме ауыр салмақ салды. Мені қолдаудың орнына мені полицияға беремін дегені қай сасқаны. Санасыз неме.

Сөзді Қатыш бастады:

– Біз Құдай қосқан көршіміз... Барып, жағдайды көрейік, – деді.

Еділбай ес-түссіз жатса барсақ барайық деді іштей Есіркеп амалсыздан.

– Қазір, жылы киімдерімізді киейік, – деді Есіркеп жиналуға ыңғай білдіріп.

Есіркеп, Қатыш және Тілеген үшеуі қалың жауған қарды омбылап Еділбайдың үйіне де жетті. Олар үйге кіргенде алдарынан шыққан Орынкүл сыңси жөнелді. Есіркеп не дерін білмей сасып қалды. Еділбай өліп қалған екен деп ойлады. Қатыш қолын көтеріп еді Орынкүл дереу сыңсуын тиды. Сонда барып Есіркептің көңілі орнына түсті. Демек, Еділбай тірі екен...

Төсекте шалқасынан түсіп ес-түссіз жатқан Еділбайды көргенде Есіркептің денесі дір ете қалды. Бәрін өз көзімен көргеннен кейін ғана көңілі жайланды. Қатыш кемпір Еділбайдың қасына барып тамырын ұстап, ұзақ уақыт тесіле қарады. Қасында Орынкүл де қабаттасып тыпыршып жүр. Есіркеп басын төмен салып, оң қолымен маңдайын уқалай бастады. Үнсіздікті Қатыштың даусы бұзды:

– Анау айтқандай ауруын көрмей отырмын. Бір нәрседен қатты қорыққан сияқты ғой, түге... Ауру емес...

– Ауру болмаса неге ес-түссіз жатыр? – деді Орынкүл шыдамсыздана.


– Шынымды айтсам Еділбайға не болғанын дәл болжап айту қиын...

– Қатыш, сен осы маңайға танымал білгір тәуіпсің ғой. Шыныңды айтшы, не болғанын...

– Мен білмейтін жұмбақтау бір күш әсер етіпті...

– Қандай жұмбақ күш? Жұмбағың не тағы?

– Еділбай қой қора ішіндегі үлкен көкшіл көзді ақ қасқырды атты дедің ғой Тілеген.



– Иә, иә, әппақ қасқыр қаннен-қаперсіз өзімен-өзі отырған болатын. Еділбай көкем 15 метрдей жердегі ақ қасқырды атып құлата алмады. Тіптен мылтығы атылмай қалды ғой, – деді Тілеген көзі жыпылықтап.

– Қасқырдың әппақ болуының өзі жұмбақ емес пе? Көзі көкшіл дейді. Мылтық атылмады дейсің. Сендер жұмбақ күшпен кезіккенсіңдер, – деді Қатыш тәуіп таңданысын жасыра алмай.

– Солай-ақ болсын дейік. Бірақ сен мына Еділбайдың есін жиғызып, орнынан тұрғызсайшы, – деді иегі кемсеңдеген Орынкүл.

– Орынкүл шыдамдылық таныт. Еділбай өліп қалған жоқ, тірі ғой, – деді Есіркеп оны сабырға шақырып.

– Қатыш апа, ана бөлмеде Жәнібек те ес-түссіз жатыр. Ол да Еділбай көкенің қасында болған. Ол сорлыны да көріңізші, – деді Тілеген.

– Қане, оны да көрейік, – деп бәрі Жәнібек жатқан бөлмеге кірді.

Қатыш тәуіп сұлап жатқан Жәнібекті көріп, оны екі мәрте айналды. Жәнібек те сол қалпы қозғалар емес.

– Жәнібектің де жағдайы мәз емес. Екеуіне де тылсым күштің салқыны тиіпті... Біздің жерлік емес, өзге әлемнен, – деді Қатыш түсініксіздеу кейіппен. – Өзірге жата берсін.

Бәрі топырлап қайтадан Еділбай жатқан бөлмеге кірді.

– Ақ қасқыр қорадағы қойларға тимеді ғой ә, – деді Есіркеп жанында тұрған Тілегенге қарап.

– Иә, ақ қасқыр қорадағы қойларға қараған да жоқ секілді... Бар болғаны Еділбай көке мен Жәнібекке тесіле қарап еді көзінен көкшіл сәуле шашты... Бар болғаны осы, – деді Тілеген.

– Ақ қасқырдың бірден көзден ғайып болғаны мені қатты ойлантып тұр... Сонда қалай болғаны, а-а-а... Бұл неткен жұмбақ қасқыр болды екен, – деді Есіркеп таңданып.

– Тегі біз көрген ақ қасқыр тегін қасқыр болмай шықты... Бір емес, екі рет Еділбай көкенең атқан оғы дарымай, тіпті, мылтықтың атылмай қалуының өзі жайдан-жай емес қой... Бұл – қасиетті қасқыр... Менің аман-есен тұрғаным, ақ қасқырдың көзіне тіктеп қарамадым. Қасқырдың көзіндегі күш адамды ұйқыға жіберетін сияқты. Расында солай-ау деймін...

Еділбай көкем мен Жәнібекті қатты аяп тұрмын. Соңғы кездері менде әртүрлі ойлар туғызатын күдіктер пайда бола түсті. Жалпы, қой қора ішіне сол жұмбақ қасқыр қалай кірді? Қайдан келді екен...

Біз қой қораның есік-терезелерін шегелеп тастаған болатынбыз. Қасқыр кейін ғайыптан пайда болды. Болған жәйтті ойлаған сайын тосын анықталмаған жұмбақ сұрақтар туындай береді. Расында да білмей жүрмін. Бұл өзі не нәрсе... Осы ақ қасқыр шындығында біздің жердің қасқырына мүлде ұқсамайды. Дәл осындай ақ қасқырды ешкім көрген емес. Қайдан келді? Қайдан-н-н... Нендей мақсатпен біздің қой қораға кірді десеңізші...

Тілегеннің көз алдына бір кезде ақ қасқырдың сұлбасы елестеді. Сол-ақ екен оның жүрегі су ете түсті. Не істеу керек. Не істеу керек деді іштей терең ойға шомған Тілеген айнала төңіректі шола түсіп.

Есіркеп мең-зең болып жанындағы ағаш үстіне сылқ етіп отыра кетті. Қанша дегенмен ұзақ жылдар бойы көрші болған, сонау бір кездері өзара әңгімелесіп, сырлас болған көршісі еді. Бар болғаны үйіне шалажансар жігітті түсіріп паналаттың, оның үстіне емдеп, өкіл бала еттің дегеніне бола көршіліктің ала арқанын шорт кескеніне Есіркеп әлі күнге дейін қатты таңданады. Таңданады да басын шайқайды.

Еділбайдың мұншалықты түсініксіз қорлыққа тап болғанына Есіркептің жаны ашып, ойлай-ойлай ой түбіне жететін түрі жоқ. Қанша дегенмен бұл жағдайды тірі

пенденің басына салмасын. Қолынан келер көмегін аяғысы келмейтін Есіркеп Қатыш кемпіріне қарады. Не де болса Орынкүлге жұбату сөздер айтқаным дұрыс болар сірә деп шешті Есіркеп. Орнынан тұрып демін ішіне тартып терең күрсінді де:

– Орынкүл, сабыр сақта... Әліптің артын бағайық. Осы Еділбай мен Жәнібек қатты қорқып қалған сияқты... Қора ішінде қасқайып қойларға тиіспей тұрған ақ қасқырдың киесі де ұрды-ау, шамасы... Негізі киесі бар аңдар бар екені рас. Қасқыр қанша жерден жыртқыш болғанымен киелі, көздері арбағыш, тіптен сикирлайтындары да бар. Мына ақ қасқыр солардың бірі-ау... Мен осыны іштей сезіп отырмын. Бәріміз де жігерімізді жасытпайық. Мұның бәрін лажсыздықтан айтып, сендердің көңілдерінді бір көтерейін деп ойладым.

Иә, осыдан бір ай бұрын түсімде жылғадағы арық жанындағы жыңғыл арасында бір топ қасқыр Еділбай екеумізді қоршап алып ентелеп енді талайын деп жатқанда жоғарыдан бір ақ қасқыр пайда бола кетті. Сол кезде бізді қоршаған қасқырлар әп-сәтте жоқ болып кетті. Сондағы қорыққаным әлі есімнен кетер емес. Жүрегім атқақтап, аяғымнан әл кетіп тәлтіректеп құлай жаздадым. Ал, Еділбай тәңірім-ай деп айқайлап, аузына келгенін айтып, әлгі қасқырлар кеткен жаққа жүгіріп кетті. Енді ойлап отырсам, көрген түсім жәйден-жәй тегін түс емес екен... Осы түс қазір есіме түсіп, мәнісін енді түсінгендеймін... Орынкүл, біз де сен сияқты қайғырып отырмыз. «Тас түскен жеріне ауыр» дегендей біз сені түсінеміз, бірақ бұлай еңсенді түсіре берме. Басыңды көтер.

– Есіркеп өте дұрыс айтып отыр, Орынкүл. Бұлай езіле берме. Жаныңда біз бармыз. Қайғы жүрекке салмақ салып, адамды ауруға душар етеді. Тіптен о дүниеге аттанып кететіндер де болады. Әй, замандас, еңсенді көтер. Бір

Құдайға сыйын, жақсы тілек тіле. Құдай тілегінді қабыл алсын!

Қатыштың сенімге толы жігерлі сөзі Орынкүлдің көңіліне үміт отын жаққандай болды.

Қыстың түні бір тұтам дегендей, бүгін тіптен таң атпай кетті. Есіркеп не кетерін, не қаларын білмей әрі-сәрі. Кемпірі томпаңдап, қолындағы құманның суын үйдің бұрыш-бұрышына сеуіп өзінше бар білген тәуіпшілігін жасап жүр. Орынкүл Еділбайдың аяқ-қолын үздіксіз уқалауда. Қатыш әйтеуір қайтар емес. Өзі білетін ем-домдарын жасап, аузына су толтырып алып әлсін-әлсін Еділбайдың бетіне үшкіріп қояды. Бірақ Еділбай сол қалпында жатыр. Жақын маңайда алдырта қоятын доғдыр да жоқ.

Орынкүл дегбірі қашып жанын қоярға жер таппады. Байғұстың басы мең-зең болып, көзі бұлдырап әлі құрып барады. Есіркеп өз отарына қайтуға қам жасады. Маған қапа болмас, Қатышқа айтайын деп ойлады.

– Қатыш, егер сен осында біраз боламын десең, мен барып қойлардың жай-күйін білейін.

– Орынкүлді мынадай күйде қалай жалғыз тастап кетемін. Қолымнан келген ем-домымды жасап, қасында болайын. Сен үйге барып, отарды бақыла.

– Қатыш, екеуіңе де көп рахмет. Еділбайдың жанында өзім-ақ бола беремін. Үйлеріңе қайта беріндер. Бізден хабар алып тұрарсындар, – деді Орынкүл риза кейіппен.

– Есіркеп көке, қасында отыра бергенде не істейсіздер. Жақсы хабар болса мен жеткізейін... Жәнібек те сол күйі өзгеріссіз жатыр. Ұйқыдағы адам секілді... – деді Тілеген.

– Келістік. Жүр, Қатыш, үйге барып келейік, – деп Есіркеп киіне бастады.

– Қатыш, сен де киін, – деді Орынкүл.

– Мақұл, мақұл, – деп Қатыш та үстіне тонын, басына қалың орамалын тартып сыртқа беттеді.

– Орынкүл апа, мен Есіркеп көкелерді шығарып салып, қора-қопсыларды аралап, қой-ешкілерді көріп қайтайын...

– Қарағым, Тілеген... Жағдайды көріп отырсың. Енді бәріне өзің бас-көз бол. Қойларға жем-шөп беріп дұрыстап қара...

– Әрине, әрине. Ешқандай қам жеменіз...

– Бар, солай ет. Мына Еділбай көкең мен Жәнібекке өзім бас-көз боламын. Сонша қасқыр көрмей жүргендей түге. Ақ қасқыр көріп естерінен танғандарды алғаш көруім... Екеуі өтірік естерінен танып жатқан жоқ па?

Орынкүл Еділбай мен Жәнібектің көкнар ішетінін білетін... Көкнарды көп ішіп, мас болып жатқаннан сау ма өзі...

Есіркеп пен Қатыштың үйден ұзап шыққандары сол еді Орынкүлдің ойбайлаған жан даусы шықты.

– Ой-бай-й-й, ой-бай-й-й... Т-т-тоқ-та-а-а, – дейді шырылдаған Орынкүл.

– Не, не, не-е-е, не болды? – деген Тілегеннің де ащы даусы түн ішінде Есіркеп пен Қатыштың зәресін ұшырды.

...Кенет жандарынан жүгіріп өткен Еділбай мен Жәнібекті көрген олар тізелері дірілдеп қар үстіне отыра кетті. Екеуі жан-жақтарына қарайтын емес. Қалың жауған қарды оп-оңай аттап, жүгіріп барады... Өз көздеріне өздері сенбеген Есіркеп пен Қатыш сол күйі сілейіп отыра берер ме еді, арттарынан қалбалақтап сүріне-қабына келе жатқан Орынкүлді көргенде ғана естерін жинады.

– О-о-ой,бай-й-й-й... Неғып отырсындар-р-р, – деді ентігі басылмаған Орынкүл екеуіне алма-кезек қарап.

– Түсінбей отырмыз, не бо-лы-п-п жатыр өзі-і-і, – деді Есіркеп пен Қатыш таң қалып.

– Ух, сендер үйден кетісімен Еділбай орнынан қарғып тұрды. Сол бойда маған тіл қатпастан есіктен шықты да алды-артына қарамай қаша жөнелді... Жәнібек екеуі бірге

қашып барады, – деп жыламсыраған Орынкүл дiңкесi құрып отыра кеттi.

Бәрiнен бұрын Қатыштың дегбiрi қашты. Бұл Құдайдың құдiретi... Құдайдың құдiретiнде шек жоқ. Менiң дұғамды қабыл алыпты... Қабыл алыпты... дедi күбiрлеп.

...Сонымен Есiркеп, Қатыш, Орынкүлдер алды-артына қарамай қашып бара жатқан Едiлбай мен Жәнiбектiң соңынан iлестi. Бұл кезде қашқындар көзден ғайып болған едi. Қуғыншылар қара терге малынып әудем жер жүрдi. Аяныш сезiмдерi оянып, жандары ашыды. Әсiресе Орынкүлдiң зарлы даусы төбе құйқаларын шымырлатты.

– Орынкүл, сабыр сақта. Сабар, сабыр-р-р ет-т-т. Құдайға жалбарын, – дедi Қатыш оны сүйемелдеп.

– Расында да бұл өзi не болып кеттi-і-і-і... Айдалаға қашқандарына жол болсын. Адам түсiнбейтiн оқиға... Орынкүл, бәрi жақсы болады. Өзiндi-өзiң қолға ал, – деп Есiркеп қар үстiндегi iздiң үстiмен жол бастап, алға жылжыды.

Сол қалыппен үшеуi iлiнiп-салынып бiраз жүрдi. Кенет алдарындағы төбе үстiнде қараңдап отырған екеудi көздерi шалды... Жақындаған кезде бұлардың Едiлбай мен Жәнiбек екенiн бiрден таныды. Бiр кезде екеуi төрт тағандап шоқиып отырды да бастарын жоғары көтерiп бар дауыстарымен:

– А-а-у-у-у-у! У-у-у-у.

– А-а-у-у-у-у! У-у-у-у, – деп қасқырша ұлыған екеуi жан түршiгерлiк, қорқынышты дауыстарымен жер-көктi жаңғыртып жiбердi.

Жақындап барған үшеуiн Едiлбай мен Жәнiбек көздерiне iлер емес. Екеуi басқа бiр жұмбақ әлемде жүргендей...

– Не iстеймiн? Барайын ба?! – дедi Есiркеп екеуiне сұраулы кейiшпен қарап.

– Ж-жоқ, ойбай, қазір екеуіне де жақындауға болмайды... Зияны тиіп кетуі мүмкін, – деді Қатыш оның қолынан мықтап ұстап тұрып.

– Мен де солай-й-й ойлап тұрмын. Сәл шыдайық... Мұндай сұмдықты кім көріпті...

– Көргені былай тұрсын, естімеппін де...

– Адам сенгісіз...

– Ойбай, екеуі қасқырға айналайын деп жатыр ма? – деді арттарынан терлеп-тепшіп жеткен Тілеген.

– Ойбай, олай деме. Жақсы сөз айт... О-о не дегенің а-а-а. Қай-қайдағыны айтасың... Аузыңа ие бол. Мұндайда не болса соны сандырақтама, – деді Қатыш апа оған ұрсып.

– Түсіндім-м-м... Түсіндім-м-м...

– Мен жынданып кететін шығармын... Еділбай әлі қасқырша ұлып отыр ғой, – деді даусы қарлыққан Орынкүл екеуіне жалтақ-жалтақ қарап. Артынша:

– Мына Еділбайға не болды? Сап-сау болып жүріп табан астында есінен танып құлағаны несі? Құралайды көзге ататын мерген емес пе еді... Бұл ауылда соңғы үш жылда қасқыр жоқ болып кеткен... Бұрын Еділбай аңға шыққанда бос қайтпайтын. Кемінде екі қасқыр әкелетін. Түлкінің екі-үшеуін қанжығасына байлап келетін. Кәнігі аңшы еді ғой... Ақ қасқыр киелі қасқыр болғаны ма? Ойбай-ай, ертең елге не бетімді айтамын енді... Еділбай үйінен қашып, төбеге шығып қасқыр болып ұлыпты дегенді жұрт естісе маскара боламыз ғой... О заманда бұ заман, адамның қасқыр болып ұлығанын кім көріп-ті-і-і... Отырысы анау... Ойбай-ай, ойбай-й-й... – деп ойбайға басты.

– Ойбайлама, жағың қарысқыр! Мұндайда сабыр сақтап, Құдайға жалбарын. Тәйт әрі, қайдағыны бастап, – деді Қатыш оның иығынан нұқып-нұқып жіберіп.

– Әй, қатындар... Жетер енді зарламай... Миымды ашытып жібердіңдер ғой түге, – деген Есіркептің өктем сөзі Қатыш пен Орынкүлдің сәл де болса мысын басып тастады.

Кенет Еділбай мен Жәнібектің ұлыған үндері сап тиылды. Сырттан бақылап тұрған Есіркеп, Қатыш, Орынкүл, Тілегендер аң-таң болып абдырап қалды... Өз құлақтарына өздері сенбей, бір-біріне таңырқай қарады. Қуаныш пен қорқыныш бірдей дегендей, әлгі ұлыған дауыстан әбден жүректері шайлығып қорқып қалған олар сөйлеуге дәрмендері жетпей аңтарылып қалды... Бір-біріне жалтақтап, түні бойы бәрін әбігерге салған Еділбайға тіксіне қарады. Осы уақытта қастарына жүгіріп келген Еділбай мен Жәнібекті көрген Орынкүл есінен танып құлап түсті. Еділбай Орынкүлді демеп ұстап қалды. Қатыштың бүкіл денесі дірілдеп, жүрегі аузына тығылды.

– Астапыралла! Астапыралла! – деді Қатыш бетін сипап.

– Сендерге не болған? Ауылда қойларды тастап бұл жерде не істеп жүрсіндер? Ұсқындарың қашып кетіпті ғой. Не болды, а-а-а? – деді Еділбай ештеңе болмағандай жайбарақат сөйлеп.

Еділбайдың сөзіне жиналғандар таң қалды. Есіркеп, Қатыш, Орынкүл, Тілегендер оның басынан өткен оқиғадан кейін Еділбайдың ештеңе болмағандай сөйлеген сөзіне қатты таңырқасты. Көпке дейін тілдері байланғандай асып-сасып не дерін білмей қалды. Сонда көзбен көргендері, құлақпен естігендері не? Бәрі де түс көргендей мең-зең...

– Есіркеп, сен бұл жерде не істеп жүрсің а-а-а?

– Еділбай, сені өлімнен арашалап қалуға келдім...

– Қандай өлімнен а-а-а? Не деп далбасалап тұрсың?

– Еділбай, өзіңе-өзің келдің ба? Саған болған жәйтті түсіндіріп берейін...

– Мен есімнен адасқан жоқпын. Ақылым орнында... Сен не деп тұрсың өзі а-а-а? Тағы да маған өкпе артуға келдің

ба? Жоқ әлде Қатыш екеуің кешірім сұрауға келдіңдер ма? – деді Еділбай ашуланып.

Сөзге Орынкүл араласты.

– Еділбай, сабырға кел. Бостан-босқа ашулана берме. Бәрің біздің үйге жүрiндер. Шәй ішейік. Қазір сөздің қадірін кетірмейік... – деді Орынкүл қолымен бәріне ымдап.

Орынкүлдің осы сөзінен кейін Еділбай сәл де болса сабасына түсті. Бұлар Еділбайдың үйіне бет алғанда таң қылаң беріп қалған болатын. Еділбайдың үйінің қораздары шақырды. Еділбай кемпірі Орынкүлдің айтқанын екі етпейтін. Содан да кемпірінің сөзіне ләм-лим демей, бәрі Еділбайдың үйіне қарай бет бұрды.

Негізі Орынкүл түбі текті жерден шыққан, парасатты, пайымды кемпір болатын. Еділбай кемпірінің осы қасиеттеріне әбден мойынсұнған еді. Әне-міне дегенше дастархан жайылып, екі иығынан дем алған буы бұрқыраған самаурын да ортаға келді. Артынша қой да сойылып, ісі бұрқырап лық толы екі табак қуырдақ та жетті. Шәйді Орынкүл құйды. Қою қой сүті қосылған шәйдан ішіп, қуырдақ жеген олар өздеріне келгеннен кейін негізгі әңгімені Орынкүлдің өзі жүйелеп байыппен бастады.

Орынкүл Еділбай мен Жәнібектің басынан өткен адам сенгісіз тосын оқиғаны сол қалпында баяндады. Шәй ішіп отырып мән-жайды жете естіген Еділбай аң-таң болды.

– Орынкүл, мына сөзің өтірік, сенбеймін... Рас па?! Жоқ әлде қуырдаққа тойып алып әзілдеп отырсың ба? – деді Еділбай өз құлағына өзі сенбей.

– Рас, рас айтып отырмын.

– Есімде жоқ. Қайдағы қасқыр-р-р...

– Сенің ақыл-есің орнында ма?

– Имандай шыным.

Дастархан басында отырғандар Еділбайдың мына сөзіне таң қалды.

– Жәнібек інім, есінде ештеңе жоқ па? – деді шәйді сораптап отырған Есіркеп.

– Өкінішке орай, есімде ештеңе жоқ. Түкке түсініп отырған жоқпын...

– Иә, иә, сонда қалай болғаны.

– Еділбай, асықпай сөйлесейікші, – деді Есіркеп сабырлы күйінде.

– Иә, сөйлесек сөйлесейік... Айта бер, – деді Еділбай. – А-ақ қасқырды ма? Есіме түспей тұрғаны...

– Сен қой қораға кіргенде қойларыңды шетінен тамағынан тістеп өлтірейін деп тұрған ақ қасқырды көрдің ғой ә-ә-ә...

– Иә, иә, ақ қасқырды көрдім-м-м...

– Қолыңдағы мылтықпен аттың ғой-й-й.

– Есіме түсті. Есіме түсті... Ақ қасқырды мылтығыммен екі рет аттым-м-м...

– Ым-м-м-м...

– Сонымен ақ қасқырды атып алдың ғой деймін...

– Ым-м-м-м. Е-е-е...

– Еділбай, сөйлесейші. Әрмен қарай не болды?

– Есіркеп, не болды, не болды деп алқымнан ала берме.

– Есіңе түсірейін... Сен атқан ақ қасқырға оғың тимепті. Ақ қасқыр сенің көз алдында ғайып болып кетіпті. Ал, сен Жәнібек екеуің естеріңнен танып қалыпсыңдар...

– Тоқтат! Не дейсің? Мұның өтірік-к-к...

– Рас, рас... Ес-түссіз жатқан екеуіңді сүйрелеп үйге әзер жеткіздік. Сол күйі түн ортасына дейін жаттыңдар. Түн ортасынан ауа үйден айдалаға қаша жөнелдіңдер... Біз қуып жете алмадық. Не деген жүйріксіңдер. Биік қыратқа шығып қасқырша ұлығандарың не? А-а-ау-у-у-у деп қасқырша ұлып, даланы бастарыңа көтердіңдер. Еділбай бұл не сұмдық? – деп сөзге араласты Орынкүл.

– Дәл солай болды, – деп Есіркеп Орынкүлді қоштады.

– Әй, Есіркеп, сен не деп сандырақтап отырсың? Аузыңа келгенді көкіп өзінді данышпан етіп көрсетіп отырсың ба?

– Еділбай, маған сенбесең Қатыш, Орынкүл, Тілегендер куә... Бәрін өз көздерімен көріп, қасқырша ұлығандарыңды өз құлақтарымен естіді...

– С-с-сенбей-мін-н-н... Өтірік... Сен қасақана менің абыройымды айрандай төспекшісің. Бәрібір үйіңе қаңғыбас қарақшыны жасырғаның үшін полиция, сот алдында жауап бергіземін. Қар еріп, көктем шығысымен бір құлаш арыз жазып, аудандық полицияға беремін. Басыңа қара бұлт төндіремін. Күн жылынсын. Көрермін сонда әуселенді. Қарай көр, мені қасқыр болып ұлыды дейді ғой...

– Еділбай, сен Есіркепке шүйліге берме, – деді Қатыш шыдай алмай.

– Саған не жоқ, шалыңды жақтап.

– Есіркептің айтқандары шындық.

– Менің басымды қатырмандар шалың екеуің.

– Болған жағдайды тек Есіркеп екеуміз ғана көрген жоқпыз ғой... Орынкүл мен Тілеген де көрді. Айтындар, тілдерің байланып қалды ма?

– Бізге кезек бермей тұрсыздар ғой, – деді білегін сыбанып алған Тілеген.

– Еділбай көке! Сіз қой қора ішіне қолыңызға қос ауыз мылтықпен кіргенде мен де қасыңызда болдым. Көке, мен мұндай ірі әрі ерекше ақ қасқырды өмірімде көрген емеспін. Көремін деп те ойламаппын. Бастапқыда қатты қорқып кеттім. Иә, иә-ә-ә... Жұмбақ қасқыр қайдан келіп, қалайша қой қора ортасында шокиып отырғанына таң қалдым... Сіз көздеп тұрып аттыңыз ғой. Бірақ қасқыр оққа ұшып құламады. Ақ қасқыр бізді бас салатын шығар деп қашуға ыңғайландым. Бірақ менің аяқ-қолым істемей, жансызданды да қалды. Бүкіл денем дірілдеп, қалтырай

бастадым... Көзімнің алды тұманданып кетті. Екі құлағым шуылдап, алыстан қоңырау үні естілді...

Е-е-е, шокимай арам қатқыр ақ қасқыр. Әлі-ақ артыңа түсіп терінді сыпырып, есік алдына тулақ етермін деп ойладым. Осылай мен-зең болып тұрғанымда ақ қасқырдың қайда кеткенін байқамадым. Көз алдымнан ізім-қайым жоқ болып кетті... Атылған оқ ақ қасқырға тимей қалды. Тіпті, оқ тисе де құламады. Біртүрлі адам ақылына сыймайтын түсініксіз жәйт...

Содан Еділбай көке, Жәнібек екеуіңіз жерге біріңізден соң біріңіз жалп-жалп етіп ес-түссіз құлап түстіңіздер... Әйтеуір Орынкүл апа екеуміз қой қора ішіндегі ағаштарды құрастырып зембіл жасап, сіздерді жабылып жүріп үйге зорға кіргіздік. Көке, үйде түн ортасына дейін ес-түссіз жаттыңыздар ғой... Шақырайық десек жақын жерде доғдыр да жоқ. Сосын мен Есіркеп көке мен Қатыш апаны шақырып келдім. Сіздерді бәріміз жабылып оята алмадық қой. Әсіресе, Орынкүл апам қатты қайғырып жылады. Не керек, түн ішінде орныңыздан атып тұрдыңыз да далаға каша жөнелдіңіз. Сізбен бірге Жәнібек те кетті. Біздің бар екенімізді, сізді қарауылдап отырғанамызды білмедіңіз де. Сіздің бұл қылығыңызға таң қалдық. Көке, мұныңызды қалай түсінуге болады?

Бәріміз артыңыздан қудық, жеткізбедіңіздер. Бір қарасақ, төбенің үстіне шығып қасқырша ұлып отырсыздар... Тығыларға тесік таппай қатты қорықтық. Жәнібек те сізге қосылып қасқырша ұлды. Әншейінде тым-тырыс болып қой аузынан шөп алмайтын Жәнібекті біз танымай қалдық. Түрінен адам шошырлық, бірдене дейін десек түрі өзгеріп, қасқыр кейпіне еніп кеткелі тұрды. Тарпа бас салғалы тұрғандай. Мен Жәнібекке жақындай беріп едім тісін қыршылдатып арс-арс етті. Көзі қып-қызыл болып қанталап

кетіпті. Шыбын жаным көзіме көрінді. Басыма қайғы-қасірет бұлты төнді.

Есіркеп көке мен Қатыш, Орынкүл апалар тым-тырыс болып көздерін орамалдарымен қайта-қайта сүртіп, үнсіз тұрды. Арада қанша уақыт өткенін білмеймін, кенет ұлығандарыңыз кілт тиылды. Біз аң-таң болдық... Сіздерге жетіп барсақ түрлеріңіз адам шошырлық екен...

– О, Құдай-ай! Мұныға да шүкір деп бәріңді үйге шақырдым. Тілегенге қой сойдырып, қуырдақ қуырдым. Сүрініп-қабынып шәй қойдым, – деді Орынкүл апа томпаңдап үйге бір кіріп, бір шығып жүріп.

– Еділбай, қарағым Жәнібек, шынымен болған оқиғаны айтыңдаршы. Осы болған жағдайға бәріміз куәміз... Иә, куәміз-з-з-з... – деді күніренген Қатыш апа.

– Еділбай, саған кемпірің Орынкүл екеуміз Құдайға жалбарынып дұға жасадық. Мен білген дұғаларымды, емдомдарымды жасадым. Құдайға шүкір, дұғамыз қабыл болып, сендер аяқтарыңа тұрдыңдар... Бірақ, әлі ақыл-естерің жөнді кірмей қалғаны мені қатты ойлантып отыр. Еділбай, Жәнібек екеуің біртүрлі болып жүрсіндер. Көңілім қобалжи береді түге... Сонша сендерге не болды? Қырсық, иә, қырсық шалды бәрімізді... Бір-біріңе арамдық ойлап, кінәлауды қойыңдар. Менің де мазам кетті. Басым жиі айналып, бойымнан дәрмен кетіп барады. Шарасыз күйге түсіп тұрмын. Осының бәрі бір-біріңді әжік-күжік деп тырнақ астынан кір іздегендеріңнің кесірінен. Әйтеуір бәрің де аман екенсіңдер. Өлген ешкім жоқ қой, тәйірі. Сабырға келіңдер, түге. Менің осы сөзімді қор қылмаңдар. Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді деген бұрынғылар. Зымияндық жасамайық.

Сендерге турасын айтайын. Көздеріңе көрінген ақ қасқыр түбі тегін емес... Еділбай, Жәнібек, екеуің ақ қасқырды бекер аттыңдар... Атпау керек еді. Қос ауыз

мылтықты екінші рет оқтап атқанда мылтығың атылмапты ғой... Осының өзі қасқырдың киелі екенін растап отыр. Неге әліптің артын күтпедіңдер? Сол ақ қасқыр Еділбай, сенің қораңа тегіннен-тегін келген жок. Оған менің көзім анық жетіп отыр. Ақ қасқыр саған жақсы ниетпен келді. Киелі аң ғой. Мылтықпен көздемей құрметпен қарсы алғаныңда саған Құдай тілеуінді бергелі тұр еді. Сабыр сақтағаныңда ақ қасқырға тіл бітіп, сенімен адамша сөйлесетін еді. Енді не болды?

Өзің де дұрыстап ойланшы. Менің сөзімнің мәнін түсініп, ұғып отырсың ба? Ел-жұрт естісе дүр сілкінетін оқиға. Ойлана-ойлана жүйкем тозып барады. Өздерің де білесіңдер, мен Қаратау бөктеріндегі емдік шөптерді жинап, кептіріп, адам емдеп жүргеніме отыз жыл болды. Құдайға шүкір, бұл шындық. Мұны бәрің де білесіңдер. Сауап тірлік.

Кеудені қысқан жаман ой, қапалықты жақсы ниетпен жеңдіре білейік, Еділбай. Сен соңғы кездері күрт өзгердің. Кең пейіл, ашық-жарқын жігіт едің ғой бір кездері а-а-а... Сонша не көрінді. Дұрысты дұрыс, бұрысты бұрыс дейтін болдық қой. Реті бүгін келді. Бетіме айтты деп маған өкпелеме. Аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін болыпты демендер. Шындықты айттым. Айтқандарым еш өтірік емес.

...Еділбай тегі өте қатал адам. Сырт көзге үнемі момақан болып көрінетін. Бірақ іші тар, қызғаншақ, жақсыны көре алмайтын сабаз. О бастан көрші шопан Есіркептің бір қойы егіз тапса соны да көре алмай, іші қыз-қыз қайнайтын. Пиғылы жаман, іші тар екенін үнемі жасырып жүретін. Бет пердесі әлі де ашылар емес. Бұл жаман қасиеттер Еділбайдың бойында жылдар бойы жасырынып жатты.

Есіркеп пен Қатыш бір-бірімен сыбырласты. Еділбай үн-түнсіз орнынан тұрып сыртқа шықты. Артынан бәйбішесі

Орынкүл де ілесті. Орынкүл артынша үйге қайта кіріп, өз орнына отырып шәй құйды.

– Шәй ішіндер, Еділбайдың бары осы, – деді Орынкүл.

– Менің сөзіме қапа болып, тырысып қалған жоқ па? – деп қойып қалды Қатыш төтесінен.

– Қатыш-ау, Еділбай соңғы кездері біртүрлі болып жүр...

– Үйлеріңе келген бақты қуып шықтыңдар ғой...

– Қатыш, рас айтып отырсың ба?

– Әриине, рас айтып отырмын.

– Кім біліпті мұндай болатынын... Қатыш мен осы оқиғадан кейін қатты ойланып қалдым.

– Орынкүл, сен бәрін түсінесің ғой.

– Түсіндім...

– Шамына қаттырақ тиіп, шымбайына батырдың деп ашуланба.

– Ешқандай өкпем жоқ.

– Рас па? Әншейін айтып отырсың ба?

– Қатыш-ау, сенің бетің бар, жүзің бар деп бетке айтатыныңды бәріміз жақсы білеміз ғой. Несіне қипақтай бересің.

– Орынкүл, ашуланбашы. Дұрыс айтасың. Мен орынсыз сөйлемеймін. Турасын, әділдігін айтамын. Еділбайдың басынан өткен оқиғаның жауабын бірдеме деп айту әзір қиын... Уақыт керек...

– Қатыш апа, мен де солай ойлаймын, – деді сөзге араласқан Жәнібек ентелеп. – Сөздеріңізді мұқият тындадым, – деп бір жұтынып алып, – қысқасы, ақ қасқырға атылған оқ тигенімен, оған дарымады. Мылтық оғы дарымаған қасқыр тегін емес-с-с... Еділбай көкемнің мылтығының даусы естілгеннен бастап мені бір жұмбақ күш баурап алды...

– Жәнібек, не айтып отырсың? Жөндеп түсіндірші өзін, – деді Тілеген даусы өктем-өктем шығып, қасында отырған Жәнібекке қарап.

– Осы жағдайды қанша ойлансам да көп нәрсеге ақылым жетер емес. Дегенмен, бәрі осылай болды, оны теріске шығара алмаймын. Бірақ, бәрінен бұрын Еділбай көкемнің ақ қасқырды ата алмағанына таң қалып отырмын...

– Жәнібек, осы ақ қасқыр деп отырғанымыз нағыз қасқыр емес-ау...

– Иә, иә, солай секілді...

– Кәдімгі қасқыр емес пе, сонда?

– Жерді мекендеп жүрген қасқыр емес қой...

– Жаратылысы бөлек қасқыр.

– Сонда қалай болғаны?

– Қысқасы, ет пен сүйектен жаратылмаған...

– Қалай-қалай дейсің?

– Елес секілді бірдеме...

– Бірақ, сол елес ақ қасқырдың арқасында Еділбай көкем екеуің үйден қашып, биік қыратқа шығып не істегендеріңді білесіңдер ме, Жәнібек?

– Б-біл-меймін... – деді ұзақ ойланып қалған Жәнібек. Жанына батқан түсініксіз ойлардан мезі болған Жәнібек не деп айтарын білмей терең ойға батты. – Әйтеуір, есімді зорға жинадым ғой...

– Жәнібек, Еділбай көкең екеуің кең даланы бастарыңа көтеріп, қасқыр болып ұлыдыңдар... Есіңе түсірші, неге қасқыр болып ұлығандарыңды.

– Қасқыр болып ұлығаным есіме енді түсті... Бір сәтке қасқырға айналдым. Айналам әппақ қасқырларға толы екен... Мен де солардың біреуіне айналыпшын. Ақ қасқырлар түгел ұлыды. Мен де, Еділбай көкем де соларға қосылып ұлыдық... Жанымыз жай тапты... Рахат күй кештік. Бір кезде бәріміз қалықтап аспанға көтерілдік. Сөйтіп, бірте-бірте жоғары көтеріле бердік... Көтеріле бердік... Кенет денем дір-дір етті де жерге топ ете қалдым. Есімді жисам, Еділбай көкем екеуміз биік қырдың үстінде тұрмыз... Сол кезде біреу менің

үстіме бір шелек су құйып жібергендей денем тітіркеніп селк ете түстім. Сол кезде бізге қарай ентелеп келе жатқан Есіркеп көке, Қатыш, Орынкүл апаларды, Тілегенді көрдім. Бірақ, өзімнің неге осыншалықты түсініксіз жағдайға тап болғанымды түсінбей дал болдым.

– Қиын болған екен. Дегенмен Жәнібек, өз-өзіңе келдің-ау әйтеуір. Қазір үйге келсе көкемнен де жөндеп сұрап көрейікші. Енді есі кірген шығар, – деді Тілеген.

– Иә, Еділбай көкемнен де сұра.

– Орынкүл апа, Еділбай көкем келгенше тағы да самаурынға шәй қойыңызшы, – деді Тілеген.

– Тілеген дұрыс айтады, солай ет Орынкүл. Шалың кешігіп кетті ғой, – деді Қатыш кетуге ыңғайланып.

– Қайда асығасындар... Самаурынға шәй қойдым. Еділбай келсін. Бәріміз отырып шәй ішейік, – деді сыртқа беттеген Орынкүл.

Еділбай үйінен шығысымен қой қораға асықты. Қой қораға кірген бойда көкнар жасырған жерге келді. Қолына көкнар езетін тостағаншасын алып, қалтаға салған көкнардан көбірек алып әбден езді. Сөйтті де дем алмастан жұтып салды. Артынан қасындағы ағаш орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Бетіне бырт-бырт етіп тер шығып, көз алды мұнартты...

Таңдайы кеуіп шөлдеді. Мұндайда су ішуге болмайды. Еділбай орнынан атып тұрып үйіне қарай беттеді. Өткен жолы көкнарды көбірек ішіп, артынан мұздай су ішіп, денесі тырысып қалған еді...

Еділбай үйіне кірген бойда ойланып отырған Есіркепті көріп қабағы тыржиды. Мына көксөкқан әліге дейін мұның үйінде неғып отыр. Тіптен жайғасып алыпты. Оңбаған неме. Еңгезердей болып отырысын қара, бірдене тындырғандай

болып... Қай-қайдағы өтірікті соғады. Қуырдаққа тойып алып, сораптап шәй ішуін қара. Сүт қатқан шәйға қанбайды өзі. Өмірінде шәй көрмегендей.

Орынкүл қолды-аяққа тұрмай, үйге буы бұрқыраған самаурынды кіргізді. Қасына отырып шәй демдеді. Дастарханды жанартты.

– Ал, ыстық шәй ішейік. Қазанға мол етіп ет салып қойдым.

– Рахмет, ішсек ішейік, – деді риза болған Қатыш.

– Едеке, келіңіз дастарханға, – деді Орынкүл күлімдеп. Кемпірінің сөзін екі етпейтін Еділбай оның қасына жайғасты.

Еділбай кеседегі шәйдің ыстығына қарамай, эне-міне дегенше үш-төрт кесені қотарып тастады. Маңдайынан аққан терді қайта-қайта сүртті. Шәйдан қайтар емес. Қасында отырғандарға қарамай шәйді үсті-үстіне сораптай берді. Дастархан басындағылар оның шәй ішісіне таң қалды. Еділбай көкеме не болды, шәй көрмегендей деді іштей Тілеген. Есіркеп аң-таң болып отыр. Еділбайға не болды? Шәй көрмеген бе өзі... Қасқыр болып ұлығалы қатты өзгерді...

Орынкүл дастарханға үлкен табаққа толтырып ет әкелді. Сол-ақ екен, Еділбай әй-шәйға қарамай ең үлкен жілікті алып, аш қасқырша тарпа бас салды. Мұндайды көрмеген қонақтар не дерін білмей аңтарылып қалды. Еділбай сорлы әбден ашығыпты. Өз үйінен қарды омбылап, қырға қашты... Қасқырша ұлыды... Ес-түссіз жатқаны бар. Жесін байғұс, жесін...

– Етке тойып алсыншы, – деді Орынкүл. – Шалым сорпаны да жақсы көреді. Сорпа берейін.

– Едеке, сорпа ішіңіз...

– Кім айтты саған, мені сорпа ішеді деп, – деді Еділбай қолына екінші жілікті алып.

– Сорпаны жақсы көретін едің ғой...

– Қ-қандай сорпа...

– М-м-м...

– Бізге де беріңіз, – деді Есіркеп аузын сүртіп.

– Ішіңіз, – деп кесе толы сорпаны Есіркепке ұсынды.

– Шіркін, жас сорпаға не жетсін! Иісі қандай, өте дәмді екен. Пай-пай... Ет етке, сорпа бетке деген осы ғой, – деді тандайы тақылдап Есіркеп.

Қатыш отырған орнынан қомпаңдай бастады. Бұл оның Есіркепке үйге қайтайық дегені. Есіркеп те етке тойып, жас сорпаға қанып енді үйіне қайтуға ыңғайланған. Сол сәтте Еділбай орнынан атып тұрып Есіркептің қасына жетіп келіп отыра кетті. Көзі аларып, қабағы түксиіп, түрінен адам шошырлық кейіпке түскен. Еділбайдың мына отырысына жол болсын... Құдай сақтасын, тағы не бүлдіргелі тұр деп Қатыш шошып кетті.

– Есіркеп, сен менің әбден қанымды ішіп біттің. Жетер, жетер енді... Жасыратын ештеңе жоқ. Мен Есіркеппен ала арқанды біржола кестім...

– Еділбай о не дегенің... Бүлінген ештеңе жоқ, – деді сөзге араласқан Қатыш.

– Болары болып, бояуы әлдеқашан сіңген... Мен айтарымды әлдеқашан айтқанмын. Айтылған сөз атылған оқпен тең. Есіркеп, сен енді менің жауымсың. Не үшін жауыма айналғаныңды өзін де білесің...

– О, тоба, тоба-а-а... Отыз жылдай бірге қой бағып, көрші болдық. Есіркеп қалай жау болып шыға келді? Ойбай-ау, жау деген пәлені қайдан таптың? Еділбай, есінді жи, – деді Орынкүл.

– Еділбай, расында саған не болған? Топас, есуас деуге аузым бармайды. Сол бір адасып келген байғұс балаға бола жанжал шығарғаның дұрыс па? Бұлай жанжалдаспайық. Менің оған қатты жаным ашиды. Өзі бір тағдыр тәлкегіне ұшыраған жақсы жігіт. Қатыш оны емдеп, аяғына тұрғызды...

Бірақ әлі біртүрлі есін жия алмай, өзінің кім екенін есіне толық түсіре алмай жүр... Әліптің сонын күтейік. Жағдай осылай, – деді Есіркеп орнынан тұрып.

– Орынкүл, ниетіңе, дәм-тұзыңа көп рахмет. Келесі кезек біздікі. Біздің үйге келіндер. Бәрінді тамаққа шақырамын, – деп Қатыш та сыртқа беттеді.

Еділбай қолы қалтырап бірдеңе дегелі оқтала беріп еді Орынкүл отыр дегендей қолын көтерді. Еділбай бірден сабасына түсті. Орнынан қозғалмай отыра берді. Несін айтасың, Есіркеп пен Қатыш таң қалып қуанып кетті. Орынкүлге алғыстарын айтып, үйлеріне қарай аяңдады.

Екеуі өз қораларына таянып қалған. Кенет Есіркеп артына еріксіз жалт қарады. Сөйткенше болған жоқ, қаракер атына мініп алған Еділбай қолындағы оралған арқанды Есіркептің басына қарай лақтырды. Есіркеп те өте сақтық жасап, қарға жата қалды. Еділбайдың құрығы оған ілікпеді. Осы кезде қатты ашуға булыққан Есіркеп екі қолын көтеріп, бар даусымен атты үркітті. Мұндай әрекетті күтпеген Еділбай ат үстінен қарға жалп ете түсті. Аты сол бойда қаша жөнелді. Үсті-басындағы қарды қаққылап, орнынан зорға тұрған Еділбай қарқылдап күліп тұрған Есіркепке бас алды. Жеткен бойда оң қолымен оң жақ құлақ шекесінен періп қалды. Есіркеп бұғып қалды. Қолы ауа қармаған Еділбай бар екпінімен тағы да қарға омақаса құлады. Жығылған күреске тоймас дегендей Еділбай орнынан атып тұрып тағы да ұмтыла бергенде Есіркеп қолына шарбақтың бір ұзын ағашын суырып алып:

– Жақындап көр осыдан, мына ағашпен желкеңді үзейін. Сорлатамын. Мүгедек қыламын. Құры, көзіме көрінбей. Ақылынан алжасқан бейшара неме... Мен сенен қорықпаймын.

– Мен де сенен қорықпаймын.

– Еділбай, сен расында есіңнен адасқансың. Менің үйімдегі байғұс жігітте не ақың бар?

– Ол жігіт қашқын. Қашқынға қалай жаның ашиды. Айтқаным айтқан. Сенің қашқынды үйіңе жасырып отырғаныңды, өкіл бала етемін дегенінді елдің бәріне жаямын. Сені де, қашқынды да түрмеге қаматамын. Көрейін сендердің әуселелерінді сонда. Көздерінді көкшитіп түрмеден бір-ақ шығарамын-н-н...

– О-о-о сорлы Еділбай! Сенің миың шіріп кеткен екен. Жағыңа жылан жұмыртқаласын.

– Маған өйтіп тіл тигізуші болма. Жағыңды айырамын.

– Мынау не деп сандырақтап тұр?

– Сен қашқынды үйіңе жасырған қылмыскерсің.

– Жетер енді. Сөз сүйектен өтеді... Тым дандайсып кеттің. Ақылға кел.

– Ақылың өзіңе. Ақылгөйсігенінді полиция алдында көремін...

– Болды, жетер енді Еділбай! Басыңның аманында үйіңе қайт. Қазір қайтпасаң, сүйегің ит-құсқа жем болады. Сенің жалаңмен сотталғанша, басыңды жарып түрмеге түсейін. Кел, кел, жақында бері.

– Еділбай, Құдайдың қарғысына ұшырамай тұрғаныңда үйіңе қайт. Қазір кетпесең, қарғаймын. Менің қарғысыма ұшырағандар екі дүниеде де оңбайды... Біліп қой, – деді Қатыш долданып.

– Еділбай, үйіңе барып ойлан... Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Ақылға кел. Әйтпесе, таяқтың бір ұшы өзіңе тиеді, – деді Есіркеп сұқ саусағын шошайтып. – Қатыш дұрыс айтады. Көршілік парызымызды ұмытпайық. Біздің үйге Орынбасар пайда болғалы арамыздан дау-жанжал арылмайтын болды. Оған сонша неге өшіктің? Ол тағдыр тауқыметін жастайынан тартқан сорлы біреу. Бірақ ол жақсы жігіт. Оған әлі көзің жететін болады. Бәріне уақыт төреші... Сен буынсыз жерге

пышак ұрма. Сен расында ақыл-есіңнен адаса бастаған секілдісің, – деді Есіркеп оны жөнге шақырып.

Бірақ, Еділбайдың тасқа айналған жүрегі жібір емес. Көзінің алды біресе тұманданып, біресе қарауытады. Қаны басына шауып, екі құлағы шуылдап кетті. Өн бойын ыза кернеді. Есіркеп пен Қатыштың ақылға шақырған сөздерін құлағына да ілер емес. Өшпенділікке толы жүрегі бұлардан қалайда кек алуды ойлап тұр. Есіркепті жек көргені соншалық, қолына түссе шайнап тастаудан тайынар емес. Ақылдарына түкіргенім бар деді іштей. Сонша ақылды болсаңдар қайдағы бір қашқын ба, қанішер ме, қаңғыбас біреуді үйлеріңе паналатпас едіңдер. Өздерінше маған ақыл айтады. Білгішсінеді түге.

Әсіресе Қатыштың сөзі өңменімнен өтті. Қарай көр, қарғаймын дейді. Сені әлі зарлатармын-н-н... Қаңғып жүрген біреуге камқоршы бола қалуын. Өкіл бала қыламын дегені не сандырақ... Көрсетемін бала қылғанды. Әлі-ақ қой қораларыңды таба алмай қаңғып кетесіңдер. Еділбайдың кім екенін сонда білерсіңдер. Қап, бәлем! Қар еріп, көктемнің келгенін күтуіме тура келеді. Шыда Еділбай, шыда! Әзірше үйге қайтайын деп шешті Еділбай тісін қайрап.

Оның әзірге ұйғарымы осы болды. Әп-сәтте жындысүрей, ұрда жық мінезінен қайтты. Қолын бір сілтеді де, бұрылып алып үйіне қарай аяғын нық басып жүріп кетті. Мұнысына аң-таң болған Есіркеп пен Қатыш біразға дейін оның соңынан қарап тұрды...

– О, тоба, тоба! Бұл не деген адам, – деп Қатыш оның артынан бір түкірді.

VII-ТАРАУ

– Не айтып отырсың, әумесер неме! Мен саған не үшін үйіп-төгіп ақша төлеп отырмын, Бектас? Сен із-түзсіз жоғалып кеткен Орынбасарды жерге кірсе шашынан, аспанға ұшса аяғынан сүйреп маған әкелуің керек. Өзің менің ең сенімді адамымсың. Қарамағыңда бес адам бар. Он күннен бері не бітірдің? Орынбасарды таптың ба?

– Орынбасардың суретін тыңшыларыма беріп, жан-жаққа жібердім... Жерге кіріп кеткендей жоқ, әлі таба алмай жүрміз... – деді Бектас кипақтап.

– Доғар сандырағыңды! Қалай-қалай сөйлейсің... Жерге кіріп кететіндей ол қазық па еді? Патрик маған бір ай уақыт берген. Он күннің ішінде Орынбасарды тауып, оның ғылыми жаңалығын қолыма әкелмесең, өз обалың өзіңе, – деді тістенген Ескермес үстелді тоқпақтап.

Ашудан түрі өрт сөндіргендей болып, аузынан түкірігі шашырады. Бүкіл денесі дірілдеп, қалш-қалш етті. Пайда табамын деп сау басына сақина тілеп алған Ескермес бүгінде адам танымастай болып өзгеріп кетті. Жүзі түтігіп, суық тартқан. Тамағы тоқ болса да екі жағы суалып, ұсқыны қашқан. Ескерместі уайым іштей жегі құрттай жеп барады...

– Ескертемін, Орынбасарды қолға түсірсеңдер дөрекілік жасап қыспаққа алып, ұрып-соқпандар. Оның құнды ғылыми жаңалығын айла-шарғымен аман-есен қолға түсіруіміз керек... Құлағыңа кұйып ал, айла-шарғымен... Жандайшап жігіттеріңе осыны дұрыстап түсіндір. Жігіттерің ұрда жық емес пе? Ертең өкініп қалмайық.

– Түсіндім, бәсеке, түсіндім...

– Сендер Орынбасардың қолын кісендеп, алдарыңа салып жүрмендер. Ол қылмыскер емес. Өте дарынды жас ғалым. Біздің өміріміздің жақсаруы Орынбасардың тапқан жаңалығына байланысты... Оны айламен, қулықпен ғана өз мақсатыма пайдалануым керек.

Бектас, егер Орынбасарды аман-есен алдыма алып келсең, бәріне 50 мың доллар үстеме ақы төлеймін. Осы сөзімді жігіттеріңе жеткіз. Мен уәдемде тұрамын. Анау-мынау деп созбалаңға салма... Қане, енді дұрыстап түсіндірші. Орынбасарды қай жерлерден іздеп жүрсіндер?

– Біз оны Алматы қаласындағы ғылыми-зерттеу орталығының ауруханасында жатқан жерінен бастап іздеуге кірістік.

– Дұрыс, өте дұрыс. Оның ізіне жақсы түсіпсіндер. Әрі қарай айта бер.

– Қысқасы, ауруханада Орынбасардың аяғын емдей алмапты. Арбаға таңылыпты. Бірде күтпеген жерден Орынбасардың екі аяғын ғайыптан пайда болған ақ қасқыр емдейді. Адам сенгісіз ертегідей бірдене әйтеуір... Осы өтірікке мен сенбей қойдым. Алматы қаласының қак ортасындғы он қабатты ауруханаға ақ қасқыр қайдан кірген десеңізші?! Мұнысы тіптен ақылға сыймайды...

– Бектас, бұл оқиғаны естідім... Айта бер.

– Басеке, Орынбасар ауруханадан аяқ-қолы емделіп, қашып шығыпты...

– Солай ма... Оның ауруханадан қашып шыққанын естімешпін...

– Ол ауруханадан қашып шығып, Алматыдағы II-темір жол вокзалында жүк тасушы болып істепті... Одан әрі қарай қайда кеткенін білмей жүрміз. Жігіттерім күн-түн демей іздестіруде.

– Сенің мұндай іске тәжірибең жетерлік. Неғып аңқиып жүрсіндер. Орынбасардың суретін бердің бе?

– Ескермес аға! Сіз де қызық-қызық сұрақ қоясыз, Суретсіз қалай іздейді. Әрине, бердім...

– Е-е-е, бәсе... Ендеше неге Орынбасарды таба алмай жүрсіндер? Із кесуші жігіттерің тәжірибелі ме?

– Әрине, әрине. Өте тәжірибелі жігіттер. Арнаулы сынақтардан өткізіп, жұмысқа алғанмын. Байқампаз, іскер жігіттер. Жұмыстарына жауапты. Біз жұмысты жасырын түрде істейміз.

– Бектас, жұмыс өте құпия түрде жүрсін. Полицияны бұл іске араластырмандар. Олар білсе, күніміз қараң болады... Жағалылардың қармағына ілінбе... Барынша сак болындар! Жігіттерің сенімді ме?

– Ой-й-й, бәсеке! Сенбесем мұндай құпия жұмысқа шақырмас едім ғой. Әрине, сенемін. Өзіме қалай сенсем, жігіттеріме де солай сенемін.

– Жарайды, жарайды Бектас, сен менің сөзіме шамданба.

– О не дегеніңіз. Жұмыстың аты жұмыс...

– Қысқасы, осы тапсырманы ойдағыдай етіп орындасандар, бұл дүниеде шалқып тұрып өмір сүресіндер... Бәріміздің асығымыз алшысынан тұрғалы тұр... Сол себептен күндіз-түні шапқыландар, ұйқыны кейін ұйықтайсындар. Алдымызда жарқыраған жақсы күндер келе жатыр. Қимылдаңдар, іздендер. Орынбасар өзін ідеп жүргенін білмейді. Сол себептен жасырынбай, емін-еркін жүріңдер. Оны оп-оңай қолға түсіруге әбден болады... Жігіттеріңе Орынбасармен кездескенде сөзді неден бастау керектігін үйреттің бе? Қане, маған айтшы...

– Сіз Орынбасар атты атақты ғалымсыз ба? Біз сізге көмек беру үшін келдік.

– Мынауың тапқырлық! Тапқырлық-к-к.

– Жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалығыңызды бүкіл әлемге таратамыз.

– Бектас, неткен қусындар.

- Біз де білеміз, қалай жұмыс істеу керектігін.
- Көңілім сәл де болса орнына түсті.
- Ескермес аға, несін айтасыз. Менің жігіттерім бұдан да қиын мәселелерді шешкен... Біз шешпейтін мәселе жоқ...
- Сендер қайдан келдіңдер десе ше?
- Қазақ ғылыми-зерттеу институтынан келген кіші ғылыми қызметкерміз деп арнайы жасалған жалған куәліктерді жасатып бердім.
- Ой, мынауың керемет екен. Бәрі үйлесімді, күмән келтірмейді. Сендер нағыз таптырмайтын агент екенсіңдер. Әзірге тапанша берген жоқпын. Қазір қарудың керегі жоқ... Керек болып жатса беремін.

Иә, айтпақшы бір мәселе естен шығып барады екен. Агенттеріңнің түр-әлпеті қандай? Мейірімді, жылы жүзді ме? Жоқ, қабақтарынан қар жауған қара сақалды, қара көзілдірікті ме?

– Бұл ең негізгі мәселе! Үшеуінің сақалдары да, қара көзілдіріктері де жоқ. Жылы шырайлы, үнемі күлімдеп жүретіндер. Шаштары да қысқа алынған. Бәрі ақ көйлек, қара костюм киген. Мойындарында қызыл галстук тағынған.

- Бектас, ту-у-у, мынауың расында да керемет екен.
- Сізбен таныстырайын ба?
- Жо-жоқ, керек емес. Орынбасарды жоспардағыдай етіп тапқаннан соң оны маған әкелмендер. Орынбасар мені көрсе сенімсіздік білдіреді... Бүкіл жоспарымыздың күллі көкке ұшады. Қысқасы, ғылыми жаңалық жазылған құжаттарды Орынбасардан аласыңдар. Тез маған жеткізесіңдер. Мен келіскен қаржыны сол заматта қолдарыңа беремін...

- Орынбасарға не істейік?
- Оның тағдырын мен шешемін. Маған жер сілкіністі тоқтату туралы құжаттарды әкелші. Жеткізші маған тезірек. Тапсандаршы. Табылды ма? Табылмады...

– Дұрыс айтасыз, Ескермес аға. Жарайды, жарайды-ы-ы...

– Әйтеуір Бектас, көңілімді бір көтеріп тастадың. Саған осы жауапты құпия жұмысты тапсырғанымға өкінбеймін.

Екеуара болған осы сөздерден кейін Ескерместің көңілі көтеріліп, кеудесін кере дем алды. Еңсесі көтерілді. Жан-жағына рахаттанып қарады.

Орынбасар, тегі сенің осындай жаңалық ашқаның үшін рахмет. Сен осы жаңалықты ашпағанда менің жағдайым қиын болатын еді. Қайтіп күн көретін едім. Есебін тапқан екі асар деген міне, осы. Есебін таппасаң аштан өлесің. Мен өйтіп аштан өлгім келмейді. Әрекет түбі берекет.

Ескермес Бектаспен мән-жайды әбден егжей-тегжей зерделеп сөйлескеніне өте риза болды. Әттең-ай, әттең... Бар мәселе Бектас пен оның үш тіміскі жігіттеріне байланысты. Әйтеуір, жоспарлары жап-жақсы. Бәрінен бұрын ақ көйлек, қара костюм, қызыл галстук таққандары қандай жақсы болған. Мұнтаздай киінген, күлімдеп тұрған Қазақ ғылым академиясының кіші қызметкеріміз дегеніне Орынбасар оңай сенеді. Несін айтасың өте тамаша ойластырылған.

Тегі Бектас өз ісінің білгірі. «Жылы-жылы сөйлесен, жылан інінен шығады» демекші, іші-бауырына кіріп, қалай да құжаттарды алу керек. Иә, Бектастың жігіттері ұрда жық болмай, сыпайы болғаны қандай керемет. Орынбасар біздің қулығымыздан мүлде бейхабар болуы керек...

Бектас қасына Бек атты тыңшыны ертіп, Алматы қаласынан Орынбасарды іздеуге аттанды. Күн райы күрт бұзылып, қалың қар жауды. Көше-көшелерде сапырылысқан адамдар легі көп. Бектас мәшинесін үйіне тастап жаяу шықты. Көшелер мен саябақтарды, автовокзал мен теміржол

вокзалдарын аралауға кірісті. Екеуінің де сырт киімдері жинақы. Үстерінде қысқалау елтірі жағалы тон. Қара костюм мен ақ көйлекке таққан галстукті мойындарына адам көзі бірден түсетіндей етіп байлаған. Қолдарында теріден тігілген қымбат қол сөмке. Көрген, кездескен адамдар сүйсіне қарайды.

Екеуі таксилетіп Сайран автовокзалына келді. Келген бойда ішіне кірді. Бос тұрған орындыққа жайғасты. Демдерін алып, өздеріне келді.

– Бек, біздің жұмыстағы ең маңызды әрекет не?

– ?!

– Орынбасарды кездестіргенде психологиялық тұрғыдан дайын болуымыз керек. Оны өзімізге тартып, ғылыми жаңалығын іске асыруға тікелей көмек беретінімізді дәлелді түрде жеткізу. Әрмен қарай жаңалығы жазылған ғылыми еңбегін алуымыздың жолдарын ойластыру...

– Мұныңыз ақылға қонымды, Бектас аға. Неткен айлакер, психологсыз а-а-а?!

– Бек, орынды айттың. Алдымызға қойған мақсатты іске асыру үшін ықпал етуімізді, өз жағымызға тартуымызды ойлан... Солай, солай...

Кенет Бек бірден:

– Есіктен кірген қолында сөмкесі бар жігітті қараңызшы. Қателеспесем суреттегі Орынбасардың дәл өзі... Дұрыстап қараңызшы.

Бектас бір сәтке сәл абдырап қалды. Орынбасардың өзі... Бұл қайдан келе қалды? Құдай берді деген осы болар. Киген киімі де жұпыны. Ғалым адамдар киіміне мән бермей жүре береді.

– Бек, Бек, мынау біз іздеп жүрген Орынбасардың дәл өзі. Әріректегі ығы-жығы жолаушыларға бармай, шеткерірек орындыққа келіп отырды. Асығыс емес. Жүр қасына барайық. Мен бастаймын, сен қоштап отыр, – деді

Бектас сөмкесін қолына алып, өздері іздеп жүрген жігітке қарай аяңдады. Қасына таяп келіп отырды да күлімдеп:

– Саламатсыз ба?! – деді.

– Саламатсыз, – деді ол аң-таң болып. Бұл кім деді іштей таңырқап. Шырттай киініп алған өзі. Тыныштық болғай.

– Қасыңызға отыруға бола ма?

– Әрине, әрине, отырыңыз.

– Сіздің атыңыз Орынбасар ғой.

– Атымды неге сұрадыңыз? М-м-мен ештеңе бүлдірген жоқпын... Иә-ә, атым Орынбасар...

– Қорықпаңыз...

– Сіздер кімсіздер?

– Біз Қазақ ғылым академиясының кіші ғылыми қызметкерлеріміз. Менің атым Бектас, қасымдағы жігіт Бек.

– Келіңіздер...

– Жақын жердегі мейрамханаға арнайы тамаққа шақырамын...

– Рахмет-т-т, ыңғайсыз ғой. Танымайтын адаммен мейрамханаға бармаймын.

– Шын ниетпен шақырамын. Қысылмаңыз...

– Мейрамханаға бармаймын. Асхана, кафеге барсақ-қ-қ... Бейтаныс адамды тамаққа шақырғаныңыз қызық екен...

– Түсінемін... Бейтаныс адам деп отырсыз ғой. Сізге құрмет көрсеткім келіп тұр. Ұялмаңыз...

– Келістік, кафеге барсақ барайық... Маған не себепті құрмет көрсетпекшісіз? Қандай құрмет-т-т. Түсінбедім...

– Жүріңіз, жүріңіз... Шәй ішіп отырып әңгімелесейік...

– К-к-келістік, – деді бейтаныс жігіт амалсыздан алға басқан аяғын кері тартып. Мыналар өзі кімдер? Мені тамаққа шақырып несі бар? Тамаққа тойғызып алып, ауылға апарып қой баққызбақшы ма? Түрлеріне, киген киімдеріне қарасам жібі түзу жігіттер сияқты... Несіне келісе қойдым.

Тамақ ішкізіп алып, ақшасын төле деп қарыз қылып масқара етпекші ме? Бірақ, жүздері жылы екен... Соған да шүкір. Маған екі ай қой баққызған. Өзер дегенде әуірімдеп қашып құтылдым... Бір жақсысы, жеке куәлігімді бермей тығып қойғаным қандай жақсы болған десейші... Мыналар мені мазақ етпекші ме? Жоқ әлде қайыршыға санап, жандары ашып жүргендерден бе?! Не де болса өте сақ болуым керек. Киген киімім жұпынылау болса да түрім адам шошырлық емес қой. Бет-аузым бұзылмаған. Өн бойын үрей билеген жігіттің көз алдына қайдағы-жайдағы нәрселер тізбектеліп келе берді. Өттеген-ай, несіне келісе қойдым екен...

Қалтасында жолкірелік қана азын-аулақ тиын-тебені бар жігіт расында да қатты сасайын деді. Не де болса әйтеуір ұрлық жасап, қылмыс жасаған жоқпын ғой. Пагон таққандарды көрсе қорықпай, едірейіп жүреді. Басын төмен салып, бұқпантайламайды. Керісінше, басын жоғары көтеріп, кекірейіп шығады. Автовокзал ішінде де әрі-бері аралап жүрген пагондылар мұны көрсе де көрмегендей қастарынан өте шықты.

Осыдан кейін жігіттің желкесі күжірейіп, сәл батылданғаны арқасында әдемі киінген екі жігітке кафеге барып шәй ішуге келісті. Дегенмен ұрда жық жігіттерден емес. Бәрібір сақ болуым керек. Егер анау-мынау деп жұмысқа жеккелі жатса, алды-артыма қарамай кафеден зыта жөнелейін. Ғылыми-зертеу орталығынан болса, екеуі де жас ғалымдар ғой. Менің ғылымға не қатысым бар? Әліптің артын бағайын...

Үшеуі кафе ішіне кіріп, арнайы кабинаға жайғасты. Кабина іші уақыт талабына лайық жасалған. Жұмсақ тері дивандар, үстіне роза гүлі қойылған стол. Тізе үстінен бір қарыс жоғары көйлек киген даяшы қыз жетіп келді.

– Қош келдіңіздер! Қандай тағамға тапсырыс бересіздер?
– деді сыпайылап.

– Кафенің ең дәмді тағамдарын, сонымен бірге бір бөтелке таза арақ, қалғанын қосымша айтамын, – деді Бектас даяшы қызға сұқтана қарап.

– Кешіріңіздер, бір сәт күте тұрыңыздар, – деп даяшы қыз өкшесін тықылдатып кабинадан шығып кетті.

Даяшы қыз мол етіп қой етінен қуырылған үш қуырдақ, артынша бір бөтелке таза арағын жеткізді.

– Ал, жігіттер, ас дәмді болсын! – деді Бектас қуырдақтан дәмауыз тиіп.

Бек үш рюмкеге арақ құйды.

– Жігіттер, таныстық үшін алып қоялық, – деп өзі рюмкедегі арақты қағып салды.

Бек те одан қалыспай рюмкесін босатты. Екеуінің артынан бейтаныс жігіт те солай етті. Көңілдері жай тауып, рендері кірген үшеуі қой етінен пісірілген қуырдақтан біраз қарбытты.

– Қуырдақ шынында да өте дәмді пісіріліпті. Аузына салсаң уылжып тұр. Дәмі қандай, пай-пай...

– Бек, тағы бір рет құйып жібер. Әңгімемізді сосын бастайық, – деді Бектас рахаттанып.

Құдайға шүкір, іздеген Орынбасарымыз да оп-оңай табылды... Алдымызда отыр-р-р...

– Ал, жігіттер, денсаулық үшін! Алындар, алындар...

Бейтаныс жігіт те арақты суша ішетіннен екен, бұл жолы бәрінен бұрын алып тастады. Тәбеті ашылып, қуырдақты да рахаттанып жеді. Бәрінің де көңілдері жайланып, орнына түсті.

Бектастың маңдайы жалтырап, терлей бастады. Өзін көптен бері ойлай-ойлай қажытқан уайымнан арылғандай. Жұмсақ теріден жасалған диванға шалқалай отырды. Рахаттанып, қарсы алдында екі беті нарттай болып отырған Орынбасарға сүйсіне қарады. Тезірек шынын айтқызу үшін мұны ұрып-соғып, қорқытып, жер сілкіністі тоқтату

туралы ғылыми жаңалығын айтқызу қиын. Бұл әдіс мүлде болмайды. Сол себептен күн тәртіптен не істеу керек дегенді мүлде алып тастау керек. Мұның арақ ішісі ұнады. Яғни, әбден мас қылып ішкізуіміз керек. Көп ішкізіп есінен тандырсақ, жаңалығын айта алмай қалады... Айтқанын өтірік қоштаған болып отырып есін білгенше ішкізейік. Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады деп босқа айтылмаған.

Үшеуінің әңгімелері жарасып, бір-біріне күле қарап отырды. Бектас негізгі әңгімеге көшуге әлі ертерек деп шешті. Бекке қарап көзін қысты...

– Даяшыны шақыр. Орынбасардың құрметіне мен тағы бір бөтелке қоямын.

– Құп болады, бәсеке, – деді есікке беттеген Бек. Көп кешікпей өкшесі тықылдаған, тізесінің үстінен келетін көйлек киген сұлу даяшы қыз тағы бір бөтелке арақты стол үстіне сыпайылықпен әкеп қойды. Өзі де қысқа көйлегін жоғары көтеріп, сымбатты біткен жуан санын әдейі көрсетті. Тағы не бұйырасыз дегендей ұзын жалғамалы кірпігін қағып-қағып жіберді.

Кабинада отырған үшеуінің де жүректері дүрсілдеп кетті. Сұлу даяшыны қазір көргендей бастан-аяқ сүзіле қарады.

– Сұлу қарындас, атыңыз кім? – деді сүйсінген Бектас.

– Бексұлу.

– Қандай керемет есім.

– Атыңа затың сай нағыз сұлудың өзі екенсің.

– Сіздерге тағы не қажет? Бізде жаныңызға керектің бәрі бар ғой, – деді Бексұлу бөксесін бұраңдатып тұрып.

Бектастың жүрегі шым ете қалды. Дегенмен, өзі бір өзгеше сұлу қыз екен. Сенімен кейінірек келіп дұрыстап таныспасам, Бектас деген атым құрысын... Алдымен негізгі мәселені шешіп алайық, саған кезек сосын келер деді іштей.

– Айдай сұлу Бексұлу, өздеріңнің фирмалық салатыңды жеткіз, – деді Бектас назданып, басқа нәрсеге тапсырыс берер ме екен деген үмітпен бұрандап тұрған даяшыға.

– М-мейліңіз-з-з...

– Ал, Бек, аш екінші бөтелкені. Үш жігітке бір бөтелке не болады? Ішкеннен кейін дұрыстап ішейік...

– Бір ауыз сөзіңіз мен үшін заң, – деп Бек бөтелкені қолына ұстап, үшеуінің алдындағы рюмкеге толтырды.

– Ғылым үшін алып қояйық, – деді Бектас екеуімен рюмкесін соғыстырып.

Үшеуі әй-шәй жоқ тартып-тартып жіберді. Кабинаға Бексұлу даяшы ұзын істікке тығылған шашлық әкелді.

– Біздің фирмалық шашлық. Арнайы құрметті меймандар үшін әзірленген. Қазақ ет дегенде бет бар ма дейді ғой. Шетелдік тағам әзірлемейміз. Өзіміздің ұлттық ас мәзіріне ештеңе жетпейді ғой, – деп күлім қақты Бексұлу даяшы.

Бектас арақтың уыты мен даяшының сұлулығына тамсанып, ойы сан-саққа кетті... Өзін бір арнайы бөлмеге шақырып, жақсылап көңіл көтеретін қыз екен. Негізі тапсырманы бір жақты етейін, сосын өзінді бір кешкі қонаққа шақырамын сұлу қыз деді іштей... Сұлу даяшы да кабинадан сызылып әзер шықты-ау.

– Бексұлу, тапсырыс болса айтамын...

– Келістік, келістік. Күтемін... – деп даяшы қыз кабинаның есігін жайлап қана жапты.

– Жігіттер, бүгін бәріміз үшін қуанышты күн... Бек, құй арағыңнан, – деді Бектас көңілденіп.

– Бір ауыз сөзіңіз, – деп Бек рюмкелерге сыздықтатып арақты құя бастады.

– Бұл тостты арамызда отырған құрметті қонағымыз Орынбасар үшін алып тастайық...

– Ура-а-а, – деді оның сөзін қоштаған Бек...

Үшеуі рюмкедегі арақты қағып салды. Сөйтті де семіз қой етінен пісірілген шашлыққа бас қойды. Бәрінің де тәбеттері ашылып, дәмді шашлықты ойсырата жеп, ауыздарын жұмсақ сүрткішпен сүртіп, тістерін тазалауға кірісті.

Бектас диванға шалқая түсіп ойланып отыр... Көңіл-күй көтерілді. Қарын тойды. Арақ ішілді. Енді негізгі мәселеге көшетін уақыт жетті. Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады деп Орынбасарға сұрақ қоя отырып, қалайда жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалығын қолға түсіруім керек. Жылы-жылы сөйлейін.

– Құрметті Орынбасар! Сіз менің сөзімді ынтышынтыңызбен мұқият тыңдадыңыз. Біз болсақ сіздің атағыңызды жер жүзіне таныту үшін көмек беруге келдік. Әлемге танылу қиын... Сіз өте талантты ғалымсыз. Бүгінге дейін елеусіз, ескерусіз жүрсіз. Бұл әділдік емес...

– М-м-мені кешіріңіз-з-з...

– Сәл сабыр сақтаңыз. Мені асықпай сабыр сақтап, сөздерімді соңына дейін тыңдаңыз... Мен сізге арнайы сөз беремін. Сол кезде әбден ойланып жауап бересіз... Келістік пе?

Оның мына сөздерінен кейін Орынбасар көз алды қарауытып, басы айналды. Құлағы шуылдады... Мәселенің мән-жайын жөнді түсінбеген ол аңтарылды. Не де болса әліптің артын бағайын. Сөздері жаман емес. Бұлар мені қара жұмысқа салып, үй салдырып, жапан далаға апарып қой баққызатындардан емес екен. Онысына да Құдайға шүкір.

– Әрине, әрине, сөзіңізді мұқият тыңдаймын... Сіз сөйле дегенде ғана сөйлеймін.

– Дұрыс, дұрыс... Сонымен сөзімді әрмен қарай жалғастырайын. Сіз секілді қазақта аса талантты жігіт әзірге біреу-ақ... Ол сізсіз Орынбасар! Қазақ сіз сияқты біртуар жас ғалымын танып, құрметтеп, мақтан тұтуы керек. Қашанға

дейін өзгелерді құрметтеп, пір тұта береміз? Осыны ойласам бар ғой намысым келеді. Осы жаман қасиеттің тамырына бүгіннен бастап балта шабайық. Өзгелерге табына береміз, табына береміз... Әлем қазақ халқының да өте дарынды екенін білсін. Енді сіздің арқаңызда қазақтың қандай екенін білетін болады... Құдайға шүкір, осындай дарын иесін дүниеге әкелген ата-анаңызға да рахмет-т-т... Бұл енді рас қой, тәйірі-ай-й-й...

Сонымен негізгі мәселеге көшейін... Орынбасар, сіз адам баласының ақылы жете бермейтін жер бетіндегі адамзат баласына ғасырлар бойы табиғи апат атанып келген жер сілкінісін тоқтату туралы бұрын-соңды тірі пенде аспаған жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми дәлелді жаңалық ашыпсыз... Сіз енді бізге осы жаңалықтың қағазға түскен және компьютерлік нұсқасын тапсыруыңыз керек... Біз ол жаңалығыңызды Қазақ Ғылым академиясына апарып тапсырамыз. Сөйтіп, жаңалықты жедел түрде қолдануға көмек береміз... Біздің көмегімізсіз жаңалығыңыз Қазақ Ғылым академиясына оңайлықпен қабылданбайды...

Жол-жөнекей көре алмайтындар кес-кестеп жоқ қылады... Кейбіреулер бізді дала қазақ, оқымаған қазақ дейді. Сіз бізге ашқан ғылыми жаңалығыңызды берсеніз, ондайлардың аузына құм құямыз әлі-ақ... Оны өзің де көресің әлі, куә боласың. Сонда бір рахаттанып тұрып бар даусыңмен даланы басыңа көтеріп күлетін боласың. Сенімен қосылып біздер де риза болып күлеміз. Ха-ха-ха...

Бектастың сөзіне риза болған Бек пен Орынбасар да бар даусымен рахаттанып бір күлісті-ай... Бәрінен бұрын қыран-топан күлкіден көзінен жас парлап, аузынан түкірігі шашырап, екпіндей күлген Бектас біразға дейін күлкісін баса алмады.

Әлден уақытта:

– Күй арақтан, бүгін ішпегенде қашан ішеміз, – деді бетін орамалмен сүртіп отырған Бектас. Бекте жан бар ма, бір ауыз сөзге келмей рюмкелерді араққа толтырды.

Орынбасар да кедейдің бір тойғаны шала байығаны дегендей араны ашылған. Бектаспен келіскен уәде бойынша әзірге жұмған аузын ашпай, сөйлемей отыр.

– Ал, құрметті мейман... Сөз кезегі өзіңізде. Енді бізді қуант. Қане, кане-е-е...

– К-к-кешіріңіздер... М-м-мен сіздер іздеген жас ғалым Орынбасар емеспін... Адамға адам ұқсайды ғой. Менің түрім сіздер іздеген Орынбасарға ұқсағанымен, мен жәй ғана жалданып уақытша жұмыс істеп жүрген «шабашникпін»... Иә, иә, «шабаншиқпін»...

Осы сөздерді жалынышты айтқан ол әрмен қарай аузы қисаңдап бар денесімен Бектастың аяғына құлап түсті де аяғын құшақтай алды.

Біткен жерім осы шығар... Бағанадан бері менің асты-үстіме түсіп құрметтегендері осы екен ғой. Ендігі күнім не болмақ? Тамағын тойып жеп, арағын сіміре іштім... Үйлерінде жұмыстары болса қалайда істеуім керек. Солай құтылмасам, өлген жерім осы шығар... Бұлар менің атымның Орынбасар екенін қайдан біліп алған? Енді не істеймін? Табан астында басыма бәле тілеп алдым-ау. Бәле бассаң аяқ астында деген осы екен ғой. Өзіммен-өзім жүрген қарапайым ғана жұмысшы едім... Енді, міне, мә саған! Жас ғалымсың дей ме... Қайдағы ғалым?! Ауылда әуірімдеп жүріп орта мектепті әзер дегенде бітірдім...

Бектастың екі аяғын тас қылып құшақтап алған Орынбасар бір жағынан шала мастығы бар, бір жағынан қорыққаны бар, бір кезде зарлап тұрып жылады. Осы қалпында зарлаған үстіне зарлай түсті.

Бектастың таң қалғаннан аузы ашылып қалды. Мынаның Орынбасар екені рас. Кескін-келбеті Орынбасарға қатты

ұқсайды. Сонда біз қателестік пе? Мүмкін емес... Сорлының зарлап жылауына қарағанда ашқан жаңалығы тірі жанға керек болмай, әбден қапа болып, тіптен, ақыл-есінен адасқан ғой... Мынау жынданған-ау-у-у... Ойбай, зарлауы жаман ғой. Дені сау, ақыл-есі дұрыс адам осылай зарлай бере ме? Даусы өңменімнен өтіп, бүкіл сай-сүйегімді сырқыратты ғой. Не істеймін енді? Бәрі ойдағыдай, әп-әдемі болып келе жатыр еді ғой. Бұл сорлыны арнайы аппаратка отырғызып тексеру керек. Бұл бізді өтірік алдап отыр. Зарлауын қояр емес. Керісінше үдете түсті... Мені ақымаққа санап отыр. Сырын бірден лақылдатып айта салатын ақымаққа ұқсамайды, пысық бәле ғой, түге. Қарай гөр, а-а-а...

Бектас қасында не істерін білмей бұйрық күтіп отырған Бекке қайта-қайта қарады. Бектің де рәпәті ұшып кетті. Бектас қолымен Бекті ымдап шақырып, көтер дегендей белгі берді. Бек Орынбасардың екі қолтығынан ұстап орнынан тұрғызып, қасындағы диванға отырғызды.

– Орынбасар, інім, мұның не? Не болды сонша?!

– ?!

– Орынбасар... Бізден қорықпа...

– ?!

– Сөйле, сөйле, Орынбасар...

– ?!

– Орынбасар, ауырып қалдың ба? Біз сені өзіміздің ауруханаға апарайық... Тексерілуге барсаң бес жүз доллар беремін...

– Басым-м-м қатты ауырып, тілім күрмеліп қалды. Сәл-пәл өзіме келдім. Шынымен бес жүз доллар бересіз бе? – деді Орынбасар сәл өзіне келіп.

– Иә, бес жүз доллар беремін. Кеттік, – деді Бектас атып тұрып. Мұны ақша беремін деп алдап апаруым керек екен ғой... Тілі сөйлеуге келмей қалып еді, енді қарашы сайрап

кеткенін. Ақша не істетпейді... Қап, бірден аппаратқа апаруым керек еді...

– Жүріңіз, денсаулығыңызды дұрыстап бір тексертейік...

– Соңғы рет қашан тексерілгенім есімде жоқ.

– Бек, біз сыртқа шыға берейік. Сен даяшымен есептес.

Ақшасын төле.

– Әлбетте.

– Орынбасар, жүріңіз кеттік.

– Мен әзірмін...

Бектас өздері жетілдірген «шындық» айтқызатын аппаратқа Орынбасарды жатқызып, соңғы рет тексеруді ұйғарды. Маскара болды деген осы емес пе деп Бектастың жүрегі алып-ұшты. Сұмдық-ай, шынтуайтқа келгенде бұл біз шарқ ұрып іздеген ғалым Орынбасар болмаса не істеймін. Кескін келбеті, түрі ғалым Орынбасардан аумайды-ау. Айна-қатесі жоқ... Бектас әлі аң-таң. Мүмкін емес... Тамаққа, араққа сылқита тойғыздым. Әлде маған сенбей жүр ме? Мұны көбірек сөйлетіп, сырын ақтаруым керек еді... Мен бұлай істемедім. Былайша арам пиғылы жоқ секілді. Дегенмен, бізге сеніңкіремей бар шынын айтпай отыр сілімтік неме...

Бектас әлдененің басын бір шалып, намыстан жарыла жаздады. Қалай болғанда да қатты ашуға бой алдырмай, құйтырқы тәсілдерді пайдалануым керек деп шешті. «Ашу дұшпан, ақыл дос». Жаңалығыңды бізге бер деп төмпештеп, ұрып-соққанмен ештеңе шықпайды. Ойына әр нәрсе бір келіп Бектастың жүйкесі жұқарды. Сіркесі су көтермей, мең-зең күй кешті. Не де болса соңғы үміті аппаратта. Әнеміне дегенше Бектас арнайы құпия түрде жетілдірілген «шындық» айтқызатын аппаратқа Орынбасарды әкеліп жатқызды.

– Бұл адамның бүкіл ағзадағы ауруын тексеретін аппарат. Адам денсаулығын, ауруын дәл анықтайды... Әбден

жетілген аппарат. Мұндай ақылды аппарат Қазақстанда санаулы, – деді Бек мақтауын асыра жеткізіп.

– Өте жақсы. Денсаулығымды біраздан бері дұрыстап тексере алмай жүр едім... Қане, тексерейік...

– Орынбасар аға, мына креслоға отырыңыз, – деді Бектің қасындағы Дана деген келіншек.

Орынбасар бір ауыз сөзге келместен креслоға отырды. Әне-міне дегенше оның басы мен жүрек тұсына арнайы құрылғылар жапсырылды. Өзгеше жасалған арнайы аппарат ызындап Орынбасарды бір сәтте қалың ұйқыға жіберді. Аппарат Орынбасарды қалың ұйқыға жіберіп, миындағы бар шындықты ферлолентаға да, дискіге де түсіріп алды. Айтуға қиын шындықты анықтады...

Орынбасардың шынында да жас ғалым емес, жәй ғана шабашник екенін білген Бектастың өңі қуарып, жынданып кете жаздады. Бүкіл денесі қалш-қалш етіп, жалған Орынбасардың жанынан жетіп барды.

– Сілімтік неме, тамақты опырып, арақты суша сіміргенше шынынды жөндеп неге айтпадың? Қорқып кеткен Орынбасар:

– Бар шындықты айтты-м-м... Менің денсаулығым қалай екен? – деді.

– Д-д-денсаулығың өте жақсы. Жұмысқа жарайсың...

– Жұмысқа жарайтыным қандай жақсы болды? Қандай жұмыс бар, тегін істеп берейін...

Жалған Орынбасардың өзі де, жұмысы да құрысын... Ұрып-соғып, таяққа жығуға тағы болмайды. Соңымызға полиция түсіп, сау басымызға сақина тілеп алармыз... Үндемеген үйдей бәледен құтылар деген. Мына жігіттің ішіп-жегені де жетеді. Алматыдағы II-темір жол вокзалына ма, орталық автовокзалға ма апарып тастайын... Оның осы шешімді орындаудан өзге амалы қалмады. Табан астында қиыншылықтан жол табатын Бектас:

– Орынбасар, біз сені қажет кезде өзіміз табамыз. Әзірше сен істейтін жұмыс жоқ...

– Келістім...

– Е-е, мұның табылған ақыл...

– Маған беремін деген ақшаны бересіз бе?

– Әрине, беремін... Әзірше жүз доллар. Жолкіре қыла тұр...

Жалған Орынбасар бұлар бір тиын бермей, далаға тастап кететін шығар деген. Көңілі орнына түсті. Жерден жеті қоян тапқандай мәз болды. Бектас көмекшісі Бекке ымдап, жүз доллар бер дегендей болды. Бек қалтасынан жүз долларды суырып алды да Орынбасардың қолына ұстатты.

– Бек, мейманды шығарып сал, – деді жайбаракат сөйлеген Бектас.

– Сіздерге көп-көп рахмет, рахмет, – деп жалған Орынбасар бөлмеден шықты.

Бектас жападан-жалғыз қалып өзінің жіберген кемшіліктеріне ойша тоқталды. Болары болды... Мұндай қателікті енді қайталамауым керек. Шын Орынбасарды іздеуді тоқтатпай жалғастырайын... Ендігі кездескен арамтамаққа тамақ бермей, қолына азырақ теңге ұстатып, бірден шындықты айтатын аппаратқа отырғызып, нағыз біз іздеген жас ғалым Орынбасарды қолға түсіруім керек. Қолымызда анау-мынауың қолы жете бермейтін, жетілдірілген жасырын шындықты ғана айтқызатын аппарат тұр... Одан өзге не керек? Аппарат бар шындықты лақ еткізіп жайып, айтқыза салады. Иә, иә, дәл осындай ақылды аппарат барда шын ғалым Орынбасарды қалайда табамыз... Жаңалығын қолға түсіріп, тезірек Ескермеске беруді ойластырайын. Орынбасар секілділерді іздестіріп, көп оттатпай, сені дәрігерлік тексеруден өткізу жоспарланған деп аппаратқа жеткізіп, ойын білуді қолға аламын. Құлық

пен айлакерлік, тіпті, қайсарлық танытып іске кірісуге бекінді...

– Иә, Бек келдің бе?

– Келдім.

– Шығарып салдың ба?

– Риза болып кетті.

– Ұрып-соққан жоқсың ба?

– О не дегеніңіз?

– Әзірше заңды сыйлап жұмыс істеуіміз керектігін ұмытпа...

– Әлбетте...

– Қаланы аралауға шығайық... Шын Орынбасарды іздестірейік...

– Қайдан бастаймыз?

– Сен темір жол вокзалына бар.

– Жеке-жеке жүреміз бе? Бірге жүріп іздестірейік...

– Бөлек жүріп іздестіреміз. Басқа амал қалмады... Қалай танысатыныңды білесің ғой...

– Әрине, білемін...

– Денсаулығыңызды тегін тексертеміз деп аппаратқа түсір. Негізгі жұмыс осы.

– Бірден денсаулығыңызды тексертеміз дегеніміз қисынға келінкіремейтін сияқты...

– Сөзге тартып, өзінді таныстыр. Өзіңе сендір-р-р... Қамқор болғансы... Сенің ғалым екеніңе көзін жеткіз. Сөздің қысқасы, көп сөйлей бермей өз ойыңды тез орындауды ойла. Қажет болса азын-аулақ ақша бер. Жүз доллар, одан артық берме... Өл-тіріл, қалайда жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалығын қолға түсіріп, Ескермес мырзаға жеткізу ең басты кезек күттірмейтін мәселе...

Айлакерлік әрекеттеріңді іске асыр... Аяқтыға жол, ауыздыға сөз берме. Қысқасы, бар тәжірибенді қолдан... Бірақ шектен шығып кетпе. Қажет жерінде ақылгөйсі... Керек

жерінде бейшараға да айнал. Бірақ, орнымен жүйесімен сөйлей біл. Қайдағыны айтып, лағып кетпе.

Сөздің токетері, сен оның ғылымдық атағын, даңқын, қамын ойлайтын қамқоршыға айнал... Өзіңді Қазақ Ғылым академиясының арнайы жіберілген өкілі ретінде көрсет... Жаның ашығансып онымен мұңдас, сырласқа айналууды көзде. Жүрегің ауырып, шыр-пыр бол. Қалай болғанда да уысыңнан шығарма. Онымен бірге өкінсе өкін, қуанса қуан, жыласа қосылып жыла. Жан дүниесін алай-дүлей ет... Әйтеуір сенімен келісуге, айтқаныңды екі етпеуге мәжбүрле. Тағы да мәжбүрле, мәжбүрле-е-е...

Менің осы айтқан нұсқауларымды қатаң орындауды тапсырамын. Өзің білесің, мен қашанда тапсырған істі оңайлатуды жіктеп беремін...

– Бектас мырза, мұныңыз өте орынды, дәл айтылған ойлы, теңдессіз, данышпандық сөздер. Ой-жоспарыңызға анау-мынауың ақыл-ойы жетпейді ғой. Неткен көрегендік... Қиыннан жол табатын тың тәсілдер... Қатты таң қалып отырмын. Сізбен кездескеніме өте ризамын. Жан-жақты, салиқалы ойлау анау-мынау адамның қолынан келе бермейді. Сізде көріпкелдік, көрегендік қасиеттер мол екен. Айналамызда қарақан басына алып жүре алмайтындар жетерлік... Бірақ ондайлар өзін ақымақпыз деп санамайды. Өмір туралы, өз тағдыры жөнінде дәйекті уәждері жетерлік. Сондықтан өмір ондайлардың жолын болдырмайды. Өмірде өз жолдарын таба алмай, түңіліп жүргендері сол. Өмірге ерекше мән беріп, салиқалы ой ойлауға түйсігі жетпейді. Алтын уақытын текке өткізіп, бармағын тістеп қалғандары қаншама... Өмірде кездесетін барлық қиыншылықтан жол тауып, оны жеңе білгендер ғана бақытты өмір сүре алады. Осы тұрғыдан алғанда біз де жас ғалым Орынбасарды шынайы ғылым жолына түсіреміз деп сендіруіміз керек қой.

Сондықтан істің қисынын келтіріп, қалайда қолға түсіруіміз керек. Қысқасы, сіздің талабыңыз осыған саяды...

– Ой, айналайын, Бек інім! Дөп түстің. Өзің айтқандай жас ғалым Орынбасар өте талантты жігіт. Қазақтың қатардағы баласы емес... Сондықтан оны кездестірген сәтте психологиялық тұрғыдан бірте-бірте, әсте-әсте байыппен дайындауды ұмытпа... Ғалымдар әлемі жұмбақтарға толы... Естуімше, жап-жас басымен орта мектепті бітіре салысымен адамзаттың небір менмін деген ғалымдары ашпаған жаңалық ашуы тегін еместігіне дәлел. Сол себептен онымен өте байсалды әрі сақ сөйлесуіміз керек. Мұның бәрі түпкі мақсатымызға жету үшін жасалып жатқан амал ғана. Ақылға сыймайтын, әлем таң қалатын жаңалық ойлап тапқанын қарашы. Түсіндің бе? Терең ойға батқан Бектас бір күрсініп алды да:

– Біз алған бағыттан ешқайда қайтпаймыз. Қайтуға да болмайды. Жалпы, біз атқарып жүрген жұмыс құпия түрде жүргізіледі... Өте құпия... Бізден өзге тірі жан білмеуі тиіс... Құпия, тағы да құпия... Сондықтан, сауысканнан да сақ болуымыз керек... Ескермес мырза берген тапсырманы тура мерзімінде әрі тез орындасақ, асығымыз алшысынан тұрайын-ақ деп тұр. Ол бізге үлкен сенім артып отыр. Ақшаны үйіп-төгіп-ақ келеді. Мұндай «майлы жілік» оңайлықпен қолға түсе бермейді... Осыны да ескергеніміз жөн. Ойы да, ниеті де тәуір. Қанша ақша керек болса, соншасын ойланбастан алдымызға тастай салады.

Ескермес мырза қазағымды әлемге танытамын деп білек сыбанып отыр. Өте талантты жас ғалым Орынбасардың әлем ғалымдары таң қалатын жер сілкіністі тоқтату туралы жаңалығын жарқ еткізіп бүкіл жер шарына жарыққа шығарамын деп дайындалуда. Мұнысы сауап тірлік.

Тегі Орынбасар момақан, ынжықтау жігіт секілді. Ескермес мырза қамқорлық жасамаса, ашқан жаңалығын әлемге таныта алмайды екен. Ғалымдар өзі сондай болады...

...Негізі Ескермес те қулық жасады. Бектасқа өзін Қазақ Ғылым академиясының вице-президентімін, жас ғалымдардың ғылыми жаңалықтарын шетелге насихаттайтын жұмыстармен тікелей айналысамын деген болатын. Өтірік айтты. Бектас оған имандай сенді. Орынбасарды іздеп тауып, оның ғылыми жаңалығын он бес күнде жеткізсе, ақшаға көметін болған. Ақша дегенде керек десең жанын да беретін Бектас келісімге тұрды. Өне-міне дегенше бес күн де өте шықты... Он күн қалды... Керіліп-созылуға, арқаны кеңге салуға уақыт тығыз деді іштей катуланған Бектас.

– Он-ақ күн уақытымыз қалды... Бек, тездетуіміз керек...

– Дұрыс айтасыз, Бектас аға.

– Екеуміз бір жерде үймелемей, екі жаққа бөлінейік.

– Бірлесіп іздегеніміз дұрыс емес пе?

– М-м-м... Бұл ұсынысыңды ойлануым керек...

– Ойланыңыз, ойланыңыз...

– С-сонымен-н-н... Мен бастапқыда екі бөлек іздегеніміз дұрыс деген едім. Бек, бірақ бірге жүргеніміз тиімді сияқты. Солай етейік...

– Бектас аға, бірге жүрсек тезірек анықтап, шын Орынбасарды табамыз... Негізі бұл табылған ақыл.

– Иә, Бек, Орынбасарды іздестіру туралы керемет жоспарлар құрдық. Енді күмәнданатын ештеңе жоқ... Орынбасардың суреті бар, енді тек Орынбасарды тездетіп тауып алуымыз керек. Біз оны қылмыскер ретінде үркітпей, ғылыми жаңалығын әлемге танытуға көмек беруші Қазақ Ғылым академиясының ғалымдары атынан жіберілген өкілдер екенімізді көрсетейік. Оның сеніміне кіріп, өзімізге әбден сендіруіміз қажет... Егер сенбей, секем

алса, жоспарымыздың күллі көкке ұшты дей бер... Оған ешуақытта жол беруге болмайды.

– Әлбетте-е-е, әлбетте-е-е...

– Олай болса, тездетіп іске кірісейік.

– Кеттік іздеуге-е-е...

Бектас пен Бек бұл жолы бағыттарын өзгертіп, бірінші Алматының көк базарын, сосын автовокзал, теміржол вокзалдарын таксимен аралауға кірісті... Өне-міне дегенше бұлар мінген такси зулап отырып көк базарға да жеткізді. Базар іші ығы-жығы халық. Сапырылысып әрі-бері өтіп жатқан адамдарға тесіле қараған екеуі көпке дейін суретте көрсетілген шын Орынбасарды кездестіре алмады.

Бұлар көптен бері көк базарға келмегендіктен, сатылып жатқан неше түрлі жеміс-жидектерді көріп ауыздарының суы құрып жегілері келді. Бектас мұны қасындағы Бекке айтуға өзінше намыс көрді. Басын кекірейтіп келеді. Екеуі жан-жаққа алақтап, көздерімен Орынбасарды іздеп, тіміскілеп келеді.

Жүзі жылы Бектас қазір қабағын түйіп, қаһарланып алған. Оны көрген кейбір алма, жүзім, анар сатушы келіншектер бірнәрсе деуге бата алмайтындай. Әріректе кептірілген мейіз, өрік, жаңғақ сатып тұрған қонқақ мұрынды, қою мұртты орта жастағы әзірбайжан:

– Ағасы, келіңіз... Менікіндей өрік, мейіз бұл базарда жоқ. Жесеңіз, аузыңыздан дәмі кетпейді, – деді қолына кептірілген сары, қара мейіздерді алып. Өзі қазақшаға судай екен. Тілінен бал тамып тұр. Даусы да құлаққа жағымды.

Сатушынының осы сөздері Бектастың сәл де болса өрекіңген көңілін жай тапқызды.

– Р-р-рахмет! Қане, сары мейіздің дәмін татсам бола ма?

– Әрине-е-е! – деп сатушы бір уыс сары мейізді Бектасқа ұсынды.

Бектас сары мейіздің екі-үшеуін алып сүрткілеп, аузына бір-бірлеп салды.

– Тух, неткен керемет. Өте дәмді екен. Тәттісін-ай, – деп Бектас тамсанып, көңілдене тіл қатты.

– Алыңыз-з-з... Мұндай мейізбен шәй ішсеңіз жаныңыз жай табады. Үйдегі келінге берсеңіз, сізді алақанына салып өмір бойы сүйіп өтеді.

– Керемет. Керемет екен... Жарайды, бір келісін беріңіз. Жартысы сары, жартысы кара болсын.

– Айтқаныңыз болсын! – деп қоңқақ мұрын жеміс сатушы мейізді екі қалтаға салып берді. Қасында тұрған Бек лыпылдап, есеп айырысты.

– Рахмет, рахмет сіздерге. Келіп тұрыңыздар... Менің мейіздерім керемет... Әлі-ақ рахмет айтып келесіздер. Осыдан сөзім өтірік болса, бетіме түкіріңіздер.

– О, Құдай-ай, о не дегеніңіз, – деді сөзге араласқан Бек екеуіне кезек-кезек жәутендеп.

– Рас айтамын. Өздерің жоқ іздеп жүрген жігіттер екенсіндер ғой. Анау шәйханаға барып, менің мейіздеріммен рахаттанып шәй ішіңіздер. Іздеген адамдарың өзі-ақ алдарыңызға келеді...

– Айтқаныңыз келсін, бауырым, – деді риза болған Бектас бес мың қызыл қағазды алып сатушының қалтасына салды.

– Аңқимаңыздар... Маған сенбей тұрсыздар. Әрине сенбейсіздер. Себебі, сөзімнің растығына әлі көздеріңіз жеткен жоқ. Қ-қ-қазір-р-р көздеріңіз жетеді...

Жеміс сатушы қоңқақ мұрынның мына сөздеріне шынтуайтқа келгенде аңқиып тұрған Бектас пен Бектің көңілдерін көтерді. Не сенерлерін, не сенбестерін білмей дал болды. Сенбейін десе оның сөздері көңілге жағып барады. Амалдары жоқ... Сенуге мәжбүр болды. Басқа амалдары қалмады.

Қуаныштан жүрегі алып-ұшып кеткен Бектас сатушының мына жігерлі сөзіне риза болып, қолын қалтасына апарды. Қолына бүгін он мың теңгелік ілесе шықты. Оны қоңқақ мұрынның қолына ұстата салды. Мұндай мәрттікті бұрын-соңды көрмеген сатушы аң-таң болды. Бірақ тез есін жинап үлгерді. Құдай берем десе осылай бере салады екен ғой.

– Е, Алла, тілектеріңіз қабыл болып, жолдарыңыз оң болсын! Аумин! – деп бетін сипады.

Аңтарылып қалған екеу де беттерін сипады.

– Ой-ой, ағасы, айтқаныңыз келсін! Рахмет-т-т, – деп Бектас пен Бек екі рет аралаған көк базардың бір шетіндегі үлкен асханаға беттеді.

– А-а-а, Бектас аға! Жаңағы жеміс сатушы тегін адам емес-ау... Қалай, өзі көріпкел-ау...

– Айтқаны келсін!

– Әрине, әрине...

– Мен қатты қуанып келемін.

– Екеуміздің жоқ іздеп жүргенімізді қайдан білді екен?!

– Кім біледі...

– Рас па екен, жоқ әлде...

– Бек, жетер, оның растығын қазір көреміз. Асханаға кіріп тамақтанайық. Базарды екі айналып шықтық қой. Шын Орынбасар кезіккен жоқ. Оның үстіне қарнымыз да ашты.

Бектас пен Бек расында да шаршап, сүріне-қабына келіп асхананың бір шетіндегі бос үстелге отыра кетті. Асхана іші кең, сәнді, жанға жайлы екен. Бектас көңілді. Бірден ұзын бойлы, аққұбаша келген даяшы қызды шақырып:

– Қарындасым, бізге бір шәйнек сүт қосылған шәй жеткіз. Шөлдеп отырмыз.

– Қазір жеткіземін. Шәйдан басқа тамақ ішпейсіздер ме?

– Әзірше сүт қосылған бір шәйнек шәй жеткіз. Сәлден соң тамаққа тапсырыс береміз.

– Жарайды, ағалар.

Көңіл-күйі көтеріңкі Бектас:

– Жаңағы базардағы қоңқақ мұрын сатушының айтқаны келсе, оны риза етемін. Өзі біртүрлі адам екен, – деді.

Шәйнегін көтеріп даяшы қыз да жетті.

– Ағалар, міне, сүт қосылған ыстық шәй әкелдім, – деп екеуіне оюлы орта кесеге сүт қосылған исі аңқыған шәйдан еппен құйды. – Қалай, шәй көңіліңізден шықты ма?

Шәйді бір ұрттаған Бектас:

– Өте дәмді екен, – деп сары, қара мейізден ауызға салды.

Демде көңілі көтеріліп, маңдайы жіпсіп, рахаттанып қалды.

– Ту-у, мына мейізбен ішкен шәй неткен керемет десейші. Бек, саған да ұнады ма?

– Ұнағанда қандай. Мен бұған дейін мейізбен шәй ішіп көрмеппін. Жаным кіріп қалды. Денем жіпсіп, жағып барады.

– Қоңқақ мұрын мейіз сатушы түбі тегін алам емес-ау. Сен қалай ойлайсың?

– Сатушы маған да біртүрлі көрінді... Көзі өңменіңнен өтіп кетеді, Бектас аға. – Сізге де солай көрінді ме?

– Бек, сен де бәрін түгел байқапсың ғой... Бәрінен бұрын оның айтқаны келсе, оны риза етемін. Айтқаным айтқан. Мені екі сөйлемеймін. Енді зарыға күткен сәт қашан келер екен?

– Бектас аға, менің де көңілім біртүрлі болып, қобалжып отырмын... Мейіз сатушы шынымен айтты ма, жоқ әлде өтірікті соғып сықпырта салды ма? Кім білсін... Дегенмен, сөзінде бір шындық бар-ау, тегі...

– Бек, сенікі де жөн-ау. Дегенмен, жақсылыққа балайық. Кім біледі-і-і. Жақсы сөз – жарым ырыс деген. Сәл болса да көңілге демеу болды. Мына шәй жағып барады. Қой, ішегім шұрқырап барады, тамаққа тапсырыс берейік.

– Бектас аға, тамақ ішейік деуге батылым бармай отыр еді.

– Оның несіне қысыласың. «Ас – адамның арқауы» деген, – деп Бектас жақын жерде жүрген даяшы қызды өзіне шақырды.

– Ағай, қандай тамаққа тапсырыс бересіздер? – деді жетіп келген даяшы қыз.

– Бізге ұйғырдың гуйру лағманын әкеле ғой.

– Күп болады! Баска не қалайсыздар, шашлық, манты, палау дегендей...

– Әзірге осы да жетеді. Қажет болса, қосымша тапсырыс берерміз.

– Қазір, қазір, – деген даяшы қыз жүгіріп кетті.

Даяшы қыз әп-сәтте буын бұрқыратып гуйру лағман мен ыстық тандыр нанды алдарына әкеліп қойды. Исі бұрқыраған тамақтың иісі мұрынды жарып барады.

– Астарыңыз дәмді болсын! – деді даяшы қыз күлімдеп.

– Рахмет, рахмет!

Бектас пен Бек тамаққа бас қойды. Шынында да тамақ өте дәмді әзірленіпті. Жеген сайын тәбетті ашылып барады. Екеуі расында да ашығып қалыпты. Әп-сәтте тәрелкелерін босатты. Аузы мен қолдарын сүрткішке сүрткен Бектас жан-жағын көзбен шолып өтті. Кенет екі-үш үстел әрірек отырған екі жігітке көзі түсті. Бұларға қарап отырғаны бұлар іздеп жүрген Орынбасардың нақ өзі... Акқұба, қыр мұрынды, көзі күлімдеп отырған жігіт көзіне оттай басылды...

Бектас жалма-жан қалтасындағы суретті алып, мұқият салыстырып қарады. Айна-қатесі жоқ... Сол, с-с-сол... Мейіз сатушының айтқаны тура келді. Айналайын қонқақ мұрын, неткен көреген едің. Сен расында да тегін адам болмай шықтың. Туһ, көктен іздегенім, жерден табылды деген осы екен ғой...

– Бек, сен не байқадың?..

– Тырс етпеңіз, мен де оны көрдім...

Осыны айтқан Бек жауап күтпестен Бектастың қолын алып, қуанғаннан жайлап сілкіп-сілкіп жіберді.

– Бек, сабыр сақта. Бірінші мен екеуінің жанына барып, сөзге тартып көрейін... Сен әзірше осы орнында отыра бер. Қажет кезде белгі беріп шақырып аламын...

– Жарайды, мен сізді бақылап отырамын.

Бектас орнынан маңғаздана тұрып, Орынбасарлар отырған үстелге беттеді. Екеуіне жақын келіп:

– Сәлем бердік, жігіттер! – деді байсалды кейіппен.

– Сәлеметсіз бе, – деді Орынбасарға ұксас жігіт.

– Сізге не керек еді? – деді оның қасында отырған қараторы жігіт қабағын түйінкіреп.

– Мен Қазақ Ғылым академиясының ғылыми қызметкері Бектас Мәлікұлы боламын. Міне, арнайы берілген куәлігім, – деп қалтасынан жалған куәлігін ұсынды.

Екі жігіт куәлікті әрі-бері аударыстырып қарап шықты. Таңданысын жасыра алмаған мұрттысы:

– Кешіріңіз, үлкен ғалым екенсіз ғой. Отырыңыз-з-з, отырыңыз, – деп орнынан тұрып орындық ұсынды.

Осы сөзді күткен Бектастың жүрегі қуаныштан жарыла жаздады. Сонымен бұл жігіт біз сарыла іздеген Орынбасар болды ғой...

– Өздеріңді таныстырыңдар, жігіттер.

– Иә, таныстырайын. Менің атым Тасқын, мына жігіт Орынбасар.

Орынбасар деп таныстырған жігіттің түрі айнымай келіп тұр. Мен іздеген Орынбасар осы. Құдайға шүкір, табылды. Табылды-ы-ы... Шүкір. Қуаныштан Бектастың жүрегі дүрсілдеп кетті. Қуаныш пен қорқыныш бірдей деген осы екен... Тілі байланып қалған Бектас бір сәтке аңқиып отырды да сәлден кейін есін жинап:

– Тасқын, Орынбасар, сендермен танысқанымға өте қуаныштымын.

– Мен де сіз секілді үлкен ғалыммен танысқанымға қуаныштымын, Бектас аға. Ғалымдарды құрметтеп, бағалау керек. Қазақта ғалымдар көп емес қой, – деді байышпен сөйлеген Орынбасар.

– Досымның сөзіне мен де қосыламын. Бұл бір естен кетпес, тамаша кездесу болды, – деді елпілдеп мұртын сипаған Тасқын.

Бәрі ойдағыдай болып келеді. Отырыстары, сөз саптаулары маған ұнап тұр. Мынау расында да біз іздеген талантты ғалым Орынбасар екен. Ешнәрсе сездірмей, бірте-бірте сөзге тарта берейін. Көк базардың ішіндегі асханаға кіргеніміз қандай жақсы болды. Әсіресе, қоңқақ мұрын сатушыға мың да бір рахмет. Өзінің көріпкелдігі бар-ау, шамасы. Осылай ойлаған Бектастың көңілі жай тапты. Уайымы сейілген Бектас даяшы қызды үстелге шақырды.

– Жігіттер, айып болмаса мен тамаққа тапсырыс берейін. Иә, қарындас, бізге алдымен бір бөтелке жақсы арақ әкеліңіз, – деді көңілі шаттанған Бектас.

– Жо-жоқ, мұныңыз ұят болады. Не үшін? – деді Орынбасар қипақтап.

– Сендерге құрмет көрсеткім келіп отыр. Қабыл алыңдар, жігіттер. Қазақ ғалымдарын сыйлағандарың үшін. Мені құрметтеп қабылдағандарың үшін.

Осы кезде бұлардың үстеліне Бек те келіп жайғасты. Ойламаған жерден қошеметке кенеліп, бір жағынан жайылған мол дастарханға таң қалған Орынбасар мен Тасқын бастапқыда үрейленіп жолдан қосылған «ғалымдарға» сезіктене қарады. Бұл екеуі расында да ғалымдар ма, әлде алаяқтар ма? Тамақты, арақты ішкізіп алып кейін ақшасын екі есе өндіріп алатын қулардан болып жүрмесін деп шошып кетті Орынбасар. Осылай ойлауы мұң екен Орынбасардың

жүзі сұрланып кетті. Түрлеріне, киім киістеріне қарасаң ондайларға ұқсамайды. Бірақ кім білсін, зымиян біреулер болып шықпасын деп ойлаған оның күдігі әлі сейілер емес.

Осы мезетте шаңқылдаған әйелдің дауысы бәрін селк еткізді.

– Ойбуй, ойбай-й-й, мынаған қараңыздар. Төрт баласын тірі жетім етіп ауылға тастап қашып кеткен «көкек әке» Орынбасар табылды-ы-ы. Мәс-са-ған, беті шімірікпестен арақ ішіп отыр... Балалары ана жақта аштан өлейін деп жатыр. Бәленің бәрін бастап жүрген Тасқын зәлім де осында екен. Бұлар әбден сорлатып бітті. Мыналарды ұстандар-р-р. Қасында отырған екі алқашты да қоса ұстандар.

Сол-ақ екен, Орынбасар бір жаққа, Тасқын екінші жаққа бас сауғалап қаша жөнелді. Не болғанын түсінбей мәңгіріп қалған Бектас пен Бек орындарынан қозғала алмай сілейіп отырып қалды. Басындағы жаулығы бір жағына қисайып, шашы қобдырап кеткен қараторы келіншек шаңқылдап, асхана ішін басына көтерді.

Асхана іші әп-сәтте у-шу, азан-қазан болды да кетті. Ас ішуге келген адамдар не болғанын түсіне алмай, үршиісіп бір-біріне қарады. Әне-міне дегенше полиция да жетіп келді. Есіктен қаша берген Орынбасар мен Тасқынды ұстап, қолдарына кісен салды.

– Енді сендердің сазайларыңды бергіземін. Балаларды тірі жетім етіп, алимент төлемей қашып жүргенің үшін түрмеге қаматамын... Анау отырған екеуін де ұстандар. Ал-қаш-тар-р-р... Табанымнан тозып, бүкіл Алматыны шарлап шықтым.

Еңгезердей екі сержант әй-шәйға қаратпай Бектас пен Бектің де қолдарына сарт еткізіп кісен салды.

– Біздің бұған ешқандай қатысымыз жоқ. Босатыңыздар, – деді ызадан жарылардай болған Бектас бұлқынып.

Оның сөзін полиция қызметкерлері құлағына да ілген жоқ.

– Доғар бос сөзді. Сендермен бөлімшеде сөйлесеміз.

– Білеміз сендердің ақылгөйсін сөйлейтіндерінді, данышпансымақтар.

– Босқа былшылдатпай тез бөлімшеге жеткізіндер – деп бұйырды аға лейтенант Ұзақ Естемес.

Полиция қызметкерлері Бектас пен Бекті бір машинаға, Таскын мен Орынбасарды екінші машинаға бөлек-бөлек тығып, эне-міне дегенше полиция бөлімшесіне жеткізді. Сол бойда екеу-екеуден темір құрсаулы шағын камераларға қамады. Камераға кіргізген бойда ашудан қалшылдаған Бектас айқайға басты.

– Кінәсіз адамдарды анық-қанығына жетпей қамау – заңсыздық. Шыдамның да шегі бар. Бізді тез арада босатыңыздар-р-р. Сендердің заңсыз әрекеттерің үшін тиісті орындарға шағымданамын. Алдымен кімнің кім екенін анықтап алып қамамайсындар ма. Бұл не деген бассыздық... Бұл дегенің заңды белден басу. Босатындар-р-р-р...

Бектастың сөзіне ешкім жауап берген жоқ. Іші әлем-жәлем болып өкініштен күйінген Бектас басын ұстап темір орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

– Бектас аға, біздің кінәміз жоқ қой. Бізді не үшін қамайды? Сіз де сабырға келінізші. Мүмкін анық-қанығына жеткен соң бізді босататын шығар, – деді жыларман болған Бек. – Асханада бізге жолыққан Орынбасар жәй алаяқ біреу екен. Ешқандай ғалым емес. Бет-әлпеті Орынбасарға ұқсағанымен, балаларына алимент төлеуден қашып жүрген жылпос, қашқын әке болып шықты емес пе? Адам адамға осынша ұқсайды екен-ау... Таң қалып отырмын. Біз іздеген ғалым Орынбасардан еш айырмасы жоқ қой ә, Бектас аға. Расында да ол біз іздеп жүрген жас ғалым емес пе?

– Әй, сен де қайдағыны айтады екенсің. Өзің көрдің ғой. Оның төрт баласы бар болып шықты... Әйелінен, балашағасынан қашып жүрген сұмырай біреу. Ғалымнан садаға кетсін ол оңбаған.

– Мына өмірде бір-бірінен аумайтын Орынбасарлар көп екен ғой... Таң қалып отырмын...

– Өкінішті, өкінішті-і-і... Бірақ бізге іздеуді тоқтатуға болмайды.

– Бектас аға, қамауда отырып қалай іздейміз?

– Қамаудан шығамыз... Көбірек отырып қалдық қой... Мыналарға не болған?

Кенет ұзын бойлы Алмас атты полиция лейтенанты жетіп келді де есікті ашып:

– Сіздерді капитан Жарқын Тобаяқ тез жеткіз деп бұйырды. Тезірек жүріңіздер, – деді.

Бектастың іші қылп ете қалды. Капитан Жарқын Тобаяқты бұл жақсы біледі. Бектастың онымен бұрыннан өзара ым-жымдары бір болатын. Бектас Жарқынмен бірнеше рет кездесіп, күрмеуі шешілмей тұрған жұмыстарын шешкен.

Капитан Жарқын Тобаяқ бұларды орнынан тұрып жылы шыраймен қарсы алды.

– Бектас, мына жүрісіңізге жол болсын... Тез арада екеуінің де қолындағы кісенді шешіндер. Бұлар өте құрметті адамдар. Киімдеріне қарамайсыңдар ма? Өй, өңкей нақұрыстар. Кешірім сұрандар, – деп қызметкерлеріне бұйыра сөйледі.

– К-кешіріңіз, – деді лейтенант Алмас сасқалақтап.

– Жарайды, боссың. Бара бер, – деді зілді дауыспен капитан Жарқын Тобаяқ.

– Бектас, біздің жігіттерге қапа болма. Көздеріне шел біте бастаған екен найсаптардың. Кімнің кім екенін ажырата алмайтындар. Нағыз айыпкер мен құрметті адамдарды

бір көргеннен ажыратуға болады ғой. Иә, мән-жайды, не болғанын маған баяндады. Адам сенгісіз жағдай... Бізде мұндай түсініспеушіліктер болып тұрады. Жә, қойшы Бектас, бұны ұмытайық. Жалпы жағдайың қалай?

– Рахмет, Жарқын. Сенің мұнда болғаның қандай жақсы болды. Жігіттерің жағдайды түсіндіруге де мұрша бермеді ғой. Әй-шәй жоқ қолымызға кісен салып, осында алып келді.

– Сендермен бір үстелде тамақ ішіп отырған қашқын, ұры, бала-шағасынан қашып жүрген алаяқ Орынбасардың сыбайластары деп топшылаған ғой.

– Бізбен бірге отырған Орынбасар жексұрын сондай ма?

– Иә, иә... Біз оның ізіне көптен бері түстік. Бірақ қолға түсіре алмай жүрген едік. Кенет оның қаннен-қаперсіз көк базардағы асханада отырғаны туралы қоңырау түсті. Сөйтіп көптен іздеген Орынбасар Сәлімұлы қолға түсті. Сенің оған ешқандай қатысың жоқ екені дәлелденді. Енді боссындар, Бектас...

– Жарқын, саған көп рахмет. Мен сенің құтқаратынына сендім. Ең жақсы мейрамханаға барып тамақтанайық, – деді Бектас көңілденіп.

– Рахмет, Бектас. Қазір қолым бос емес. Кейінірек өзім хабарласамын. Жақсылап отырып сөйлесеміз. Демаламыз... Маған жақсы демалыс керек болып жүр...

– Келістік-к-к... Жақсы-ы-ы...

Бектас пен Бектің құжаттарын, ақшасын қайтарып беріп, есіктен шығарып салды.

– Бектас аға, екеуміздің ғалым Орынбасарды іздеп жүргенімізге капитан Жарқыннан көмек сұрасақ қалай болады? – деді Бек сыртқа шыға бергенде.

– Орынбасар ғалымды іздестіріп жүргеніміз туралы капитанға мүлде айтуға болмайды. Біз өз бетімізше іздеп табуымыз керек. Құпия жағдайда атқарылатын «операция».

Т-с-с-с... Қысқасы, полицияның көмегінсіз өзіміз он күннің ішінде тауып, Ескермес мырзаға жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалығын алып беру керек... Түсіндің бе?

– Түсіндім ғой... Бірақ тезірек табайық деген ойым ғой. Уақыт аз қалды... Енді күн-түн демей іздестіруіміз керек емес пе...

– Дәл солай...

Орынбасар атаулының бәрі зымиян емес. Шын мәнінде Бектас Орынбасарды іздестіру мұндай қиын, азапқа толы болады деп ойламаған. Бірақ артқа қарай жол жоқ. Тек іздеу керек. Бектас жанын да, тіпті, қалтасындағы ақшасын да аямай ізге шындап кірісуге мықтап бекінді. Енді оның басқа амалы қалмады. Жолы болмай, ісі алға баспағанына зығырданы қайнап кетті. Іздеген Орынбасарды табу мұндай қиын болады деп ойламаған. Кеудесінде сансыз сұрақ көбейді.

Бектастың анық білетіні мұндай көп ақша табатын істің көзін тауып, уақытылы бітіріп шығу... Болған оқиға мен үшін сабақ болуға тиіс. Әйтеуір бүгін сәтін салды, полицияның қолынан оңай құтылдым. Орынбасарға ұқсас жігіттермен кездескенде қысқаша сөйлесу керек екен. Бостан-босқа ұрына бермейін. Осыны ойлағанда санасы сан-саққа жүгірді. Күйініш ішін тырнаса да Бектас бұл жолы да есін тез жинап, өзіне-өзі келді.

– Бек, көтер басыңды. Бізге бұлай жүнжуге болмайды... Ендігі бағытымыз Алматы қаласының саябақтары. Ғалым адамдар саябақта отырып демалғанды жақсы көреді...

– Рас айтасыз-з-з...

– Саябақ ішінде жақсылап аралайық.

– Өте орынды.

– Саябақ демалыс орны емес, жаңа идеялар келетін, шабыт беретін жер.

– Саябаққа көбіне өнерге, білімге, шығармашылыққа, ғылымға жақын адамдар көп келеді. Ойланып, қиялға батып отырады.

– Дұрыс, дұрыс айтасың.

– Бектас аға, нағыз Орынбасар кездеспесе кафеге, асханаға шақырмайық. Көк базарда болған оқиғадан кейін тамақ әперуге асықпайықшы, – деді Бек жымыып.

– Міне, міне, Бек, мұның өте орынды ұсыныс. Бұл ойыңды қолдаймын. Негізі бар ғой нағыз Орынбасар өте ақылды. Сол себептен Орынбасармен тең дәрежеде сөйлесейік. Не болса соны айтып сандырақтамайық...

– Жарайды, жарайды-ы-ы...

Бектас пен Бек таксиге мініп Алматыдағы ең үлкен саябақтан бір-ақ шықты. Расында да саябақ іші өте жанға жайлы екен. Демалушылар көп, бір-бірімен шүйіркелесіп отырғандар жетіп-артылады. Екеу-екеуден бір-біріне жабысып отырған қыз-жігіттер айналадағының бәрін ұмытқан... Көптен бері саябаққа демалуға келмеген Бектас кеудесін кере рахаттана тыныстады. Айнала төңірекке сүйсіне қарады. Саябаққа келіп демалуды да ұмытыппыз-ау деді ішінен.

– Иә, Бек, саябақ қалай, ұнады ма?

– Керемет екен. Жастық шағым есіме түсіп кетті... Осы саябаққа келіп армандаушы едік. Бай болсам, екі қабатты үйім, жақсы мәшинем, сұлу келіншегім болса деп...

– Бек, мына жұмысты ойдағыдай орындасаң сол арманыңа да жетесің. Екі қабатты үйің де, мәшинең де, сұлу келіншегің де болады.

– Бектас аға, айтқаныңыз келсін! Сол күн тезірек келсе екен...

– Бек, асықпа. Жұмысты жақсылап атқарайық. Шын ғалым Орынбасарды кездестірсек, оны өзімізге сендіріп, ғылыми жаңалығын алып Ескермес мырзаға берсек, іс

бітті деген сөз... Орынбасар осы Алматыда жүр деген. Қай жерінде жүр екен? Алматыдағы ғылыми-зерттеу орталығының ауруханасынан қашып кеткен... Ақылға сыймайды... Түсініксіз... Мешел болып аяғын баса алмай жатқан Орынбасар кенеттен орнынан тұрып, жүріп кетіпті. Оның аяғын ақ қасқыр емдепті дейді... Ертегі секілді... О заманда, бұ заман қасқыр адамды емдепті дегенге жас бала да сенбейді ғой. Дәл осы өтірік.

Бүгінде адамдар не болса соны айта беретін болған. Қасқыр адамды емдемек түгілі, талап жеп қояды емес пе?! Ту-у-һ, Орынбасардың аяғын емдеп жазыпты деген не сандырақ-қ-қ... Бек, шыныңды айтшы, сен осы өтірікке сенесің бе, а-а-а?..

– Ха-ха-ха. Бектас аға, бұл ертегіге жас бала да сенбейді. Ой, Құдай-ай, күлкіден ішегім үзіле жаздады ғой. Көптен бері бұлай рахаттанып күлмеп едім. Осыны рас деп отырсыз ба? Жок әлде менің көңілімді көтергіңіз келді ме?

– Әй, Бек, бұл болған оқиға. Немене, сен естімеген бе едің?

– Бектас аға, мен бұл оқиғаны бірінші рет естіп отырмын. Сіз маған бұл туралы осы уақытқа дейін айтқан жоқсыз ғой. Шынымен дәл осылай болған ба өзі а-а-а?

– Бек, сен естімеген екенсің ғой...

– Сіз айтпасаңыз мен қайдан білейін.

– Бек, бұның бәрі рас.

– Егер осыны сізден басқа біреу айтса, сенбес едім. Сізге сенемін-н-н... Адам сенгісіз оқиға екен. Аң-таң болып отырмын. О, шіркін, не болып барады өзі... Жыртқыш қасқыр Орынбасардың аяғын емдеп, орнынан тұрғызыпты деген ақылға сыймайды. Бұл Құдайдың құдіретімен аспаннан түскен періште болар, сірә. Орынбасардың жебеушісі болар...

– Бек, сен қай-қайдағыны айтып кеттің. Не десек те бұл жұмбақтау оқиғаның шындыққа жанасатынына ешкімнің дауы жоқ. Алғаш естіген кезде мен де бұған күмәнмен қарадым.

Осы сөзден кейін Бектастың көңілі алабұртып, қобалжып кетті. Мұнысын қасындағы Бекке сездірмеуге тырысты. Жандарынан әрі-бері өтіп жатқандар ағасы інісіне ұрсып, ақыл айтып отыр екен деп топшылады. Осы кезде алдарынан екеуі зарыға іздеген Орынбасар аяғын нық басып өтіп бара жатты...

– Ә-ә-не-е-е, ә-әне, Орынбасар-р-р кетіп барады. Соның дәл өзі... – деді Бек жерден жеті қоян тапқандай қуанып.

– Жүр, жүр, кеттік.

Екеуі апыл-ғұпыл Орынбасардың соңынан жүгіре жөнелді. Жеткен бойда:

– Кешіріңіз, інім! Сәлеметсіз бе?

– Бірдеңе сұрамақшысыз ба?

– Иә, уақытыңыз болса... Сөйлесейік деп едім...

– Айта беріңіз... Не сұрайын деп едіңіз...

– Кешіріңіз, сіздің атыңыз Орынбасар ғой.

– Иә, менің атым расында да Орынбасар... Атымды қайдан білесіздер? Мені бұрыннан танысыздар ма? Кімсіздер, қай жақтан боласыздар?

– Біз Қазақ Ғылым академиясының ғылыми қызметкерлеріміз. Жас талантты ғалымдардың ашқан ғылыми жаңалығын әлемге танытумен айналысамыз... Халық арасындағы жас талантты ғалымдарды іздестіріп жүрміз, – деп Бектас жалған куәлігін көрсетті.

– Дұрыс екен.

– Орынбасар, анау бос орындыққа отырып сөйлесейік, – деді Бектас қуанып.

– Сөйлесек, сөйлесейік.

– Орынбасар, біз сені сырттай танимыз. Сен талантты жас ғалымсың ғой. Біз сені көптен бері іздеп жүрміз...

– Кешірерсіздер, мен жас ғалым емеспін. Ауылдағы мектепте ән-күйден сабақ беремін. Былайша айтқанда, ауыл мұғалімімін.

Бектас бұл сөзді естіп не сенерін, не сенбесін білмей қатты састы. Қалайша... Мүмкін емес... Көзінің алды қарауытып, абдырап қалды. Жәй әншейін бізге сенбей, өтірік айтып тұрған болар. Кім де болса бір көргеннен көлденең көк аттыға сырын ақтара салмайды ғой. Жылы-жылы сөйлесен жылан інінен шығады дегендей, жайлап, бірте-бірте іші-бауырына кіріп суыртпақтай берейін. Жалпы, жаман жігіт емес секілді. Ауылда ән-күйден сабақ беремін дегені бізді алдаусыратқаны-ау тегі... Дегенмен, дауысы өзгешелеу ме, қалай өзі...

Бектас әрі-сәрі болып ойланып отырғанда маңайына жиналған төрт-бес адамды байқамай да қалды. Бұлар кім? Кім шақырды? Арасында екі келіншек киіп-жарыш орындықта отырған Орынбасарға жабыса кетті:

– Ойбай, мынау түндегі тойда бәрімізді таң қалдырған жезтаңдай әнші жігіт қой. Иә, иә, әнші Орынбасардың дәл өзі ғой. Нағыз әнші деп осыны айт. Жырақтағы ауылда дауысын қор қылып жүргені несі...

Бектас келісті келіншектердің мына сөзінен кейін шалқасынан түсе жаздады. Не дейді мыналар? Әнші дей ме? С-с-сонда мына жігіт шынымен әнші ме? Ойбай мына дүние не болып кетті өзі. Кескін-келбеті, түрі дәл келген ғалым Орынбасарымыз әнші Орынбасарға айналып кетті ме? Мүмкін емес... Мына сұлу екі келіншек біреумен шатастырып тұр-ау. Тез арада бұлардан құтылуымыз керек.

– Орынбасар, біз сенің әніңе де, ерекше ғажап даусыңа да, өзіңе де ғашықпыз. Мына саябақта сені кездестіргенімізге өте қуаныштымыз...

– Ой-ой-ой, кездестіргеніміз қандай жақсы болды.

– Сені жолықтырғанымыз үшін өзімізді сондай бақытты деп санаймыз.

– Мен қандай бақыттымын-н-н-н...

– Орынбасар, біздің бір өтінішімізді орындайсыз ба?

– Қандай өтініш?

– Олай болса кешегі тойдағы әніңізді айтып беріңізші-і-і...

– Жарайды, айтып берейін.

Сол-ақ екен Орынбасар орындықтан жылдам тұрды да әсем даусымен шырқай жөнелді. Өзгеше, ерекше, тек өзіне ғана тән ашық дауысты ән бүкіл саябақ ішіне тарады. Керемет сикырлы дауысты естіген демалушылар әп-сәтте Орынбасарды қоршап алды. Бір сәтте оны ығы-жығы қаумалаған тыңдаушылар ентелеп, ду қол шапалақтап қошеметтеп жатты.

– Жарайсың-ң-ң, жарайсың-ң-ң.

– Кешіріңіздер, бұл концерт залы емес, – деді бір жағынан ашу-ызасы, бір жағынан Орынбасардың өзі іздеген ғалым болмай шыққанына күйінген Бектас. Орнынан атып тұрып:

– Бек, кеттік... Қазір тағы полицияға ұсталамыз. Тездет, – деп сыбырлады жиналғандар арасынан сытылып шыққан Бектас жан-жағына алақтап қарап.

– Бектас аға, біздің қатысымыз жоқ қой. Оның әнші екенін тойда болған келіншектер ғана біледі екен. Ән салуды өтінген сол келіншектер. Орынбасар да ешкімнің көңілін қалдырмайтын ақкөңіл жігіт сияқты.

Бұл жолы да Бектас пен Бектің жолы болмады. Екеуі елу метрдей жерге ұзаған кезде бірнеше полиция жан-жақтан Орынбасарды қаумалап тұрған көпшілікке жетіп келді.

– Әне, көрдің бе?

– Енді не істейміз?

– Шын жасғалым Орынбасарды қалайда табуымыз керек. Бізде басқа амал жоқ... Өлсек те, тірілсек те Орынбасарды кездестіріп, ғылыми жаңалығын иемдену керек. Бектастың өні сұрланып кетті. Көз қарашығы шатынып, еріндері жыбырлап, жан-жағына ызбарлана қарады.

Бектастың мұндай мінезіне әбден еті үйренген Бек үндемеді. Үндемеген үйдей бәледен құтылады дегендей, Бек оның соңынан үнсіз ілесе берді.

– Бек, неге үндемейсің?

– Не дейін-н-н... Өзіңіз айтсаңызшы...

– Орынбасарды таппай тоқтамаймыз.

– Әрине, солай ғой.

– ?!

– Шынымды айтсам, дәл қазір өзімнің де басым қатып тұр... Бірақ, іздестіруді тоқтатпауымыз керек.

– Бектас аға, іздеп тапқанша тоқтамайсыз...

Бектас пен Бек саябақтан шыға бергенде алдарынан тағы бір Орынбасар шыға келді. Бектас аңтарылып қалды. Тез есін жиып:

– Орынбасар, саламатсыз ба? – деді жалма-жан Орынбасарды жіберіп алмайын дегендей.

Орынбасар деп сәлем берген жігіт тоқтаған жоқ...

– Кешірерсіз, сіз Орынбасарсыз ғой...

– Ж-ж-жок, менің атым Орынбасар емес, Тасболат.

– Біз Қазақ Ғылым академиясының қызметкерлеріміз.

Менің атым Бектас, мына жігіт Бек.

– Мен асығыс едім. Не айтпақшысыз?

– Сәл кідіріңізші... Өтінемін.

– Ал, не дейсіз?

– Сіз расында Тасболатсыз ба? Түріңіз біз іздеген Орынбасардан айнымайды екен.

– Қайталап айтамын. Мен Орынбасар емеспін. Ол кім, ініңіз бе?

– Орынбасар өте талантты, біртуар жас ғалым. Жоғалтып алдық...

– Жоғалғаны қалай? Адам ине емес қой, табылмайтын. Түсінсем бұйырмасын. Қызық екенсіздер...

– Жігітім, кешірерсіз. Біз сізді ғалым Орынбасар екен деп ойлап қалдық. Тегі адамға адам айна-қатесіз ұқсай береді екен-ау... Айып етпеңіз, сіз расында Орынбасарға қатты ұқсайсыз. Шынымен Орынбасар емессіз бе? Жо, жоқ, бізді қасақана тиісіп тұр деп ойлап қалмаңыз...

Төзімі таусылып, ашуы келген Тасболат Тәңірбергенұлы «әй, жігітім, тоқтат былшылыңды» деуге сәл-ақ қалды. Ғалымдармен өте мәдениетті, биязы сөйлескен дұрыс. Бұлар көшеде жүрген бұзақы, ұры-қарылар емес. Былайша «мақтамен бауыздап» құтылайын. Өздерінің киім киістері, сөйлеген сөздері, сөз саптаулары дұрыс екен. Дөрекі сөйлеп, жаға жыртысқаннан ештеңе шықпайды. Негізі мені ғалымға ұқсатқандарына да рахмет. Жауап күтіп тұрған екеуі тықыршып тұр екен. Бұларға жеке куәлігімді көрсетіп, жөніме кетейін.

Тасболат қалтасынан жеке куәлігін алып Бектасқа ұсынды.

– Бауырларым-м-м, – деді кішіпейілділік танытып. – Міне, мен Тасболат деген азаматпын.

Бектас жеке куәлікті қолына алып, үңіліп қарады. Сөйтті де Тасболатқа жымия қарап:

– Иә, бізді кешіріңіз. Жеке куәлігіңіз болмаса, түр әлпетіңіз біз іздеген Орынбасардан аумайды екен, – деді.

– Ондай-ондай болады ғой. Осыдан тура бір ай бұрын бір келіншек мені өз күйеуім демесі бар ма? Сол жолы да жеке куәлігімді көрсетіп, әзер дегенде құтылдым-ау... – деді Тасболат езу тартып.

– Е-е-е, жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды, бауырым.

– Иә, иә, біз жаңылысыппыз, – деді сөзге араласқан Бек.

Бектастың ұнжырғасы түсіп кетті. Жаңа ғана алып-ұшқан көңілі су сепкендей басылды. Қайта-қайта құлағын уқалай берді.

– Ал, Тасболат інім, жолың болсын! Айыпқа бұйырма. Жоқ іздеген оңай емес...

– Оқасы жоқ, бауырлар. Түсініп тұрмын. Сіздер де маған қапа болмаңыздар. Орынбасар ғалымдарыңызды тезірек табуларыңызға тілектеспін. Иә, айтпақшы, іздеген ғалымдарыңыз ішімдікке жақын емес пе? Олай болса оны сыраханадан ізденіздер. Суретін сыраханадағыларға көрсетіңіздер, – деп Тасболат жөніне кетті.

– Бек, Орынбасар ішімдікке жақын емес пе екен...

– О жағынан хабарым жоқ... Сіз сонда Орынбасарды сыраханадан іздейік дейсіз бе? – деп Бек рахаттана күлді.

– Несіне жетісіп тұрсың? Кеттік, кеттік-к-к...

– Қайда-а-а-а...

– Сырахананы да сүзіп шығайық...

– Мейліңіз. Сіз қайда жүр жесеңіз сонда жүремін-н-н...

Екеуі іші ығы-жығы сыраханаға келіп кірді. Кірген соң амалсыздан екі бокал сыра алып, отырғандарды көзімен сүзгілеп шықты. Бірақ отырғандар арасынан Орынбасарға ұқсас ешкім көзге шалынбады...

Бектас пен Бек бірнеше сыраханаларды аралады. Бірақ бұдан еш нәтиже шықпады. Орынбасарға ұқсаған ешкімді кездестірмеді.

...Арада әне-міне дегенше тоғыз күн де зыр етіп өте шықты... Қуанышты хабарды тағатсыздан күткен Ескермес жедел түрде Бектасты шақыртты.

– Ал, Бектас, неге кешіктің? Қандай қуанышты хабарың бар? Сүйінші сұра! Сүйіншіңді әзірлеп қойдым...

Бектас басын төмен салбыратып, не айтарын білмей ұнжырғасы түсті. Қараторы өңі күреңітіп кетті.

– Әкесі өлгенді де естіртеді деген... Не болды, тілінді жұтып қойдың ба? Сөйлесейші-і-і...

– Е-Е-Ескермес аға! Орынбасар жер жұтып кеткендей ізім-қайым жоқ... Бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмады. Барлық айла-әдістерді қолдандық. Бірақ, таба алмадық. Ендігі біздің өміріміз сіздің қолыңызда...

– Өй, өңшең нансоғарлар... Көксоққандар-р-р... Қолдарынан түк келмейтін сұмырайлар...

– ?!

– С-с-сенімді ақтамадыңдар... Енді Патрик мырзаның алдына не деп барамын? Сендерге сенген мен де ақымақ екенмін. Қап, бәлем, тұра тұрыңдар... Сазайларыңды беремін... Көрсетемін сендерге... Оңбағандар, көзіме көрінбей жоғалыңдар-р-р, – деп қалш-қалш еткен Ескермес аузынан түкірігі шашырап айқай салды.

Бектас пен Бек сүйретіліп орындарынан тұрып есікке беттей бергені сол еді:

– Болар іс болды... Бірақ Орынбасарды іздеу жалғаса береді. Екеуің осы тапсырманы аяғына дейін жеткізесіңдер. Түсіндіңдер ме? Мынау соңғы үлгідегі ұялы телефон. Байланыс тек осы телефон арқылы шығады. Бұл телефондағы сөйлескен сөздерді басқа телефон ести алмайды, – деп Ескермес екеуіне жаңа үлгідегі екі ұялы телефонды ұстатты да олардан бұрынғы телефондарды алып қалды.

– Ескермес аға, біз қалайда Орынбасарды табамыз... Сіздің сенім білдіргеніңізге рахмет. Жаңаша тәсілмен іздейміз... – деп Бектас пен Бек бөлмеден шығып кетті.

Көп ұзамай Ескермес жедел түрде бетіне пластикалық ота жасатты... Бет әлпеті адам танымастай болып өзгеріп шыға келді. Жаңа төлқұжат жасатты. Сөйтіп қылмыс әлеміне қатысы жоқ Қамыс Сарымсақұлы болып шыға келді...

Арам жолмен жинаған ақшасын өз атына аударды. Енді күл болмасаң бұл бол деп Америкаға тартып кетті. Ұшаққа

мінер алдында артымда із қалмасын деп Бектас пен Бекке берген ұялы телефонның бір тетігін іске қосты... Құпия телефондар гүрс-гүрс етіп жарылып, Бектас пен Бекті о дүниеге аттандырды... Жаны жай тапқан Ескермес сөйтіп Америкадан бір-ак шықты... Түбінде ертелі-кеш Қазақстанға оралып, қалайда Орынбасардан кегімді аламын деп шешті.



VIII-ТАРАУ

Биыл әсіресе ұзынтұра Еділбай күткен көктем жылдағыдан ерте келді. Бірден наурыз айының басында алтын күрек соғып, сай-саладағы, қыраттағы қарлар әп-сәтте еріп, арық-атыздар суға толып, сарқырай ақты. Жер қарайып, айнала ақ жамылғысын ысырып тастады. Әне-міне дегенше сәуір айы да келді. «Сәуір болмай тәуір болмайды» дегендей, жиі-жиі жаңбыр жауып, күн күркіреп, айнала төңірек құлпырып шыға келді. Шырыш, сасыр, қызғалдақтар көздің жауын алды. Қырат, беткейлерде қозықұйрықтар да шыға бастады.

Есіркеп те қыстан қысыла шыққа қойларын далаға шығарып жайды. Қойлар жас көкмайса шөптерге жапатармағай бас қойды. Қанына сіңген әдеті бойынша Есіркеп мұндайда қойларды ұзағырақ жайғанды жақсы көреді. Енді Есіркептің қасына Орынбасар да ілесетін болды. Қой баққан оған да ұнайтын сияқты. Қойлар әжептеуір қонданып қалды. Есіркеп қасында үнсіз отырған Орынбасарға мейірлене карады. Әйтеуір артық сөзі жоқ өзінің. Үнемі терең ойланады да жүреді. Байғұс бала бірауық ішіндегісімен бөліскенді де білмейді. Әлі күнге дейін қайдан келгені, немен айналысқаны туралы жақ ашпайды. Өзі сондай тұйық па, жоқ әлде өткенін есіне түсіре алмай жүр ме, ол жағы белгісіз... Әйтеуір бізге деген мейір-шапағаты көл-көсір. Бәрінен бұрын бізге бауыр басып, өз баламыздай болып кетті...

Орынбасардың бұл қылығына Есіркеп пен Қатыштың көзі үйреніп кеткен. Құдайға шүкір, осы кезге дейін артық қылығын, жаман мінезін көрген жоқ. Соған да шүкіршілік етеді екеуі... Бүгінде ол біздің өкіл баламыз. Кейде маған

бірдеңе айтқысы келеді, бірақ айтпайды... Не айтқысы келетінін білмеймін. Тіптен ойындағысын айтуды емес, есіне өткен өмірін түсіре алмай жүргенін сездіргісі келетін сияқты. Оны емдету үшін аудандық дәрігерге апаруға да болмайды екен. Өйткені, өзін растайтын төлқұжаты да жоқ. Төлқұжатты қалай жасату керектігін мен әзірше білмеймін. Түбінде төлқұжат алуымыз керек қой.

Шарасыз күйге түскен Есіркеп демін ішіне тартып, терең күрсінді... Иә, насыбай, темекіге әуестігі жоқ. Мына көршісі Еділбай бірнеше жылдан бері көкнар ішуді әдетке айналдырған. Оны ішпесе арқа-басы құрысып, жынданып кете жаздайды. Көзіне түскенді қырып-жойып, адам кейпінен ауытқып кетеді. Ұшы қиырсыз кең далада қой бағып жүрген мен сияқты кешірімшіл көршісіне рахмет десін. Менің орнымда басқа біреу болса әлдеқашан темірторға тоғытар еді. Әй, құрысыншы... Кемпірі Орынкүлге рахмет...

Орынбасардан жаманшылық күтпеймін, оның жақсы жігіт екенін жүрегім сезеді. Көңілім орнында. Осы баланы алғаш көрген сәттен-ақ рақымым түсті. Жүрегім елжіреп, жаным ашиды да тұрады. Мына дүниеде бір-бірімізге рақымымыз түсіп, жақсылық жасамасақ несіне адамбыз деп жүрміз... Біз төрт аяқты мақұлық емеспіз ғой. Мал екеш мал да төлін далаға тастамайды ғой. Мен адамдық қасиетімізді жоғалтқым келмейді деді іштей терең ойға батқан Ескермес.

– Орынбасар балам, көңіл-күйің қалай?

– Әке, көңіл-күйім өте жақсы...

– Бұлай тұйық жүргеніңді қойсаңшы.

– Әке, шынымды айтсам есіме ештеңе түсер емес. Мен расында сіздің балаңызбын ба?

– Ой, Құдай-ай, әрине менің баламсың. Күмәнің бар ма?

– Ә, жоқ, қайдағы күмән... Балалық шағымда қайда оқығаным есімде жоқ...

– Б-балам, бірте-бірте есіңе түседі... Тек шыдай біл...

Орынбасардың ойда-жоқта менің үйіме келгеніне де бес-алты ай болыпты... Әйтеуір бетінен қақпадық. Өз баламыздай бағып-қағып отырмыз... Көршім ұзынтұра Еділбай әлі басылар емес... Тісін қайрап отыр. Айдаладағы сорлы балада несі бар екен. Арада эне-міне дегенше алты ай өтті ғой. Ашуы тарқап, басылар дегенім бос сөз болды.

– Орынбасар балам, таудың кәусар таза ауасы, қой бағудың да есінді жинауға, өзіңе келуіңе септігі тиеді... Енді жақын күнде биеміз құлындайды. Сені биенің саумалымен емдейміз. Саумалдың емдемейтін ауруы жоқ. Саумалды биеден сауа салысымен ішсең, адамның қандай ауруы болса да жойып жібереді. Осыдан көр де тұр, ешқандай дәрігердің де керегі болмай қалады...

– Саумал деген не?

– Саумал деген биенің сүті. Сүтті қымыз қылып ашытпай, сауа салысымен ішеді. Оның емдік қасиеті зор. Адам қандай науқасқа шалдыкса да дәрісіз жазады.

– Керемет екен...

– Иә, солай балам.

– Келістім, саумал ішіп көрейін.

– Е, Құдай, шипасын бере көр...

– Әке, көңілім сәл де болса көтеріліп қалды. Екі нығымды басып тұрған зілмандай ауырлықтан жеңілдеп қалғандаймын. Көзімнің алды ашылып қалды. Басым меңзең болып тұратын еді, біртіндеп басылып келеді. Қазір аздап тынышталдым...

– Балам, бұл жақсылықтың нышаны. Байқайсың ба, әп-сәтте жақсы өзгерістер басталды. Шүкір, шүкір... Мына даланың, жердегі көктің де әсері ғой...

Есіркеп қойларды қораға қарай айдай бастағаны сол еді, екі буаз қой қозылағалы тыпыршып жатыр екен. Есіркеп қуанғаннан қойларға қарай жүгірді. Қойларға таянғаны сол еді, қойлар қозылап та үлгеріпті. Біреуі егіз, екіншісі бір қозы

туды. Қозылаған саулықтар орнынан тұрып, қозыларына еміреніп, үсті-басын жалай бастады.

Шаранадан босанып шыққан құйтақандай қозылар өздерінің жарық дүниеге келгенін сездіргендей жәйлап маңырай бастады. Кішкентай жас қозы сүйкімді нәзік даусымен маңырап, тырыпшып әзсіздеу аяқтарымен тұруға талпынды.

Мынандай сүйкімді қозыларды көрмеген Орынбасар да қозылардың жанына жетіп келді. Қозылардың басынан сипады.

– Қандай сүйкімді... Орындарынан тұра алмай жатыр. Әлі нәзік екен ғой.

– Балам, бұл жақсылықтың белгісі... Әлі-ақ сенің жолың ашылады екен... Саулықтардың қозылағаны жақсылықтың нышаны. Қойларды қарашы, қозыларына қандай қамқорлық жасауда. Қозыларының үстін жалап кептірсін. Сосын емізіп болған соң мен егіз қозыларды, сен жалғыз қозыны көтеріп үйге қайтайық. Сәл күте тұрайық.

– Қойлардың қозылағанын бірінші рет көруім. Қызық екен...

– Иә, балам, қойлар осылай жайылып жүріп-ақ қозылай береді. Дені сау қозы бір-екі сағатта аяғына тұрып, анасының соңынан ілесіп жүре береді. Жаратылыстары сондай ғой.

Қойларының қыстан қоңды шығып, егіздетіп қозылағанына Есіркеп қатты қуанды. Бұл Орынбасардың тегін еместігінің белгісі деп іштей жақсы ырымға балады. Әйтеуір іші тар, көре алмайтын көрші шопан ұзынтұра Еділбайдың алдында маскара қылып, қарабет еткізе көрме. Әлі жыны басылмай, әкірендеуін қояр емес. Көкнарды іше-іше есінен адасып бітетін болды. Иә, бір кездері жап-жақсы араласып-құраласып тұратын көрші едік-ау... Бүгінде сыйластығымыздың шырқы бұзылып, бітіспес жауға айналдық...

– Орынбасар балам, қозылардың үсті кеуіп өздеріне келіпті. қозылардың үшеуі де ұрғашы екен. Ұрғашы қозылар көп туылса өрісіміз кеңейіп, қойларымыз көбейеді деген сөз. Көрдің бе, қозылаған қойлар расында қыстан дилы шыққан. Орындарынан тұрып, оттап та жатыр...

Есіркеп пен Орынбасар қозыларға жақындады. Аяқтарына іліккен жусанның исі мұрынды қыттықтайды. Енді бірде аспанда бозторғай шырылдап, әртүрлі әнге салды. Қанатын бір жерде қағып, дамылсыз ұшады. Орынбасар бозторғайдың әніне мәз болып, қолын жоғары көтеріп-көтеріп қояды.

– Иә, балам, бозторғайдың дамылсыз шырылдап ән салғаны да жақсылықтың белгісі...

– Әке, айтқаныңыз келсін!

– Жарайды, жарайды, балам. Енді келіскен уәдеге орай қозыларды көтеріп, қораға апарайық.

Есіркеп екі қолымен егіз қозыларды, Орынбасар бір қозыны көтеріп, қойларды айдап жем-шөбі салынған қой қораға кіргізді. Даланың көк шөбінен кейін бір мезгіл жеп-шөп берілмесе, қойдың іші өтіп тышқак болады. Бұлар үйге жақындағанда үй жақтан пістемайдың исі аңқыды. Қатыш сыртқа темір пешін шығарып, бауырсақ пісіріп тұр екен.

– Апа, тоқаш берші. Көптен бері жаңа пісірілген тоқаш жемеппін, – деді Орынбасар жас балаша елпілдеп.

– Мә, балам-м-м. Же-е-е, – деп Қатыш бір тостаған тоқашты Орынбасарға берді.

Орынбасар тоқаш толы тостағанды жерге қойып, құмандағы сумен қолын жақсылап жуды. Содан кейін тоқашқа бас салды.

– Апа, өте тәтті екен. Әке, тоқашқа келіңіз.

– Қазір, қазір.

Есіркеп те қолын жуып, Орынбасардың жанына келіп тоқаш жей бастады.

– Апаңа рахмет. Сыртқа қазан-ошақ орнатып, тоқаш пісіргені қандай жақсы болған, а-а-а.

– Расында да қарнымыз ашып қалыпты, – деді Орынбасар күліп.

– Қой бағып кеткен сендердің қарындарың ашқан шығар деп әдейі далаға тоқаш пісіріп тұрмын. Оның үстіне Орынбасар бірінші рет қой бағуға шықты. Соның құрметіне тоқаш пісіріп, бір қазан ет асып қойдым.

– Апа, көп рахмет сізге. Қандай тамаша... Иә, айтпақшы екі қой қозылады. Біреуі егіз, екіншісі бір қозы туды.

– Балам, өте жақсы болыпты. Ыстық тоқаштан тағы салайын ба?

– Жо-жоқ, апа. Сәлден кейін.

– Қатыш, таяу күндері бие құлындағалы тұр. Орынбасарға саумал ішкізейік. Оның шипасы тиіп, баламыз дертінен аман-есен сауығып кетсін...

– Шал-ау, өте дұрыс айтасың. Мен де саумал ішкізіп емдеуді ойланып жүргенмін. Сен тура менің ойымның үстінен түстің. Саумалдың жазбайтын дерті жоқ. Жаңа сауылған биенің сүті дәрі. Саумал дененде қандай ауру болса да қуып шығады. Науқас адамды саумалмен емдеу ертеден келе жатқан тәсіл. Таза сауылған саумалды ішудің де өз әдісі бар...

Бір кезде үйге ұзынтұра Еділбайдың кемпірі Орынкүл апа көйлегінің етегіне сүріне-қабына кіріп келді. Реңі қашып, әбіржіп кетіпті. Түрінен адам шошырлық ентігін баса алмай тұр.

– Әй, Орынкүл, жайшылық па, не болды сонша ентігіп?

– деді аң-таң болған Қатыш қазандағы тоқаштарды сүзіп алып тұрып.

Осында жеткенше Орынкүл кемпірдің санасын сан түрлі уайым жеп, өмірден баз кешіп, басқа барар жері болмағандықтан амалсыздан осында келген еді. Келген бойда жерге сылқ етіп отыра кетті.

– Әй, қатын, не болды, айтсайшы...

– Еділбай аяқ астынан науқастанып төсек тартып жатып қалды...

– Өзіне де сол керек, – деді Есіркеп. – Не болса соған ашуланып, аузына келгенді оттап жүре берсін, – деді өршеленіп.

– Е-е-е, сорлы бейбақ-ай. Ақылынан адасқан тілі ащы көршім-ай. Құдай қосқан көршіміз ғой. Жақсылыққа қуанбай, күйіп-пісіп, іштарлық жасау адамды ауруға душар етеді, – деді Қатыш.

– Қатыш-ау, айтқаныңның бәрі рас. Құдай үшін үйге барып көріп берші, – деп Орынкүл көз жасына ерік берді. Оның зарлы даусына үйдегілердің денесі түршікті.

Көршісі ұзынтұра Еділбай шопанға көңілі қалған Есіркеп біразға дейін маңдайы тырысып үнсіз отырды. Демін ішіне тартып, ернін тістелей берді. Бар бәле Орынбасарды паналаттың, бала еттің дегеннен басталды. Пейілі тарылып, Орынбасар оның көзіне көшеде жүрген қаңғыбас, қылмыскер болып көрінді. Санасын тұмшалаған арам ой ақыры Еділбай ұзынтұраны төсекке алып ұрды. Ашудан, күйіктен арылардай болып жүруші еді. Жындана жаздады ғой.

Қасқыр секілді төрт тағандап жүгіріп, ұлығанына жол болсын. Тілің кесілгір неме. Өзің еңгезердей болғанмен, басында тауықтың миындай ми жоқ екен. Не болдың енді? Отыз жылдан бері ішкенің көкнар. Көкнарынды ішіп, қойынды бағып тыныш жүре бермедің бе. Көршің мен сияқты шыдамды болғанына шүкір демейсің. Көкнар ішетінің туралы ешкімге тіс жарған емеспін.

Жастау кезінде Еділбай мұндай кесір, бәлекор емес-тін. Алғаш қой қоралары жақын орналасқанда қатты қуанып, қой бағудың қыр-сырымен бөлісетін. Мінезі ашық, кеңпейіл жігіт болатын. Не керек, бір жылы қыста өкпесіне суық тиіп қатты ауырды. Көк жөтел болды. Ішпеген шөп дәрілері

қалмады. Шипасы тимеді. Содан не керек, бір тәуіп осыдан құлан-газа жазылып кетесің деп көкнарға үйретті. Расында да жөтелі басылды. Бірақ содан кейін Еділбай көкнарға әбден еті үйреніп алды. Көкнар ішпесе тұра алмайтын жағдайға жетті... Көкнарды тоқтаусыз пайдаланатындықтан сылып алар еті қалмай ұзынтұра Еділбайға айналды. Ауру қалса да әдет қалмайды дегендей, бүгінде көкнарсыз өмір сүре алмайтын халге жетті. Ұзынтұра Еділбай адамгершіліктен жұрдай, қатыгез зәлімге айналды.

Есіркеп пен Қатыш амалсыздан Орынкүлдің соңына ілесті. Еділбай қатты ұйқыда жатыр екен. Қатыш келген бойда оның тамырын ұстады да:

– Орынкүл, қауіпті ештеңе жоқ. Көкнарды шамадан тыс көп ішіп қойған. Көкнардың уытына мас болып жатыр...

– Иә, айтпақшы, сендердің биелерің құлындады ма?

– Құлындағанына бір ай болды.

– Өте жақсы. Еділбайға биенің саумалын ішкіз. Саумал оның асқазанын тазалайды. Көкнар бүкіл денесіне сіңіп кетіпті. Қорықпа, он бес күнде аяғына тұрады.

– Рас айтасың ба?

– Саумалдың емдік қасиетіне ешнәрсе жетпейді.

– Айтқаның келсін-н-н... Жақсы, жақсы, айтқаныңды орындаймын.

– Әуре болып дәрігерге жүгірме. Еділбайдың көкнар ішетінін білсе не істейтіндерін білесің бе? Арты жақсылыққа апармайды...

– Жо-жоқ, білмеймін.

– Әй, байғұс-ай, түрмеге қаматады.

– Ойбай не дейсің... Рас па?

– Өтірік айтып маған не көрінді. Өздеріңе абай болыңдар.

– Қатыш, сендерге көп рахмет. Еділбай өзіне келіп, осы жаман әдетінен айықса, сендерден кешірім сұратамын. Иә, иә, танданба...

– Орынкүл, сенде тұрған не бар дейсің. Бар бәле Еділбайда. Өзіне келіп сауығып кетсін. Ештен кеш жақсы деген, мүмкін түзеліп кетер. Мына жалған дүниеде бір-бірімізбен сыйласып жүргенге не жетсін, шіркін! Дұрыс па? Жұмырбасты пендеге одан артық не керек...

– Шынымды айтсам соңғы кездері Еділбай адам танымастай қатты өзгеріп кетті. Көзіне қай-қайдағы жын-шайтандар елестейді.

– Орынкүл, оның бәрі көкнардың әсері ғой. Кейінгі кезде көкнарды тым жиілетіп ішетіні байқалады. Онысын азайту керек.

– Оны қалай азайтуға болады?

– Ойлану керек...

– Қатыш-ау, оның амалын өзіңнен басқа ешкім білмейді.

– Жарайды, оның амалын қарастырамыз. Ал, енді сенің міндетің Еділбайды аяққа тұрғызу. Түсіндің бе?

– Түсіндім. Бұл жақсылығыңды ұмытпаймын.

– Маған сенің алғысыңнан артық ештеңе жоқ.

Сырттан Есіркептің даусы естілді:

– Қатыш-ау, үйге қайтайық.

– Орынкүл, менің айтқандарымды есіңнен шығарма. Еділбай әлі-ақ сауығып кетеді...

– Айтқаның келсін... Рахмет, рахмет-т-т, – деп Орынкүл риза болып қалды.

Есіркеп пен Қатыш үйлеріне келгенде бес жасқа толған кара биелері құлындап, ұрғашы құлын туды.

Орынбасарға жақсылап саумал ішкізетін болдық деп Есіркептің қуанышында шек жоқ. Торы биесіне риза болып, маңдайындағы ұзын кекілін тарап қойды. Негізі өзі сүтті бие. Былтырғы жылы да қымызына қарық болған едік. Биыл сені жақсылап күтіп, жемдеймін деді іштей Есіркеп.

Есіркептің өзімен-өзі торы биесінің қасында күбір-күбір етіп сөйлеп жүргенін байқаған Қатыш:

– Биені риза болып тұрсың ба? – деп күлді.

– Алғыс жаудырып жатырмын. Биеміз сүті керек болған кезде құлындағанына рахмет.

– Жақсы бие ғой. Білгендей құлындағанына расында рахмет.

– Қатыш, саумалынды дайындай бер. Орынбасардан бастап бәріміз саумал, қымыз ішейік. Шіркін, азанғы саумалға ештеңе жетпейді ғой.

– Әке, апа, бие құлындапты ғой.

– Саған саумал ішкіземіз. Айттық қой, оның шипасы өте керемет деп. Тез сауығасың.

– Рахмет, сіздерге.

– Балам, торы бие құтты жылқының тұяғы. Өзі расында да құтты. Сүті де құнарлы, өте шипалы. Бос жіберсең, үйден алысқа ұзамайды. Жақын жерде жайылып жүреді. Өткен жылы далада жайылып жүргенде құлындайды. Сол кезде бір қаншық қасқыр кез болып, құлынын жеуге тап береді ғой. Бие қаншыққа қарай секіріп, артқы аяғымен қақ маңдайынан теуіп, сеспей қатырыпты. Биенің мұндай өжеттігіне сондай тәнті болдық. Не деген батылдық. Осы жағдайдан кейін бұл биені ерекше қадірлейтін болдық. Балам, осындай да киелі жылқылар бар.

– Әке, расымен де бие қасқырды теуіп өлтірді ме?

– Балам, мен өз көзіммен көрдім ғой. Қаншықтың құландаған биеге қарай бара жатқанын көріп, қолыма мылтығымда алып солай қарай жүре бердім. Мылтығым оқтаулы, атып аламын ғой деп ойлағанмын. Сөйтсем, мен жеткенше қаншықтың сазайын беріпті...

– Адам сенгісіз оқиға екен. Биенің құлынын қасқырдан аман алып қалғанына қатты таң қалып отырмын. Мұндай да болады екен-ау. Неткен мықты бие...

– Иә, балам, жануардың ішінде жылқыны ерекше қадірлейтін қазақтар емес пе?! Ата-бабамыз жылқының арқасында осыншама кең байтақ жерге ие болып қалды ғой. Мінсең көлік, жесең ет, сүті дәрі емес пе. Жылқы киелі

жануар ғой жарықтық. Осы сөзіме дәлел мына менің торы бием.

– Есіркеп әкең өте дұрыс айтады. Биеміз расында да киелі, – деді сөзге араласқан Қатыш. Ертеңнен бастап осы биенің саумалын ішесің, балам. Саумал ішіп көрдің бе?

– Кәдімгі сиырдың сүті секілді. Биеден сауа салысымен жылы күйінде күніне екі-үш реттен ішу керек. Басыңнан бастап бақайшағыңа дейін он күн ішінде бәрін тазалап, ауруынды қуып шығады, – деді Қатыш апасы Орынбасарға күлімсірей қарап.

Орынбасардың соңғы кездері аққұба жүзі нұрланып, бауырмал күйге түсіп, жайдарыланып, ой-өрісі жақсарып келе жатқанына Есіркеп пен Қатыш қатты қуануда. Бұл жақсы өзгерістің нышаны. Орынбасардың өңі кіріп, бет-әлпетінің өзгеруі бір жағынан жақсы, бір жағынан жаман болатын себебі, оны іздеушілер таба алмайды, жақсы жағы біз үшін оны өзімізде ұзақ уақыт ұстауға болады. Осылай бет-әлпеті бұзылған күйде жүре бергені жақсы деп ойлады.

Не керек, арада әне-міне дегенше он күн де өтті. Қатыш Орынбасарға күніне үш мезгіл саумал ішкізді. Саумал Орынбасардың көңілінен шықты. Есіркеп пен Қатыш тапқандарын оның үстіне кигізді. Дәмді тамағын аузына тосып бәйек болды. Орынбасар соңғы күндері Есіркептің үйіндегі азын-аулақ кітаптарды оқитынды шығарды. Шұқшиып Есіркептен эзер сұратып жүріп тапқызып алған қағазға бірденелерді жаза бастады. Ара-арасында Есіркеппен бірге қой бағысады. Кейде қойларға жем-шөп салысады. Мұнан басқа да үй жұмыстарына жәрдемдеседі. Бәрінен де қаншықты теуіп өлтірген бие мен құлынына жем-шөп салғанды жақсы көреді. Орынбасардың бұл қылығына Есіркеп пен Қатыш мәз болады.

Саумал расында да Орынбасарға жақты. Денсаулығы күннен-күнге жақсарып келеді. Ақыл-есі де қалыпқа келе бастады. Бұрынғыдай емес, қой қорада камалып отырмай,



сарымсақ, жуа теріп қайтады. Есіркеппен бірге қой бағады. Бірлі-жарым төлдеген саулықтардың қозыларын күтімге алады. Аналарына емізіп, қойлардың аяқ асты болмауы үшін шеткерірек шығарып қояды. Өзімен бірге қорадан ала шыққан жеңіл сымнан тоқылған торды дөңгелек етеді де ішіне жас қозыларды жібереді. Саулықтар қозыларынан ұзамай, маңырап жақын жерде жайылатынды шығарды. Орынбасардың бұл тапқырлығына бәрінен бұрын Есіркеп дән риза.

Бір жолы Орынбасардың торы биенің құйрығынан бір уыс қыл кесіп алғанын көрген Ескермес таң қалып:

– Балам, бұл қылды не істемексің? – деп сұрады.

– Қой бакқанда айналамызда ұшып жүрген қаршығаларды көрдіңіз бе?

– Көрдім.

– Тұзақ құрып, қаршығаларды ұстаймын. Тіптен, бір-екі бөденені де көріп қалдым...

– Мұның табылған ақыл екен...

Орынбасар қыраттың беткейіне таяу жерге барып, әр жерден бірнеше тұзақ құрды. Жердегі тұзақтар бөденеге, жыңғылға қойылған тұзақтар қаршыға, қырғи, кекілік секілді құстарға арналған. Енді тек сабыр сақтап күту керек деп ойлады ішінен.

– Әке, есіме балалық шағым біртіндеп оралуда. Біз де дәл осындай тауға жақын ауылда тұрдық. Мен жасымнан құстар мен түлкі, тіптен қасқырларды ұстауға машықтанып өстім. Иә, қысқасы мен мектепті бітірер жылы ауыл маңайында қасқыр атаулы жоғалып кетті. Ауыл адамдары да, бәрінен бұрын мен де таң қалдым. Қысқасы, сол жылы мамыр айының басында тоғай кезіп жүрсем кенеттен бөлтіріктеген бір қаншықты байқап қалдым... Ауылға қарай қуана жүгірдім. Алдымнан сыныптасым Ескермес кезіге кетті.

– Ойбай, жоғалып кеткен қасқырлар келіпті, – дедім аптығым басылмай.

– Оның несіне таң қаласың, сонша жерден жеті қоян тапқандай болып тұрсың ғой. Қасқырлар да орын ауыстырып, ауып жүреді, – деді білгішсініп.

– Ең қызығы, қасқырдың бөлтіріктерін таптым. Жақында мектеп бітіріп, бәріміз Алматыға оқуға түсуге барамыз ғой. Бөлтіріктерді сақтауымыз керек, – дедім қуанып кетіп.

– Бөлтіріктерге неге сонша жаның ашиды. Олар жыртқыш қой. Өлтіру керек, – деді Ескермес көзі шатынап.

Мен Ескерместің мына сөзінен қатты қорқып кеттім. Қалайда бөлтіріктерді аман алып калудың жолдарын ойладым. Айтпақшы менің өз әкем Байжан ауылдағы мектепте тарих пәнінен, шешем Аққу бастауыш сыныптарға сабақ беретін мұғалімдер еді. Ауылымыз «Береке» тау бөктерін жағалай орын тепкен біртұтас қазақы ауыл болатын. Теріскейдегі ежелгі қарт Қаратау маңайы ғой. Мен ауыл сыртындағы қыраттарды көп аралайтын едім.

Бірде ойда-жоқта қыраттың қалтарыстау жерінен қасқырдың кеңдеу апанын кездестірдім. Апан ішіне бастапқыда сақтық үшін тас лақтырып көрдім. Апан ішінен ешқандай дыбыс шықпады. Бұқпантайлап ішіне кірдім. Сөйтсем іші адам бойлайтындай кең екен. Анау айтқандай қараңғы да емес. Ішінде қасқырдың үш бөлтірігі жатыр екен. Бір бөлтірік кәдімгі иттің күшігі құсап маған еркелеп, құйрығын бұлғаңдатып менімен ойнай бастады. Менің бір жағынан бөлтірікке жаным ашып кетті. Басынан сипап, қолыма алдым. Ол жәй ғана қыңсылады.

Сирағы жас қозының сирағындай ұп-ұзын, құлақтары енді-енді тікшіе бастаған бөлтіріктерге жүрегім елжіреп кетті. Әп-сәтте есімді жинап, тез арада сыртқа шықтым. Ұзаққырап барып қалың жынысты сәмбі талдың түбіне жасырындым. Арада көп уақыт өтпей-ақ ана қаншық

апанға келген бойда айнала төңіректі тұмсығымен иіскелеп, жалтаң-жалтаң қарап алды да ішке енді.

Ертесіне мен болған жәйді балалықпен мақтанып Ескермеске айта салдым ғой. Қысқасы, қысастық, іштарлық жасаған Ескермес сол ана қаншықты атып өлтірді... Бұл кезде мен Алматыға оқуға баруға жолға жиналып жатқанмын. Бөлтіріктерге жаным ашып, оларды қалайда тірі алып қалуды көздедім. Ақырында Әкем Байжанға болған жайды түгел баяндадым. Әкеме бөлтіріктерді аман сақтап, өсіруді өтініп сұрадым. Бөлтіріктерді үйге, әкеме әкеме әкеліп беруді ұйғардық. Сонымен кейін өте қайғылы жағдай болды...

Мен бөлтіріктерді құтқару үшін апанға кіргенімде қатты жер сілкінісі болды. Сол кезде басымнан жарақат алып, есімді жоғалттым. Көп уақыт есімді жинай алмай, Алматы қаласындағы ғылыми-зерттеу орталығында ауруханада жаттым... Әйтеуір бір күні есімді жидым. Бірақ, екі аяғымнан жан кетіп, мүгедек болып төсекке таңылдым. Мені ең мықты деген дәрігерлер аяққа тұрғыза алмай көп әуреленді. Тіпті, мені енді ешқашан жүре алмайды дегендер де болды. Қатты қайғыға душар болдым. Өмірден біржола баз кештім...

Кенеттен бір күні жұмбақ жағдайда ғайыптан келген ақ қасқырлар аяғымның үстіне отырып мені емдеп, орнымнан тұрғызып жіберді. Иә, мен жүріп кеттім. Адам сенгісіз оқиға болды...

– Құдайға шүкір, есінді жинадың ғой. Шүкір, шүкір. Әке-шешең қайда? Издеп табуыңа көмек берейін.

– Әкем жер сілкінісі кезінде мектепте екен. Үйінді астында қалып мерт болды... Шешем мені Алматыда ұзақ уақыт айықпай, ес-түссіз жатқанымға қатты қайғырып, жүрегі шыдамай қайтыс болып кетті ғой...

– Ой, айналын-ай... Қайғыңа ортақпыз... Тас түскен жеріне ауыр ғой... Болған іске болаттай берік бол, балам.

– Кейін мен осы қайғылы жағдайды басымнан өткізгеннен кейін жынданып кете жаздадым... Қайсыбірін айта берейін, ерекше тылсым күштің арқасында маған жер сілкіністі тоқтату туралы керемет ой келді. Әкем Байжан жер сілкінісінен қайтыс болды... Қайдағы ой деп түсінбей қалмаңыз.

– Балам, қысылмай-қымтырылмай түгел айта бер. Мен де жәй қатардағы шопан емеспін. Бәрін де түсінемін. Сонау бір жылдары мен де Алматыда политехникалық институтта оқығанмын. Бірақ, жастықтың желігімен төбелесіп, оқудан пығарып жіберді. Содан ауылға оралып, бір отар қой алдым да қойшы болып пыға келдім...

Бұл өте ұзақ әңгіме... Пешенеге жазылғанды көреді екенсің. Өкінгенмен не пайда? Тағдырдың жазуы солай болса нешік... Шүкір, сені өкіл бала етіп, бауырымызға бастық.

– Сіздерге деген алғысым шексіз. Мені туған балаларыңыздай әлпештеп, күттіңіздер... Міне, саумалдың пайдасы тиіп, емделіп шықтым. Бәрінен бұрын есімді толық жинадым... Өзіме біржола келдім. Сіздерге тап болмағанда, күнім не болар еді? Далада қалып, қор болып өлер едім...

– Олай деме, балам. Өлмегенге өлі балық жолығады. Мен енді сені балам деп айта берейін бе?

– Әрине, қуана келісемін. Сіздер мені емдеп, өлімнен арашалап, адам қатарына қостыңыздар... Сол үшін мен сіздерге өмір бойы қарыздармын...

– Түсінгеніңе рахмет. Бірақ балам, бұрынғы түріңді қалпына келтіру біздің қолдан келер емес...

– Айнадан өзімді-өзім бірнеше рет көрдім... Мені Алматыдағы II-ші темір жол вокзалында ұрылар қалтамдағы азын-аулақ тиын-тебенімді тартып алып, аяусыз соққының астына алды... Содан бет-әлпетім бұзылып, осындай күйге түстім ғой. Мұрнымды сындырып, бір жағына қарай қисайтып, оң көзімді шығарып, соқыр ете жаздапты ғой.

Көзімді қабағымның еті басып қалыпты. Әйтеуір көзім соқыр емес екен, бұған да шүкір.

— Айналайын-ай, әбден теперіш көрген екенсің ғой... Қалтанда ешқандай құжат болған жоқ. Өзіңді растайтын жеке құжатыңды да сол ұрылар алған сияқты. Төлқұжатыңды қайта жасатудың жолын қарастырамын...

Есіркеп пен Орынбасарды тамаққа шақыра келген Қатыш:

— Өңдерің сынық қой, тыныштық па? — деп шошына сұрады.

— Орынбасарға сенің саумалыңның пайдасы тиіп, есін толық жинады. Өзіне-өзі келді.

— Құдайға шүкір! Менің айтқаным келді ғой.

— Апа, сізге де алғысым шексіз. Сіз болмағанда мен әлдеқашан өліп кетер едім... Маған екінші рет өмір сыйладыңыз. Сізге өмір бойы қарыздармын. Бұл жақсылығыңызды қалай өтеймін? Өтей алмайтын шығармын, — деп көзіне жас келген Орынбасар Қатыш апасын құшақтай алды.

— Қой балам, нағыз адам жасаған жақсылығын сатпайды. Бізді сыйлап, әке-апа деп құрметтесең соның өзі біз үшін үлкен бақыт. Бұдан былай бізді әке-шешем деп есепте.

— Енді менің әке-шешем расында сіздерсіздер. Сіздерге деген құрметім шексіз. Алдарыңызда басымды иемін.

Есіркеп кемпіріне Орынбасардың өткен өмірін, басынан өткен шытырман оқиғаны бүге-шігесіне дейін қалдырмай айтып берді. Қатыштың жүрегі езіліп, Орынбасарға аянышпен қарап, егіле жылады... Орынбасарды бауырына басып, маңдайынан сүйіп, мауқын басты. Бір жағынан Есіркеп те келіп оның арқасынан қағып, көзіне жас алды.

Орынбасардың да көңілі босап, әке-шешісіне деген сағынышты, кеудесіндегі нала-мұнды сыртқа шығарып солқылдап жылады. Осылай үш мұңлық бір-бірін жұбатып ұзақ отырды... Әлден соң сабаларына түсті. Орынбасардың

ауыр тағдырына Қатыштың жүрегі қатты ауырды. Жап-жас басымен осынша тауқыметті арқалағаны қандай өкінішті... Негізі бұл бала тегін бала емес... Өзінің бойында тектілік, бір ерекше қасиеті бар... Ақ қасқыр аяғымды емдеді дегеніне таң қалды. Адам сенгісіз оқиға... Жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалық жазып жүрмін дегеніне түсінбедім. Адамның ақылы жетпейтін нәрсемен айналысқаны несі?

Қатыш әрі-бері ойланғанымен бір тоқтамға келе алмады. Бәрінен бұрын баланы емдеп, аяғынан тұрғыздық. Ақыл-есін жинатып, адам қатарына қостық. Бұрынғы уайымым сейіліп, көңілім орнына түсті... Әйтеуір қорқынышты сәттер артта қалды, шүкір-р-р-р...

– Шал-ау, Орынбасардың жазылып, қатарға қосылғанын атап өтейік. Қой сойып, қуанышымызды тойлайық.

– Дұрыс, баламыздың қуанышын тойлайық.

– Еңсеміз езіліп кетті ғой. Еңсемізді көтерейікші...

– Әке, апа, сіздерге өте ризамын. Уайымды сейілтейік, – деді қуанышы қойнына симаған Орынбасар Есіркеп пен Қатыш апасын кезек-кезек құшақтап тұрып.

Қой сойылып, мол дастархан жайылды. Бәрі дастархан басына жайғасты. Орынбасар буы бұрқырап қайнап тұрған сары самаурынды үйге кіргізді.

– Апа, сізге көмектесіп жатырмын.

– Ой, айналайын рахмет, – деп Қатыш апасы сүт қатқан кою күрең шәйді төрге ұзатты.

Сол мезетте іздегенге сұраған дегендей үйге көршілері Орынкүл күлімдеп кіріп келді.

– Енең сүйеді деген рас екен. Шәйдің үстінен түстім.

– Орынкүл, кел, төрлет. Орынбасар баламыздың есін жиып, өзіне келгеніне қуанып, кішігірім той жасап жатырмыз.

– Жақсы болған екен. Қуаныштарыңа ортақпын.

– Рахмет. Орынбасар саумалдың арқасында тез сауығып, өзіне келіп, есін жинады, – деді Қатыш қуанып.

– Қатыш, саған көп рахмет. Сен нағыз білгір емшісің. Айтқаның келді. Еділбай да аяғына тұрды... Қақандап жүр.

– Рас па? Қуанышың ұзағынан болсын, – деді Есіркеп көңілденіп.

– Екі күн саумал ішкеннен кейін-ақ асқазаны тазарды. Қап-қара бірденелерді құсты-ай келіп. Қазір үйде койларына өзі қарап жүр. Бірақ, көңіл-күйі онша емес. Қабағы катулы, сіркесі су көтермейді.

– Жылы-жылы сөйлей бер. Уақтылы көңілі қалаған тамағын пісіріп бер. Көкнарды азайтсын...

– Сол көкнар құрғырды бірнеше жыл ішіп келеді ғой. Бірден тастап кете қоюы киын-ау, – деді Орынкүл шарасыз кейіппен.

– Иә, Орынкүл, дұрыс айтасың. Көкнарды бірден тастап кету онай емес. Көкнар оның қанына әбден сіңіп кеткен. Уақыт керек. Уақыт-т-т, – деді Қатыш сүт қатқан шәйді сораптап отырып.

Орынкүл орнынан тұрмақ болып қомпаңдай бастады.

– Асықпа, қазір ет жейміз. Өзің тегі қызықсың. Қуаныштың үстінен түсесің де, тамаққа қарамай тұра жөнелгеніңе жол болсын. Отыр, ет жеп барып қайтасың. Әй, қайда асығасың?

– Етінді әкел, ауыз тиейін. Еділбайдың қабағы ашылса мен де сендерді үйге қонаққа шақырамын. Қуанышымды бөлісейін әрі рахметімді айтайын деп келдім. Қуанышымды сендермен бөліспесем кімдермен бөлісемін.

– Өте жақсы, – деді көңіл-күйі көтеріңкі Есіркеп. – Менің айтқаным тура келеді. Бізге Құдай берген Орынбасар балам тегін емес екен... Өзіне-өзі келіп, есін жинап, өзі туралы айтқандарына таң қалып, қуанып отырмыз.

Қатыш үйге үлкен табақпен буы бұрқыраған исі аңқыған етті алып кірді. Дастархан басындағылар өздеріне тиесілі жілікті алып мүжуге кірісті.

Үшінші күні түрі әлем-тапырық болып кеткен Орынкүл кіріп келі. Келген бетте әй-шәй жоқ зарлай жөнелді:

– Ойбай, ойбай-й-й, Еділбай жынданды. Ақыл-есінен адасты-ау... Таңертең атын ерттеді де тасырлатып ауданға шауып кетті. Есіркеп пен оның үйінде тығылып жүрген қылмыскерді түрмеде шірітемін, соттатамын дейді. Ауданның барлық полициясын алдыма салып келемін, айтқаным айтқан деп маған құлақ аспастан кетіп қалды... Ойбай, Қатыш, сендерге соны ескерткелі келдім...

– Не дейді, ойбай... Рас айтып тұрсың ба?

– Өтірік айтып маған не көрінді. Әрекеттеріңді жасандар, қапыда қалмаңдар-р-р, – деді Орынкүл дегбірсізденіп.

Осылай деген Орынкүл келген жолымен кері қарай апыл-ұпыл тұра жөнелді. Ескертуге келген Орынкүлге Есіркеп пен Қатыш риза болды. Алдын-ала ескертпесе не болар еді... Орынбасарды қапыда полиция ұстап әкетсе қолында өзін айғақтайтын ешбір құжаты да жоқ. Енді не істейміз... Еділбай таңертең кетсе, түс қайта полицияны ертіп жетіп келеді... Орынбасарды олардың қолына беруге болмайды. Егер полицияның қолына бір түссе бәрінің біткені...

Қатыштың жүрегі суылдап, аузына тығылды. Үрейден тұла бойы қалшылап кетті. Көзіне жас келді. Құдай атқыр Еділбайдың бұнысы несі? Құдай бізге жалынсақ та бала бермеді... Енді балалы болдық па дегенде мұны да көп көрді ме бізге. Іші тар, көре алмайтын зәлім екен ғой өзі... Іштен шыққан жау жаман деген осы. Адамдарда мүлдем мейірім-шапағат деген азайып барады. Қап, Құдай-ай, енді не істейміз?..

Есіркептің де ашудан қаны қарайып, басына шапты. Орынбасар келгеннен сол пәлекеттің көзіне әзірейілдей көрінді. Өзімен-өзі жүрген бала, ешкімге зияны жоқ. Несімен ұнамай қалды сонша? Бет-әлпеті адам шошырлықтай

болғаны үшін бе... Сокқының әсерінен болған жағдай ғой бұл. Сорлы балада не әкесінің құны қалды, сонша өшігетіндей... Әй, имансыз неме-ай...

Әй, сорлы балам-ай. Енді есін жиып, адам қатарына қосылды ма дегенде тағы не күтіп тұр екен сені... Маңдайыңның соры бес елі екен, байғұс бала. Қап, оңбаған Еділбай, сенің мұншалықты қатыгез, тасжүрек екенінді қалай байқамағанмын... Адам аласы ішінде деген рас екен-ау. Албасты басқыр, көкнар әбден санаңды тұмандаған екен. Алжыған неме...

– Орынбасар балам, мына Еділбай деген көрші шопан сені қылмыскер деп полицияға арыз беруге ауданға кетіпті. Сол себептен олар сені қашқын қылмыскер деп түрмеге қамайды. Егер құжаттарың болғанда қорықпас едік...

– Енді не істейміз, әке? – деп Орынбасардың түсі бұзылып кетті...

– Сені қалай да құтқарудың жолын қарастырып жатырмын, балам, – деген Есіркеп бір сәт үнсіз қалды.

– Әй, Қатыш, мен Орынбасарды қалай құтқарудың жолын таптым... Таптым-м-м-м.

– Созбалақтамай айтшы енді, уақыт тығыз. Тезірек қимылдайық...

– Орынбасарды тау сілемдері ішіндегі тек мен ғана білетін үңгірге жасырамыз... Үңгір өте ескі... Оны бір кезде маған әкем марқұм көрсеткен болатын. Оған барар жолды тек мен ғана білемін.

– Орынбасарды онда жалғыз апаруға болмайды. Өте ескі үңгір болса, жалғыз өзі қорқады. Айтпақшы шал-ау, полиция келсе сені де тексеріп, кінәлі қылады. Орынбасарды үйіңе жасырған кім, ол сен... Яғни, бәрі басылғанша үңгірге Орынбасармен бірге сен де жасырын. Сені сұраса қой бағып кетті дей саламын... Сендерге керекті азық-түлікті, жылы киім, көрпе-төсекті дайындайын. Атқа өңгеріп алындар, – деп Қатыш керек-жарақтарды дайындауға кірісті.

– Мынауың табылған ақыл екен. Үңгір іші кең...
Орынбасар балам екеуміз емін-еркін сиямыз...

– Әке, апа, сіздерді әуреге салдым-ау. Ұстаса ұстасын...
Бармаймын үңгірге.

– Ойбай балам, не айтып тұрсың? Айтқанымызға көн.
Сен келешекте жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми
жаңалық ашасың. Сол үшін біз сені аман сақтауға тиіспіз.
Қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Сені бізге Алла тағала
тегін жолықтырған жоқ. Бұл бізге жіберілген сынақ...

– Жолғакеректің бәрі әзір. Ешнәрсені ұмыт қалдырмадым.
Ал, тезірек қимылдаңдар. Жолдарың болсын... Есіркеп, екі
үш-күннен кейін үйге қайта бер. Жағдайға қарап сені де
үйге әкелеміз Орынбасар балам, еш қамықпа, – деді Қатыш
Орынбасардың маңдайынан сүйіп.

Есіркеп пен Орынбасар екі атқа керек-жарағын артып,
үңгірді бетке алып жүріп кетті. Қой қорадан біраз ұзап,
Қаратау етегіндегі жонды беткейлеп, қыраттардан асып,
тереңдеу сай ішіндегі жабайы өрік, алма, шие өскен
бір аттылық сұрлеумен тау ішіне қарай ене берді... Екі
шақырымдай жүрген соң кенет сай бітті. Сайдың біткен
жеріне қой тастар қаланышты.

Екі жолаушы аттарынан түсті. Есіркеп аттардың
ауыздықтарын алып, шөп жеуге қойды. Аттардың үстіндегі
зағтарды түсірді. Сөйтті де қаланған тастарды мұқият
алып бір шетке жинай бастады. Орынбасар да бір шетінен
көмек берді. Екеуі әне-міне дегенше үңгір аузын тастардан
тазарғты.

– Біссіміллә, – деп Есіркеп үңгір ішіне бірінші болып
кірді. Расында да үңгір іші әжептеуір кең екен. Ені екі-үш
метрдей, ұзындығы сегіз метрдей, кішігірім үй сияқты.
Төбесі, екі жаны тегістеліп қырылған. Екі шетінде адам
жататындай етіп қашалған тас тұр.

Олар әкелген керек-жарақтарын ішке кіргізіп,
жайғастырды. Көрпе-төсектерді екі шеттегі орынға

жайғастырды. Азық-түлікті ортада үстел іспеттес биіктеу етіп жасалған тастың үстіне қойды.

– Міне, балам, бәрі реттеліп орнына келгенше осында паналай тұрамыз. Бұл біздің екінші үйіміз... Ежелгі заманда осындай үңгірлерде адамдар өмір сүрген. Мен де бала кезімде осы үңгірде талай түнегенмін. Әкем де түнеген. Қой баққан. Үңгір ішінде от жағып, тамақ пісіруге де болады. Түгін есіктен шығып кетеді. Түнде жылқыларды да үңгірге кіргіземіз.

– Әке, мен үңгірден қорықпаймын... Мектепті бітірер жылы қасқыр апанына кіріп, бөлтіріктерді құтқарғанмын. Сізге айттым ғой, қатты жер сілкінгенде есімнен танып, қасқыр үңгірінде он бес күн жаттым деп...

– Солай ма, балам. Онда еш уайымсыз жата бер. Сыртқа ұзап шыққанда, үңгір аузын таспен бекітеміз... Ал, енді сыртқа шығып, саған үңгір айналасын көрсетейін.

Екеуі үңгірдің оң жағына қарай отыз метрдей жүрді. Ит тұмсығы батпайтын шағын тоғай. Арша, тобылғы, жабайы жиделер бар. Сәл төменіректе жер астынан бұрқылдап бұлақ ағып жатыр. Суы анау айтқан мол емес, бірақ мөп-мөлдір.

– Бұл бұлақтың суы өте таза әрі шипалы. Қажет суды осы бұлақтан аламыз. Сәл төменіректе кішігірім көлшік бар. Көлшікте балықтар бар. Балық аулауға болады.

– Керемет жер екен... Мен бала кезімнен тауға жақын орналасқан ауылда өстім. Тауға шыққанды, аралағанды өте жақсы көремін. Әке, бәрі есіме түсті... Мынандай табиғаттың керемет жерінде ғылыми ізденісімді жалғастырға мүмкіндік мол. Мен енді Алматыда бастаған жер сілкіністі тоқтату жөніндегі ғылыми идеямды толық аяқтап, қағазға түсіруім керек...

– Ой, айналайын, іске сәт! Ғылыми жұмысыңды толықтырып аяқта. Ойыңа жаңа тың ойлар қосылсын. Мына Еділбай көршімізді көрдің бе? Сол тиіспегенде үйде емін-еркін жүріп, ғылыми жұмысыңды аяқтайтын едің ғой,

балам... Негізі Еділбайдың ақыл-есі дұрыс емес. Көкнар емес, кейде есірткі де пайдаланатынын талай рет байқап едім. Жақсы мен жаманды, ақ пен қараны, қарғыс пен сауапты ажырата алмайтын дәрежеге жетті.

– Әке, сіз неге полициядан қаштыңыз? Еділбайдың осы қылықтарын полицияға жазып берсеңіз не болатынын білесіз бе?

– Мен біреудің обалына қалғым келмейді. Оның үстіне бірнеше жыл көрші болдық. Еділбайды расында да оңай тұзаққа түсіруге болады. Бірақ екі ортада жазықсыз сен барсың ғой. Сен нақақтан нақақ күйіп кеткелі отырсың... Ешқандай құжаттарың жоқ, оның үстіне түріңнен адам шошырлық... Сені басқа бір іздеуде жүрген қылмыскерге ұқсатып қамап тастайды ғой...

– Әке, дұрыс айтасыз. Менің басыма салған тауқыметті тірі пенденің басына бермесін... Сіздің айтып отырғаныңыздың бәрі құптарлық. Мен кіммін? Қашқынмын... Мен Еділбайдың көзіне қылмыскер, қанішер болып көріндім ғой... Бірақ мені аямаса да отыз жыл көрші болған сіздерді аямағаны адамгершілікке жатпайды ғой.

– Еділбайдың мұнысы енді иттік... Бізді сыйламағаны ғой. Өмірде мұндай адам сенгісіз сорақылық болады екен-ау. Мен негізі оны сыйлаушы едім. Оның табан астынан бұлай өзгеруі, сатқындық жасауы мені қатты түңілдірді.

Қатыш апаң бірнеше рет осы Еділбайды өлім аузынан аман алып қалды. Сол жақсылығы бүгінде Еділбайдың есінен шығып кетті. Ол антұрған соңғы кездері қатты өзгерді. Ақыл-есінен айрылып, бүйректен сирақ шығарғанын көрмейсің бе, түге. Әйтеуір сені аман-есен тұрғаныңда өз жөніңе жіберсек арман бар ма?! Еділбайдың мына иттігі есіме түскен сайын зығырданым қайнайды. Тырнақ астынан кір іздеп, қатын құсап шу шығарып жүргенін қарасайшы. Құдайға шүкір деп қойын бағып, жайына жүре бермей ме, кәззап неме.

– Әке, сіздікі жөн. Мен өзімнің қарақан басымның емес, адам баласын зілзала зардаптарынан құтқару үшін ізденіп жүрген бейбақпын. Мені сізден өзге жан түсінбес...

– Өткенге өкінбе, балам. Одан ештеңе шықпайды. Аман қалғаныңа шүкір ет. Шыдамды болып, алдыңа қойған мақсатыңа жетуді көзде. Бойыңдағы бар күш-жігеріңді жұмса.

Балам, бүгін үңгірде бір күн түнеп шығалық. Уайымдама, бәрі уақыттың еншісінде. Ата-бабаларымыз осындай үңгірлерді де мекен етті емес пе? Қатыш апаң керек азықтың бәрін салыпты. Қойдың піскен еті, нан, саумалды құтыға құйыпты. Кел, балам, әлденіп алайық.

Орынбасар балам, осы біз келген үңгір төңірегі киелі жер. Жыртқыш аңдар бұл манға жуымайды. Керісінше, бұлақта балықтар, жағалауында борсықтар, жабайы қояндар көп. Көлшікте үйректер де кездеседі. Алдыңа қойған мақсатың бар екен... Басы ащы болса, аяғы тәтті болады. Шыда, шыда... Сенің жолыңды ашып, жолға салсам, арқамнан ауыр жүк түскендей болар еді...

Күдігі мен уайымы сейілген Орынбасардың еңсесі көтерілді. Тағдыр мені айдаладағы қарапайым шопанның отбасына кезіктіргеніне шүкір. Жаны таза Есіркеп әкем мен Қатыш апанының қолына түспей, Еділбайға кезіккенімде күнім не болар еді?.. Осыны ойлағанда Орынбасардың денесі түршігіп кетті...

Еділбай аудандық полиция бастығы майор Шерәлі Жөнбаевтың алдынан бір-ақ шықты.

– Мен бүкіл ауданға танымал атақты шопан Еділбай Тасқыновпын. Көрші шопан Есіркеп Мәнсұқ үйіне іздеуде жүрген қылмыскер, қанішер қашқын біреуді кіргізіп алып жасырып отыр. Бәрінен бұрын мені көрсоқыр, ақымақ санайды... Есіркеп секілді опасызды тез арада ұстап,

қылмыскермен қоса түрмеге қамауынды талап етемін. Әйтпесе, бәрімізге қауіп төндіреді. Мені надан дейді. Мен жәй қойшы болсам да қырағымын, шырағым. Айналайын, пәлісә бастығы, алдына екі сағат күтіп әзер кірдім. Естідіндер ме, бәрің естіндер. Еділбай өтірік айтпайды. Есіркеп нағыз сатқын, жексұрын адам...

Майор Шерәлі Жөнбаев адам танығыштық қасиеті бар, анау-мынау қылмыскерді бір көргеннен танитын қырағы жігіт. Жас болса да осы қасиеттерінің арқасында үлкен абыройларға ие болған. Ол Еділбайдың кескін-келбетіне бажайлап қарап, екіұдай ойға қалды... Мынаның өзін де дұрыстап тексерген жөн... Жазықсыз адамға жала жауып отыруы да мүмкін.

– Еділбай көке, бізге уақытылы келгеніңізге алғыс айтамыз. Қылмыскерді үйіне жасырған шопан Есіркеп Мәнсұқты тексереміз... Тергеуші аға лейтенант Рақыш Қасым сізбен бірге барады...

– Тағы екі-үш пәлісә қосып берсенші, Есіркеп бір пәлісәға бағынбайды.

– Аға лейтенант Рақыш Қасым екі-үш бұзақының қолын кісендеп, талай мәрте алдына салып айдап келген. Менде Рақыштан мықты аға лейтенант жоқ...

Еділбай Рақыштан мықты аға лейтенант жоқ дегенге риза болып, басын шұлғыды.

– Келістік... Есіркеп пен қылмыскерді ұстаса болды ғой...

– Қорықпаңыз. Бәрі ойдағыдай болады, – деп майор стол шетіндегі түймені басты.

– Маған аға лейтенант Рақыш Қасым келсін.

Сол-ақ екен, бөлмеге ат жақты, қияқ қасты, кең жауырынды аға лейтенант Рақыш Қасым кіріп келді.

– Жолдас майор, аға лейтенант Рақыш Қасым біздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр.

– Кел, отыр. Мына кісі алыстағы қойшылар ауылынан арнайы ат сабылтып бізге келіп отыр. Есіркеп Мәнсұқ деген шопан үйіне қашып жүрген қылмыскерді жасырып, ауыз жаласып жүр дейді. Бұл кісі ауданға танымал атақты шопан Еділбай Тасқынов. Бәрі дәлелденіп, қылмыскерлер қолға түссе, Еділбай атаңды наградаға ұсынамыз. Неткен қырағы. Бұл атаңды үлгі тұтуымыз керек...

– Күп болады, жолдас майор!

– Иә, жол ұзақ. Сондықтан ең жақсы мәшинені ал. Бензинді де жетерлік етіп құй. Бірақ, бәрі жөнімен шешілсін. Шаш ал десе бас алып жүрме... Білесің ғой, мен әділдікті жақтайтын адаммын. Буынсыз жерге пышақ ұрмайық...

– Жолдас майор! Мен сізді осы қасиетіңіз үшін құрметтеймін.

– Жарайды, жарайды. Іске сәт! Ал, Еділай Тасқынов, аттануға рұқсат.

– Рахмет, көңіл қойып тыңдағаныңа шырағым. Маған көп кешікпей қылмыскерді қолға түсіруге көмектескенім үшін награда бересіндер әлі, – деді Еділбай кутындап.

... Көп кешікпей-ақ Еділбай мінген полиция мәшинесі Есіркептің қой қорасы жанындағы үйге келіп тоқтады. Үй жанына келіп тоқтаған полиция мәшинесін көргенде Қатыштың жүрегі зырқ ете қалды... Еділбай оңбаған екен ғой....

Сол-ақ екен мәшине ішінен ұзынтұра Еділбай маңғаздана түсіп келе жатты. Артынан милиция лейтенанты Ракыш Қасым түсті...

– Қаққан қазықтай қақпай, шақыр Есіркепті. Ана қылмыскерің қайда? Көрсетемін сендерге, мені ақымақ еткенді... Қолдарына кісен салғызып, түрмеде шірітемін, – деп Еділбай едірендеп келе жатыр еді аға лейтенант жетер дегендей қолын көтерді.

– Сұрақты сіз емес, мен беремін. Иә, сонымен бұл үй Есіркеп Мәнсұқтың үйі ме?

– Иә, балам, Есіркеп Мәнсұқтың үйі. Анау кой қора да соныкі.

– Сіз кім боласыз апа?

– Мен Есіркептің кемпірімін. Атым Қатыш.

– Есіркеп Мәнсұқты шаңырыңыз.

– Есіркеп бір отар қойды тауға айдап кетті...

– Сонымен Қатыш апа, шалыңыз екеуіңіз қашқын қылмыскерді үйлеріңізге жасырып отырғандарыңыз рас па? Еділбай ақсақал бізге арыз түсірді. Аудандық полицияға барып бәрін түгел баяндап берді. Сіздер қылмыскермен ауыз жаласып жүр екенсіздір...

– Қатыш, суайт шалың келгенше өтірік көлгірсімей, шынынды айт, – деді өктем сөйлеген Еділбай айызы қанғандай масайрап.

– Әй, қақпас Еділбай. Құдай төбеңнен ұрсын сенің. Мен сені емдемегенде әлдеқашан жер жастанатын едің... Мұндай екіжүзді сұмпайы, опасыз екеніңді білгенде әлдеқашан өлтіре салатын едім. Құдайдан қорықтым ғой. Артыңда ана байғұс кемпірің зарлап қалмасын деп.

Енді мен де бар шындықты бетіңе шығғырып айтамын. Бізді сыйламағаның үшін, достықты, көршілік қақыңды сатқаның үшін мына пәлиса балаға есірткі, көкнар ішетініңді, нашақорлығыңды тәптіштеп айтып беремін. Отыз жылдан бері осылай көкнар, есірткі пайдаланып, наша шегіп ақыл-есіңнен айрылғаныңды білеміз. Жетер енді. Шыдамның да шегі бар, – деді Қатыш катуланып.

– Пәлисә бала. Сен мына отыз жылдан бері айдалада жұрт көзінен тасаланып көкнар, есірткі, наша ішіп-шегетін ақыл-есінен адасқан, миы уланған бәлеқордың сөзіне сенесің бе? Бұл көксоққан нағыз нашақор, есірткіқұмар... Бізді емес, түрмеге мына нашақордың өзін қама. Нағыз қылмыскер қасқайып алдында тұр. Көкек өз атын өзі шақырады дейді... Көзіне қылмыскер болып көрініп жүрген бізге келген

көмекші шопандар... Әне, анау қой қораның ішінде қораны тазалап, жем-шөп таратып жүр. Шақыр десең шақырайын.

Менің айтқандарымның бәрі шындық. Сөзімді қой бағуға кеткен шалым Есіркеп те растайды. Екеуміз де сөзімізді растап, қол қойып береміз. Қарашы, есірткінің буына елтіп, көзіне көрінгендерді қылмыскер атандыруын. Кемпірі Орынқұл сорлы отыз жылдан бері осының есірткі, көкнарға құмарлығын қойдыра алмай, ел-жұрттан жасырып келеді... Қайтсін байғұс, отыз жыл бірге отасқан шалына жаны ашиды ғой.

Ал, балам, менің сөзіме сенбесендер жүріңдер Еділбайдың үйіне. Оның көкнар, есірткі жасырған құпия жерін тауып берейін. Өзі бірнеше мәрте есінен танып құлап жатқанда биенің саумалын беріп аяғынан тұрғыздым. Сол кезде сандырақтап жатып есірткі жасырған жерін айтып қойған... Ж-ж-жүріңдер. Мен сөзімнің растығын дәлелдейін. Кімнің ақ, кімнің қара екеніне көзің жетеді, пәлиса бала... Жүріңдер-р-р...

– Токтат, сандырағынды. Аузыңа келгенді оттама, Қатыш, – деді Еділбай қалшылдап қолын көтеріп ұрарманға келіп.

– Жетер, көке, тоқтаңыз... Біз көп сөзге емес, нақты дерекке сүйенеміз... Дерекке-е-е...

Еділбайдың қашқақтағанына қарамай бәрі полицияның мәшинесіне мініп, әне-міне дегенше Еділбайдың қой қорасының жанына келіп тоқтады. Ашулы Қатыш аға лейтенант Рақышты қолынан ұстап жетектеп алды. Сол бойда қой қораның түкпіріндегі шағын есікті ашып, сандық ішінде ақ шүберектерге оралған бума-бума көкнар жапырақтары мен мұқияттап кішкентай қорапшаларға салынған есірткі ұнтақтарын Рақыштың алдына қойды.

Мұны көрген аға лейтенант Рақыштың көзі шарасынан шыға жаздады. Не дерін білмей аң-таң болып дағдарып қалды. Табылған есірткі ұнтақтары мен көкнарға бір, түрі

шүберектей бозарып, кашуға ынғайланған Еділбайға бір қарады. Сол сәтте ойланбастан ұзынтұра Еділбайдың қолына сарт еткізіп кісен салды. Қолына кісен салынған Еділбайдың мысы басылып, бишара күйге түсті. Оны дедектетіп полиция мәшинесіне әкелгені сол еді үйден далбалақтап Орынкүл жетіп келді.

– Ойбай-й-й, бұл не сұмдық! Еділбайдың қолындағы кісені несі тағы? Не бүлдірді? Не болып кетті өзі? Түсіндірсендерші-і-і...

– Сіз кім боласыз? – деді ауданнан келген аға лейтенант Рақыш.

– М-м-мен, мына көкеңнің, Е-Е-Еділбайдың кемпірімін... Атым Орынкүл.

– Түсіндім... Шалыңыздың мына қылмысы сұмдық... Біреуге күйе жағамын деп, өзі тұзаққа түсті, апа. Қорасынан құпия жерге жасырған көкнар, есірткі табылды-ы-ы...

– Нақақтан нақақ жала жапқан осындай болады, – деді Қатыш сызданып. – Сау басына сақина іздемей, тыныш жайына жүре бермеді ме? Әділдік іздегішін... Ал, таптың нағыз әділдікті. Есіркепке қазған орыңа өзің түстің. Біз сендерге жақсылықтан басқа не істедік? Сонша не болды, жерден жеті қоян тапқандай соңымызға түсіп, пәлисаға арызданып.

Орынкүл-ау, сен менің сырлас, мұндас құрбым едің. Қойшы ауылда бірге қой бағып жүргенімізге отыз жылай уақыт болыпты. Не жаздық сендерге? Еділбайдың өз обалы өзіне... Біз оған наша шек, көкнар іш деген жоқпыз. Есіркеп екеуміз Еділбай төсек тартып жатқанда жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, қолымыздан келгенше көмектестік. Еділбайдың бізге айтқан рахметі осы ма? Сыртымыздан опасыздық жасап, пәлисаға барып жала жауып арызданыпты... Еділбай енді бәрі кеш...

Орынкүл жерге тізерлеп отыра кетті де жылап-еңіреп кешірім сұрай бастады.

– Қатыш, Еділбайды кешіріңдер. Құдай үшін ке-ші-рің-дер-р-р-р...

– Орынкүл апа, тұрыңыз. Есіркеп көке мен Қатыш апа кешіргенімен, заң кешірмейді... Еділбай көке заңды сыйламай, заңға қайшы әрекет жасады... Енді сол істері үшін заң алдында жауап береді... Есіркеп көкеде кінә жоқ екен. Көмекші шопаны да кінәсіз. Аландамай жұмыстарын істей берсін, – деді аға лейтенант Қатыш апаға бұрылып. – Керісінше, сіздерге рахмет. Бізге нағыз қылмыскерді ұстап бердіңіздер.

– Ойбай-й-й, Есіркепке ор қазамын деп орға өзі түскен сормандай-ай-й-й... Енді түрмеде шіритін болдың-ау-у-у. Саған баяғыда қақсамап пе едім, құрығыр көкнарды таста деп. Тілімді алмадың ғой, қайтейін-н-н... Көкнар, анаша әбден қаныңа сіңіп, нашақорға айналдың ғой сорлы-ай-й-й...

Еділбай басы салбыраған күйі сүмірейіп полиция мәшинесіне мінді... Бұрылып соңғы рет жалынышты кейіппен Орынкүлге қарады. Көзінен жас моншақтап, кемсендеп жылады... Мұны көрген Орынкүл орнынан қозғалған полиция мәшинесінің соңынан аңыраған күйі далбалақтап жүгірді де, әудем жерге барған соң жете алмай жол бойына шаң қауып отыра кетті. Оның зарлаған даусы естіген адамның сай-сүйегін сырқырататындай еді...

– Ойбай-ай-й-й, ой-бай-ай-й-й... Оу, елім-м-м! Оу, халайық-қ-қ! Оу, ағайындар-р-р! Мына дүние не болып кетті? Бәрінің астан-кестені шыққаны ма, расымен... Балаларыма не бетімді айтамын енді-і-і... Әй, Еділбай-й-й, тыныш жүр, тыныш жүр деп талай рет қақсадым емес пе... Айтқанымды құлағыңа да ілмедің. Көкнар, анаша деген бәлеге үйір болып алдың... Көзіңе ешнәрсе көрінбеді одан басқа... Өз айтқаным айтқан деп міз бақпадың.

О, Құдай, маған қартайғанда көрсетейін дегенің осы ма еді. Менің жазығым не?.. Біреудің ала жібін аттама, ешкімге қиянат жасама дедім. Оған құлақ аспадың. Міне, ақырында

өз басыңды өзің жалмадың, қу сорлы-ай-й... Есіркепті жау көрдің. Аяғын аспаннан келтіремін, үйіне кіргізіп алған «шпионды» да түрмеге қаматамын деп күні-түні зар қақсап едің. Сол түрмеге енді өзің кеттің. Біреуге ор қазба, өзің түсерсің деген осы... Сенің санаңды улап, есіңнен адастырып көрсоқыр қылған көкнарды қарғыс атсын-н-н-н... Сенің тілектеріңді орындап, айтқаныңды екі етпедім-м-м... Масқара, масқара болдым ғой ел-жұртқа. Мені ит-құсқа тастап, табаға қалдырып кеткенің не, ойбай-й-й... Бұл қорлықты көргенше, өлгенім жақсы-ы-ы еді. Өлгенім-м-м жақсы-ы-ы еді-і-і...

– Қой, Орынкүл, жетер, жетер енді! Соншама не болды өмірден түңіліп. Құдайға шүкір, артыңда балаларың бар. Солардың тілеуін тіле. Болды, қайдағы жаман ырымды бастап зарлай бермей. Иә, сенікі де дұрыс. Сенің не жазығың бар? Еділбайдың аузына көкнарды сен езіп құйған жоқсың ғой. Қолыңнан келгенше сол пәлені қойдырамын деп қанша жыл алыстың. Сенің балаларыңның алдында да, ел-жұрттың алдында да арың таза. Сені ешкім кінәлай алмайды. Көтер басыңды... Еділбай пешенесіне жазғанды көреді. Өлімге кесілген жоқ қой. Жазасын өтеп, қайта оралады арамызға... Содан үміт ет...

Осы бір келеңсіз оқиға екі әйелдің де, көмекші шопандардың да еңсесін езіп жіберді... Әйелдер жағы көз жастары көл болып, ақырында біріне-бірі басу айтып солықтарын басты. Бәрінен бұрын Орынкүлдің жан дүниесі құлазып, мына жапан түзде жалғыз өзі қалғандай жүрегі езілді. Еңсесін басқан ауыр ой оны тұралатып тастады. Оның бұл күйін жан-дүниесімен сезінген Қатыш кемпірдің оған қатты жаны ашыды. Бірақ, қолдан келер қайран жоқ... Еділбай ақымақ құлақ сұраймын деп мүйізінен айрылды. Шерменде болған Орынкүл сорлы-ай...

Осы кезде Есіркеп те Орынбасарды жайғастырып, қайта оралған болатын. Істің мән-жайына қаныққан ол Орынкүлді көріп аяп кетті...

– Орынкүл, отыз жылдан астам Құдай қосқан көрші болдық. Менің сендерге жасаған жаманшылығым болған емес. Еділбай өзі сау басына сақина тілеп алды. Бәріне шыдап жүрдім... Соңыма түсіп, менімен әбден жауығып алды. Қайтеміз енді, өз басына бәле тілеп алды ғой. Қойын бағып, өзімен-өзі жүргенде ештеңе де болмас еді...

Орынкүл аңырап жылап іштегі күйінішін сыртқа шығарып, бір сәт жеңілдегендей болды... Басқа түссе баспақшыл дегендей, сәлден соң сылбырап үйіне қарай беттеді. Қатыш өте кең пейілді, сезімтал, ақылды жан болатын. Егер оның орнында басқа әйел болса, шоқ-шоқ деп табалар еді... Ол Орынкүлді сүйемелдеп үйіне кіргізіп, төсегіне жатқызды...

– Орынкүлге расында да өте қиын болды... Басына түскен қайғы-қасірет сай-сүйегін сырқыратып барады, – деді Қатыш күрсініп.

– Иә, біз енді жақсы сөздерімізді айтып, көңілін аулап отырайық. Оны жалғызсыратпайық. Енді Еділбай ол жақтан оңайлықпен құтылмайды... Біреуге күйе жақпа, қарасы жұғады дегендей, несі бар еді бізді жазықсыз күйдіріп... Бәрінен қуаныштысы, Орынбасар баламыздың есін жиғаны.

– Орынбасар, құпия үңгірде қалды ма? Қорықпай ма?

– Иә, сол үңгірде қалды... Үңгір оған ұнады. Қорқатын түрі жоқ. Мектеп бітірген жылы қасқырдың бөлтіріктерін құтқарам деп ішіне кіргенде жер сілкінісі болып, сол үңгірде он бес күн жатыпты. Маған ішіндегі күйінішін, мұң-зарын, өкінішін, армандарын түгел айтып берді. Айтуынша оған ерекше бір қасиет қонып, дарын пайда болыпты. Ғылыми жаңалық ашпақ болған екен. Анау-мынау емес, жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалық...

– Сен жаңылыспаған екенсің... Осы баланы алғаш жүк артқан мәшине үстінен көргеннен-ақ, жаның ашып үйге кіргіздің. Емдеп, аяққа тұрғыздық. Өкіл бала еттік. Орынбасар сенің арқаңда аман қалып, үлкен сынақтан өтті...

– Қатыш-ау, бұл тек менің ғана еңбегім емес қой... Сенің қосқан үлесің де шексіз. Емдеген өзің... Биенің саумалын ішкізіп, есін жиғыздың. Саумалдың емдік қасиеті өте күшті ғой. Мұны әлі мойындамай жүрміз. Сөйлеген сөздері де, ойлары да керемет...

Біздің ендігі жұмысымыз Орынбасардың алға қойған мақсатының орындалуына қолдан келгенше қамқорлық жасап, көмек беру. Оған өзін куәландыратын куәлік, төлқұжат жасатып, қазақ азаматы санатына қосу. Қазақ азаматы қатарына қосылмай, ол біздің үйден сыртқа қарай бір қадам жасай алмайды. Ендігі қиын мәселенің бірі осы болып тұр, – деді Есіркеп.

– Орынбасар баламды ертіп келмейсің бе? Енді пәлиса ұстап әкетеді деп қорықпасын. Еділбаймен болған жайды айтып бер. Үңгірдің аты үңгір емес пе, байғұс бала қиналып жатқан болар...

– Өзім де Орынбасарға барып, бәрін айтып, ертіп келейін деп ойланып отыр едім. Жолға шығайын, – деп Есіркеп атына мініп, үңгірге аттанды...

– Мен сендердің келулеріңе қарсы ет асып, дастархан әзірлейін. Тезірек келіндер...

Есіркеп жорға атымен желдіріп отырып үңгірден бір-ақ шықты. Атының жүгенін алып, жайылуға жіберді.

– Орынбасар балам, қайдасың? Айналайын балам, қуанышты хабар бар...

Орынбасар үңгір ішінде емес, сайдағы көлшікте балық аулап жүр екен.

– О, әкем келіпті ғой. Амансыз ба, әке! Апамның жағдайы қалай?

– Балам, апаның қуанышында шек жоқ. Сенің жолың ашылды.

– Түсіндіріп айтыңызшы әке. Қандай қуанышты хабар әкелдіңіз?

– Еділбай ауданнан сені ұстату үшін полиция әкелген. Сені іздестіріп қолға түсіруге кіріскелі жатқанында апаң Қатыш Еділбайдың отыз жылдан бері есірткі қолданатынын, көкнар ішетінін жайып салыпты. Сөйтіп оның құпия орнын тексергенде ақ шүберекке ораған бума-бума көкнар, мұқияттап кішкентай қорапшаларға салынған есірткі ұнтақтарын тапқан. Мұны көрген полиция қызметкерінің көзі шарасынан шыға жаздапты... Күтпеген жерден арызданып жүрген Еділбайдың мына қылмысы осылайша өзін орға жықты...

– Еділбай атаға не жаздым? Неге менің соңыма шырақ алып түсіп алды? Бастапқыда бәрі жай сөз шығар деп ойлап едім... Сөйтсем мені құртуға шындап кіріскен екен ғой... Не деген қатігез адам...

– Балам, соңғы жылдары Еділбайдың мінезі күрт өзгеріп кетті. Басынан адам сенгісіз біртүрлі түсініксіз, жұмбақ әрі қызық оқиғалар өтті. Көкнар мен есірткіні көп жыл қолданғанның кесірі-ау, шамасы... Ақыл-есінде ауытқу пайда болды. Өзінен басқаны мойындамайтын, кінәмшіл болып алды. Осының дені сау емес-ау. Ауру сияқты... Орынкүл апаң сонымен бірге қанша жыл қалай өмір сүрді десейші? Шыдамды екен...

Бірақ Орынкүл ешқашан Еділбайдың есірткі қолданып, көкнар ішетінін тіс жарып айтқан емес... Ол туралы ешкімге жақ ашпады. Сыртынан сөз айтпады... Еділбайдың бұл қылығы нағыз зымияндық, қатігездік емес пе? Қандай оймен, мақсатпен полицияға жетіп барды екен? Мені полицияға беремін дегенін әзілге балап жүр едім. Осыған менің ақылым жетер емес...

Негізі Еділбай жаман емес-тін. Оның түбіне жеткен көкнар. Оған еті әбден үйренгені сонша, тіптен оны да місе тұтпай, есірткі деген пәлеге ұрынды... Ақыр соңында көкнар мен есірткі басына тажал болып келді. Біз алғаш танысқанда ол да бір отар қой, мен де бір отар қой алып, қатар қой қора салып көрші орналастық. Еділбайдың кеудесінде оты бар, жігерлі жігіт болатын. Бүгінде жігері құм болған қуыс кеуде нашақорға айналды.

Бұл өзі сұмдық болды. Ертең ел естісе, не бетімізді айтамыз? Қойшы ауылдағы шопандар көкнар ішіп, есірткі қолданады екен деп шулайтын болды ғой. Қабырғамыз қайысатын ауыр жағдай... Еділбайды амалсыздан қолдан ұстап бердік. Соның бәрін сені аман сақтап қалу үшін істедік, балам. Бір жағынан Еділбай байғұсты да аяймын. Қартайғанда түрмеде отыру оңай ма? Көңілім көтерілмей, еңсемді бір ауыр ой мазалай береді...

– Әке, сіздің қатты уайымдап жүргеніңізді мен де байқап жүрмін... Мені құтқарамын деп Еділбай көкені ұстап бергеніңіз жаныңызға маза бермей тұр... Мен сізге өз өмірім туралы түгел айтып бердім, еш нәрсе жасырған жоқпын. Ешқандай кінәсі жоқ мені қылмыскер деп ұстап беру әділдікке жата ма? Менің жазығым құжаттарымның жоқтығында болып тұр ғой. Егер полиция мені ұстап әкеткенде сотталып кетер едім...

– Еділбайдың кінәсі көкнар ішкендігінде болып тұр ғой... Қаншама жыл көкнар ішіп, оны да місе тұтпай, есірткі қолданды. Соның бәрін білсек те білмегендей болып жүрдік... Өзі емес пе, жатқан жыланның құйрығын басып... Жазықсыз адамға жала жауып, полицияға хабар берген. Өзіңмен-өзің жүрген саған қадалып алды ғой... Қанша рет сабасына түсуді сұрадым, құлағына да ілмеді... Балам, Еділбайдың қамалып кеткені жаныма батып, уайымдап отырмын. Қанша дегенмен көз көрген замандас еді ғой... Құдай-ай, арты бұлай ушығып кетеді деп кім ойлаған...

– Әке, неге өзіңді кінәлай бересіз? Еділбай көке өз-өзіне ор қазды емес пе... Сіздің жазығыңыз жоқ, қайта ол кісі сізге рахмет айтудың орнына алаңсыз ұстасып алды. Көкнар ішу, есірткі қолдану нағыз қылмыс қой. Оның осы қылмысын көрсеңіз де көрмегендей болып, қанша жыл көз жұма қарадыңыз. Ал, сіз болсаңыз іштей мүжіліп, өзіңді кінәлі санап жүрсіз. Әркім өз ісіне жауап беру керек. Көп уайымдай бермеңіз, ауырып қаласыз.

Менің басымда да ақылым жетпейтін сұрақтар көп. Сізбен сырласып, ішімдегі қайғыны бөліскен соң бойым жеңілдеп қалды. Ендігі мақсатым – ғылыми жаңалығымды жетілдіру. Қалай ойлайсыз, әке, ол мақсатыма жете аламын ба?..

– Әрине, балам, Алла сәтін салса әлі-ақ мақсатыңа жетесің. Тек уақыт керек. Шыдай тұр балам. Мына іс жабылсын, сосын кірісерсің ғылыми жаңалығыңды ашуға.

Сенікі де дұрыс, балам. Еділбай өз-өзіне істеді ғой. Енді басына салғанды да көреді де. Жаман адам емес еді, бәрі көкнардың кесірінен болды ғой... Әжептәуір адамды қор қылды. Не боларын енді бір Құдайдың өзі біледі... Енді сабыр сақтап, әліптің артын бағайық... Жақын күнде Еділбай атаң туралы хабар да келіп қалар. Тергеу де басталып кеткен болар...

Орынбасар балам, бәрі басылғанша сен осы құпия үңгірде жасырына тұр... Біреулер тіміскілеп, сені ұстатып жібермесін. Сақтықта қорлық жоқ деген. Абай болайық, балам. Қалай ойлайсың? Бірақ, апана сені алып келемін деп уәде беріп едім, барып қайтайық.

– Әке, солай еткеніміз дұрыс сияқты... Кім біледі, алда не күтіп тұрғанын? Үңгірдің іші жайлы екен, көңілімнен шықты. Әзірше осында бола тұрайын...

– Ендеше, жолға дайындал, балам. Сенің көңіліңнен шыққанына қуанып отырмын. Әйтеуір сені қинала ма деп

уайымдап едім. Өзім де талай сол жерде демалғанмын. Ол үңгірдің бір қасиеті бар...

– Сіздің қамқорлығыңызға дән ризамын. Мен екі жақта жүре тұрайын... Қой қораға керек кезде келіп жәрдемдесіп тұрамын. Басқа уақытта үңгірді паналай тұрайын... Сіз де келіп демалып тұрыңыз. Келістік қой...

– Келістік, балам. Еш уайымдама. Бәрі жақсы болады деп үміттенейік. Әлі-ақ ешкімнен қаймықпай, емін-еркін жүретін боласың...

Бұл ұзынтұра Еділбайдың түрмеге алғаш түсуі... Қолын артына қайырып әкеліп, тар қапасқа қамап тастады. Әбден кең далада еркін жүріп-тұрып өмір сүрген Еділбайға бұл ауыр соққы болды. Құдай басқа салмасын, жасырып көкнар ішетін уақыты келгенде адам түсініп болмайтын күйге түсті... Денесін темір құрсау қысып бара жатқандай тынысы тарылып, көзі шарасынан шығып кете жаздап жирылып-созылып қаратерге түсті. Жаны шырқырап көзіне көрінді. Мына сұмдыққа шыдай алмай, жан даусы шығып түрмені басына көтерді... Жағдайын білуге келген полициялардың өзі мына адамның қиналғанына шыдай алмай жандары ашыды. Ешкім парқына түсініп болмайтын оқыс жағдай болды... Еділбайдың даусынан әбден мезі болып жақында ғана адам өлтіріп тергеуде жатқан Бектас Еділбайдың қасына жетіп келді де:

– Әй, сүмелек, неге қатын құсап бақырып жатырсың? Өшір үніңді...

– Жоғал...

– Не дейсің, малғұн, нашақор...

– Жап аузыңды, – деді орнынан сүйретіліп тұра берген Еділбай.

Қаны қайнап, көзі қанталап кеткен қылмыскер Бектас Еділбайдың үстіне секіріп мінді де, көк желкесінен екі рет

ұрып, басын қайырып жіберді. Еділбай ыңқ етіп жерге құлап түсті де қимылсыз қалды...

Бектас қимылсыз жатқан Еділбайдың үстінен аттап кетті де оның өліп қалғанын көріп, денесі дір ете қалды... Қап, жетпегені осы еді... Тағы біреудің қанын мойныма жүктедім... Біткен жерім осы шығар. Тар қапас камерада екеумізден өзге ешкім жоқ. Оның үстіне бұл нашақордың шыңғырып жатқанын полицияның өзі көріп кетті. Менен күдіктене қоймас...

Нашақорлар уақытында дозасын алмаса жүрегі тоқтап өліп қалады. Мойнына екі адамның қанын алмаудың бір жолы осы... Ұрып-соғып қинаса да мойындамауым керек. Нашақордың өз обалы өзіне. Өз басын өзі жалмады. Итке ит өлім... Артында сұрауы да жоқ екен, сен кімге керексің...

Бектас камераның есігін қол қолдап тоқпақтады:

– Көмек беріңдер-р-р... Мына адам құлап қалды...

Есікті ашқан милиция сержанты Айықпас:

– Бүкіл түрмені басына көтеріп жан даусы шығып еді... Сауап болыпты. Өзіне де сол керек. Мұндайлардың жазасы осы... Өлгені жақсы. Не болды? Жүрегі тоқтап қалған-ау. Есірткі қолданатындар дозаны мерзімінде қолданбаса өліп кетеді...

– Дозасы болмай, жүрегі тоқтап қалған сияқты... Басымен құлап, мойнын қайырып алды...

– Сауап болыпты, – деп Айықпас екі сержантты шақырып, Еділбайды зембілге салып алып кетті.

Еділбайдың түрмеде қайтыс болғаны туралы суық хабарды қойшы ауылдағы Еділбайдың үйіне аудандық полицияның өкілі лейтенант Елемес Жанұзақ жеткізді. Суық хабарды естіген Орынкүл есінен танып қалды. Есін жиғанда зар илеп, жиналғандардың сай-сүйегін сырқыратты...

Еділбай қайтыс болыпты деген сөз айнала төңірекке тез тарады. Жаман хабарды ести сала Есіркеп пен Қатыш Еділбайдың үйіне тез жетті. Орынкүлге қайғырып, көңіл айтты. Еділбайдың мәйітін аудандық полиция тиісті құжаттарын жасап үйіне арнаулы машинамен жеткізді.

Есіркеп өзі бас болып Еділбайдың мәйітіне құрмет көрсетіп, жаназасын шығарып, ауыл жанындағы үстірттегі зиратқа жерледі. Арнайы құран бағыштап, соңғы сапарына дұрыстап аттандырды. Орынкүл о дүниелік болған шалы Еділбайға арнап мал сойып арнайы асын, жетісін берді... Шалының қайтыс болғанына қатты қайғырып, шөгіп кетті. Ұзақ аза тұтты... Еділбайдың бұлайша қайтыс болғанын естігендер жағасын ұстап, таң қалысты. Бірақ, мұның мән-жайын ешкім дөп басып айта алмады. Сөйтіп, бірте-бірте оның қазасы да ұмытыла бастады. Болары болып, бояуы сінді дегендей...

Тірі адам тіршілігін істейді... Орынкүл де уақыт өте келе еңсесін тіктеп, Еділбайдың отын өшірмейін дегендей қойын бағып, осы мекенде қалып қойды. Бұған Есіркеп пен Қатыш қатты қуанды. Орынкүлді бұрынғыдан да қатты сыйлап, қора-қопсысын жөндеуге қолғабыс етіп, қамқорлықтарын аямады. Өмір өз арнасына түсіп, әркім тіршілігін күйттеп жүріп жатты...

Есіркеп жағдайдың оңғарылып, сәтті аяқталғанына қуанып көңілі орнына түсті. Енді өкіл баласы Орынбасардың жәй-күйін ойлауға мүмкіндік туды. Орынбасар қолы қалт етсе тау шатқалындағы үңгірге тартып отырады. Қолына бума-бума қағаздарды алып, ұзақты күн үңгірде отырып ойланып-толғанып, қағазға шұқшиып бірдеңелерді жазудан жалықпайды. Есіркеп баласының маңызды іспен шұғылданып жүргеніне қатты қуанды.

Кей күндері Орынбасардың ойын бөліп, алаңдатпайын деп үйінен ыстық тамақ жеткізіп жүреді. Бүгін де үңгір

қасына келіп атынан түскені сол еді оны Орынбасар қуанышпен қарсы алды:

– Сүйінші-і-і, әке, сүйінші!

– Сүйіншіне бір марка қозы атадым, балам. Иә, ол қандай сүйінші?

– Мен жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалығымды толық аяқтадым-м-м...

– Не-е дейсің-ң-ң? Рас айтып тұрсың ба, ба-лам-м-м...

– Әке, рас айтып тұрмын-н-н. Р-а-рас...

– Қуаныш пен қорқыныш бірдей деген. Мынауың тамаша жаңалық екен, балам-м-м... Сен үшін өте қуаныштымын-н-н...

– Бұл ғылыми жаңалықтың қайтадан дүниеге келуіне сіздің де қосқан үлесіңіз зор, әке. Егер сізбен кездеспегенімде бұл жаңалық дүниеге келмес еді... Қатыш апам екеуіңіз естүссіз жаралы күйімде үйлеріңізге кіргізіп, қамқор болып, емдеп, аяққа тұрғыздыңызар. Бауырларыңызға басып, перзенттеріңіздей көріп маған үміт арттыңыздар. Мені өмірге қайта әкелдіңіздер. Сол үшін сіздерге өмір бойы қарыздармын... Енді маған артқан үміттеріңізді ақтауға тырысамын. Сансыз бейкүнә адамдарды жер жастандырған зұлмат табиғи апат жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалық ашылды... Түсінесіздер ме, бұл баға жетпес ғылыми төңкеріс...

– Мына жер сілкіністі болдырмай тоқтататын ғылыми жаңалық ашқаныңа ризамын, балам. Бұған ақылымыз жете бермейді ғой. Дегенмен, қатты қуанып отырмын. Сені алғаш көрген сәтте-ақ тегін бала емес екеніңді жүрегім сезген... Қателеспешпін, оған көзім жетті... Қаншама қиыншылықтар көрдің. Басы ащы болса, аяғы тәтті болады деген тегі рас екен. Осы жаңалықты ашамын деп не көрмедің. Жаңалық оп-оңай ашыла салмайды. Күн-түн демей ізденіп, оқып, тер төгу қажет. Бәрінен бұрын ерекше қабілет, талант болу керек. Осының бәрі сенің бойыңнан табылады, балам...

– Әке, сіздің жүйелі, жан-жақты ойыңызды құптаймын. Сіз жәй шопан емессіз, көреген адамсыз. Шопандардың бәрі сіз секілді ойламайды. Олардан оқ бойы озық, өзгешелеусіз. Сіздерді кездестіргенімізге мың да бір шүкір. Дөрекі, ұрда жық Еділбайдың қолына түскенімде тағдырым не болар еді. Ойласам денем түршігеді... Марқұмның соңынан мұндай сөз айтқаным дұрыс емес те шығар. Бірақ, мені қанішер, қылмыскер деп полицияға бергені жаныма батты.

Әке, байқауымша мені белгісіз бір құдіретті күш қолдап, қорғап жүргендей болады... Оған дәлел, сіздермен кездесуім... Бұл кездейсоқтық емес. Көп ойланып, осындай пікірге келдім. Мен мақсатыма оңайлықпен қол жеткізе алмаймын. Ол үшін мені қинап, ауыр азапқа салып, әбден қажытып, әуре-сарсаңға түсіріп барып іске асырады... Менің шыдамдылығымды әбден тексеріп, сынап көретін секілді... Олар менің әкем Байжан мен анам Аққудың әруақтары секілді. Әкем үнемі түсіме кіреді.

Сізден жасыратын ештеңе жоқ, мен мектепте оқып жүргенімде Айсурет деген қызға ғашық болғанмын. Сол сүйген қызымнан қапыда айрылып қалдым. Алматыда ғылыми-зертеу орталығының ауруханасында жатқанымда екі-үш күн сайын келіп тұратын. Көзі мөлтілдеп жылап отыратын. Шешем Аққу екеуі кей күндері қасымда болып түнейтін. Тіптен мені аяп қосыла жылап та алатын.

Сол қыздан ойламаған жерден көз жазып қалдым... Қайда жоғалып кеткенінен бейхабармын... Әке, сізден сұрайтын ең үлкен өтінішім, жеке куәлігімді жасатуға көмектесіңізші. Айсуретті қалайда іздеп табуым керек. Мен онсыз өмір сүре алмаймын...

– Балам, уайымдама, сен үшін қолымнан келгенін аямаймын. Ертең ауданға барып, тиісті орындарды аралаймын. Сұраған ақшасын да тауып беремін. Ақшасыз ештеңе бітпейді ғой... Қалайда жеке куәлігіңді алып беремін. Айсуретіңді ізде, тап... Үлкен той жасап беремін.

Негізі сен текті баласың. Осы тектілігіңді сактай біл... Алға қойған мақсатыңнан қайтпа. Әрине, оған жету оңай емес. Сол үшін жолыңда кездесетін қиыншылықтарды жеңіп, қайсарлығыңды, туа біткен қасиеттеріңді сарп ет. Сонда ғана көздеген мақсатыңа жетесің, балам. Мен саған сенемін. Сенің бойыңда таланттың да, жігерің де, намысың, қайратың да жетерлік.

Мақсатыңа жету үшін менің айтқан ақылымды темірқазық етсең адаспайсың. Менің де азды-көпті өмірден көрген-түйгендерім бар, шырағым. Саған әкелік парызым ретінде ақыл айтуға тиіспін. Иә, ақыл айту оңай. Бірақ пайдасы тиетін ақылдың өзі сауап. Сауаптың ең үлкені оны іске асырып, шекіз алғысқа ие болу. Не дейін, балам. Біз саған әрдайым тілекшіміз. Мақсаттарың орындалсын. Іске сәт!

– Әке, ниетіңізге рахмет, ақылыңызға тәнтімін. Сіздей ақылды, жомарт әке тапқаным үшін Аллаға мың да бір шүкір. Қатыш апама да алғысым шексіз.

– Орынбасар балам, саған да ризамыз. Бізді ата-анандай құрметтегенің үшін. Енді ғылыми жаңалығыңды іске асырып, адамзатты зілзала зұлматтан құтқаруға асық. Жолың болсын?

Есіркептің аудан орталығына келгеніне бір аптаның жүзі болды. Өкіл ұлы Орынбасарға жеке куәлік әперемін деп бармаған жері қалмады. Аудандық полицияда Есіркепке түсіністікпен қарағандар болмады.

– Орынбасар Байжанұлын білетін сізден басқа кім бар? Оның туып-өскен ауылынан танытын адамдардан түсінік керек. Егер оның Орынбасар екенін растап дәлелдесе, белгілі уақыттан кейін ғана сіздің арызыңызды қанағаттандырамыз. Қысқасы, қазіргі кезде Орынбасар Байжанұлы Қазақстан

Республикасының азаматы емес, – деген зілді сөзді естігенде Есіркептің денесі тітіркеніп кетті.

– Сіз Қазақстан азаматы емес, белгісіз адамды үйіңізге қандай себеппен, қандай мақсатпен ұстап жүрсіз? Сол үшін жауапқа тартыласыз, – деді әдейі қасақана зілді жуан жуан дауысты көші-қон полиция бастығы майор Ұзақ Қасымбек.

– Орынбасар Байжан жөнінде туған ауылындағы билетін азаматтардан арнайы түсінік жеткізіледі. Қазіргі кезде Орынбасар қойшы ауылда менің көмекшім. Қой бағады. Тәртібі жақсы, ішімдік ішпейді. Мен кепілмін. Мен ауданның озат шопанымын. Айыппұл төлеуге дайынмын, – деді Ұзақ Қасымбекке қаймықпай тесіле қарап.

Майор Ұзақ Қасымбек кішіпейілділік танытып:

– Есіркеп көке, сіздің ұзақтан келгеніңізді әрі ауданымыздың атақты шопаны екеніңізді ескеріп, бір ай ішінде бізге Орынбасар Байжан жөнінде арнайы түсінік жеткізуді тапсырамын. Туған жыл, айы, күні және қай жерде туылғаны, қай мектепте оқығаны жөнінде анықтама әкелесіз.

– Ұзақ балам, саған рахмет. Бәрі ойдағыдай болады. Бір ай ішінде өмірбаяны жөнінде анықтаманы жеткіземін.

– Есіркеп көке, бір ай ішінде анықтаманы жеткізбесеңіз, Орынбасар Байжанды қамауға тапсырма беремін.

– Барлық мүмкіндікті қарастырамын. Орынбасарға қалайда жәрдем беріп, сіз бен біз болып азаматтығын әпереміз. Еш қам жеменіз. Уәде, уәде. Мен берген уәдеде тұратын адаммын. Адам тағдырымен ойнауға болмайды. Орынбасар қазір екі көзі төрт болып, мені тағатсыздана күтіп отыр. Өз елінде, өз жерінде өгейсіп жүру оңай ма. Қатты қайғырып жүр.

Оның әке-шешесі қайтыс болып кеткен. Тұл жетім... Тағдыры шиеленіске толы... Пенденің басына салмасын. Осыны ойласам сай-сүйегім сырқырап, көңілім босап кетеді. Бұл да бір Жаратқанның пендесіне жіберген сынағы

ғой. Менің парызым, өмірде жолы болмай соры қайнап жүрген жібі түзу жігітке көмек беріп, жолға салу. Дәл қазір оның менен басқа жанашыры жоқ...

Мына сөзді ұйып тыңдаған майор Ұзақ Қасымбек көпке дейін үнсіз қалды. Ішіндегі тұншыққа ауыр ойлар еңсесін басып тастады. Әлден уақыттан кейін ғана терең дем алып, алдында отырған Есіркеп шопанға құрметпен қарады. Екі бетіне қан жүгірді. Есіркептің мына шынайы сөздеріне риза болды. Өмірде осындай қамқор, жаны жайсаң, кішіпейіл жандар көп болса ғой... Қиыншылықтан қорықпай, шырпыр болып жүрген қайран көкем-ай.

– Есіркеп көке, жанашыр қамқор сөзіңізді мұқият тыңдадым. Жақсы айттыңыз. Мен де адаммын. Айтқандарымды тездетіп орындаңыз. Көмегімді беруге әзірмін.

– Келістім, келістім. Қолдан келгенше тездетіп шешуге тырысамын, – деп Есіркеп риза болып есікке беттеді.

Есіркеп қой ауылға қуанып қайтты. Келген бойда Орынбасар мен кемпірі Қатышқа болған жәйді жеткізді. Әсіресе Орынбасардың қуанышында шек болмады.

– Әке, сізге ризамын. Жақсы жаңалық айттыңыз. Қажетті құжаттарды әзірлеп, бір ай мерзімінен кешіктірмей жеткізуді қолға алуға кірісейік.

– Иә, шырағым, дұрыс айтасын. Уақыт оздырмай, кірісейік. Маған мекенжайыңды, мектебің жайлы дұрыстап айтып бер.

– Олай болса, мені суретке түсіріп алыңыз. Сөйтп, мен туып-өскен ауылдағы мектеп ұстаздарына көрсетіп, растайтын қолхат жаздырып алғаныңыз дұрыс.

– Дұрыс айтасын, балам. Алдымен суретің керек. Сосын ауылыңа сапар шегейін.

– Менің әке-шешемді ауылда бәрі бес саусағындай біледі. Мен мектепті алтын медальға бітіргенмін. Ұстаздарым бұған куә.

– Бәрінен бұрын әке-шешеннен ерте айрылғаның ауыр болған екен, балам.

– Иә әке-шешем жер сілкінісінің құрбаны болды. Жанымды жегідей жеген уайым маған жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалық ашуға итермеледі. Мақсатыма жеттім-ау, – деді риза кейіппен Орынбасар.

– Иә, айналайын-ай, жеткенде қандай... Мен бар болғаны қатардағы жәй ғана қойшымын. Балам, сен бүкіл адамзатты жер сілкіністен құтқарасың. Сенің ашқан ғылыми жаңалығыңның бағасы әлі алда... Құдай сол күнге жеткізсін. Айтарым, жас та болсаң сен керемет дарын иесісің. Таланттысың, соны жоғалтпай дамыта бер.

Орынбасарды терең уайымға, тұйыққа тіреген ойлары қанша еңсесін ессе де бұл жолы өзін-өзі іштей бір алып күш көтергендей болды. Жанары ұшқын атып, тәуекелге бел бұғаны көрініп тұрды...

...Арада жылжып күндер өтіп жатты. Есіркеп осы әңгімеден кейін ауданға арнайы барып, Жарылқап деген суретші жігітті үйіне ертіп келді. Жарылқап өз ісінің маманы екен, Орынбасарды бірнеше мәрте фотоаппаратымен әр қырынан сыртылдатып суретке түсірді. Сол бойда Есіркеп екеуі ауданға барып әп-сәтте Орынбасардың суреттерін жеке куәлікке, құжатқа сай көлемін әртүрлі етіп бірнешеуін шығарды.

Бір межеге қолым жетті-ау деп ойлаған Есіркеп суреттерді алып Ақсуат ауданы Береке ауылынан бір-ақ шықты. Береке ауылы қарт Қаратау бөктерін жағалай емірене орын тепкен біртұтас қазақы ауыл екен. Жан-жағын зәулім бәйтеректер қоршаған «Береке» орта мектебін таудың қай жағынан қарасаң да көзге менмұндалап көрінеді. Ауылдың көркіне көрік қосып тұр.

Есіркеп мектепке келген бойда аптығын басайын деп есік алдындағы орындыққа жайғасты. Мектепте сабақ аяқтала қоймапты. Мектепке кіріп-шығып жүрген оқушыларға

сүйсіне қарады. Осылайша жападан-жалғыз ұзақ отырды. Мектеп директорына кірейін. Өтінішімді айтайын деп орнынан тұрып екі қабатты мектепке беттеді. Кіре берісте оны жас қыз қарсы алып:

– Ата, сіз кімге келдіңіз? – деді.

– Мектеп директорына жолығатын жұмысым бар еді, балам.

– Мектеп директоры Сәлима Есенқызы бүгін болмайды. Аудандық оқу бөліміне жиналысқа кеткен. Құлпынай апайға жолығыңыз. Ол кісі мектеп директорының орынбасары.

– Солай ма? Құлпынай апайың қай жерде отырады?

– Ата, сіз қазір оң жаққа жүріп, екінші есікке кірсеңіз Құлпынай апайға жолығасыз.

– Рахмет қызым.

Есіркеп көп кешікпей Құлпынайдың бөлмесіне кірді. Құлпынай апайлары жасы елулерді еңсерген, аққұбаша келген, жылышырайлы келіншек екен. Есіркепті орнынан әдеппен тұрып қарсы алды.

– Ағай, саламатсыз ба? Сізді жөнді танымадым. Бұл ауылдікі емессіз-ау... Айта беріңіз. Құлағым сізде.

– Жылы лебізіңе рахмет, қалқам. Мен өте маңызды өтінішпен келдім, шырағым.

– Иә, иә, айта беріңіз.

– Мәселе мынандай, – деп Есіркеп қалтасынан үлкенірек етіп түсірілген Орынбасардың қағазға мұқият етіп оралған суретін алып, Құлпынайға берді.

– Суреттегі жігіттің аты Орынбасар, осы мектепті бітірген.

Құлпынай суретті әрі-бері аударыстырып ұзақ қарап:

– Кешіріңіз, мен бұл жігітті танымай тұрмын. Бұл мектепте жұмыс істегеніме бес жыл болды. Мен жер сілкінісі тоқтағаннан кейін келдім. Бұрынғылардан Құрмаш ағайдан басқа ешкім қалмады. Сізге сол кісіні шақыртайын. Мүмкін

сол кісінің көмегі тиер, – деп де түймені басты. Кабинетке жас қыз кірді.

– Құрмаш ағайынды шақыр.

– Қазір, қазір, – деп жас қыз жылдам шығып кетті.

Көп уақыт өтпей қасына егде тартқан, иығы қушиған, бетін әжім торлаған қарасұр өңді Құрмаш ағайын ерте келді.

– Апай, Құрмаш ағайды ертіп келдім.

– Жарайды, жұмысыңа бара бер, – деді Құлпынай апай.

– Құрмаш ағай, мына кісінің өтінішін тыңдап, көмек беріңіз.

– Жақсы, онда бос сыныпқа барып, асықпай отырып сөйлесейік. Жүріңіз...

– Рахмет, шырағым, – деп Есіркеп Құрмашпен ілесе кабинеттен шықты. Келесі бос сыныпқа кірген соң Құрмаш:

– Құлағым сізде. Қандай мәселемен келдіңіз? Қысқа әрі түсінікті етіп айтыңыз, – деді сыпайы сөйлеп.

– Тыңдаңыз. Сіз мына жігіттің кім екенін танысыз ба? Бұл жігіт он жыл бұрын осы мектепті алтын медальмен бітірген екен, – деп Есіркеп Орынбасардың суретін төсқалтасынан алып Құрмашқа берді. Суреттегі Орынбасардың бір көзі шығып, мұрын кеңсірігі қисайып, жақ еттері қатпарланып ұсқыны қашқан. Түр әлпетінен адам шошырлық.

Суретке тесіліп мұқият қараған Құрмаштың денесі тітіркеніп кетті. Бет әлпетінен адам шошырлық мынау кім? Мені кімге теңеп отыр. Құбыжыққа ұқсайтын жиіркенішті сорлының кім екенін анықтап бер дегені несі тағы, Құдай-ай, байғұстың бір көзі ағып кеткен секілді. Сонша зәбір көрген мына сорлыны өмірі көрген емеспін. Суретке әрі-бері тесіле карап, сәл сабасына түскен Құрмаш дағдарып қалды да:

– Ағасы, сәл сабыр қылыңыз. Мұндай ұсқынсыз адамды өмірімде алғаш көріп тұрмын. Бұрын-соңды кездестірген адамым емес. Имандай шыным....

– Кездестірмедім дегенінді дұрыс түсінбедім... Суреттегі жігіт осы мектепті бітірген.

– Ж-ж-жоқ... Мек мектеп бітіріп кеткен оқушыларды жақсы танымын.

– Оның аты-жөні бар. Аты Орынбасар, әкесінің аты Байжан.

– Бұл Байжанның жалғыз баласы Орынбасар емес... Шындығын айтайын, Орынбасар Алматыдағы ғылыми-зерттеу орталығының ауруханасында ұзақ жатып, қайтыс болған... Кешірерсіз, сіз не деп отырсыз... Сіздің мұныңызбен келісе алмаймын. Орынбасарды мен өте жақсы танымын. Ол мектептегі ең озат, тәртіпті, өте ізденімпаз оқушының бірегейі болатын. Ғылымға жақын, қиялшыл оқушы еді. Өттең, өмірі тым қысқа болды. Суретіңіздегі адам көше кезіп жүрген қаңғыбас біреу ғой. Менің уақытымды алмаңыз. Сабакқа баратын уақытым таяп қалды...

– Сонымен сіз суреттегі оқушыңыз Орынбасар Байжан екенін растамайсыз ба? – деді Есіркеп.

– Қайдағыны айтпаңызшы... Суреттегі Орынбасар Байжан емес. Бөтен біреу...

– Мүмкін емес... Өтінемін, дұрыстап қараңызшы. Өз оқушыңызды танымағаныңыз ұят екен.

– Жетер ағасы, тым қатты кеттіңіз...

Екеуі іркес-тіркес сыртқа шықты. Құрмаш мектеп жанындағы аяқжолда темекісін бұрқыратып тұрған Орынбасардың сыныптасы ұзынтұра Мәлікті көзі шалды. Мәлік Орынбасардың ең жақын досының бірі еді. Мектеп бітірісімен ауылда қалып, әртүрлі жұмыстың басын шалып жүрген жайы бар. Мәлікті көрген Құрмаш жерден жеті қоян тапқандай қуанып кетті де:

– Мәлік, бері жақында! Аңқимай бері кел-л-л...

Мәлік әлі толық тартылып бітпеген темекісін лақтырып жіберді де жүгіріп қастарына келді.

– Ағай, саламатсыз ба? Не болып қалды? Тыныштық па? Түріңіз бұзылып кетіпті ғой, – деп сұрақты үстін-үстін қойды.

– Мына кісі әлдеқашан қайтыс болған Орынбасарды іздестіріп жүр... Түрінен адам шошырлық біреудің суретін алып осы мектепке келіпті... Сен сөйлесші. Менің уақытым жоқ, сабағым бар... – деп қабағын шытып мектепке кіріп кетті.

– Қарағым, мына жігітті танымайсың ба? Осы мектепті бітірген. Анықтап қарашы, – деп Есіркеп суретті Мәлікке көрсетті.

Суретті қолына алған Мәлік аң-таң болып Есіркепке бажырая қарап:

– Суреттегі Орынбасар емес, қарақшы ғой нағыз. Орынбасар келісті келген сұлу жігіт болатын. Тағдыр оны аямады, өмірі қысқа болды. Сіз қателесіп келіп тұрсыз. Жалпы, сіз өзі кімсіз? Қайдан келдіңіз? Орынбасар осында туып-өсті. Оны ауылдың бәрі бір көргеннен таниды, – деп суретті Есіркепке қайтарып берді.

Әбден тауы шағылып, көңілі қалған Есіркеп не айтарын білмеді. Орынбасардың басынан өткен оқиғаны айтсам басым бәлеге қалар, одан да үндемеген үйдей бәледен құтылады дегендей, келген ізіммен кері қайтайын. Ақыры Орынбасарды ешкім танымаса, тәтті ауыздың дәмін кетірмей жөніме кетейін. Бұлар өзі ешнәрсемен шаруасы жоқ, қой аузынан шөп алмайтын қазақы ауыл ғой. Бажайлап қарамай ма екен суретке. Орынбасарға ұқсас бір белгі табар еді ғой. Бәрінің көзіне шел біткен бе? Өз оқушысын, өз сыныптасын танымайтын бұлармен әрмен қарай сөйлесудің қажеті жоқ. Енді көп кідірмейін, ақыры ештеңе шықпады. Ойпырмай, мұндай да қызық болады екен-ау. Өз ауылдастарын өздері танымай не көрінді бұларға?

Үміті ақталмай, Есіркептің салы суға кетті... Енді Орынбасарға не деп барамын? Мұғалімдерің де, сыныптасың да сені танымады деймін бе? Ол байғұс бала жүрегі алып-ұшып мені күтіп отыр ғой... Енді не істеймін деген ауыр ой еңсесін басқан Есіркеп шопан кібіртіктеп кері қайтты...

Қаратау аңғарындағы ауылдарда жүрген кезбенің біреуі шығар деп ойлады Мәлік ұзап бара жатқан Есіркептің соңынан ойлана қарап. Жүрісі жұмбақтау адамнан жөн сұрауды қаламады. Бұл адамның мына жүрісі күмәнді көрінді... Менің сұрағыма жөндеп жауап берген де жоқ. Иә, иә-ә-ә... Мына жүрісі тегін емес-с-с... Жұмбақ жағдайда қайтыс болып кеткен Орынбасарды қандай мақсатпен іздеп жүр? Полиция қызметкері де емес, танымайтын белгісіз біреу... Құрысын, бәлесінен аулақ...

Есіркеп салы суға кетіп шаршап, арып-ашып үйіне зорға жетті. Сапарының бұлай сәтсіз аяқталғаны жанына қатты батты. Денесі дел-сал болып, мазасын ойлар еңсесін басып жіберді. Көзі алды мұнарланып, селқос күйге түсті. Адам түсініп болмайтын бірнәрсе... Бастапқыда бәрі оп-оңай секілді болып көрінген еді. Мұндай кедергіге тап боламын деп ойламаған. Өзін-өзі іштей жегідей жеп барады. Артық-ауыз сөз айтқан жоқпын. Нені дұрыс істемедім...

Есіркептің ойын алдынан жас балаша елпілдеп қуанып шыққан Орынбасар бөліп жіберді.

– Әке, қалай аман-есен барып келдіңіз бе? – деді тағатсызданып.

– Иә, иә-ә-ә, балам, жақсы барып қайттым-м-м, – деп Есіркеп сөзінің соңын жұтып қойды... Сөйтті де сәл кідіріп қалды. Не болса да шындықты айтайын деп ойлады. Демін басып, өзін барынша байыпты ұстауға тырысты.

– Орынбасар балам, сабырлы бол! Сапарым сәтсіз болды. Ауылыңа барып мектептегі мұғаліміңе, сыныптасыңа жолықтым. Ағайың Құрмаш та, сыныптасың Мәлік те сені танымады... Суретіңді көріп шошып кетті. Тіпті маған күдіктеніп қарады... Көздеріне шел біткен бе? Бұл не сұмдық-к-к...

– Несіне қапа боласыңдар. Орынбасар баламыздың бет-әлпеті адам танымастай болып өзгеріп кеткен жоқ па? Маған ренжіме, балам. Әкесі өлтіргенді де естіртеді ғой. Сені қазір

туған анаң да танымас еді. Дәл қазір сені тану мүмкін емес...
Түріңнен адам шошырлық. Оларды кінәлаудың қажеті жоқ...

– Апа, сіз не деп тұрсыз? Түсінбедім-м-м... – деді аң-таң болған Орынбасар.

– Балам-ау, өзіңнің бет-әлпетіңнің өзгеріп кеткенін ұмытып қалдың ба?

– Көптен бері айнаға қарамаппын ғой...

– Сені таяққа жыққан қанішерлер бетіңнің сау-тамтығын қалдырмай бүлдірген екен... Әйтеуір жарақат алған аяқ-қолыңды емдедім. Бірақ бетіндегі тыртықты емдегенмен, бастапқы қалпына келтіре алмадым. Сондықтан, сені ешкім танымайды, балам...

– Орынбасар балам, апаң дұрыс айтады. Расында да мен сенің бет-әлпетіңнің өзгеріп кеткенін ойламаппын...

– Әке, енді не істейміз?..

– Ойлануымыз керек... Қатыш апаң сенің бұрынғы бет-әлпетінді қалпына келтіре алмайды. Бетінді бастапқы қалпына келтіріп, ота жасайтын дәрігерлер бар ғой қалада, солай емес пе?! Олар оп-оңай адамның түрін өзгертіп береді дейді...

– Шал-ау, Орынбасар үйден аттап басып ешқайда шыға алмайды емес пе? Баланың жеке куәлігі де жоқ... Соны да білмей отырсың ба?

– Иә, кемпір, сенікі дұрыс. Оны қалай ойланбағанмын... Есіркеп басын шайқады.

– Әке, рас айтасыз. Бүгінде адам бетін мүлде өзгертіп жіберетін ота жасау түкке тұрмайтын болып қалды. Мына менің бетімді де адам танымастай етіп өзгертіп жібере алады. Қазір мен өзіне-өзі ұқсамайтын біреумін. Менің суретіме қарап кіндік қаным туған ауылымдағы ұстазым мен сыныптас досым танымай қалды емес пе? Мен ешкім емеспін... Қалаға, ауданға бара алмаймын. Тұлғам ғана Орынбасар, бет-әлпетім өзге адамдікі сияқты. Тірі жанға керек емес қашқын біреу секілдімін. Бетіме ота жасату үшін

жеке куәлігім де жоқ. Сол себептен дәрігерлер мені есігінен де аттапайды.

Осыны айтқанда Орынбасардың денесі селкілдеп, иегі кемсеңдеп кетті... Оның қисайып біткен көзінің үстіндегі қабағы салбырап қорқынышты болып кетті. Көптен бері оның мұндай рәпетсіз түрін байқамай жүрген Есіркеп пен Қатыш тіксініп қалды... Қайтсін-ай, уайым мен қайғының әсері ғой десті іштей. Орынбасардың тағдыры тәлкекке түсіп жатқаны Есіркептің жанын жегідей жеп, іштей мүжіле түсті. Қолдан келер дәрмен жоқ...

– Орынбасар балам, біз Қатыш апаң екеуміз сені барынша қолдаймыз. Қолымыздан келгенін жасаймыз...

– Уайымға беріле берме, балам. Үмітінді үзбе. Одан да саған әрі қарай не істеу керек екенін ойластырайық...

– Әке, апа, сіздерге көп рахмет. Иә, уақыт өткізбей іске кірісуіміз керек. Бәрін жақсылап ойластырайық... – деді Орынбасар батылдау сөйлеп.

– Қорықпа, балам. Бір амалын табармыз, – деді Қатыш апасы мейірленіп, Орынбасардың басын сипап.

– Орынбасар балам, сені бұл тығырықтан алып шығудың барлық амалын қарастырамыз, – деді Есіркеп те кемпірін қоштап.

– Жарайды, келістік. Маған үміт сыйлағандарыңызға рахмет. Мен әзірше үңгірді паналай тұрайын... Сіздерді сағынған кезде жасырынып келіп-кетіп тұрамын...

– Балам-ау, үңгірде жалғыз өмір сүру онай дейсің бе? Келіспеймін, – деді Қатыш үзілді-кесілді. – Қарағым-ай, сен бүгін ішімнен шыққан перзентімдей болып кеттің. Саған қатты бауыр басып қалдық қой. Сені үңгірге жіберіп қойып, мұнда қалай тыныш ұйықтаймыз? Ішкеніміз ірің, жегеніміз желім болады ғой. Болмайды, біздің көз алдымызда жүресің. Әрбір пенденің тағдыры бір Алланың қолында. Мен күні-түні Алладан сенің амандығыңды, бәле-жаладан аулақ болуыңды, өмірден өз жолыңды табуыңды

жалбарынып сұраймын. Өкінгенмен пайда жоқ. Болатын іспен айналысайық. Басыңа салғанды көрерсің. Біз тұрғанда қам жеме... Тәуекел, осында қал...

– Қатыш апаң дұрыс айтады. Басқа салғанды көрерміз. Тағдырдың тәлкегіне ұшырадым деп еңсенді түсірме. Болған іске болаттай берік бол. Алдыңа қойған екі мақсатың бар. Сол мақсаттарыңа жет, балам. Өмірде алдына үлкен мақсат қойған адамның алғашқы қадамы әрдайым қиыншылықпен басталады. Соның бәріне төзіп, табанды болсаң ғана мұратыңа жетесің... Жаныңды жегідей жеп, мүжіле берме. Әлі-ақ, бұл қиыншылықтардың бәрі артта қалады. Әйтеуір мен солай болатынына сенімдімін. Міндетті түрде мақсаттарың орындалады. Арман ғана адамды алға жетелейді. Алған бетіңнен қайтпа. Алла жолыңды оңғарсын!

Орынбасардың өмірі туралы ойласа болды Есіркептің іші күйіп кетеді. Жападан-жалғыз қойшы ауылда сорлап жүрген байғұс бала-ай... Енді Орынбасар үшін ең қауіпсіз жер осы қойшы ауыл мен тау шатқалындағы үңгір. Үңгірді ұнатқанына да шүкіршілік. Қаратау сілемінің жартастары ішіндегі үңгірді де ешкімге көрсетпей жасырып жүргенім қандай жақсы болды. Осы үңгірдің адамды өзіне тартып тұратын бір жұмбақ қасиеті бар... Оның мынандай жағдайда ел көзінен тасалау жерде жүргені де дұрыс. Қалтасында құжаты жоқ адамды пагон таққандар білсе түрмеге тоғыта салары сөзсіз. Әзірше іздей қойған жоқ, бұған да шүкіршілік.

Иә, жылы, жатар орны бар, тамағы жетерлік. Енді басқа салса баспақшыл дегендей, мен баламның уайымын мен күдігін сейілтуім керек. Әбігерлене бермей, бәрін ақылмен шешіп-пішейін. Мейірім-шапағатымызды аямайық. Әбден азап көрген бала қой. Осыны ойлаған Есіркептің жүрегі енді қатты елжіреді.

- Орынбасар балам, бойыңды жазып серуенде.
- Рахмет, әке. Серуендеймін де, қой да бағамын...
- Дұрыс, дұрыс.

– Балам, уайымдамай, алансыз жүре бер, – деп көңілі босап кеткен Қатыш кемсең-кемсең етті.

– Балам, жаман ойлардың бәрін сананнан ысырып, жаңа өмірге құлшыныс жаса, – деді Есіркеп Орынбасардың арқасынан қағып.

– Жарайды, жарайды, бәрі жақсы болады – деп Орынбасар қуана басын изеді.



ІХ-ТАРАУ

Қазақ Ғылым академиясының жас талантты ғалымы Серік Ақанбаев алған бетінен қайтпайтын, бірбеткей қайсар азамат еді. Арада көзді ашып-жұмғанша алты жылдай уақыт өтті...

Бірде Ғылым академиясына жас ғалымнан таңқаларлық жұмбақ хат келген болатын. Ол кезде Серік академияның хат бөлімінде істейтін. Хат иесі өзінің ғылыми дәрежесін жазбаған. Хатта автор табиғи апат жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалық ашқанын, жаңалықты қолдап, іске асыруға көмектесуді сұраған болатын. Серік хатты бірнеше мәрте оқыған. Бірақ, хаттағы ғылыми тың жаңалыққа сенер-сенбесін білмей сенімсіздікпен қарап тартпаға сала салған. Тіптен бұл ақылға қонымсыз жай арандатушылық па деп те ойлады.

Әлемнің ең дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің атақты ғалымдары бас қатырып таба алмай жүрген әлемдік маңызы бар ғылыми жаңалықты қазақтың қарапайым жас ғалымы таптым дегені шындыққа жанаспайтындай көрінді. Егер бұл хатты Ғылым академиясының ғалымдарына көрсетсем, бұл ғылыми жаңалықты қалай қабылдар екен деген де күмәнді ой келді басына. Серік хатты академияның хат бөліміне тіркемей, өзінде алып қалды. Хат иесін қалайда іздеп тауып кездесіп, танысып, шындығына көз жеткізуді мақсат тұтқан болатын.

...Серік Алматы қаласындағы ғылыми-зерттеу орталығының ауруханасына бірнеше рет барды. Ауруханада аяқтары семіп, жансызданған жұмбақ хат иесінің емделгенін де тапты-ау... Сөйтіп, оның атының Орынбасар екенін анықтап, растап білді. Қысқасы, Орынбасар жұмбақ жағдайда із-түзсіз жоғалып кеткен...

Серік жұмысын жинап қойып Орынбасардың соңына түсті. Алматының адам көп жиналатын орындарын бірнеше рет сүзіп те шықты. Бірақ, ешқандай нәтиже болмады...

Бүгін де Алматының бұрын бармаған жерлерін аралауға шықты. Серіктің ойы сан-саққа жүгірді. Орынбасарды іздегеннен түк шықпаған соң негізі мен өмірде жоқ адамның ізіне түсіп жүрмін-ау деп те ойлады. Қазақ Ғылым академиясын әдейі шатастыру үшін ұйымдастырылған құйтырқы ойын емес пе екен?! Серік әбден шаршағандықтан сенімсіздік пайда бола бастады. Өте жұмбақ бүкіләлемдік ғылыми жаңалықты қазақтың жас ғалымы ашуы да сенімсіздеу... Мен қараңғы бөлмеден қара мысықты іздеп жүрген сияқтымын. Мұндай керемет ғылыми жаңалықты кім болса сол, көшеде жүрген біреу тапты дегенге де сенгенім күлкілі болып тұрған секілді.

Қазір ойлап қарасам, сол кезде хатты алып қалғаным да қандай жақсы болған... Сонда өтірік хат болса оны кім жазды? Жеке өзі ғана жазды ма, жоқ әлде артында арам пиғылды біреулер бар ма? Шешімі табылмайтын жұмбақ. Беймәлім...

Мүмкін олай емес те болар, а-а-а... Ойы сан-саққа жүгірген Серік дүдәмал күйге түсті. Мен осы сау басыма сақина тілеп алып жүрген жоқпын ба? Ақылға сыймайтын мәселе... Ауыр уайым еңсесін басқан Серіктің көңілі түсіп-ақ кетті. Уайым түбі тұңғыық, тәуекелге бел буайын... Не де болса іздестіруді жалғастыра берейін. Әйтеуір Орынбасар жатқан ғылыми-зерттеу ауруханасынан суретін алғанына іштей риза.

Серік іздестіру кезінде Орынбасардың суретін бірнеше рет көрсеткен болатын. Тағдыр тәлкегіне ұшырап із-түзсіз жоғалып, ғайып болған Орынбасар сол күйі ұшты-күйлі жоқ. Амалы таусылып, тауы шағыла бастаған Серік мұндайда жыларманға да шақ қалып өзін-өзі әзер басады. Қолын бір-ақ сілтеп қоя салайын десе ішкі сезімі байыз таптырар емес.

Нәтижесіз сандалып іздеуден шаршап, өні алабұртып, көздерінің алды кіреукеленген Серік алдынан кезіккен полиция бөлімшесін көріп кілт тоқтады. Сол қалпында бос тұрған орындықтардың біріне сылқ етіп отыра кетті. Қалтасынан беторамалын алып, маңдайын сұртті. Терең күрсінді. Есіктен кіріп-шығып жүрген полиция қызметкерлеріне қарап не істесем екен деп ойлады. Полицияға кіріп көмек сұрасам ба екен? Арыз жаз, жоғалған адам сенің кімің, не мақсатпен іздеп жүрсің десе не деймін? Іздеуші сізді жәбірледі ме, ұрып-соқты ма, жоқ әлде тонап кетті ме десе ше...

Жас ғалым Орынбасарды іздестіріп жүрмін десем, полиция маған күдікпен қарайды. Ол ғалымды не үшін іздестіріп жүр деп жауапқа тартуы да мүмкін. Егер мен жас ғалымды емес, досымды іздестіріп жүрмін десем ше?.. Ал, мен іздеп жүрген Орынбасар бірдеңеге ұшырап қалған болса ше? Мұндай жағдайда мен кінәлі болып шыға келемін ғой деді ішкі ой. Осылай екіұдай ойда отырғанда бөлімшеден шыққан екі полиция сержанты орындықта отырған Серіктің қасына келіп, үсті-басын көздерімен тінткілеп, шұқшия қарап тұрды да ұзын бойлы қапсағай денелісі:

– Ағасы, мына жерде отырғаныңызға жарты сағат болды... Бұл жер саябақ емес, мұнда отыруға болмайды, – деді.

– Мен жәй тынығып отырмын...

– Құжатыңызды көрсетіңіз.

– Иә, иә, мінекейіңіз-3-3, – деп Серік қалтасынан жеке куәлігін алып сержантқа ұсынды.

– Серік Аханбаев... Жақсы, жақсы... – деп жеке куәлігін өзіне қайтарып берді. – Қайда, не жұмыс істейсіз?

– Қазақ Ғылым академиясында... Ғылыми қызметкермін.

– Ғалым екенсіз ғой.

– Иә, ғалыммын. Ғалымдар үнемі ойланып жүреді... Ойыма бірдеңе түсіп кетті де орындыққа отыра кетпесім бар

ма?! Кейде сөйтетін әдетім бар... Автобус ішінде кетіп бара жатқанымда ойыма бір идея келе қалса сол сәтте автобустан түсе салып ұзақ отырып ойға батқанды жақсы көремін... Қазір де жарты сағаттай отырып керемет идеялардың басын шалып тастадым... Қиялдан осындайда басқа тамаша ғылыми жаңалықтар келеді. Оны сол сәтте әрі қарай дамытып әкетсеңіз керемет идеяларды іске асыруға болады.

– Кешіріңіз, Серік аға. Біз сіздің ғылыми идеяларыңызға зиянымыз тиіп, кедергі жасаған жоқпыз ба әйтеуір?

– Иә, ойым бөлініп кетті. Бірақ, болар іс болды енді. Обал-ақ болды, идеям аяқсыз қалды...

– Біз сіздің ғалым екеніңізді білмей қалдық. Қандай көмек керек? Айтыңыз, көмектесейік қолдан келгенше.

– Мен үшін осы құрметтеріңіздің өзі жетіп жатыр.

– Айтыңыз, қай жерге жеткізіп салайық.

– Тың ойларыңызды бөліп жібергеніміз үшін тағы да кешірім сұраймыз.

– Осы құрметтеріңе де дән ризамын. Мен ойланып жаяу жүргенді жақсы көремін. Жаяу жүргеннің денсаулыққа да пайдасы мол, – деп Серік орнынан тұрды.

– Жолыңыз болсын, аға! – деп екі сержант Серікті зор ілтипатпен шығарып салды. Серік баяу басып ұзай берді. Бұл кезде полицейлер де ғимаратқа кіріп бара жатты.

Серік осы оқиғадан соң еңсесін басқан ауыр ойлардан арылғандай көңіл-күйі көтеріліп қалды. Жан-жағына сүйсіне қарады. Алматы дәл осы сәтте өзгеше құлпырып, ерекше күйге енгендей болып көрінді. Жолдың екі жақ бетіне отырғызған қызылды-жасылды алуан түсті гүлдер көздің жауын алады.

Әрі-бері серуен құрып қол ұстасып жүрген жастардың, әсіресе қоңыраудай сыңғырлай күлген қыздардың даусы ерекше шабыт бергендей... Серіктің жан-дүниесі жасарып, сергіп қалды. Ол ұзағырақ жүрді. Сәлден соң саябақ ішіндегі субұрқақ жанындағы орындыққа жайғасты. Майда

көпіршіктенген су түйіршіктері ауаны дымқылдап, тынысты кеңейтеді. Қандай жанға жайлы тыныштық. Бір кезде жұптарын жазбай қол ұстасып алған қыз бен жігіт анадай жердегі орындыққа келіп отырды. Жүздері бал-бұл жанып, бір-біріне күлімсірей қарайды. Қандай жарасымды...

Кенет Серіктің жанындағы бос орындыққа өзі іздеген Орынбасар кейпіндегі жігіт келіп:

– Аға, қасыңызға отыруға бола ма? Орын бос па? – деді сыпайы ғана.

– Ә-ә-әрине, әрине, бос. Отыр-р-р, – деді абдырап.

– Рахмет, аға.

Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан деген осы болар. Өз көзіне өзі сенбеген Серік аң-таң болып жігітке ұрлана қарады. Менің сабылып шарқ іздеп жүрген Орынбасарым ғой мына отырған... Өзі сабырлы. Асығыс емес. Жайбарақат отыр. Серік оны қалай сөзге тартарын білмей басы қатты. Темекі тартады ма екен өзі. Тартпаса, сыра ішетін шығар... Бүгінде сыра ішпейтіндер кемде-кем ғой.

Сөзді неден бастасам екен, а-а-а... Жайлап сөзге тартып, тамырын басып көрейін. Егер бұл жігіт мен іздеп жүрген жас ғалым Орынбасар болса, Құдайдың бергені. Бірден алқымынан алып атын сұрамай, немен айналысатынын байқайын... Сосын әрі қарай тарқатыла берер...

Күтпеген жерден сөзі жігіттің өзі бастады:

– Темекіңіз бар ма, аға?

– Айып етпе, мен темекі тартпайтын едім, – деді Серік расында да темекі тартпайтынын жасыра алмай.

– Темекі шекпейтініңіз қандай жақсы, аға!

– Рахмет, соған әуестігім жоқ.

Орынбасар жандарынан өтіп бара жатқан егде кісіден бір тал темекі сұрап алды. Сөйтті де тұтатып алып рахаттана сорды. Мұрнынан көк түтінді будақтата шығарды. Айналаны

ашкылтым жағымсыз иіс жайлады. Темекіқұмар екен өзі. Тартып отырған темекісі де жуық арада бітер емес.

Серік күтпеген олжадан айрылып қалмайын деп қамдана бастады. Мынаның көңілі орнына түсті. Не де болса сөзді өзім бастайын деп:

– Інім, алматылық шығарсың. Тосын сұрағым үшін кешірім сұраймын. Неге екенін, саған бүйрегім бұрып отыр. Көптен бері хабар-ошарсыз кеткен ініме қатты ұқсайды екенсің... Өзімді қоярға жер таппай отырғанымды қарашы...

– Иә, аға, өмірде адамға адам ұқсай береді ғой. Негізі мен қазақстандық емеспін. Моңғолиядан келген оралманмын. Ата мекенге оралғанымызға он бес жыл болды. Алғашқы жылдары қиындау болды. Құдайға шүкір, бүгінде Қазақстан азаматымын. Тері өңдеу компаниясында менеджер болып жұмыс істеймін.

Мына сөзден кейін Серіктің көңілі су сепкендей басылды... Сонда менің қателескенім бе? Қалайша... Мүмкін емес...

– Аға, сіз маған қапа болмаңыз. Ондай-ондай болып тұрады... Өткенде бір кейуана мені өзінің немересіне ұқсатып қолымнан ұстап жібермей қойды емес пе?

– Інім, сен ғылыми жұмыстармен айналыспайсың ба?

– Аға, мен Моңғолияда туып-өстім. Баян өлгей аумағындағы бір ауылда тұрдық. Негізгі кәсібіміз мал шаруашылығы болатын. Қой бағатынбыз. Түйелер де жеткілікті. Әкем жарықтық қойшы еді. Ол кісі бізді жастайымыздан қой бағуға, оның терісін жинап өңдеуге үйретті. Содан болар кітап оқуға, білім алуға ұмтылдық.

Солай, аға. Маған қапа болмаңыз, пешенемізге жазылғаны осы екен ғой. Әйтеуір елге оралып, жұрт қатарлы өмір сүріп жатырмыз... Аракідік жұмыстан қолым қалт еткенде осында келіп демалғанды жақсы көремін. Асығыстау шығып едім, темекімді қалдырып кетіппін. Жаңағы кісінін

темекісі біртүрлі ащылау екен. Исі де басқашалау ма, қалай өзі... Басымды айналдырып жіберді.

Мен Отанның, елдің, жердің қадірін бір кісідей жақсы білемін. Өзімді бақытты сезінемін. Бір-бірімізді бағалап, құрметтеп, сыйласып жүргенге не жетеді мына жалғанда... Әйтпесе, өмірдің мәні де, сәні де болмайды. Соңғы кездері осы жайлы көп ойланамын. Аға, өмір сонысымен құнды емес пе?! Сізге қарап отырсам, жай адамға ұқсамайсыз. Жазушыға, ғалымға ұқсайсыз. Жоқ, әлде қателестім бе?

Мына жас жігіттің сөздері Серіктің көңілінен дөп түсті. Көңілі алабұртқан Серік алғашқыда көңілі пәсейіп, ұнжырғасы түсіп кеткен болатын. Іздеген адамы болмай шыққан соң сіркесі су көтермей тұнжырап отырған оны қасында отырған аузын ашса көмейі көрінетін мына жаны таза жігітке риза болды. Жәй ғана қарапайым жұмыс істеп нәпақасын тауып жүрген жігіттің адалдығына қуанды.

– Інім, өте жүйелі сөз айттың. Біреудің ала жібін аттамай, наныңды адал тауып жүргеніңе риза болып отырмын. Қазақта сен секілді жастар көп болсын. Менен жасыратын ештеңе жоқ. Мен өте талантты жас ғалым Орынбасар Байжан деген жігітті іздеп жүрмін. Бір қызығы сол Орынбасар саған қатты ұқсайды екен. Бастапқыда мен сені Орынбасар екен деп қалғаным рас. Айып етпе, айналайын. Ол үшін кешірім сұраймын. Дегенмен, сенімен сөйлесіп көңілім көтеріліп қалды.

– Түсінемін, аға. Менің басымнан да мұндай жағдайлар талай рет өтті ғой.

– Иә, інім, мен ғылыммен айналысып жүрген ғылыми қызметкермін.

– Сізбен кездескеніме өте қуаныштымын, аға. Жақсы кездесу болды. Менің атым Бектемір. Сау болыңыз, – деп жігіт кетуге ыңғайланды.

Серік оның соңынан қимастықпен ұзақ қарады. Көңілі қолаңтақсып қалды... Адамдарға мейіріммен қарап, жылы

сөйлескен қандай жақсы. Сабыр түбі сары алтын. Көптен бері Алматыны шарлап Орынбасарды кездестіре алмаса да жабырқаған көңілі бір көтеріліп қалды. Орнынан тұрып, саябақ ішін аралап кетті...

Соңғы кездері Орынбасар Айсуреттің түсіне жиі кіретін болып жүр... Сол бұрынғы мектепте оқып жүрген бақытты күндері... Сабақ аяқтала салысымен Орынбасар бір қолында пәпкесі, бір қолында бір бума дала қызғалдағын «саған мына қызғалдақтарды арнайы теріп әкелдім. Қызғалдақтар сен сияқты, қарашы, қандай керемет» деп Айсуретке ұсына бергенде ғайыптан пайда бола кеткен сыныптасы Ескермес қызғалдақтарды жұлып алып Орынбасарды сүйреп әкетті.

Ыржаң-ыржаң етіп шолжандаған Ескермес кенет Орынбасарды жібере салды. Сөйтті де аңтарылып тұрған Айсуретке тап берді... Қыз бар даусымен шыңғырып жіберді де беті ауған жаққа қаша жөнелді. Бір кезде ашуға булыққан Орынбасар келген бойда Ескерместің желкесінен бір қойды. Мұны күтпеген Ескермес жерге жалп ете қалды. Ескерместен құтылған Орынбасар сүйіктісі Айсуреттің қолынан ұстап сүйрей жөнелді...

– Сүйіктім, кеттік-к-к...

– Енді бізді ешкім ажырата алмайды-ы-ы...

– Мен сені сүйемін, Айсурет-т-т...

...Үнемі айна-қатесіз қайталанатын осы түсінен Айсурет шошып оянды... Шошып ояңанымен, осы түсті көрген сайын көргісі келе береді. Төсегінде бүрісіп отырған Айсурет солқылдап тұрып жылады.

– Орынбасар, сүйіктім, қайдасың-н-н...

– Қайдасың-н-н...

– Бұл дүниеде барсың ба?

– Іздемеген жерім қалмады ғой...

– ?!

– Ес-ти-сің бе-е-е мені-і-і...

Айсурет көз жасын көл қылды. Зар илеп соңғы жылдары Орынбасарды іздеумен болды. Жанын шүберекке түйіп Алматының ұңғыл-шұңғылын түгел шарлап шықты. Таба алмады. Ізім-қайым жоқ. Танитындардың өзі көрдім-білдім демеі. Өкініштен өзегі өртенген Айсурет қалай болғанда да Орынбасарды таппай қоймаймын деп іштей өзіне-өзі серт берді. Оның көз алдына Алматыдағы ауруханада ес-түссіз жатқан Орынбасар елестей береді. Осыны ойлағанда тұла бойы түршігіп, сай-сүйегі сырқырайды. Жүрегі шаншиды. Бұл оның Орынбасарға деген сезімінің суымағаны, қайта күн өткен сайын сағынышы арта түсуде...

Қайран Айсурет-ай! Арманшыл, ару Айсурет! Бүкіл арман-мақсаттарыңның күлін көкке ұшырған Ескерместі қарғыс атсын! Орынбасар екеуінің арасына түсіп, екі жаққа ажыратып жіберді. Бірақ қанша арпалысса да оның Орынбасарға деген шынайы махаббатын сөндіре алған жоқ...

Жоқ, Орынбасарға деген сезімін қайта тұтату үшін Айсурет енді еш кедергіден қорықпайды. Алған бетінен қайтпайды. Айсуреттің көз алдынан Орынбасардың бейнесі кетер емес. Тіптен кейде тау бөктеріндегі екеуі жасырын кездесетін бұлақ басындағы аршаның түбінде қол бұлғап шақырып тұрғандай елестейді...

Айсурет алып-ұшып өздері туып-өскен Береке ауылынан бір-ақ шықты. Ауыл сол бәз-баяғы қалпы... Ежелгі Қаратау бөктерін емірене жағалай орын тепкен біртұтас қазақы ауыл. Он жыл оқыған орта мектеп көзіне оттай ыстық болып көрінді. Жан-жағын зәулім бәйтеректер қоршаған «Береке» мектебін таудың қай жағынан қарасаң да менмұндалап көзге жылыұшырап, ерекше көрінеді.

Орынбасар сыныбындағы ең озат, тәртіпті әрі сымбатты бала болатын. Ұстаздарының аузының суы құрып оны

үнемі мактап, өзге оқушыларға үлгі тұтып жүретін. Оның кішкентайынан-ақ ерекше қабілетті, кішіпейіл, табиғатты ерекше қадірлейтін, бәрінен де аң-құстарға әрдайым қамқор болатын мейірімділігін Айсурет қатты бағалайтын. Оның бойында қулық пен аярлық, қатыгездік, зұлымдық секілді жат мінездер жоқ еді.

Орынбасардың ойынша жақсы қасиеттер адам бойына туа сала біткен. Адамдар бір-біріне бауыр, дос деген ой оны өмірге ынталандыра түсетін. Шіркін-ай, не деген адал, ақ пейілді балаң көңіл. Жер бетіндегі күллі адам баласы Орынбасардай ойласа, әлемде бейбітшілік пен татулық орнайтын еді-ау...

Айсурет сүйікті мектебін бір айналып, үйіне келді. Қызының келгенін көрген шешесі Нәзира алдынан қалбалақтап жүгіріп шықты. Қызын бас салып құшақтап, емірене иіскеді:

– Әкесі, көптен бері күткен қызың Айсуретің келді. Әй, қайдасындар түге-е-е...

Қора маңында жүрген әкесі Әділбек те емпендеп келіп:

– Айналайын-н-н, қызым-ау. Бізді сағындырдың ғой-й-й, – деп Айсуретті құшақтап мауқын басты.

Қуаныштары қойнына симаған ата-анасы бір қойды сойып, көрші-қоланды шақырып кішігірім той дастарханын жасап жіберді. Меймандар ойнап-күліп риза болып тарқасты.

Әділбек қызының келгеніне қатты қуанды. Қызынын жанын ауыртатын сұрақ қоймағанды жөн көрді. Мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы медициналық институтқа өз күшімен түсті. Әке-шешесіне ауырлық түсірмей, институтты ойдағыдай бітіріп шықты. Онсыз да қиналып жүрген баланың жүрегін ауыртпайын деп артық әңгіме айтып мазаламады. Ақылы да, білімі де жетерлік, өз жолын өзі табар деп ойлады. Қайтейін, маңдайына жазылғаны осы болса...

Әттеген-ай, қызымның бағы ашылмады ғой. Қайтеміз енді, болар іс болып, бояуы сінді... Қызымның жанын

ауыртпайын. Мектепте бірге оқыған қараң өшкір Ескермес қызымның тағдырын тәлкекке салып, өзі ұшты-күйлі жоғалды. Оған не болғанын, қайда кеткенін тірі пенде білмейді. Қызымның көз жасы ұрған болар, найсапты. Аллаға шүкір, Айсуретімнің рең-басы жаман емес екен. Жүнжіп кетпей өзін-өзі ұстап жүргеніне рахмет. Бұған да шүкіршілік. Ауылында, үйінде қанша жүрсе де аунап-қунап еркелеп жүрсін. Қызымның өз еркі өзінде деп күрсінді іштей Әділбек.

Айсуреттің ауылға келгенін естіген сыныптас достары ұзынтұра Мәлік пен момындау Мәлдібек амандасуға келді. Көптен бері бірін-бірі көрмеген сыныптастар мәз-мейрам болып шүйіркелесіп қалды. Бұлар Орынбасардың Айсуретті сүйетінін жақсы білетін. Әсіресе Мәлік Орынбасардың сезімге толы ғашықтық хаттарын екеуінің арасында тасып жүретін. Орынбасар өзінің Айсуретке деген пәк сезімін хат арқылы білдірді. Ол Мәлікке Айсуретке ғашық екенін сыр етіп айтатын. Себебі Мәліктің адалдығына сеніп, оны өте сыйлайтын. Нағыз адал досы болатын.

– Ой, Айсурет, ауылға кеп қапсың ғой. Жағдайың қалай? – деп бірінші Мәлік сәлемдесті.

– Саламатсыңдар ма, сыныптастар! Жағдайларың қалай? – деді Айсурет те қуанып.

– Бәрі ойдағыдай... Жүрміз ғой ауылда...

– Айсурет, келуіңмен! – деп Мәлдібек те ыржандап келіп қол берді.

Біраз хал-жағдай сұрасқан соң әңгіме ауаны Орынбасарға тірелді. Айсурет қысылыңқырап:

– Орынбасардан не хабар бар? – деді.

– Орынбасар қайда, немен айналысып жүргенінен хабарымыз жоқ. Алматыда жоғалып кетіпті, – деді Мәлдібек қайғырып.

– Алматыда іздемеген жерім қалмады. Таба алмадым, – деді Айсурет жыламсырап.

– Айсурет, жылама. Орынбасардың түсініксіз жағдайда жоғалып кеткені мүлде ақылыма симайды, – деді Мәлік қабағын шытып.

– Мен Орынбасарды қалайда табамын... Таппай қоймаймын, – деді Айсурет өршеленіп екеуіне қарады.

Мәссаған, керек болса, бұлар болған жайдың бәрін түп-түгел білетін сияқты ғой деген ой келді Айсуреттің басына. Мұндайда артықтау бір ауыз сөз айтсаң ыңғайсыз күйге түскенің. Сұлу жүзі солғындау тартқан Айсурет біртүрлі мең-зең. Бұрынғыдай емес, өңі қуқыл тартып, көзінің алды ісіп тұр. Асытыңғы ернін тістелей береді.

Сыныптастары арасында достыққа адал, адамгершіліктері зор осы екеуі. Әсіресе, Мәліктің бойында өзгенің жан дүниесін түсінуге тырысатын, қиын сәттерде қол ұшын беруге даяр тұратын қасиеті мол. Баяғыдан еш өзгермеген. Айсурет сыныптастарын кездестіргеніне дән риза. Көңілі бұзылып, жылауға шақ қалды. Алаңсыз күндері еске түсіп, жан дүниесі алай-дүлей болып кетті...

Бәрінен бұрын бір сыныпта оқыған, өзін де, Орынбасарды да тағдыр тәлкегіне ұшыратқан Ескермеске деген наласында шек жоқ. Орынбасармен өтірік дос болып, іші-бауырына кіріп, өтірік жылмаңдап жүрген екен ғой... Бір ұяда өсіп, кейін қанатын катайтқан соң досын шыннан құлатқаны нағыз сатқындық, опасыздық қой... Көкірек көзі соқыр, қара басының құлқынын ғана ойлайтын, түйсігі таяз сорлы екен-ау Ескермес. Мен оны сүймесем де зорлықпен жар етіп, бақытты боламын деп ойлады ма, жарымес неме... Шынайы махаббатсыз өмір сүру мен үшін азаппен тең. Өттеген-ай, асыл армандарымды аяқ асты еттің-ау, оңбаған Ескермес...

– Арманыма айналған асыл махаббатым-м-м. Орынбасар қайдасың-ң-ң. Қайда жоғалып кеттің-ң-ң, – деп егіле жылады Айсурет.

Мұндайды күтпеген сыныптастары Мәлік пен Мәлдібек абдырап не істерлерін білмей қалды. Айсуретке деген

аяушылық сезім жандарына батып кетті. Батылы жеткен Мәлік Айсуреттің иығынан құшақтап:

– Айсурет, бұлай езіле берме. Бізді ештеңе түсіндейді деп ойлама. Біздің де жүрегіміз, сезіміміз бар. Өмірге деген үмітіңнің шырағын сөндірме. Пешенене жазылғаны осы болса қайтесің енді... Орынбасар екеуіңнің бастарыңнан не өткенін біз Мәлдібек екеуіміз жақсы білеміз... Әттең, қолымыздан келер қайран жоқ. Біз саған жақсы ниетімізден басқа не көмек бере аламыз а-а-а?..

– Кешіріңдер, сендерден басқа мұнымды айтатын ешкім қалмады емес пе?! Сендерді көріп көңілім босап кетті. Басқа түскен баспақшыл деген, енді не істеймін...

– Айсурет Орынбасар біздің досымыз болғаннан кейін мұныңды бізге айтып тұрсың ғой. Оны түсінеміз. Бізден не көмек керек? – деді Мәлдібек екеуіне кезек-кезек қарап.

– Сендердің адал ниеттеріңе рахмет! Өздеріңді көріп еңсем көтеріліп қалды. Мен Орынбасарды іздестіруді еш тоқтатпаймын. Таппай қоймаймын. Оның бұлай із-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін емес...

– Біз де Орынбасарды іздестіріп жүрміз, Айсурет... Әзірге көрдім-білдім деген ешкім жоқ.

– Орынбасарды қаладан да, ауыл-аймақтардан да іздестіре бергеніміз дұрыс, – деді Айсурет қол сөмкесінен оның бірнеше суретін алып Мәлікке ұстатты.

– Мына ақылың көңілге қонып тұр.

– Ауыл-аймақтарға осы суреттерді таратайық. Хат тасушыларға да берейік. Бір хабары шығып қалар.

– Мәлдібек екеуіміз қолымыз қалт етсе ауылдарды аралауға кірісеміз. Солай емес пе, Мәлдібек?!

– Әрине, қуана-қуана келісемін.

– Орынбасардың із-түзсіз жоғалып кеткеніне кейде аңтаң қалып, сенгім келмейді, – деген Мәліктің сөзіне Айсурет жалт қарады. Қап-қара көздерінен үміт ұшқыны жалт етті. Айсуреттің нұр шашқан жанарының ұшқыны екеуін шарпып



өтті. Мәлік пен Мәлдібек Айсуреттің сұлулығына тамсана қарады. Екеуі де мүдіріп, кібіртіктеп қалды...

Мәлдібек Айсурет сыныптасының Орынбасарға деген махаббатының адалдығына тәнті болды. Нағыз махаббат деп осыны айт. Арада болған келеңсіздіктерге қарамастан Айсуреттің сүйіктісі Орынбасарды іздеуі баға жетпес бақыт емес пе?! Орынбасар қайда жүр екен? Жаман айтпай, жақсы жоқ деген. Өзі аман ба екен... Қорғансыз күй кешкен Айсуретке жандары ашыды.

Ескермес мектепте оқып жүргенде-ақ әккі, зымиян болатын. Ақыры не болды? Өзінің түбіне өзі жетіп, шетел асып қашып кетті. Айсуреттің жүйкесін жүндей түтіп, уайымға батырды. Айсурет осының бәріне шыдап, ақыл-парасатының арқасында азып-тозбай, өзін-өзі биік ұстап жүргеніне сыныптастары риза болды.

Айсурет нағыз ардақ тұтар ару екен. Қолда бар алтынның қадірі жоқ дегендей, осындай аруымызды қадірлей алмаған бізді кімге тенеуге болады? Сонда біздер кіміз? Ескермесіміз анау, Айсуретті зымияндықпен алдап түсіріп, Орынбасарға деген махаббатын қорлады...

Уақыт бәріне төреші. Жылжып жылдар, сырғып айлар өткен сайын адамгершілік, достық, махаббат жолындағы іс-әрекет көзге айқын көрініп сайрап жатады. Кімнің кім екені, адамгершілік қасиеттері тайға таңба басқандай болып айқындала түседі. Ескермес өзі қазған орға өзі түсетінін білмеді ғой. Оның мұндай иттігіне қанық біз өкінгеннен басқа ештеңе айта алмаймыз. Бүгінде Ескермес сыныптастары үшін де, ауылдастары үшін де нағыз опасыз, сатқын, жексұрын адамға айналған... Осындай ойлар санасын тұмшалаған Мәлік Айсуретке аяушылықпен тұнжырай қарады. Сырласып, мұндасып арқа-жарқа болған сыныптастар Орынбасарды іздестіруге бірауыздан келісіп тарқауға бет алды.

— Ал, жігіттер, сендерге көп-көп рахмет. Сендермен сырласып арқамнан ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалдым. Енді рұқсат етсеңдер, үйіме қайтайын, — деді Айсурет сыныптастарын қимай.

— Айсурет, сені көріп, кездескенімізге біз де өте қуаныштымыз. Бір-бірімізден хабарымызды үзбейік, — деп Мәлік пен Мәлдібек те Айсуретпен қимай қоштасты.

— Қызым, сонымен ауылға келіп жұмыс істемеймін дейсің ғой...

— Әке, кешіріңіз. Сізді де түсінемін... Бірақ, ауылда менің мамандығым бойынша жұмыс жоқ. Мен бірінші дәрежелі терапевт-дәрігермін. Біздің шағын ауылда үлкен аурухана жоқ. Ауылда бір медбике отыр. Ауданға барып-келіп жұмыс істеу қиын...

— Әкесі, қызың дұрыс айтады. Ауылда мамандығына сәйкес жұмыс болмаса не істейді. Оның үстіне қызымыздың басынан өткен жағдайдан кейін ауылда қалай жүреді? Онсыз да сыпсың сөздер енді басылды ғой...

Әділбек сәл мүдіріңкіреп қалды... Бүгінде адамдар аяғымен емес, аузымен жүретіні де рас. Қызымның сыртынан қолдарын шошайтып, әңгіме айтатындар жетіп-артылады. Оның ауылда қалғысы келмейтіні де содан ғой. Бір жағынан оныкі де дұрыс шығар. Еңсесін көтеріп жүргені керек бізге. Негізі қызым мінезі жайсаң, жүрегі жұмсақ. Оның үстіне жаны нәзік. Айсурет келешегінен үміт күттірген ең аяулы ақылды қызым еді. Қызымның бағы ашылсын. Бакытын тауып, мандайы жарқырасын...

Жүріс-тұрысы, өмірге деген пайымы жақсы. Қайтеміз, өткенді қозғай бергенен не шығады. Қызымның өз жолын табарына сенемін. Басқа салғанын көреді де. Айсуретімнің басына түскенді қайғы деп санамайық. Бұл оның басына түскен сынақ деп есептейік. Ауылда жүрсе ауыздыға жол,

аяқтыға жол бермейтін Сандуғаш-ақ қызымның құлағын шулатары анық. Расында да солай болары ақиқат екен-ау түге. Қызымды өсек-аяннан аулақ етейік. Өз ақылы өзіне жетеді. Сондықтан қайда барып жұмыс істеймін десе де жолы ашық. Құдай бағын ашсын. Әділбек қызына қарап терең күрсініп алды да:

– Қызым, Алла алдыңнан жарылқасын. Ақыл-парасатың бір өзіңе жетерлік. Сенікі де жөн. Өз жолыңды, өз тағдырыңды өзің таңда. Мен де көп ойланып-толғандым. Ауылдан кеткеніңе қарсы емеспін. Аяғыңды тұсауламайын. Шешең екеуміз бұдан былай сенің бақытты болуыңды Алладан тілеп отырамыз. Біздікі тек саған дұрыс ақыл-кеңес айту. Ақыл-кенесті де елеп-екшеп айтқан жақсы. Қате, тіптен орынсыз айтылса, ол біз үшін кешірілмес күнәмен тең. Сонымен қызым не дейсің?

– Асқар таудай ақылды әкешім-ай... Өте дұрыс айттыңыз... Сіз секілді парасатты әкесі бар мен өзімді бақытты сезінемін. Мені дұрыс түсінгендеріңіз үшін рахмет сіздерге. Бұл өмірдің сан қырлы соқпағы мол ғой. Басы ащы болса, аяғы тәтті болады дегендей бәріне шыдап, төзе білуім керек. Сіздер мені бәріне байыппен қарап, шыдамдылықпен жетістікке жетуге тәрбиеледіңіздер.

– Ой, ақылыңнан да, өзіңнен де айналдым. Барлық уайымым сейілгендей болды-ау. Бәрінен бұрын сені қатты уайымдайтын едім, – деп анасы Нәзира Айсуреттің бетінен сүйді.

Айсурет те анасын құшақтап, бетінен сүйді.

– Мен Алматыға барып терапевт-дәрігер болып жұмыс істеймін. Тәжірибе жинақтап, ғылыми жұмыспен айналысуды қолға аламын. Кандидаттық жұмысты да бастаймын. Өмірден өз орнымды табуға барлық күш-жігерімді, тәжірибемді, білімімді жұмсаймын. Осы жолда ешқандай қиындықтарға мойымай, мақсатыма жетуге тырысамын.

— Алла алдыңнан жарылкасын, қызым. Мақсатыңа жет. Алған бегіңнен қайтпа. Әумин! — деп әкесі Әділбек ақ батасын берді. Анасы Нәзира да мектепте тарих пәнінен сабақ беріп, таяуда ғана зейнеткерлікке шыққан болатын. Анасы да қызына ақ батасын берді. Артынан әкесі мен анасы ұзақ қол бұлғап қала берді...



Х-ТАРАУ

Есіркеп шопан көңілі жай тауып, ішінен ыңылдап ән айтып Орынбасарға көңілдене келді. Бұл кезде Орынбасар да бұлақ басында тас үстіне шәйнегін қойып, астына кесілген ағаштарды қойып от жағып отырған. Кепкен ағаштар бірден тұтанып, сытырлап жана бастады. Орынбасар қолындағы қағазға үңіліп жазуға кірісті.

– Есіркеп әке, жақсы келдіңіз. Мен үшін бүгін өте қуанышты күн... Жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалығымды толық аяқтадым. Бәрі-бәрі бастан-аяқ есіме түсті... Бәрін толық қағазға түсірдім.

– Құтты болсын, балам. Өте қуаныштымын. Жақсы болыпты. Балам, сен мені ештеңе түсінбейді деп ойлама. Мен бәрін түсінемін. Мен қойшы болғаныммен, бәрінен жан-жақты хабарым бар. Сондықтан, өзіңнің ашқан ғылыми жаңалығың туралы ойынды менімен бөлісуіңе болады.

Орынбасар мұқият қатталған қағаздарын алдына алды.

– Мен жер сілкіністі тоқтату туралы жаңалығымды түгел қағазға түсірдім. Мұқият тексеріп, ой елегінен өткіздім. Әбден саралап, бұрын ескерілмеген жерлерін толықтырдым. Қалың ой шырмауынан шығып, жаңа бағытқа бет алдым. Мына көркем жер, қасиетті үңгір, бұлақ маған ерекше шабыт, құлшыныс берді. Темекіні біржолата тастадым.

– Ойынды тиянақтап алып, баяндай бер, балам. Құлағым сенде. Бізге бұл жерде ешкім кедергі жасамайды.

– Сонымен кірісейін. Жерді мекендеген адамзат ұрпағы бірнеше ғасырлардан бері жер сілкіністен өте қатты зардап шегіп келеді. Бір таңқаларлығы, адамзат баласы ХХІ ғасырға аяқ басса да күні бүгінге дейін жер сілкіністің жылын, айын, күнін, сағатын, минуты мен секундына дейін дәл анықтап,

оның күшін, эпицентрін алдын-ала дөп басып анықтап зерттей алмай жүр. Сонымен бірге қандай тереңдікте болатынын да білмейді.

Жер планетасында дүлей табиғи апаттардан күні бүгінге дейін қаншама қалаларды жер жұтты. Өте күшті жер сілкіністер Жапонияда, Гватемалада, Чилиде, Югославияда, Тәжікстан, Өзбекстан, Қытай, тағы басқа көптеген мемлекеттерде болып, қаншама адам өмірін жалмады. Бұл баяндамамның негізгі кіріспесі.

Жалпы, жер сілкінісі қалай, қайдан пайда болады? Сізге оның негізгі себептеріне тоқталып, түсіндіре кетейін.

Жер планетасының жоғары бөлігінде әртүрлі аймақтағы алып астероидтар, метеориттер, жұлдыздар мен өзге планеталардың бізге белгісіз себептерімен өз айналу траекториясынан ауытқулары, тіпті, кейде бізге білінбей өз осінен сәл ғана ауытқулары, күн бетіндегі дақтардың пайда болып көбейіп кетуі жер планетасында бізге білінбейтін, сезілмейтін шектен тыс электромагниттік толқындар туғызады.

Бір ғана әртүрлі толқындағы электромагниттік толқындар әсер етпейді. Жер астында біз білмейтін алып үңгірлер, табиғи жағдайларда пайда болған өте ұзын әртүрлі деңгейдегі ойықтар жетерлік. Одан өзге жасанды тәсілдермен салынған үңгірлер де көп.

Негізінен ғарыштан жеткен әртүрлі күштегі электромагниттік толқындар жердің әр бөліктеріне қас-қағым сәтте енеді. Электромагниттік толқындардың тартылуы жердегі жыныстардағы әртүрлі элементтер жиынтығына байланысты тартылады. Содан бұл жердің белгілі жерасты бөліктерінде тепе-теңдікті бұзады. Ол жер бетінен әртүрлі тереңдіктерде болады. Атап айтсам, 500 метр, 1 шақырым, тіптен 15-20-25 шақырым жер астында базальттік тербеліске енгізеді. Міне, жер сілкініс деген осы.

Жер астындағы осы тербеліс жер бетінде күшті әртүрлі жер сілкіністер туғызады...

Жер планетасы орбитасындағы ұшып жүрген, мерзімі бітіп істен шыққан әртүрлі ғарыштық зымырандар да магниттік толқындардың тепе-теңдігін бұзады. Аталған толқындар жердің белгілі, белгісіз бөліктеріне қарай қасқағым сәтте енеді. Бұдан өзге кейде жер сілкінісі жер астындағы қазба байлықтарды көп өндіргендіктен де болады.

– Шәй қайнап қалыпты. Жақсылап шәй ішіп алайық. Жалғасын содан кейін айтамын.

– Балам, мынауың керемет жаңалық қой... Таң қалып отырмын. Иә, апаң ет, тоқаш, сары май, құрт, биенің саумалын беріп жіберген еді.

– Сіздерге алғысым шексіз. Бәрінен бұрын биенің саумалына бұл дүниеде ештеңе жетпейді екен.

– Рас, саумал деген керемет, – деп Есіркеп күн қақты болып, әжім торлаған бетін сипап, оюлы торсықтан саумалды кесеге еппен құйып өзіне сүйсіне қарап отырған Орынбасарға қол жалғады.

Орынбасардың бір жағына қисая біткен мұрны, оң көзінің үстін жаба біткен терісі болмаса, реңі жақсы. Аққұба жүзі жайнап кеткен. Өзі бүгін тым ерекше көңілді.

– Орынбасар балам, осы бұлақтың суы өте шипалы, керемет. Білесің бе, осыдан он жыл бұрын мен осы жердегі көлшіктен үлкен балық ұстадым. Төрт-бес балықты көтеріп жүруді ауырсындым. Содан балықтардың ішектерін, тіптен басына дейін алып тастадым. Жабайы аң-құстар да жесінші деген оймен іске кірісе бергенде бас бармағымды әжептеуір кесіп алдым. Қан саулап тоқтамай кетті. Көлшіктегі суға жуғанды дұрыс көрмедім, бір ойым ағын су емес қой деп қоямын. Көлшікке құйылып жатқан бұлақтан су алып амалсыздан қолымдағы қанды жудым. Сол-ақ екен қолымдағы қан сап тиылды. Мына кереметке аң-таң қалдым. Бұлақтың суының шипалы екенін сонда білдім. Негізі бұл жер адам

аяғы баспаған құпиясы мол киелі жер... Сол кезден бастап жараланған қой-қозыларды осы сумен емдеймін. Бұлақтың суының құпиясын саған ғана айтып отырмын. Орынбасар, сокқыдан қалған сенің бетіндегі майда тыртықтарың бітіп кетіпті...

– Әке, оны мен де байқадым. Қолыммен бетімді сипасам, кішігірім майда тыртықтардың орны білінбейді. Бірақ мұрнымның кеңсірігінің қисайғаны, көзімінің үстін бітеп тұрған қабақ еті сол күйінде қалды.

– Шыда, балам. Сәл сабыр сақта.

– Жақсы, әке. Жақсы әңгімелер айттық. Саумалды да іштік. Енді шәй іше отырып әрі қарай менің ғылыми жаңалығымды тыңдаңыз. Біраз жылдан бері есімді жоғалтып, ақыры бәрі біртіндеп есіме түсіп, ғылыми жаңалығымды аяқтап шықтым-ау. Алғашқы болып сіздің естігеніңіз мен үшін үлкен қуаныш.

– Мен осынша жасқа келіп қазақ баласының жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалық ашқанына қатты таң қалып отырмын... Балам, бұл баға жетпес ғылыми жаңалығыңа бүкіл әлем таң қалатын болады. Қуанғаннан ақыл-есімнен адаса жаздап отырмын. Бар даусыммен бүкіл дүниеге жар салатын қуанышты күн ғой бұл... Шіркін-ай, мұндай да керемет болады екен-ау... Осындай бақытты сәтті басымнан кешіремін деп ойлапшы ба? Осы рас па, балам?

– Әке, сізге не болды?

– Балам, қуаныштан жүрегім жарыла жаздады.

– Әке, менің де қуанышымда шек жоқ-қ-қ....

– Әрі қарай айта бер. Баста-а-а-а... Мен үшін баламның жеткен жетістігі үлкен мәртебе.

Кеседегі шәйді бір-екі ұрттап алған Орынбасар сөзін байыппен жалғап кетті.

– Сонымен, жалпы жер планетасы үшін ғарыштан келетін, көзге көрініп сезіле бермейтін әртүрлі қуатты күштерге ие электромагнитті толқындар аса қауіпті. Нәтижесінде

жерде жер сілкіністен тысқары алып жанартаулардың (вулкан) оянып атқылауларына, кенеттен ыстық сулардың шашырауы, жер асты теңіз суларының жер планетасының кейбір бөліктерінде ішкі қабаттар арқылы орасан күшпен ағып, тіптен кейбір жерлерін тесіп өтуі бір жерлерде күшейсе, кейбір жерлерде мүлдем тоқтап қалуы да мүмкін. Сыртқы электромагниттік толқындар ауытқуы әсерінен жер астындағы тоқтап тұрған өткелдер керісінше өздігінен ашылады, ал кейбір жерасты бөліктерінде ішкі қабаттар арқылы орасан күшпен ағып, тіптен кейбір жерлерін тесіп өтуі бір жерлерде күшейсе, кейбір жерлерде мүлдем тоқтап қалуы да мүмкін. Сыртқы электромагниттік толқындар ауытқуы әсерінен жер астындағы тоқтап тұрған өткелдер керісінше өздігінен ашылады, ал кей жерасты бөліктерінде жаңадан пайда болады. Бұл құбылыс ұдайы жалғаса береді. Мұның адамзат үшін пайдасы да, зияны да жетерлік.

Мысал үшін айтайын, біздің Каспий теңізі мен Арал теңіздерін жер асты арқылы жалғастырып тұрған алып өткел болған... Осы өткен мен жоғарыда айтқан себептермен жабылған. Каспий теңізінен жер асты өткелі арқылы теңіз суы Аралға өтпей қалып, бүгінде Арал теңізінің суы тартылды. Қысқасы, ғарыштан жерге келіп енетін электромагниттік толқындар адам баласына көптеген сыры ашылмаған қауіп-қатерлер төндіреді. Соның бірі – жер сілкінісі. Аталған электромагниттік толқындар жай көзге көрінбейді, тіптен алып есептегіш, сезгіш аппараттар, қондырғылардың өздері де сезбей қалады. Себебі, толқындар өте қысқа. Қас-қағым сәтте микро, макро, тіпті одан да көп есепке алынбайтын өлшемдерде жер орбитасына, жәй сөзбен айтсам, лып етіп енеді де өз зиянын тигізеді.

Жер планетасында жер сілкіністер өте көп болатын аумақтардың төменгі бөліктерінде элементтер құрамдарына сәйкес электромагниттік толқындарды өзіне қарай тартуы да өте басым. Жердің осындай бөліктеріне енген

электромагниттік толқындар – жердің ішкі әртүрлі терең қыртыстарында қозғалыстар туғызады. Тепе-теңдік бұзылғандықтан жердің төменгі қабаттарында бірнеше бөліктерден тұратын блоктар бар. Олар бірнеше шақырымдарға жетеді. Блоктар бір-бірінен бөлініп жарылады. Осыдан деформация энергиясы алапат серіпшелі толқын күшінде беріледі. Міне, жер сілкінісі осы.

Күш жердің ішкі қабатында әртүрлі тереңдікте кездеседі. Бес шақырымнан 50 шақырымға дейін, тіпті одан да көп. Міне, сондықтан да жер сілкінісі алапаты оның осы тереңдігіне, күшіне, содан кейін өзара бір-бірімен соқтығысуына байланысты. Жер сілкінісінің жай, орташа, күшті немесе өте қатты болуы осыдан.

Жердің атмосфера кеңістігінде электромагниттік толқындардың жоғарыда айтқанымдай шектен тыс әсер ету дәлдік сәтін сол мезетте анықтайтын ерекше сезімтал аппарат ойлап таптым. Аппарат көмегімен атмосферадағы электромагниттік толқындардың шоғырланған нүктесін дәл есептеп отырғаннан кейін оның жер қыртысына қарай ену немесе түсу жолын анықтай отырып жердің қай аумағында, қандай күште, қанша тереңдікте, сілкініс эпицентрін анықтауға болады.

Аппараттың тағы бір ерекшелігі, жер сілкінісін алдын-ала қай жылы, қай айда, қайсы сағатта, тіптен, минут секундына дейін анықтауды іске асырдым. Бұл аппарат сонымен бірге жердегі және атмосферадағы әртүрлі электр және магниттік өрістер арқылы да жер сілкінісін дәл болжайтын өте сенімді қондырғы.

Мен ойлап тапқан өте сезімтал аппаратымның атын «Тойтарыс» деп атадым. Бұл сезімтал аппарат дүмпу, жер сілкінісі эпицентрін, яғни өзегінің қай жерде екенін, қандай тереңдікте, қанша күшпен соқтығысатынын (Рихтер шкаласы бойынша, балл), қысқасы, жер сілкіністің болатын мерзімін алдын-ала бір, екі, үш, төрт, тіптен он жыл бұрын (қай жылы,

қай айда, дәл күні, тіптен сағаты, минуты, секундына дейін) аса дәлдікпен анықтап, мәліметтер береді.

Сонымен, жер сілкіністің алдын-ала болатын уақыттары толық анықталды. Ендігі негізгі мәселе жер сілкіністі болдырмай тоқтату. Бұл өте жауапты әрі өте күрделі ғылыми мәселе. Жалпы, жер сілкіністі болдырмай, тоқтатуға бола ма?! Мен жер сілкіністі тоқтатуға болады деймін.

Жер сілкінісін тоқтатудың бірнеше рет мұқият есептеген, дәлелденген төрт тәсілін бітіріп, іске асыруға ұсынамын. Бұл өте жауапты, мен үшін өте қиын ғылыми жұмыс болды.

Орынбасар қасынан үлкен сызбалар, формулалар жазылған парақты жанына жайды. Қолына ағаштың жіңішке шыбығын алды. Ақ парақтағы жер планетасы оның орбитасында ұшып жүрген ғарыштық кемеден анау айтқандай тым көзге өзгешелігі жоқ ғарыштық денені көрсетті.

– Мына сызбаларға мұқият қараңыз. Мынау жер планетасы, мынау кемеге ұқсас ғарыштық аппарат...

Иә, сырт көзбен қарағанда кәдімгі ғарыштық кеме дейсіз. Жоқ, әсте де олай емес. Ол жер сілкіністі біржола тоқтататын сиқырлы «ок» десек те артық айтпағанымыз болар еді.

Енді былайша айтқандағы сиқырлы «оққа» қысқаша түсініктеме берейін. Бұл күн-түн демей ізденудің, ойланудың нәтижесінде дүниеге келген. Ғылыми жағынан ең соңғы жетістіктермен жасақталған өте сезімтал әрі сыртқы қабаты өте берік, өте дәлдікпен іске асырылатын ғылыми лабораториялы космостық өзгеше дене. Тендессіз батылдықпен жасалған.

Енді бір сәтке мына сызбадағы кескінге қараңызшы. Сырт көзге кәдімгі ғарыштық кеме дейсіз ғой. Жоқ, тіптен де олай емес. Бұл негізінен арнайы жасалған төрт-бес бөліктен тұрады. Біріншіден, жаңа айтқанымдай жалпы сырт пішімі, формасы ғарыштық кеме секілді, бірақ сыртқы қабаты өте қатты, мекем жаңа металдық қоспадан құйылуы қажет.

Бұл ғарыштан жер қыртысына енгенде жолында кездесетін әртүрлі кедергілерді, тіпті базальт бөліктерді оп-оңай тесу үшін жасалады. Бірінші ұшарбас бөлігі, үш жағында арнаулы бұрғылау аппараты орнатылады. Екінші бөлігінде осы бұрғыға күш беретін, бұрғыны іске қосатын энергия күші орналасады. Үшінші бөлігінде арнаулы электронды аппараттар жиынтығы бекітіледі. Оның қызметі де түсінікті ғой. Жалпы, осы ғарыштық дене биіктікке көтерілгенде жердегі арнаулы басқару, бұйрық беру бақылау электронды-компьютерлі станциясынан жоғарыда айтқан, әбден анықталған ғылыми дәйекті жер сілкіністі тоқтату туралы барлық жинақталған мәліметтерді жер сілкіністің жылы, болатын айы, күні, сағаты, минуты, секундына дейін арнайы іске асырылуға беріліп тұрады.

Төртінші бөлігі ғарыштық «оққа» жер бетіндегі сілкіністің күшіне (бұл кезде балдық көрсеткіштерге сәйкес жеті-сегіз, немесе тоғыз, тіптен одан да жоғары болса) орай ғарышта алдын-ала жылдамдықты үдету үшін энергия күшін арнайы беретін арнаулы жасалған электронды аппарат орналастырылады.

Бесінші бөлікте кәдімгі ғарыштық кеме секілді арнайы жасалғаннан кейін жерден жер орбитасына көтеріліп ұшып шығуды атқаратын тиісті арнайы қондырғылар орналасады.

Аспанға жер орбитасына ұшып шыққан ғарыштық «оқ» белгілі жылдамдықпен жер орбитасын айналып ұша береді. Сонымен «Тойтарыс» аппараты жер планетасының алдын-ала анықталған жер сілкінісі болатын аумағын дәл есептейді. Белгілі болатын жылы, болатын айы, күні, сағаты, минуты, секундына дейін дән анықтайды. Бұл жер сілкініс болатын сәт. Сонымен қоса, мұнда қосымша басқа да мәліметтер бар. Жер сілкіністің күші, балы, тереңдігі, оның жер бетіндегі қамту аумағы, ұзындығы метрден бірнеше шақырымға дейінгі ұзақтығын дәл беретін басқа да көптеген мәліметтер.


Егер де менің жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми идеям іске асатын болса, арнайы ұйымдастырылған мемлекетаралық (немесе халықаралық) жер сілкіністі тоқтату жөніндегі комиссия бәрін анықтап, тиісті дәрежеде барлық жағынан ұйымдастырып, көз жеткізіп, орындауға кіріседі.

Бірақ бұл ойым жуық арада орындала қоймай-ды-ау. Иә, жер сілкіністі біржола тоқтату былайша іске асырылады. Ең негізгі әрі жауапты мәселеге енді келдім. Жер сілкініс болатын анықталған жылын, айын, күнін, сағатын, минутын, секундын, эпицентр тереңдігін, күшін анықтап, ғарыштық «оққа» барлық мәліметтер беріледі.

Қысқасы, «Тойтарыс» сезімтал анықтағыш ақылды аппараты берген мәліметтерге орай жер сілкініс эпицентрі, тереңдігі, блоктардың қозғалу уақыты, тағы басқа мәліметтер бізге белгілі болды дейік.

Жер сілкіністі тоқтатудың бірінші тәсілінде алдын-ала жоғарыда аталған координаттар белгілі болысымен ғарышқа көтерілген арнаулы жер сілкіністі тоқтататын ғарыштық «оқтар» жер астында сілкініс басталар алдында қатаң есепке орай ғарыштан жер сілкініс эпицентріне келіп түседі. Нәтижеде ғарыштық «оқ» өз инерциясымен жер сілкініс ошағына жетіп, біріншіден өз күшімен сілкіністі тоқтатады. Егер жер сілкініс күші 7-8 балл болса, мұндай жағдайда ғарыштық оқтың санын 3-4-ке дейін көбейтеміз. Ал, мысалы жер планетасындағы жер сілкініс ошағы 5-10-20 шақырым тереңдікте болса, мұндай кезеңде жер сілкіністі тоқтататын арнаулы ғарыштық оқты алдын-ала жер астындағы өзекке түсіреміз. Мұндай кезеңде ғарыштан түскен оқ жолай кедергілерге соқтығысып, жер сілкініс басталар уақытқа кешігіп жетеді де жер сілкініс тоқтамай қалады. Екі түрлі тәсіл қолданамыз. Бұл аталған тәсіл өзін толық ақтайды.

Иә, сонымен әрмен қарай баяндай берейін. Егер жер сілкініс тау астында, тау бөктерлерінде болатын болса,



бірінші әдістен басқа ғылыми-техникалық әзірік жасалады. Ол үшін алынған жер сілкініс тау астында болса, мұндай жағдайда жер сілкіністі тоқтатудың бірінші тәсілінің пайдасы болмайды.

Жер сілкініс өзегі тереңдігіне, күшіне орай арнаулы менің жасаған сызбамдағы «Алмас-1» автоматты электронды алдын-ала басқарғыш бұрғы жер астына жіберіледі. Бұрғымен қоса арнаулы бағытта қопарып, жер сілкініс күшін тоқтататын аппарат та бірге түсіріледі. Қопарғыш арнаулы аппараты қажетті тереңдікке түсіріліп, жер сілкініс басталған сәтте жер сілкініс туғызатын өзектегі күшті блоктарды қопарып, сілкініс күшін біржола тоқтатады.

– Мынауың керемет екен, балам.

– Енді Есіркеп әке, сызбадан сол қопарғыш заты бар арнаулы аппаратымның құрылымы мен жұмыс істеу принципіне тоқталайын. Шәйдан ішіп отырыңыз.

– Шәй өте дәмді-ақ... Айттым ғой, бұл бұлақтың суы шипалы. Барлық ауруға ем. Зәмзәм суы десе де болады, балам. Айта бер, ойыңды бөлмейін. Айта бер, балам. Ұйып тындап отырмын.

– Сонымен, бұл аппаратым анау айтқан тым үлкен емес. Себебі, оның шағындау болғаны қолайлы. Арнайы бұрғыланған қуыспен төмен түсіріледі. Аппаратымның сырт пішіні сопақтау, төменгі жағында дөңгелек жалын шығатын қуыс «сопло» бар. Аппарат сырттан арнайы автоматты-электронды түрде басқарылады. Сілкініс басталған сәтте орталықтан берілген бұйрық бойынша аппарат ішіндегі арнаулы қопарғыш от алып, қозғалысқа енуге кіріскен жер сілкініс блоктарын тесіп, талқандап, жер қыртысы астында жер сілкініс күшін жан-жаққа таратпай, шегелеп дегендей тоқтатып тастайды. Бұл тәсіл де егер тау асты сілкініс күші бірнеше шақырымға созылса немесе көлемі үлкен болса алдын ала бұрғылау санын 4 немесе 6-ға дейін арттырып, аппарат санын көбейтеміз. Ал, енді жір сілкіністің үшінші



тәсілін айтайын. Негізінен жер сілкінісі теңіз бен мұхит түбінде де болады. Міне, бұл менің үшінші әдісім.

Орынбасар сызбасынан су түбінің, ондағы сүңгуір қайыққа ұқсас аппараттар кескіні сызбасын жайды да шәйдан бір ұрттап қойып сөзін байышпен бастап кетті:

– Есіркеп әке, егер жер сілкінісі теңіз, мұхит астында болса, сол жағалауға жақын мемлекеттерді топан су басып, сонымен бірге қатты жер сілкінісі болады. Мұнымен қоса жер жарылып, астынан су шығып, үйлер қирайды. Қаншама адамдар із-түзсіз жоғалады. Суға кетеді, жоқ болады. «Тойтарыс» ақылды аппаратым берген негізгі мәліметке орай, теңіз, мұхит астындағы жер сілкіністі тоқтату алдын-ала жасаған ғылыми тәсілмен іске асырылады.

Мұндағы өзгешелік жер сілкінісі жер бетінде де, тау астында да емес, теңіз немесе мұхит түбінде де бола береді. Сол үшін бұған өзгеше ғылыми әдіс қолдану қажет. Бұл жағдайда да, су асты жер сілкінісі эпицентрі алдын-ала белгілі болған соң арнайы жасақталған су астында, су үстінде жүретін кемелермен немесе арнайы жасақталған тікұшақ арқылы, су астында болғалы тұрған жер сілкінісі эпицентрін арнаулы бұрғымен тесіп, екінші әдістегі арнаулы аппаратты төмен түсіреміз.

Сілкінісі басталар сәтте теңіз түбінде сілкінісі күшіне қарсы аппараттан қопарғыш заряд арқылы қарсы әсер ету күшін туғызып, жер сілкінісі теңіз, мұхит астында да тоқтатамын. Мұнда да қопарғыш аппарат санын көбейтіп немесе азайтып отыруға болады.

Жалпы, жер сілкінісі тоқтатудың мен ұсынған жолдары іске толық асатын ұтымды тәсіл. Менің ұсынған ғылыми идеям дүниежүзілік деңгейде қолдауға ие болып іске асса, арманымның орындалғаны. Сонымен жер сілкінісі тоқтатудағы ғылыми идеямды сізге толық баяндап шықтым, – деді Орынбасар мұқият қатталып, сызбалары сызылған қолжазбасын жинақтап.

– Ой, айналайын, ақылыңнан. Өте керемет идея. Мен ойынды бөлмейін деп мұқият тыңдадым. Шынтуайтқа келгенде бұл ғылыми жаңалығың анау-мынау ғалымдардың ақылы, білімі жетпейтін теңдесі жоқ жаңалық... Орынбасар балам, сен менің ғана емес, бүкіл қазақтың данышпан перзентісің. Сені бүкіл қазақ мақтан тұтуы тиіс.

– Әке, тым асыра мақтап жібердіңіз ғой. Ғылыми еңбектерімнің бәрі қағаз жүзінде ғана. Кейде мен осының бәрі қолдауға ие болмай қала ма деп қатты уайымдаймын. Мен мына кейпіммен қайда барамын, не істеймін? Ешқандай құжатым жоқ. Тау арасында жасырынып жүрген белгісіз қашқын секілдімін. Не тиянақты жұмысы жоқ, үңгірді паналап жүрген маған кім сенеді? Былайша айтқанда, мен сіздерден басқа кімге керекпін?

– Жо-жөк, балам. Олай деме. Өйтіп таусылма-а-а-а. Бір амалын қарастырамыз. Сенің жеке басыңды куәландыратын құжаттарды қалайда жасатамын. Мен ертеңнен бастап тағы да жолға шығамын. Ауданға, тіпті, облысқа барып тиісті орындардан көмек сұраймын. Барлық болған жағдайды түгел айтамын. Балам, саған жеке төлқұжат әпермей үйге қайтпаймын. Саған уәде беремін..

Расында да төлқұжат әперу соншалықты қиын болып кеткені ме? Адамзат игілігі үшін керемет ғылыми жаңалық ашқан осындай дарын иесі тау ішінде бұқпантайлап, өз елінде, өз жерінде керексіз болып, қашқынға айналғаны әділдікке жата ма? Бұл деген барып тұрған әділетсіздік қой. Өткенде ауылына барғанымда мұғалімі де, сыныптасы да танымады ғой. Бет-әлпетінің адам танымастай бұзылып кеткені кедергі болып тұр, қайтейін.

Осылай ойлауы мұң екен Есіркептің көкірегі қарс айрылып, ұнжырғасы түсіп кетті. Істі неден бастаймын? Қайдағы бір ұры-қарылардың қолына түсіп, сокқыға жығылып, ауыр жағдайда бізге кезікті. Тағдыры ауыр болды байғұс баланың. Қайта көрер жарығы бар екен. Баламның

қиналғаны жанымға қатты батады. Қазіргі бар үміті менде. Қой соңында жүргеніммен менің де білімім кем емес. Бір ащының бір тәттісі болады деген, енді не болса да нар тәуекел деп батыл шешім қабылдайын. Алла тағала балама үйіп-төгіп дарынды бере салғанымен, қиыншылықты да аямай берген екен. О, тағдыр тәлкегіне ұшыраған сорлы балам-ай...

Енді бәрін ақыл таразысына салып, сабырмен шешкен ләзім. Қалай дегенде де Орынбасар тегін бала емес. Себебі оның жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми жаңалығының өзі соған дәлел. Осындай әлемдік маңызы бар жаңалықты ашқан менің балам ғой. Шүкір, шүкір. Әлі-ақ оны қолдайтындар табылады деп үміттенемін.

Ескермес елшілдеп кетті. Енді уақыт өткізбей тезірек қимылдауым керек. Қалайда Орынбасар баламның мына керемет ғылыми жаңалығын бүкіл елге танытуым керек. Ойына неше түрлі қиялдар келді... Осылай өз ойына өзі шырмалып қалды. Әлі де күдіктен арыла алмаған Есіркеп тәуекелге бел буып еңсесін тіктеді.

Қатыш кемпірі де шалы Есіркептің ішқұса болып, уайымнан сарытап болған әжімді жүзіне қарап оны қатты аяп кетті. Уайым түбі тұңғыш дегендей, осындай кезде оған демеу болып, қара аспанды су алдырмай жайдары қарсы алды. Оған жанашырлық танытып, жөн сұрады:

— Көңілің күпті болып қатты уайымдап жүргенінді көріп жүрмін. Дұрыстап ұйықтап, уактылы тамақ ішуден де қалдың. Бұлай жүнжи беретін болсаң ауырып қаларсың... Біздің қамқоршымыз да, жанашырымыз да өзің емессің бе... Бұлай жүнжи берсең анау тау шатқалындағы үнгірде жападан-жалғыз ішқұса болып жүрген Орынбасар баламыздың күні не болмақ? Соны ойладың ба? Көтер еңсенді... Ана балаға жеке төлқұжат әперуге әрекетінді істе. Жабайы аң құсап қашанғы үнгірде жападан-жалғыз қамалып отыра бермек?

— Рахмет, кемпірім-м-м. Мені осылай сілкіп алғаның дұрыс болды. Уайымымды бір сейілтіп тастадың...

– Қойларға өзіміз қараймыз. Құдайға шүкір, Тасқын көмекші шопанға толық сенуге болады. Өзі жұмысына адал, ішімдік ішпейді, темекіге де әуестігі жоқ. Сен ешнәрсеге алаңдамай жолға шық. Орынбасар балам қолы қалт етсе келіп қолғабыс берер. Өзі малға әуес.

Осы кезде қастарына Орынбасар келіп екеуіне мұңая қарап:

– Әке, апа, сіздерге алғыстан басқа айтарым жоқ. Сіздерге кездеспегенде қазіргі күнім не болар еді? Осында келгелі өмірдің қадірін түсіндім... Мені өмірге екінші рет әкелдіңіздер. Менің бағым жанды... Бағымды жаққан әке, апа, сіздерсіздер-р-р... Өмірлік арманым орындалды. Жер сілкіністі тоқтату жөніндегі ғылыми жаналығым дүниеге келді. Жүрегімді өртеген уайым сейілді... Ақыл-ойым толысып келеді. Әке, ешқандай уайымдамаңыз. Жолға шыға беріңіз.

– Балам дұрыс айтады. Отағасы, жол қамын жасап қойдым. Жолға керекті қаржыны да буып-түйіп қойдым. Жолға арналған таза киімдеріңді ки. Жүргенге жөргем ілігеді деген, жолың болсын.

– Жарайды, іске сәт, – деп Есіркеп сақал-мұртын алып, жаңа киімдерді киіп өзгеріп шыға келді.

Бойын тіктеп ұстаған Есіркепті көргендер оны қойшы емес, қызметкер деп қалатыны сөзсіз. «Ағаш көркі жапырақ, адам көркі киім» деген рас екен-ау. Қатыш пен Орынбасар Есіркепті әудем жерге дейін шығарып салды.

– Ал, әрі қарай өзім кетемін. Әуре болмай қайтыңдар, – деп Есіркеп ауданға баратын жүк көлігіне мінді.

– Сапарың сәтті болсын! Аман-есен барып қайт, – деді Қатыш қолын бұлғап.

– Жолыңыз болсын, әке! Қуанышты хабармен келіңіз, – деп Орынбасар да қол бұлғап қала берді.

Есіркеп те бәрі жақсы болады дегендей күлімсіреп қолын бір көтеріп жүріп кетті.

Қатыш пен Орынбасар көлік ұзап кеткенше арттарынан қарап тұрды...

– Орынбасар-р-р, сүйіктім, мен сені шарқ ұрып іздеудемін-н-н...

Орынбасардың жұдырықтай жүрегі дүрсілдеп кетті. Ғашық жүрегі, ынтық махаббатқа толы жүрегі сүйіктісі Айсуреттің сиқырлы даусынан кейін асау тайдай тулай жөнелді...

– Айсурет, сүйіктім, мен де сені дамыл таппай іздеп жүрмін. Қайдасың, қайдасың, сүйіктім-м-м...

– Жан дегенде жалғыз махаббатым Орынбасар-р-р... Жалғыз махаббатым-м-м...

– Сенсіз мына өмір мен үшін мағынасыз-з-з... Айсурет-т-т...

– Ақыры кездестік-ау, кездестік-к-к... Мен енді сені ешқайда жібермеймін, сүйіктім Орынбасар-р-р...

– Мен де сені ешқайда жібермеймін-н-н, – деп Айсурет аққудың қанатындай қолын Орынбасарға соза бергенде оянып кетті. Қара терге малшынған Орынбасар орнынан атып тұрды. Сөйтсе бұл түсі екен. Соңғы кездері Орынбасар осы түсті жиі көретін болды. Сонау мектеп қабырғасынан бір-біріне өлердей ғашық болған Айсуреті...

Осы түсті көрген сайын ғашық жүрегі кеудесіне сыймай, аузынан шығып кете жаздайды... Көпке дейін жүрегі өрекіп, біртүрлі көз алды тұманданып, өзіне-өзі келе алмай меңзең болып жүреді. Орынбасар үшін мұндай түстер азапқа айналып, жыламсырап іштен тынады. Уайымға толы азапты күндер жанын жегідей жейді.

Енді мына өмірде Айсуретті қайтып кездестірем бе? Сүйікті Айсурет қайда жүр екен? Қайда-а-а... Менің жүрісім болса мынау... Адам танымастай өзгерген мына түрімді Айсурет көрсе бетін басып тұра қашатын шығар.



Менің тағдырым осындай екен... Тағдыр тауқыметі менің пешенеме тағы не жазды екен? Қолымнан келер не бар? Тағдырымды өзгерту қолымнан келе ме? Бірақ, жақсылыққа, асыл махаббатыма жетуге ұмтылуым менің адами парызым. Құдайға шүкір, ғылымда жолым болып, ғылыми жаңалығымды толық есіме түсіріп, аяқтап шықтым. Енді ғылыми жаңалығымды дәлелдеуім керек...

Болары болып, бояуы сінді... Махаббатыма қолым жетпеді. Мен осы қазір кіммін? Өзіме де, өзгеге де ұқсамайтын бөтен адаммын-н-н... Бөтен адаммын... Сүйікті Айсуреті түсіне кірсе болды, ұйқысы шайдай ашылып, көз ілмейді. Жан дүниесі әлем-жәлем болып, басы ауған жаққа безіп кеткісі келеді. Үңгірден сыртқа шықса таң енді ағарып келеді екен. Байғыздың жағымсыз сұңқылынан тұла бойы түршікті. Ұйқысы қашып кетті. Бұл жерде бүгінге дейін байғыз деген үн шығармайтын. Пәлекет, жаманшылық шақыратын байғыз қайдан пайда болды екен? Бір жақтан ауып келді ме? Орынбасар қолына жерден тас алып, байғыз отырған жаққа қарай атты. Жақын жерде отырған байғыз пыр етіп ұшып кетті.

– Зарлаған дауысы неткен ащы еді... Сай-сүйегінді сырқыратып... Кенет Орынбасардың да көңілі босап, байғыз құс секілді нала болып бар даусымен айналаны басына көтерді:

- Уа, Жаратқан ием-ай, не жаздым-м-м?
- Уа, құдіреті күшті Алла...
- Өксікпен өткен күндерім-ай-й-й...
- Мен енді кімге керекпін-н-н...
- Аң-құсқа таланған сорлы бейбақпын-н-н
- Тағдырым неге бұлай болды-ы-ы, – деп арагідік түсінде ғана айтатын зарын қалайша қайталап айтқанын өзі де байқамай қалды.

Жападан жалғыз айдалада байғыз құсқа ұқсап неге, кімге, не үшін зарлағанын байқамай, мең-зең болып тұрды...



Ішінде булығып жатқан ащы зарын сыртқа бар даусымен шығарғаннан кейін бойы жеңілдеп қалғандай болды. Аспан астында өзінен басқа тірі пенде жоқтай сезінді...

Айнала төңірек мүлгіген тыныштық. Жанының жабырқағаны басылсын деп бұлақ басын бетке алды. Осы бұлақтың басына келсе аққан су қайғысын өзімен бірге ағызып әкететіндей жеңілдеп қалады. Үнемі осылай ету әдетіне айналды. Бұлаққа жеткен бойда қасындағы ыдыспен су алып, беті-қолын шайып, суды рахаттана жұтты. Қасындағы өзі жасаған орындыққа жайғасып, терең демалды.

Орынбасар көзін төмен салып, бұлақ суына сүйсіне қарады. Сабырлы қалпына түсті. Бұлақ суы бұлк-бұлк етіп жер астынан шығып, кішкене арықшамен ағып жатыр. Осындай жанға жайлы керемет жерге әкелгені үшін әкем Есіркепке рахмет. Бүгінде жаным жай тауып өзіме-өзім келдім-ау. Бірақ көңілім біртүрлі құлазиды да тұрады. Енді не істеймін? Есіркеп әкеме рахмет. Елпілдеп қолынан келгенін аямай-ақ келеді. Қазір мен кімін? Кімге керекпін? Білмеймін... Мазасыз ойлар жанына тыныштық бермеді.

Әп-сәтте қайтадан ұнжырғасы түсіп кетті. Отырысым болса мынау, үңгірде тығылып. Ашқан жаңалығымнан не пайда? Ол жаңалық кімге керек? Кімге-е-е... Мен тірі пендеге керек емеспін деп көкірегі қарс айрылды. Өз даусынан өзі селк ете қалды. Осы маған не болды деді іштей. Ақыл-есімнен адасайын деп жүрген сияқтымын.

Кенет бұлақ басындағы кішігірім көлшік жанына әппак арлан қасқыр пайда бола кетті. Орынбасардың денесі дір ете қалды... Мұндай ақ қасқырды бұрын-соңды көрмеген Орынбасар өз көзіне өзі сенбей қимылсыз қатып қалды. О заман да бұ заман мұндай да ерекше ақ қасқыр болады екен-ау... Орынбасар орнынан тұрғалы көтеріле беріп еді бүкіл денесі зіл тартып қозғала алмады. Аяқ-қолдары да өзіне бағынар емес...



Енді бір сәтте ақ қасқыр ақ сақалды салиқалы қарияға айналды. Өз көзіне өзі сенбеген Орынбасардың үрейі ұшып, бүкіл денесі қалтырап кетті. Бұл не, өңім бе, әлде түсім бе? Қасқыр қалайша қарияға айналып кетті? Мен ақыл-есімнен адасып, жынданғаннан саумын ба өзі... Енді жетпегені осы еді... Қара басты деген осы. Айдаладағы үңгірде түнеп бірнәрсе айналдырды ма? Сорлы басым-ай. Сорлаған деген осы екен ғой...

Кенет ақ сақалды, үстінде жалтылдаған ақ түсті жинақы киімі бар бейтаныс оң қолын жоғары көтеріп, таза қазақ тілінде қоңыр дауыспен сөйлей жөнелді:

– Қадірлі жер планетасы өкілі! Мені аса байыппен тыңда... Мен жат ғаламшардан арнайы жер планетасына бейбіт мақсаттармен жіберілген Хри Ху атты өркениет өкілімін... Мен галактикадан өте супер өркениетті №001 планетасынан арнайы жіберілдім...

Жер тәрізді ғаламшарды тамашалау, бірақ тиіспеу ұстанымымен келдік. Сіздер бізді көре алмайсыздар, өйткені біз сіздерден сансыз есе дамыған өркениет өкілдеріміз. Көрінбей бақылап, зерттеумен айналысып келеміз. Соның ішінде сіздің өмір жолыңызды, ерекше ғалым екеніңізді де терең бақылап зерттедік. Сіз менің сөзіме сенімсіздік танытып отырсыз. Мен оны айтпай-ақ сезіп отырмын. Сіздің атыңыз Орынбасар! Әкеңіздің аты Байжан, анаңыздың аты Аққу. Екеуі де мұғалім еді. Рас па?

– Дәл солай-й-й. Бәрі рас-с-с, – деді аң-таң болған Орынбасар тілі күрмеліп.

– Орынбасар, сіз өзгеше дарын иесісіз... Бұл дарын сізге бала кезіңізде дарыған. Бірақ, жерліктер дарыныңызды бағаламай, қадірлемей, қолдамай келеді... Біз сізді мектепті бітірер жылы бөлтіріктерді құтқарған кезіңізден бері өз қамқорлығымызға алып келеміз. Қасқыр апанына бөлтіріктерді құтқаруға түскенде қатты жер сілкінді. Сіз естүсіңізден айрылып, қасқыр апаны ішінде қалдыңыз... Біз



сізді қасқыр апаны ішінде жатыр деп апан үстіне шығып ұлып белгі беріп, сізді құтқаруға көмек бердік...

Қысқасы, Алматыдағы ғылыми-зерттеу институты ауруханасында орныңыздан тұра алмай ұзақ жатқаныңызда аяғыңызға отырып емдеп тұрғызып жібердік... Бірден орныңыздан тұрып жүріп кеттіңіз ғой. Рас па?

– Рас, рас-с-с. Рахмет, рахмет-т-т, сіздерге, – деді Орынбасар екі қолын жоғары көтеріп. – Ризамын, ризамын.

– Бізді жерліктер жау санайды. Жау санап ақылға симайтын жалған, ешқандай шындыққа жанаспайтын хабарлар, материалдар, деректі, көркем фильмдер түсіруде... Бұл дұрыс емес. Бізді жерді қорғау үшін жіберді... Бүкіл ғаламшарлықтар теориясы бойынша біз жер бетіндегі түрлі келеңсіздіктерді, апаттарды, жердің жойылуын, ақырзаманға ұшырауларды жойып, тоқтатып, көмек беріп қорғау үшін жіберілдік...

– Сонымен, енді бұдан былай атыңызды атайын, рұқсат па? Рұқсат етіңіз...

– К-к-кешіресі-з-з... Әрине, әрине-е-е, рұқсат-т-т, – деді толқып кеткен Орынбасар.

– Орынбасар мырза! Бізді жер планетасын қорғау үшін жіберді. Сол себептен біз сізге, сіздің басыңыздағы қасақана, нақақтан-нақақ, әдейі жасалған келеңсіздіктерді тоқтатып, көмек беруге кірісеміз...

Орынбасар, жерліктер сіздің қадіріңізді білмек түгілі, тіптен, білгілері де келмейді екен... Сіз жер сілкіністі тоқтату туралы баға жетпес ғылыми жаңалық аштыңыз. Аталған ғылыми жаңалықты дәлелдеу, іске асыру үшін сізді алдыңызда өте көп кедергілер тұр. Біз сіздің ғылыми жаңалығыңызды іске асырып, жер планетасына танытып, жеке куәлігіңізді әперіп, қысқасы, бәрін-бәрін іске асыруға көмектесеміз. Бәрінен бұрын сүйіктіңіз Айсуретке қосып, үлкен той жасап береміз. Сіздің бет-әлпетіңізді бұрынғы қалпына келтіріп береміз...

Жет сілкіністі тоқтату жөніндегі ғылыми жаңалығыңыз бізге де ұнады. Негізі ғылыми дәйекті, іске асыруға әбден болатын, толық дәлелді ғылыми идея ашқансыз, Орынбасар мырза! Осы ғылыми идеяңыздың арқасында жерді құрдымға жібермей, толық құтқарып қалуға болады.

Орынбасар мырза, сіз маған өз өміріңіз, жер сілкіністі тоқтату туралы ғылыми идеяңызды бастан-аяқ айтып бермей-ақ қойыңыз... Себебі, біз сіздің өміріңізді, басыңыздан кешкен барлық қиыншылықтарыңызды, жер сілкіністі тоқтату жөніндегі жаңалығыңыздан толық хабардармыз. Біз бұл ғаламда ештеңені қажет етпейтін, төрт құбыламыз тең, өте жоғары деңгейге жеткен аса өркениетті №001 планетасының өкіліміз.

Біз жер планетасын айқыш-ұйқыш терең зерттегенде сіздің осыншама маңызды ғылыми жаңалық ашып, айдалада шырылдап, көз жасыңыз көл болып жылағаныңызды көріп қатты жанымыз ашыды. Біз енді сізді бақытты етіп Айсурет сүйіктіңізге қосып той жасап, жер сілкіністі тоқтату жөніндегі ғылыми идеяңызды іске асырамыз. Ешқандай күмән келтіріп, уайымдамаңыз! Сіз жер планетасында қазақ деген ежелгі қасиетті ұлт өкілісіз... Әлі-ақ сізді бүкіл жер планетасы мойындап, атағыңыз жер жаратын болады.

Орынбасардың қуанышында шек болмады. Оның айтқанына көніп, ерекше күштің әсеріне бағынып, бәріне көндіге түсті. Орынбасардың сенбесіне, көнбесіне амалы қалмады. Оның еркін сөйлеп, ойын толық айтуына кедергі болмады.

– Сонымен Орынбасар мырза, біз сіздің жер сілкіністі тоқтату жөніндегі ғылыми идеяңызды алдын-ала болатын жылын, айын, күнін, сағатын, минутын, секундын дәл анықтап аламын дегенің өте дұрыс. Сіз айтқандай «Тойтарыс» арнаулы аппаратын жасаймыз. Сілкініс уақытын анықтап алғаннан соң жер астына алдын-ала сіздің сызбаңыздағыдай арнаулы ғарыштық «оқ» жасап, жер

астындағы координаттары белгілі бөлікке түсіреміз... Содан жер сілкініс басталған сәтте арнайы қопарылыс жасаймыз. Сөйтіп, жер сілкіністі болдырмай, тоқтатып тастаймыз. Жер бетіндегі қалалар қирап, адам шығыны болмайды, – деді Хри Ху асқақтап сөйлеп.

– Хри-Ху мырза! Сізге және сіздердің жер планетасында жер сілкіністі тоқтатуға көмек бергендеріңіз үшін алғысымызда шек жоқ. Рахмет! Бұл адам сенгісіз, адамзат ұрпағы таң қалатын тарихи оқиға. Көп рахмет-т-г...

– Орынбасар мырза, сіз бізді дұрыс түсінбей отырсыз... Жер сілкіністі тоқтататын біз емес, мына жер планетасының өкілі сіз, қазақ халқының дарынды ғалымы Орынбасар Байжан. Сіздің ғылыми идеяңызды рұқсатыңызбен техникалық жағынан көмек беріп іске асырамыз. Мұны тек сіз ғана білесіз, өзге жерліктер мүлде білмейтін болады. Біздер жат ғаламшарлықтар сіздерге жау емеспіз...

Жер планетасының адал ойлы дарынды перзенті сізге жаңа айттым. Жер планетасының арам пиғылды кейбір адамдары бізді жау санайды, жер планетасын басып алады деген теріс пікірлер айтады... Біз мұндай пікірлерге мүлдем қарсымыз. Біздің бөтен пиғылымыз жоқ. Жерді құрдымға жіберуге емес, керісінше дамытуға көмек беру біздің парызымыз. Біз сіздерге ешқашан да тиіспейміз... Біз сіздерге жау емеспіз...

Жалпы айтқанда, біз өте ақылды, ерекше дамып кеткен өркениет елдерміз... Орынбасар, біз өзара ақылдаса келіп, нәтижесінде сіздің жер планетасын жер сілкіністен құтқару туралы керемет ғылыми идеяңызды іс жүзінде орындауға көмек беруге кірістік... Бұл, яғни Орынбасар, сіздің ғылыми идеяңыз өзгеріссіз іске асырылуда. Бұдан былай жер планетасы адамдары жер сілкіністен зардап шекпейді. Жер сілкінісі болмайды...

– Әзірше біздің жер планетасына келгенімізді тірі жан білмеуі тиіс... Оның әлі уақыты келген жоқ... Жақын арада

ашық жариялы түрде сіздермен бейбіт жолмен байланысқа шығамыз. Иә, иә, бұған еш күмәнданбаңыз.

Жат ғаламшарлық ғарышкер Хри Ху көгілдір көзінен тараған шұғылалы сәуле, оның сөздері өзгеше сенімге тарта түсті. Әрбір сөзі Орынбасардың құлағына жағып, сенімін молайтып, көңілін сергітті.

– Орынбасар, біз бір сөздіміз, айтқанымызды толық орындаймыз. Біз жерді қорғау үшін, жер сілкіністі тоқтату үшін сізді іздеп, тауып көмек беруге келдік.

Біздің ғарышкер ғалымдар сіздің ғылыми идеяңыз бойынша барлық техникалық электроникалық әзірліктерге кірісіп кетті. Иә, біздің негізгі мақсатымыз сізді жерліктер тілімен айтқанда бақытты ету, сіздің қолыңыз жете алмайтын өмірлік мақсатыңызды іске асыру, құрметке бөлеу...

Жерліктер, сіздің тағдырыңызға қатысты біздің айтқанымызға бір ауыз сөзбен қарсы шықпай, құлдық ұрып қолдайды. Былай қарағанда жерліктер мұны сикыр, тіптен гипноз деп те айтасыздар. Ал, бірақ бұл олай емес... Біз өте жоғары сатыға өзгеше тұрғыда көтерілген тіршілік иелеріміз... Біз психология, сырттан әсер ету, әңгімелеу арқылы да өз дегенімізді іске асыру қабілетін әлдеқашан меңгергенбіз...

Осы мақсатта сіздер үшін арнайы құпия тәсілдер қолдануды игердік. Зерделей айтсам, адамдарды өзімізге қажетті бұйрықтарға көндіру біз үшін түк те емес... Мысалы, жасырын бұйрықтар беру, өз дегенімізге көндіру секілді... Бірақ мұның бәрін тек игілікті, бөгде әлемді басып алу үшін емес, өте қиын шешілмей тұрған мәселелерге көмек беру үшін қолданамыз... Бұл аса қатаң шешіммен іске асырылады... Иә, біз әлемді мекендеген тіршілік иелеріне тәнтіміз. Оларға үлкен құрметпен қараймыз. Асыл парызымыз осындай...

Орынбасарда әзірге үн жоқ. Не дейді?.. Оның айтып тұрғанына, бір түсініксіз күштің аркасында бәріне келісіп басын шұлғып, құлдық ұрып тұр. Іштей қуанышты әрі өте

риза. Өйтпегенде ше?! Барлық армандаған ойлары бірте-бірте іске асқалы тұр. Құдай-ау, мұныға да шүкіршілік. Кездескеніміз керемет жақсы болды емес пе?.. Қуанғаннан жүрегі тарсылдап, тіпті, жарыла жаздап тұр.

Оның армандары, алға қойған мақсаттары, бәрі-бәрі ешқандай орындалмайтындай болып көрініп еді. Енді, міне, бәрі ертегідегідей болып үйлесім тауып келеді. Нартәуекел! Іштей бәріне келісіп, бәрін елеп-екшеп, әбден ойланып-толғанып, бір тоқтамға келген Орынбасар басын әдеппен иіп, тағзым етіп, келісім берді.

Адам кейшіндегі жат ғаламшарлық ғарышкер Хри Ху мұның адал ойын, келісімін алдын-ала айтпай-ақ білген болатын... Осының бәріне риза болған ол да кәдімгідей жерліктер секілді басын әдеппен иіп, тағзым етті. Бұл өте жарасымды шетсіз-шексіз галактиканы мекендеген адал ойлы парасат иелерінің бір-біріне деген алғашқы шексіз ілтипаты еді.

Орынбасардың жалғызсырап, қайғыға батқан жүрегі жай тауып, жабырқаған жаны байыз тапты. Мейірім-шапағатқа мол жат ғаламшарлықтарға шексіз риза. Кенеттен көзінен жас парлап, мөлт-мөлт етіп тоқтаусыз ақты. Көздерінің алды жасқа толып, айнала төңірек бұлдырап кетті... Бақыттан басы айналып, ерекше ілтипат білдіріп, көз жасына ерік бергеніне риза болған жат ғаламшарлық Хри Ху да дәл Орынбасар секілді толқып кетті. Оны үрейлендірмей, сенімсіздік туғызбайын деген адал ойлы ол өзінің жалпы түрін, бүкіл денесін, жердегі асыл ойлы Орынбасардың қазақ ұлтына ұқсас кейіпке енген. Сол себептен де оны Орынбасар әу бастан-ақ бірден жатсынбай, өзіңе дос, жанашыр, ақылшы, камқоршы ретінде де қуана қабылдады.

Жаны да, жүрегі де таза Орынбасар бар жан-тәнімен оған құдайындай сенді. Сенбеске амалы да жоқ еді. Жан азабы басылды. Еңсесін езген ауыр ой да сейілді. Айнала төңірек, тіптен, бүкіл әлем құлпыра түскендей. Әлемде

менің қайғымды түсініп, көмек қолын созатын адал ойлы жаратылыс иелерінің бар екеніне шүкір. Шү-кі-р-р-р... О, дариға-ай...

Орынбасар бүкіл әлем алдында екі қолын жоғары көтеріп, өзін қасіреттен құтқарған жат ғаламшарлықтарға шексіз алғысын жаудырды. Әлемді шыр айналып жүрген оларға бүкіл адамзат атынан ризашылығын жеткізді. Сіздерге ризамын-н-н-н... Өмір бойы ризамын!

Жат ғаламшарлық Хри Ху кәдімгідей жарасымды күймен жымың-жымың етті. Сөйтті де таза қазақ тілінде сөйлеп кетті:

– Бәрін, бәрін де біз әлдеқешен зерттеп, бағалап қойғанбыз... Сіздің қайғы-қасіретіңіз, уайым-қайғыңыз біржолата сейілді. Орынбасар Байжан, біз сізбен қоштаспаймыз... Қажет кезде келіп сөйлесіп тұрамыз. Қысқасы, жер сілкіністі тоқтатуға жасалған барлық ғылыми-техникалық әзірлік толық бітті. Мұны жер планетасының бірде-бір мемлекеті, ғылыми орталықтары сезбейді... Әзірше жер планетасындағы сізбен сөйлесу, түсіндіру, сендіру міндетімнің уақыты бітті.

Жер планетасы орбитасындағы ғарыштық ғылыми орталыққа көтерілейін. Рұқсат болса, тағы бір қысқаша мәлімет берейін. Сіздің жер сілкіністі тоқтату жөніндегі ғылыми жаңалығыңызға орай, жер планетасындағы таяу кездерде болатын жерлерге, эпицентрлеріне, яғни тереңдігі әртүрлі жер астына (тереңдігі 10-50 шақырым) арнаулы электронды аппараттар да түсірілді. Қажетіне қарай ғарыштан да арнаулы электронды қондырғылар жер сілкіністі басталар сәтте түсіріледі... Қысқасы, бәрі сіздің идеяңыз бойынша атқарылады.

– Әлемді шыр айналсам да сіздер сияқты данышпан, адал ойлы ғұламаларды таба алмаспын... Е-е, жасаған ай-й-й... Көкірегімдегі қайғы-мұңым тарқады ғой. Жер сілкінісі

тоқтаса, бұл дүниеде арманым жоқ, – деп елжіреп, көңілі босаған Орынбасар елпілдеп кетті.

Жан дүниесі шаттыққа бөленген Орынбасар қолын бұлғап, күлімдеп аспанға көтеріліп бара жатқан жат ғаламшарлық Хри Хуға бұл да қол бұлғап қала берді...

Кенет аспан төрінен алып ақ қасқырдың сұлбасы пайда болып, қалықтап сәл тұрды да сол сәтте көзден ғайып болды...

... Бәрі, бәрі жақсы аяқталды. Орынбасардың бет-әлпеті бастапқы мектеп бітірген кездегідей қалпына келді. Сүйіктісі Айсурет екеуі кездесіп, сөз байласып, ауылда дүркіретіп тұрып той жасады. Тойға әкесі Есіркеп, апасы Қатыш, бүкіл ауыл тұрғындары, сыныптастары түгел қатысты. Жұмбақ, белгісіз күштің арқасында бәрі өз орнына келді..

...Жер планетасында жұмбақ жағдайларда жер сілкіністері өздігінен тоқтап жатты. Ғалымдар, мемлекет басшылары, жер шарын мекендеген барша адамзат баласы аң-таң қалысты... Мұндай бұрын-соңды болмаған жұмбақ, тылсымды тірі пенде әзірше түсіндіре алмады... Бәрі аң-таң...

Мұның сырын білетін қазақтың талантты жас ғалымы, біртуар баласы Орынбасар Байжан ғана қатты қуанды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, сабыр түбі сары алтын деп күтуде. Олар, жат ғаламшарлықтар жақын күндерде жариялы түрде байланысқа шығамыз деген.... Маған берген уәделерін толық іске асырды... Күтейік-к-к... Күтейік-к-к...

МАЗМҰНЫ

I-TAPAU	3
I-TAPAU	4
II-TAPAU	20
III-TAPAU	33
IV-TAPAU	40
V-TAPAU	50
VI-TAPAU	75
VII-TAPAU	112
VIII-TAPAU	156
IX-TAPAU	211
X-TAPAU	229

Осы кітаптын жарыққа шығуына демеушілік жасаған
Пердебай СӘБИТОВ пен Ноян ТӨЛЕГЕНОВКЕ алғыс білдіремін.

Редактор – Шойбек Орынбай
Дизайнер – Жамбыл Ділдәбеков
Корректор – Нағима Сүлейімбекова

Сарманбай Исақов 1952 жылы 5 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Қайтпас-2 ауылында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар одағы және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Көп жылғы мемлекеттік қызметімен қоғамдық жұмыстары, еліміздің руханиятының, мәдениетінің дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі лайықты бағаланды.

Шымкент қаласы, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, ОҚО, Түркістан облысы әкімдерінің, ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, ОҚО мәслихатының грамотасымен, ҚР Тәуелсіздігіне 20, 25, 30 жыл, облысқа сіңірген еңбегі үшін медальдарымен марапатталған.

Сондай-ақ, Қарауылбек Қазиев атындағы әдеби жұлденің «Ұлт элитасы» атағының, «Жыл лауреаты» сыйлығының, 2008 жылдың «Ең үздік жазушысы» атағының иегері.

Халықаралық Ресей Психологиялық ғылым академиясының құрметті академигі (2013 ж.).

Қазақстан педагогикалық академиясының профессоры (2017 ж.).

«Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Михаил Шолохов» медалінің иегері. Республикаға таңымал талапты фантаст-жазушы. Бірнеше фантастикалық әңгімелер, повестер мен ғылыми-фантастикалық романдар авторы.

«Жерұйыққа саяхат», «Қызыл сәуле» атты фантастикалық жинақтарда шыққан арналары жарияланды. Жеке «Құмар», «Үрей жайлаған дала», «Қызыл сәуле», «Сенсация века», «Тұлдыр тағдыр» I-II томдығы, «Рок», «Залымдар», «Кешір мені сүйіктім», «Сықырлы аппарат», «Жұмбақ дауыс» ғылыми-фантастикалық романдар авторы.

«Қызыл Сәуле» атты фантастикалық повесінде жер планетасын бірнеше рет жоятын соғыс үшін жинақталған атом, сутегі бомбасы қорын жою туралы идеясы жақсы бағасын алды.

«Тұлдыр тағдыр» I-II ғылыми-фантастикалық романдарында табиғи опат әкелетін жер сілкініеті тоқтату туралы идеясы да оқырман көңілінен шығып автордың мәртебесін асқақтатты.